

83.3(5Қаз)

Ә 20

МЕНДІБАЙ ӘБІЛҰЛЫ

ҚАЗАҚ  
ӘДЕБИЕТІНДЕГІ  
діни-исламдық  
ПОЭЗИЯ



83,3(5Қағ)  
Ә 20

Мендібай Әбілұлы

Рәжаайқа  
ізгі шешімі:  
М.н. М. Әбділұлы.  
06.06.2005г.  
Тараз.

Қазақ  
әдебиетіндегі  
діни-исламдық  
ПОЭЗИЯ

(монография)

“Жамбыл облыстық  
Ш. Уәлиханов  
атындағы кітапхана”  
Тіркеу № 381665

Тараз 2003 – жыл  
«Қайнар» университетінің РББ

Абонементтік  
қамтамасыз ету  
секторы

Баспаға Қожа Ахмет Яссауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті Тараз бөлімшесінің Ғылыми кеңесінің шешімімен ұсынылған.

Жауапты редактор — Т. Кәкішев — жоғарғы мектеп академиясының академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор.

Пікір жазғандар: А. Қыраубаева — филология ғылымдарының докторы, профессор.  
Ж. Тілепов — филология ғылымдарының докторы.  
Т. Тебегенов — филология ғылымдарының докторы.

#### Әбілұлы Мендібай.

Ә 20 Қазақ әдебиетіндегі діни-исламдық поэзия.  
Тараз: «Қайнар», 2003 жыл, 206 бет.  
9965-545-19-7

Бұл монографияда қазақ ақын-жыраулары поэзиясындағы діни-исламдық құбылыс жан-жақты сараланады. Діншіл-исламшыл бағыттағы шығармалармен қазақ әдебиетінде соны серпін танытқан ақын-жыраулардың діни-исламдық танымына ғылыми тұжырымдамалар жасалады.

Кітап әдебиетші-ғалымдарға, студенттерге, магистранттар мен аспиранттарға, докторанттар мен дінтанушыларға, жалпы оқырмандарға арналған.

ББК 83.3 Қаз

Ә 460300000  
00(05)-03

© Әбілұлы М. 2003

9965-545-19-7

## КІРІСПЕ

«XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басында Орта Азия халықтарының саяси-әлеуметтік, экономикалық және мәдени өмірінде көп өзгерістер болды. Орта Азиядағы феодалдық қатынастардың өзіне тән ерекшеліктері де болды.

Арал теңізінің оңтүстік-шығыс өңіріндегі елді мекендерде жасаған қазақ халқының ауыз әдебиеті үлгілерін ел арасына насихаттап, сонымен бірге ислам діні қағидаларын бұлжытпай орындап, Қасиетті Құран аяттары мен Мұхаммед пайғамбар хадистерін халыққа поэзия тілімен жеткере білген діни-ағартушы ақын-жыраулардың бір тобы тарих сахнасына шықты. Діни-ағартушы ақын-жыраулар ел арасында мешіт-медреселерде халықтың сауатын көтеріп, діни-танымдық жолмен қоғамда ислам дінінің орнығып қалуын көздеген діни-ағартушылармен қоян-қолтық араласа жүріп, халықты діни-бағытта тәрбиелеуде қыруар қызметтер жасады.

Филолог-ғалым Б. Бекетов қарақалпақ еліндегі қазақтар жөнінде мынандай деректер береді: “... Өткен тарихқа үңілсек, қазақ және қарақалпақ халықтарының аралас отыруы ертеден-ақ басталған. Қарақалпақтар Кіші жүз руларымен Сыр бойын бірге жайлап мекен еткен. Сыр бойынан көшкенде де екі халық бірге көшіп, бірге тіршілік етіп, тығыз қарым-қатынаста болып келген... Қарақалпақ және қазақ халықтары Түркістаннан көшкеннен кейін де Қуандария мен Жаңадарияны қосыла жайлап, қоныс етумен байланысты олардың көсіптері, күн көріс тіршіліктері де бірдей болған. Сондай-ақ, олар өздерінің сыртқы жауларымен де бірге отырып күрескен. 1710 қазақ пен қарақалпақтардан құралған халық жасақшылары сырт дұшпаны-жоңғар басқыншыларына тойтарыс беріп, оларды шығысқа ығыстырып тастағаны белгілі...” /1/.

Орта Азиядағы хандықтарда феодалдық қатынастардың жойылмауы олардың бытыраңқы жағдайында өмір сүруі өндіріс күштерінің нашар

дамуына әкеп соқтырды. Заман талабына сай дәуір талап еткен түбегейлі реформаларды қоғамға енгізуге мүмкіндік болмады. Оның басты себебі хандықтар бөлініп, феодалдық бытыраңқылық жағдайында өмір сүргендігінен еді. Мұның өзі орта Азияда жасаушы халықтарға кері әсерін тигізді. Моральдық-материалдық көмекке зәру халыққа шет ел капиталистері көз тіге бастады. Орасан зор құнарлы жер, шикізат көздері оларды қызықтырмауы мүмкін емес еді.

Хандықтардың бірікпеуі, әлемдік деңгейде қоғам талап еткен элементтердің болмауы, капиталистік құрылыстың орнай алмауы, кейбір хандықтарда халықтың өмір сүруі ортағасырлық деңгейде болуы қоғамның ілгері дамуына кедергі жасады. Хандықтар мектептер, медреселер пайда болды. Хиуадағы діни медреселерде тек Ислам дінінің қағидалары емес, әлемге әйгілі Мұхаммед Хорезмидің, Ұлықбектің еңбектері оқытылатын болған. Хандықтар шет елдермен үнемі байланыс жасап тұрды. “Хандықтардың Ресей, Иран, Ауғанстан, Қытай, Қашғар, Үндістан тағы басқа да шет елдерге жүк артқан керуендер, үздіксіз қатынап тұрған. Ресеймен сауда қатынастарын, әсіресе, XIX ғасырдың екінші жартысынан соң онан сайын арта түсті” – деп жазды тарихшылар /2/.

Мұндай шет елдермен байланыс бір жағынан хандықтар үшін пайдалы болса, екінші жағынан зиянды жағы да бар болатын. Ресейдің Орта Азияны өз ықпалына қаратып алуын тездетті. Орыс шенеуніктері Түркістан халықтарына үстемдік орнатқысы келді. Ұлан-байтақ Түркістан жері олардың назарын өзіне аударды.

Зерттеліп отырған діни-ағартушы ақын-жыраулардың жасаған аймақтары, атап айтқанда “Көк өзек”, “Есім өзек”, “Дәуқара”, “Жаман қала” елді мекендеріндегі қазақтардың қоныстануы осы уақыттан басталады. Филолог-ғалым Б.Бекетовтің жазған мәліметтеріне қарағанда 1723 жылы Сырдария аудандарын жоңғарлардың басып алуы - қарақалпақтардың Хорезмге көшіп келіп, қоныстануына

басты себеп болды. Қазақтар мен қарақалпақтар жоңғарлар басып алған аймақтардан Орта Азия халықтарына, соның ішінде Хиуаға ығысып келе бастады” /3/.

Ал Г.И.Данилевскийдің көрсетуіне қарағанда, XIX ғасырдың 20-40 жылдарында Хиуа хандығының Гүрлен қаласы айналасында табын, төртқара, Қыпшақ ауданында – байұлы, сондай-ақ Қоңыратта табын, шекті, Маңғыт ауданында – байұлы, табын рулары қоныс тепкен /4/.

XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басында қарақалпақ елінде өмір сүрген діни-ағартушы қазақ ақын-жырауларының шығармашылығы Кеңес дәуірінде зерттелмей, олардың әдеби мұрасына әділ баға берілмеді. Олардың ауызша және жазбаша жаратқан дүниелері жоғалып және ұмытылу алдында тұрған осынау бір жауапты қарбалас кезеңде, артында қалған асыл мұраларын ел ішінен жинап, ғылыми тұрғыдан әділ баға беріп, игілігімізге жаратуды алдымызға мақсат етіп қойдық.

XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басында өмір сүрген қарақалпақ еліндегі діншіл исламшы бағыттағы қазақ ақын-жыраулары Өтім Балтуғанұлы (1874-1931), Әйімбет Қаймақбайұлы (1855-1937), Мыңбай Есмағамбетұлы (1886-1943), Бекенқұл Ақымбетұлы (1844-1923), Ұлжан Бекенқұлқызы (1869-1953), Омар Сейілулы (1876-1921) поэзиясы діни ағымда жаратылған аса құнды мұра болып саналады.

“... XIX ғасырдың соңына қарай Түркістанда көптеген ескі мектептер жұмыс істеп тұрды. Олар негізінен бастауыш, орта және жоғары діни білім беретін мәдени ошақтар еді. Ескі мектептерде білімнің сапасы мектеп иесі қойған талапқа және оның өзімен қол астындағылардың кәсіптік дайындығына көбірек байланысты болды. Алдыңғы қатарлы молдалар шәкірттеріне діни білім беріп қана қоймастан, әлемдік үендерден де мағлұматтар берді. Оқушылар сауат

танумен қатар, есеп-қисапқа да үйренді. Бұл мектептерде әдебиетке, тарихқа, географиялық ілімдерге де айтарлықтай бөлінді. Ескіше мектеп әдетте шағындау болып, онда 10-15 оқушы білім алған. Ал медреселер өзінің сәулеттілігімен, кеңдігімен беретін білімінің тереңдігімен ерекшеленіп тұрған...”

... Түркістан өлкесінде тәлім берудің бұл түрі сонау орта ғасырда-ақ өзін жан-жақты ақтаған. Медреселерді бітіргендердің арасынан бүкіл әлемге аттары әйгілі ғалымдар шыққан. Олар әлемдік ғалымдардың бесігін тербеткені көпшілікке аян. Өлкенің ірі қалаларында (Ташкент, Бұқара, Қоқан, Хиуа, Әндіжан) медреселер құрылысы жүріп жатты. Олар бұрынғы медреселерден, көркемдігімен, сәулеттілігімен ерекшеленіп тұрды. Ірі медреселер жоғары білім орны міндетін атқарып, оларда бірнеше оқытушы сабақ берген. Мұндай оқытушылардың (мударистердің) басым көпшілігі діни пәлсапа, мұсылманшылық заңдылықтары, шариағат (фикх) заңдылығы салаларынан сабақ берді. Орта медреселерде мударистер аз болды. Олар тәлімнің бұл саласында араб-парсы грамматикасынан, шариағат негіздерінен сабақ берді.

... XIX ғасырдың екінші жартысында, яғни, Орта Азияны Ресей жаулап алғаннан кейін мектептер мен медреселер жүйесінде ішінара өзгерістер жасалды. Қазан қаласынан баспахана қарпімен басылған Құран мен Әптіек, Үндістан мен Ираннан ақындардың литографиялық үлгімен басылған өлең жинақтары-диуандар әкеліне бастады... /5/.

Діни-ағартушы қазақ ақын-жыраулары өздері өмір сүрген күрделі кезеңдерде тағдыр тауқыметін көрді. Олар Ресей мемлекеті мен Хиуа хандығының отаршылдық езгісіне қарсы күрескен өз халқының ортасында болды. Халқы қиналса қиналды, халқы мұнайса мұнайды, қуанса қуанды. Кеңес үкіметі орнау кезеңіндегі Қазан төңкерісінде, сталиндік қуғын-сүргінді де бастарынан өткізді. Күштеп

коллективтендіру саясатының да қорқынышты кезеңдерін бастарынан өткеруге тура келді. Міне, осындай жүйкені тоздыратын аласапыран кезеңдерде олардына ұлы мақсаттар қойды. Адам баласын имандылыққа, ізгілік пен адамгершілікке баулитын Ислам дінінің асыл мұраларын қорғады. Құдіретті поэзия тілімен қорғады, өнермен қорғады. Ислам дініне қарсы болғандармен аяусыз күресті. Бұл монография халық мүддесін ойлаған болашағы үшін алаңдаған, Ислам дінін қолдап-қуаттап, қасиетті Құран сөзін ту етіп көтерген діни-ағартушы қазақ ақын-жырауларының поэзиялық шығармаларына, олардың өмірлеріне арналды.

Халықтың солтүстік бөлігіндегі өзге ұлттар мен өмір сүріп отырған қазақтардың әдеби, мәдени өмірі өзбек, түрікмен, қарақалпақтардың өмірімен тығыз байланыста болды. Халық арасынан халықтың арын арлап, мұңына ортақ болған ақын-жыраулар, елді Ресей отаршыларынан қорғап қалуда аянбай күрес жүргізген халық батырлары, елдің сауатын көтеру үшін еңбек еткен діни ағартушылар, халық емшілері, балуандар тарих сахнасынан орын ала бастады. Халықтың қайнаған ортасынан шыққан ақын-жыраулар өз халқының тағдыры үшін күрескен азаматтарын әркез құрметтеп отырды. Олардың тарихи тұлғаларын құдіретті поэзиямен сомдады. Аңыз-әңгімелер, қызықты толғау-термелер, дастандар өрбтті.

“... Ферғана алқабы мен Сырдарияның төменгі бөлігіне дейінгі жерлер, яғни, қазіргі Қазақстанның, Түркістанның территориясының бір бөлшегі Қоқан хандығының еншісіне қарады. Халқының басым бөлігін өзбектер, қалғанын қазақтар, тәжіктер, қырғыздар, тағы басқалар құрады.

Мемлекетті басқаруда Бұхарада парсы тілі қолданылды. Қоқан хандығында құжаттар парсы және өзбек тілдерінде қолданылды. Тек Хиуа хандығында мемлекеттік тіл таза өзбек тілі болды” — деп жазады тарихшылар Х.Бабабеков, Ж.Рахимов, Х.Садықов /6/.

Діни-ағартушы, әрі ақын Әйімбет Қаймақбайұлы осы Хиуадағы діни медреседе оқып, білімін тереңдеткен. Діни-ағартушы ақынның өлең-жырларында өзбек тілінің әсері мол. Әйімбет Қаймақбайұлы арап-парсы, өзбек тілін жетік меңгерген ғұлама болды. Ол “Шәкірттеріме” атты өлеңінде:

Айтқан гөпке құлақ сал,

Білімсіз жас жұпыны.

Білімсіз ел өткерер,

Мал әм адам жұтыны... /7/ -

деп жазды. Тарихшы ғалымдар Х.Бабабеков, Ж.Рахимов, Х.Садықов былай деп жазды: "... Қарақалпақ халқы Хорезм өлкесіне қоныс аударған соң батпақ алқаптарды үлкен машақаттармен құрғатты, сусыз жерлерге каналдар қазып, су шығарды. Міне, сол кезде Қалдыкөл, Қасқатау және Кегейлі сияқты егіншілік алқаптарға негіз қаланды" /8/. Әйімбет ақынның шәкірті діни-ағартушы ақын Өтім:

Хиуа ханы қарақалпақты,

Ол кездері билеп тұрды.

Әмудың бойын төменгі,

Зор күшпен иелеп тұрды... -

деп жазды. Ақын:

Ханға мал мен теңгеден,

Зекет бердік әр жылы.

Аямады байды да,

Аямады жарлыны, -

деп шындықты айта білді.

Діни-ағартушы ақын Әйімбет “Қамысты” мешіт-медресесінде өз шәкірттеріне Иассауи, Жүйнеки, Бақырғани сияқты діни-сопылық әдебиет өкілдерінің шығармаларын үйретті. Әйімбет Иассауи хикметтерін жатқа білетін болған және шәкірттеріне жаттатқан.

Әйімбет:

Жүзімді “Ей, алла”, - деп,

Михрабқа қараттым.

Тек аллаға сыйынып,

Діни уағыз жараттым --

деп жазды. Ақынның “михраб” деп отырғаны — мешіттегі негізгі орын. Ол барлық мұсылмандар үшін ең қасиетті орын — Меккедегі Қабаға бағдар сілтеп тұратын қуыс. Намаз оқушылар беттерін осы қасиетті орынға қаратып тұрады. Ал осы михрабтың жанында намазға басшылық етіп тұрған имам тұрады. Осы михрабтың қатарында жұма күндері әсиет оқытылатын мінбе қойылатын болған. Діни-ағартушы ақын-жыраулардың мұндай шығармалар жаратуы табиғи құбылыс болатын. Ислам дінінің қағидаларын ел арасына таратуды “ең бірінші кезектегі міндетім” деп ұқты.

Арал теңізінің оңтүстік-шығыс өңіріндегі елді мекендердегі мешіт-медреселерде жастарға білім беретін діни-ағартушылар Хиуа, Бұқара қалаларындағы діни-медреселерде оқып, білімдерін тереңдетіп қайтуды дәстүрге айналдырды. Осы өңірде жасап жатқан негізгі ұлттар - қазақтар мен қарақалпақтар “Белтау”, “Теппе көл”, “Қабак Ата”, “Көк өзек”, “Есім өзек”, “Қабаклы”, “Дәуқара”, “Жаман қала”, “Күйік қала”, “Нұрым түбек” елді мекендерінде халықтың сауатын ашатын діни орталықтар — мешіттер мен медреселерде білім алды.

Діни-ағартушылар Хиуа, Бұқара, Өпе, Қазан қалаларындағы діни медреселермен тығыз байланыста болды. “Қамысты” мешіт медресесінің мударисі Әйімбет ишан Ресейдегі діни медреселермен байланыс орнатты.

“... Бір күні Нұрым түбектен Жиенғали ахун келді. Орта бойлы қызыл шырайлы адам екен. Әкем Оспанмен ұзақ әңгімелесті. Діни кітаптар әкелген екен, оны әкем мұқияттап, ақ матаға орап, сандыққа салып қойды. Мен Жиенғали ахунның атақты Ербатыр ишанның ұрпағы екенін, ал Ербатыр ишанның бүкіл Қазақстанға, Орта Азия мен Ресей мұсылмандарына белгілі адам екенін кейін әкемнен естідім /9/ деп жазады әдебиетші-ғалымдар Қ.Аралбай, мен М.Қуғынбай “Асылдың сынығы” атты кітабында. Ішкі Ресей мен Түркияда жасаған Жиенғали ахун Жұмағалиұлы Орынбордағы

“Хусайня” медресесінде тәлім алған. Ыстамбұл, Мысыр шаһарларында оқыған. Мәскеу мен Петербордағы кітапханаларда болып, ілім іздеген атақты ахун “Қамысты” мешіт-медресесіне тегін келмеген. Ал “Берші тау” төңірегіндегі “Бақашыдағы” мешітте Қарқаралыдан келген “Ғалия” медресесін бітірген Қайыпқали ахун мударис болған. Үлкен қалалардағы діни медреселер бір-бірімен осылай тығыз байланыста болған.

“... XX ғасыр бізге тағы бір қызық көрініс ала келді, — деп жазады филология ғылымдарының докторы, профессор Тұрсынбек Кәкішев - Батыс пен Шығыс мәдениеттері қазақ даласында бетпе-бет кездесіп, әсер-ықпал үшін 700-жылдардан былай қарай қанат жайып, қатты қырқысты. Оған патша өкіметінің ресми саясаты себепші болды. Діни таным-білік тұрғысынан Шоқан айтқандай, қазақтарда фанатизм болған емес, кейбір рәсімдері шаманизммен шырмалып жатты. Міне, осындай күйдегі халыққа патша өкіметі “конечной целью образования всех и народов, живущих в пределах нашего отечества, бесспорно должно быть обрусение их и слияние с русским народом” (Сборник распоряжений Министерства народного просвещения за 1870 год) деген саясатты қолданды. Соның нақты бір көрінісі Н.Ильминский басқарған миссионерлік қоғамның іс-әрекеті... XIX ғасырдың аяқ тұсында Тәурат (Библия) пен Інжілдің (Евангелие) отызға тарта аңыз-өңгімелері қазақ тілінде жеке-жеке кітап болып шығып, қазақ даласында шоқындыратын орталықтар құрылды.

Міне, осындай процесс күшейе түскенде, “мұсылмандық қозғалыс” қазақ даласында жанданды. Мешіт ашып, медресе салдыру ісі өрістеді. Жазба насихат та күшейді. Пайғамбардың өмірін, Құранның аят-хадистерін, аңыздарын, Шөкір-Шөкірат, Хасен Хұсайын, Қадияша қыз, Хазірет Әлі жорықтарын, төрт шадияр, 33 мың сахабаны жырлаған кітаптар қаптап кетті. Халықты өзіне қарату жайындағы діни талас-

тұрғыстардың барысында Батыс пен Шығыстың классикалық әдебиет үлгілері қосарлана жетіп, қазақ әдебиетінде кітаби ақындардың дәстүрін қалыптастыра бастады /10/.

Міне, осы кезеңде қарақалпақ еліндегі қазақ ақын-жыраулары да діни-танымдық шығармалар жарата бастады. Олар бұл дәстүрді бұрыннан-ақ бастаған болатын. Ел арасында діншіл-исламшыл, ақын-жыраулар пайда бола бастады. Олар ислам дінінің қағидаларын, Құран аяттарын, Мұхаммед пайғамбардың осиег сөздерін, Қожа Ахмет Иассауи, Ахмет Жүйнеки, Сүлеймен Бақырғани сынды діни-сопылық әдебиет өкілдерінің шығармаларынан ғибрат алып, оларға сәліктеп өлең-жырлар шығара бастады. Тарих сахнасына Әбубәкір Кердері, Нұртуған, Қарасақал Ерiмбет келді.

Қарақалпақ еліндегі діни ағартушы қазақ ақын-жыраулары Өтім, Әйiмбет, Мыңбай, Омар, Ұлжан, Бскенкүлдар діни-танымдық өлең-жырлар жаза бастады. Олар мешіт-медреседе оқып, діни-танымдық қозқарастарын арттырды. Діни ағартушы Әйiмбет Қаймақбайұлы Хиуадағы Мұхамед Рақымхан медресесі туралы былай деп өлең жазды:

... Хиуада дiн исламның нұры жанған,  
Медреседе мударис гүлі жанған.  
Дiндарларды қолдаған демеу болып,  
Белгiлi ел билеген Рақымхан.

Дiн менен шарифатты жандандырған,  
Мұнан да ойласандар арман қалған.  
Медресе, мешiттердi көптеп салып,  
Халқының болашағы толғандырған.

Тарихшы Ж.Рахимов былай деп жазды: “Мұхаммед (Феруз) Хорезм тағында 47 жыл бойы отырып, өмірінің соңында жарқын естелік қалдырған ағартушы шаһ болып табылады. Ол билік құрған дәуірде мемлекетте ғылым мен білім өркендеп, әдебиет пен өнер жоғары дәрежеде дамыды, көптеген медреселер мен мешіттер салынды. Мұхаммед Рахымханның ағартушылығының ең маңызды жері сол, ол

кітапқұмарлыққа, кітап бастыруға көп көңіл бөлді. Баянидың жазба естеліктеріне қарағанда, Мұхаммед Рахымхан аптасына екі рет жұма және дүйсенбі күндері ғалымдарды жинап, әңгіме-сұхбаттар ұйымдастырған, кітапқұмарлар кештерін өткізіп отырған”/11/.

Әйімбет ишан Қаймақбайұлының қолжазбаларында осы Хиуа медресесінде оқып, білімін көтерген қазақ діни ағартушылары жайлы деректер табылып отыр. Мұның өзі қазақ зиялыларының Рахымхан медресесінде оқып, мударистік қызметтерде болғандығынан дерек береді.

Зерттеу еңбектің мақсаты – XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басында қарақалпақ еліндегі діни-ағартушы қазақ ақын-жырауларының сопылық һәм дүнияуи поэзиясының ерекшелігін, Мұхаммед пайғамбар хадистері мен “Құран” аяттарының поэзия тілімен жырлануын оқырмен қауымға, өскелең ұрпаққа, студенттер мен тәлімгерлерге ұсыну болып табылады. Діни-ағартушы қазақ ақын-жырауларының өмірі, олар өмір сүрген заманда қарақалпақ және қазақ еліндегі тарихи-өлеуметтік жағдай, екі халық өкілдерінің достығы мен туысқандығына, олардың арасындағы әдеби және мәдени байланыстарға ғылыми тұрғыдан баға беру.

XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басындағы қарақалпақ еліндегі діни-ағартушы қазақ ақын-жырауларының діни-ағартушылық поэзиясы бұрын зерттелмеген. Ақын-жыраулар поэзиясындағы діни-сопылық сарындар жайлы пікір айтуға Кеңестік идеология кедергі келтірді. Бұл жөнінде әдебиетші ғалым У.Қалижанұлы былай деп жазады: “Өз халқының саяси ой-жүйесіне ірі әсер еткен діни-ағартушы ақын-жыраулардың мұрасын игеруге, танып-білуге кеңестік идеология машинасы жол бермеді”. Әдеби мұралар жөнінде елеулі кемшіліктер жіберілді делінген осындай қаулы-қарарлардың құрбандары болған ғалым ағаларымыз абақтыға қамалды, атылды, ұзақ мерзімге жазаланды. Сөйтіп, саясат салқыны діни-ағартушылық

ағымның өкілдерінің мұрасын зерттеп, игеру жұмыстарына мүлдем кері әсерін тигізді. Ыбырай Алтынсарин, Абай Құнанбаев сынды ірі ағартушы ақындарымыздың мұрасын зерттеуде де олардың діни көзқарастарын сылып тастап, орыстың озық ойлы ағартушы-демократтардың ықпалында болды деп сипаттау басым болды. Расында, олар өздерінің алдындағы діни-ағартушылық ағымның өкілдерінен биік тұрды. Бірақ олардың діни көзқарастары туралы айтпауға болмайды. Өйткені, шыққан мектебі - діни-ағартушылық ағым”/12/.

Профессор Ө.Әлеуов “Қарақалпақ өлкесінде XIX ғасырдың аяғы XX-ғасырдың бастарында көптеген қоғамдық-саяси өзгерістер орын ала бастады – деп жазды. XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басындағы қарақалпақ өлкесіндегі тарихи-өлеуметтік жағдайлар туралы. - Ресей мен экономикалық және сауда байланыстары бұрынғыдан күшейді. Феодалдық өндіріс қатынастары бірте-бірте өз орнын капиталистік өндіріс қатынастарына босатып бере бастады. Міне сондықтан қоғамдық өндіруші күштердің өркендеуіне жол ашылды /13/.

Ресей өз боданына айналдырған соң қарақалпақ елін аңса алақанында, жұмса жұдырығында ұстауға тырысты. Ресей күшпен билеу әдісінің сан түрлерін қазақ даласына қалай жасаса қарақалпақ еліне де сол әдістерді қолданып бақты.

Академик М.Нұрмұхамедов: “Орта Азияның жаулап алынуы және Ресейге қосылуы атап айтарлықтай жаңа пайда болған процесс болып, ол бодандық басып алушылықты да, орыс мемлекетінің құрамына өз еркімен кіруді де, орыс буржуазиясы және жергілікті езушілердің мүдделерінің сай келуі және соқтығысуын да, езілген ұлттардың бірігуін де таптық және ұлттық езушіліктен еңбеккерлерді азат ету үшін төңкерістік күресті де өз ішіне қамтыды” /14/ – деп жазды.

“Қарақалпақ өлкесін Ресейдің жаулап алуынан кейін патшалы Ресей бұл аймақтағы діни мектеп,



медреселердің жұмысын өз саясатына бейімдестіріп, оларды өз мақсаттарына пайдалануды күшейтті /15/. 1917 жылы Ресейге Кеңес үкіметі орнаған соң Орта Азияда қоғамдық-саяси өзгерістер басталды. “... Бұл жылдары Хорезм Халық Кеңес Республикасындағы сол жағалықтағы - Қарақалпақстан жерінде айырым кеңестік өзгерістер болды. 1922 жылы шілде айындағы ІІІ Бүкіл Хорезм Кеңесінің қаулысына сай Хорезм Орталық атқару комитеті жанында қазақ-қарақалпақ бюросы Сәрсенбаев басшылығында 7 адамнан ұйымдастырылды, ал 1923 жылы қазан айындағы ІV бүкіл Хорезм құрылтайында Хорезм Кеңес Республикасы құрамында қазақ-қарақалпақ және Түркмен автономиялы уалаяттар түзілді. Қазақ-қарақалпақ автономиялы уалаятының орталығы Хожелі қаласы болды. Бұл жылдары қазақ-қарақалпақ автоном уалаятының негізгі халқы қарақалпақтар (43778), өзбектер (34920), қазақтар (26736) және түркмендер (6800) болды” /16/.

Қазақ-қарақалпақ автономиялы уалаятының құрамында болған халық Кеңес үкіметінің саясатына қарсы бола қойған жоқ. Бірақ, уақыттың өтуімен Кеңес үкіметін қолдап-қуаттап, бұл үкіметті езілген халықтың, кедейлердің ең жақын досы деп насихаттаған шолақ белсенділер халықтың наразылығын тудырып алды. Жиырмасыншы жылдың аяғына қарай бұл наразылықтар халықтың Кеңес үкіметіне қарсы ұлт-азаттық көтерілісіне айналды.

Діни-ағартушылар мен діни-ағартушы ақын-жыраулар белсенділер тарапынан қудалана бастады.

Қазақ пенен қарақалпақ,  
Ежелден туыс ел болған.  
Жерлері оның кең болған,  
Сыртқы жауға бірігіп,  
Бір мақсатпен күрескен.  
Бірін-бірі сыйлаған,  
Жақын һәм дос жүрепкен  
Жақсы ниет тілекпен

деген діни-ағартушы ақын Ұлжан Бекенқұлқызының “Қазақ пенен қарақалпақ” деген өлеңі осы қазақ-қарақалпақ автономиялы уалаяты құрылған кездері дүниеге келген.

Кеңес үкіметі орнай бастаған алғашқы кезеңдерде елді жаппай колхоздастырудың Сталиндік үлгісі халықтың наразылығын күшейтті. Олар белсенділерге, НКВД әскерлеріне қарсы күресті. Айырым жерлерде Кеңес үкіметіне қарсы ұлт-азаттық көтерілістер өрши түсті. Көтерілістерге діни-ағартушылар да, діни-ағартушы ақын-жыраулар да қатысты.

“Көтерілісті яғни, Кеңес үкіметіне қарсы ұлт-азаттық көтерілісті бастап барған Барлықбай “Міскін құмның” оңтүстігіндегі Керімберді ахунның мешітіне келіп, Керімберді ахунды бірге алып шығады, бұл қыркүйектің 27-сі, базар күні еді. Барлықбай алдына Керімберді ахунды салып сарбаздарымен Тақтакөпірге басып кіреді. НКВД-ның әскерлері мен комсомол белсенділерінің бірнешеуі оққа ұшады. Кеңес үкіметі өкілдері орналасқан үйді ойрандайды, қызыл жалауды жұлып тастайды және өртеп жібереді” /17/.

Міне, осындай құбылыс қарақалпақ еліндегі қазақ ақын-жыраулары мен жазушыларының діни-ағартушылық шығармаларына тұжырымдар айтуға кері әсерін тигізді.

Діни-ағартушы ақын-жыраулар поэзиясының Мұхаммед пайғамбар хадистерімен Құрандағы аяттармен үндесіп, қабысып келуі қазақ әдебиетіндегі тосын жаңалық. Әйімбет, Өтім, Ұлжан мен Омар, Мыңбай мен Бекенқұл поэзиясының қазақ әдебиетіне әкелер жаңалығы мол болуымен құнды. Осынау құнды еңбектер бізді биік мақсаттарға жетелеп отыр. Ислам дінінің шарттарын өз халқына поэзия тілімен жеткеріп отыруды парыз деп ұққан діни-ағартушы ақын-жыраулар өз халқы алдында орасан зор қызмет етіп кетті.

Діни-ағартушы ақын-жыраулар қарақалпақ халқының ойшыл-ақындары Әжінияз бен Бердақтың

діни-танымдық поэзиялық шығармаларынан да ғибрат алып, егіз қозыдай туысқан халықтар әдебиетін өркендетуді алдарына мақсат етіп қойды.

Діни-ағартушы ақын-жыраулар бүкіл саналы ғұмырын өз халқының оқып, білім іздеуін, бір-бірінің мейірім-шапағатты болуын тілеп кеткен Ақмолланың, діндар, діни-ағартушы, шыншыл, әділетті жан Мақыштың, қазақ халқын қайтсем өзге ұлттармен теңестірем деп өз халқының қамын жеген Мәшһүр Жүсіптің, арап-парсы тілін жетік меңгерген, көптеген қисса-дастандар жазған Шәдінің, елді Ислам дініне, ағартушылыққа үндеген Әбубәкір Кердерінің поэзиялық шығармаларынан да үлгі алды, олардың шығармаларын нәкірттеріне таныстырып, өз халқының сана-сезімін жаңа қоғамға икемдеді. Сонымен бірге ислам дінінің қағида-шарттарының ауытқымауға шақырды.

Әйімбеттің “Құдай менен пайғамбар”, “Ең жаманы пенденің”, “Мен бір хадис айтайын”, “Ілім қонған адамдар”, “Сені, мені, әлемді”, “Өтімнің “Пайғамбардан бас тартқан”, “Дүшпаныңды бір алла”, “Аллаға сен табынсаң”, “Пайғамбарды сыйлаған”, “Ұлжанның “Алланың сүйіктісі – пайғамбарым”, “Шыншыл болсаң адамсың”, “Сыйынарым бір құдай”, “Ей, мұсылман, тындағын”, Бекенқұлдың “Ислам діні-ізгілік”, “Жаратушы, мен сені”, Мыңбайдың “Жетімдердің малын жеген”, “Әйел - Ана, аялаңдар ананы”, Омардың “Каабаға барған мұсылман”, “Хадистерді жаттаған”, “Қайырымды һәм мейірімді” т.б. өлең-жырлары қазақ әдебиетінің асыл мұралары болып табылады. Сөз жоқ, діни-ағартушы ақын жыраулардың мұндай поэзиялық шығармалары адам жанын ізгілікке баулиды.

Монографияда діни-ағартушы қазақ ақын-жыраулары поэзиясын өркендеткен Әйімбет Қаймақбайұлы, Өтім, Балтуғанұлы, Омар Сейілұлы, Бекенқұл Ақымбетұлы, Мыңбай Есмағанбетұлы, Ұлжан Бекенқұлқызы поэзиясының көркемдік ерекшеліктерін ашып көрсетіп, өлең құрылыстарындағы жетістіктерге

ғылыми-теориялық тұжырымдарға негізделіп баға берілді. Құрандағы аяттар мен Мұхаммед пайғамбардың хадистерінің өлең-жырларда жырлану әдістері кең түрде пайдаланды. Ақын-жыраулардың білімі мен сауаты, поэзияға деген жауаптылығы ғылыми тұрғыдан тұжырымдалды. Діни-ағартушы ақын-жыраулар өткен ғасырлардағы қазақ ақын-жыраулары мен замандас ақын-жыраулары шығармаларындағы дәстүр ұласуын дамытушы болды.

Өскелең ұрпақтарды ізгілік пен адамгершілікке, имандылыққа баулитын діни-ағартушы ақын-жыраулар поэзиясының қазіргі таңда мектеп оқушылары мен студент жастарға ауадай қажеттігін өмірдің өзі дәлелдеп отыр. Жас ұрпақтарды тура жолға салып отыру үшін діни поэзияның орындайтын міндеті қыруар. Әрбір жас өспірімге Құран аяттары мен Мұхаммед пайғамбар хадистерін үйретіп отыру – мұсылмандық парызымыз. Мектеп оқулықтарына діни-ағартушылық поэзияның еңбеуі зиялы қауымды аландатып отырғаны тағы да аян.

Монографияда – қамтылған діни-ағартушылық шығармалардың көркемдік ерекшеліктері мен идеясын мазмұны мен діни-танымдық деңгейін тәрбиелік тұрғыдан саралай отырып, жаңа қазақ әдебиеті тарихын жасауда пайдаланудың артықшылығы жоқ. Монографияны жоғарғы оқу орындарының студенттері мен мектеп оқушыларына оқулық, оқу құралы ретінде, оқытушыларға әдістемелік құрал ретінде пайдалануға болады деген пікірдеміз.

Абонементтік  
қамтамасыз ету

“Жамбыл облыстық  
Ш. Уәлиханов  
атындағы кітапхана”

Тіркеу № 381665

## БІРІНШІ ТАРАУ

### ДІНШІЛ-ИСЛАМШЫЛ АҚЫН-ЖЫРАУЛАР ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ

Профессор Ө.Әлеуов: "...Қарақалпақ өлкесінде XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында қоғамдық-саяси өмір өзіне тән ерекшеліктерге толы жағдайда өркендей бастады. Ресейдің боданына айналғаннан кейінгі тәуелділік жағдай және қарсылықсыз бас июлер нәтижесінде пайда болған ой-пікірлер қарама-қарсылықты саяси-қоғамдық және рухани жағдайларды пайда еттірді. Орын алған жағдайлар Қазан төңкерісі алдындағы жағдайға тән болған идеялық бағыт және күрес ерекшеліктерін белгілеп берді.

Бұл кезеңде қарақалпақ аймағында белгілі дәрежеде капиталистік өндіріс қатынастары орын ала бастаған. Орыс шовинистері мемлекет есебінен жалпы білім беретін орыс-түзем мектептерін ашты. Орыс тілді мекендер, медициналық пункттер пайда болды. Ресейдің айырым жерлері мен сауда-ақша қатынасының өркендеуі елдегі таптық жіктелушілікті күшейтті, халықтың тәуелсіз жасау жолындағы талаптарын прогрессив құбылыстарды көре білушілігін арттырды. Орыс халық тұрмысының кейбір салалары бойынша айырым жетіліскен жағынан үлгі алуға ұмтылушылық пайда болды. Осындай құбылыстардың өлкеде өркендеп жатқанын көрген бұл дәуірдегі қарақалпақ ақын-ағартушылары феодалдық қоғамда жасап жатқан өз елін капиталистік Ресеймен салыстыра отырып, олар арасында экономикалық және мәдени жақтан айырмашылықтар бар екенін сезді" /18/ деп атап көрсетті.

Бұл кезеңде қазақ даласындағы демократтық-ағартушылық пікірлер қарақалпақ еліне де жеткен болатын. Ежелден тағдыры бір, түбі бір туысқан қазақ және қарақалпақ халықтары Ресей шовинистері мен миссионерлерінің ұстанған саясатына кез болды, белгілі

дәрежеде оларға қарсылық та көрсетті. Ел арасында діни-исламдық көзқараста соның ішінде діни-сопылық пайда болды. Тағдырлары мен шығармалары ұқсас, тарихи тұлғалар Абай, Ыбырай, Әжініяз, Бердақ, Нұртуған, Қарасақал Ерiмбет, Әбубәкір Кердері, Күнқожа, Шәділер өз шығармаларында Ислам дінін елге насихаттады. Олардың шығармаларында сопылық идеядағы көзқарастар бой көрсетіп отырды.

"XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында демократиялық қозғалыстың басында тұрған белгілі ақын-ағартушылар: Сарыбай, Гүлмұрат, Омар, Әбдіқадыр, Аннақұл, Құлмұрат, Бекжан Нұрымұлы, Сыдық Тоқпанұлы, Жаңабай Қаратайұлы, Құдайберген Жөбегенұлы, Қазақбай Қожаниязұлы сияқты сөз шеберлері өздерінен бұрынғы қарақалпақ халқының ағартушы көркем сөз ұсталарының дәстүрлерін жалғғыртып, жаңа дәуірге сай тақырыптарда шығармалар жазды" /19/.

Қарақалпақ елінде діни-сопылық және діни-ағартушылық ой-пікірлерімен көрінген тарихи тұлғалар да пайда болды. Діни-ағартушылық поэзияны дамытушы қазақ ақын-жыраулары Әйімбет Қаймақбайұлы, Өтім Балтуғанұлы, Мыңбай Есмағанбетұлы, Омар Сейіпұлы, Бекенқұл Ақымбетұлы, Ұлжан Бекенқұлқызы тарих сахнасына шықты.

Профессор Қ.Жұмажанов қарақалпақ өлкесінде жасаушы қазақ ақын-жырауларының шығармашылығы жөнінде былай деп жазады: "Қарақалпақ өлкесінде жасаушы қазақтардың тілін, тарихын, этнографиясын зерттеу, ауыз әдебиетінің материалын жинау жұмысы көптеген ғалымдарды ұзақ уақыттан бері қызықтырып келеді. Қазақ тілінің диалектологиясымен жергілікті ерекшеліктерін жинауда, зерттеуде Ә.Құрышжанов, А.Махмудов, Н.Жүнісов, Б.Бекетовтар монографиялық зерттеулері мен ғылыми мақалаларын жазды. У.Х.Шәлекенов Әмудің төменгі бөлігін мекен еткен

қазақтардың тарихын, этнографиясын тиянақты зерттеді.

Жергілікті қазақтардың ауыз әдебиеті материалдарын жинауда біршама жұмыстар іске асырылды. 1961-62 жылдары Қазақ ССР Ғылым Академиясы М.О.Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтының ғылыми қызметкерлері Б.Ысқақов, Т.Қанағатов, Т.Бекхожиналар арнаулы фольклорлық экспедициямен Қарақалпақстанға келіп, Е.Т.Аманжоловтан Тілеумағамбетаның шығарған және орындаған “Қобыланды батыр” жырының “Қобыланды” вариантын дыбыс лентасына жазып алды. “Асқар батыр”, “Марқабай батыр” жырын шығарған автор Т.Аманжолұлы екенін анықтады. Наурызбек Нұржанұлы Раманқұловтан “Күлбек”, Ж.Аралбаевтан “Ахметбек және Жүнісбек” эпостық жырын, халықтық терме-толғауларды, тұрмыс-салт өлеңдерін Пішенбай Ысқақовтан “Молда Бәйімнің қызбен айтысын” қағазға түсірді.

Р.Бердібаев, Т.Сыдықов, Б.Ысқақовтардың зерттеу мақалалары және ғылыми еңбектерінде Қарақалпақстандық қазақ ақындары мен ақын-жыраулары туралы жылы лебіз білдірілген. Сонымен бірге өз еңбектерінде насихаттап келеді.

Қарақалпақ фольклоршылары К.Айымбетов, Қ.Мақсетов қазақ ақын-жыршылары шығармашылығына барлық уақытта жылы пікірлерін білдіріп келеді.

К.Сейдаханов, Н.Төрехұлов, М.Байділдаев “Ақын-жыраулар” атты ақын-жыраулардың өмірбаяндық көрсеткіш еңбегінде Қарақалпақстандық Иманғалиев Хайрулла, Қалжанов Қарлыбай, Тасқынбаев Алдаберген, Аралбаев Жалғасбай, Төленов Жақсылық, Раманқұлов Наурызбек, Тілеумағамбетов Ережеп туралы қысқаша мәліметтер береді. Қ.Иманғалиев “Мәдениет және тұрмыс” журналында көрінсе, Б.Уахатов қазақ қарақалпақ халық өлеңдерінің туысқандық

типологиясын үйренеді. С.Тойшыбаева, қазақ қарақалпақ әдебиетіне байланысын әлденеше зерттейді.

Дегенмен, Қарақалпақ өлкесінде жасаған қазақ ақындары мен ақын-жыраулары шығармашылығы арнайы жиналып кең түрде зерттелген емес /20/.

Әрине, Кеңес дәуірі кезеңінде діни-ағартушы ақын-жыраулардың діни-танымдық, тәлімдік поэзиясы өте зерттелмей қалғанын атап айтуымыз керек. Өлең-жырларының, терме-толғауларының дені діни поэзия болғандықтан ақын-жыраулардың аттарын атау да мүмкін емес еді. Міне, сондықтан да біздің ғылыми еңбегімізде тарихи тұлғалар Әйімбет Қаймақбайұлы, Оғым, Мыңбай, Омар, Бекенқұл, Ұлжан поэзиясына ғылыми тұжырымдар жасалып отыр.

Әйгілі ғалым Р.Бердібаев “Жыраулық дәстүр” деген ғылыми еңбегінде Қарақалпақстанда тұратын қазақ ақын-жыраулары шығармашылығына терең көңіл аударған. Ол өзінің осы еңбегінде былай деп жазды: “Жыршы-жыраулықтың дәстүрі Қарақалпақстанда өте күшті, онда жыршылық өнері өте бағалы екені шықты. Қазақ жыры сақталған жаңа эпикалық аудан Қарақалпақстан жаңа фольклоршылар үшін аса қазғылықты, жанды мағлұматтар беретін тың өріс секілденіп отыр. Қарақалпақстанда тұратын қазақ ақын-жыраулары, жыршы-жыраушылықтың дәстүрін бүгінге дейін қолдан бермей келген, осы өлке орындаушыларын таныстыру сөз құдіретін, фольклорды қадірлейтіндерге ғажайып табыс болып көрінетіні сөзсіз. Бүкіл Орта Азия мен Қазақстан бойынша алғаш атап көрсетілгендей жыраулардың қазіргі бай жері Қарақалпақстан” /21/.

Белгілі ғалым, профессор, Қ.Жұмажанов: “Қарақалпақстандық қазақ ақындарының шығармашылығы өркендеуі жағынан да, сипаты жағынан да өзгеше. Осы өлкеде жасаған қазақ ақындары шығармашылығында бір жағынан қарақалпақ ақындары мен бақсыларының өнердегі әсері сезілсе, екіншіден Сыр бойын мекен еткен ақындық дәстүрінің әсер еткені байқалады. Қос ішектен төгілген

домбыраның күмбіріндей Қарақалпақстандық қазақ ақындары өздері шығаратын әуенді сазға, жырлайтын жырларына, суырып салмалықпен төгілген шығармаларына, назды сұлу сөздерді, сөз маржанын тоқиды. Жергілікті қазақ ақындарының эпикалық шығармалары мен терме толғауларынан, лирикалық және саз өлеңдерінен және де поэтикалық көркемдеу құралдарын шебер қолдануынан оның айқын дәлелін көреміз”- деп жазды /22/.

## ӘЙІМБЕТ ҚАЙМАҚБАЙҰЛЫ (1855-1937)

Діни өлеңдері белгісіз боп, халық алдындағы хикметі ескерусіз келе жатқан Әйімбет Ишанның тарихи хикасасында жарқ ете қалуы өрине, қазақ әдебиетінде, соның ішінде қарақалпақ еліндегі қазақ әдебиеті тарихында тосын, күтпеген құбылыс болды. Күтпеген құбылыс деп отырғанымыздың жөні бар. Әйімбеттің поэзиялық шығармалырының дені діни танымдық бағытта жазылған болатын. Кеңес үкіметі орнаған кезеңге дейін діни өлеңдері елге жайылған, айырым нұсқалары өртүрлі басылымдарға жарияланған Әйімбет поэзиясы зерттелмей, ғалымдардың назарынан тыс қалып келді.

XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басында Дәуқара өңірінде өмір сүрген діни-ағартушы ақын Өтім Балтуғанұлы Әйімбет ишан туралы былай деп жырлайды:

Ардақты ағам Әйімбет,  
Сұрасаң менен жайып кеп.  
Жиенедейден шыққан ғұлама,  
Әруақты ақын бұл аға...  
Хиуаның даңқты жерінде  
Өзбек ағамның елінде,  
Ілімнің жолын біліп ап,  
Қанатын көкке самғаған.  
Кітап көрсе тұрмаған,  
Ынта менен оқыған,  
Көңіліне тоқыған.

Белгілі әдебиетші-ғалым Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты М.Мырзахметұлы: “Яссауи хикметтерін Қарақалпақтағы қазақтар арасында да кеңінен таралып, жатқа айту салты енгенін XIX ғасыр соңы мен XX ғасырдың бірінші жартысында Тахтакөпірде ғұмыр кешкен Әйімбет ишан Қаймақбайұлының (1855-1937):

Хикметтерді жаттап ап,  
Тарқат көңіл бұттыны

Ертең тыңда, кеш болар,  
Жассың, гүлсің бұл күні –

деген өзіндік мақамы бар өлең өрнегі де айғақтап тұр. Қамысты деген жерге Әйімбет салдырған мешітте Яссауи хикметтері оқытылып, кең көлемде насихатталып отырған” /23/ деп ақын жөнінде ғылыми тұжырымдар жасап, Әйімбет ишанның әдебиеттегі орны жайлы алғаш рет пікір өрбітті.

Қазақ даласы мен қарақалпақ елі Әйімбеттің асқақ үнін көптен күткен болатын. Арқалы ақын, әруақты ақын мұрасы еліне, өскелең ұрпақтарына қайта оралды. Біз мұны діни-ағартушы ақынның құдіреті деп ұғынуымыз тиіс. Халыққа қажет, көркем туындылардың мәңгі өмір сүретініне көзіміз жетті.

Әйімбеттің туып өскен жері – Арал теңізінің оңтүстік-шығыс өңірі. Дәуқара елді мекені (қазіргі Қарақалпақ елі. Тақтакөпір ауданы). Оның әкесі Қаймақбай кедей адам болған. Жас кезінде Шымбай өңірінде өмір сүрген әйгілі діни-ағартушы Әйімбет ахунға қол беріп, сопы болған. Діни-ағартушылық жолға түскен. Қаймақбай балалы болғанда Әйімбет ахунға: “Ұлым сіздей діни-ағартушы болсын, ат қойыңыз, қарсы болмасаңыз өз атыңызды қойыңыз” – деп өтініш еткен көрінеді. Сонда Әйімбет ахун: “Ұлың мендей діни жолға түсіп, ғұлама болсын, атын Әйімбет қойдым” – деген екен.

Әйімбет жеті жасынан бастап Әйімбет ахунның мешіт-медресесінде білім алды. Медреседе жақсы оқиды. Мінезі тынық, сабаққа зерек, ойы терең бала Әйімбет есәйе келе Әйімбет ахунның сенімді шәкірті болады. Хиуадағы Мұхаммед Рахымхан (Феруз) салдырған діни медреседе оқып, білім алады. Болашақ діни-ағартушы ақынның ұшқан ұясы - Әйімбет ахун мешіт-медресесі.

Әйімбет ХІХ ғасырдың екінші жартысы ХХ ғасырдың алғашқы ширегінде өмір сүріп, діни-ағартушылық жолға түсіп, халық ағарту ісімен айналысады. Жастарға ұстаздық етті, поэзиялық

шығармалар жазды, Яссауиге еліктеп хикметтер жазумен айналысты. Сыр бойы сүлейлерінің бірі – Ерімбет Қолдейбекұлының шығармаларымен танысты. Әбубәкір поэзиясына ден қойды. Шығыстың атақты ақын-өнершілдарының еңбектерін оқыды.

Әйімбет Қаймақбайұлының өскен ортасы - қазақ халқы мен қарақалпақ халқының зиялы қауымы, Хиуадағы діни медресе болды. Аумалы-төкпелі заманда өмір сүрді. Ресей мен Хиуа ханының отаршылық саясаты, оларға қарсы халық қозғалысы, 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс, азамат соғысы мен Кеңес үкіметінің солақай саясаты, сталиндік қуғын-сүргін.

Әйімбет Қаймақбайұлы осы тарихи кезеңдердің қиындығын перзенті. Діни-ағартушы ақын діни-ағартушы ағым ақын-жыраулары Нұржан Наушабайұлы, Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы, Шәді Жәңгірұлы, Шәкәрім Құдайбердіұлы, Мақыш Қалтайұлы, Ерімбет Қолдейбекұлы, Әбубәкір Кердері, Өтім Балтуғанұлы, Мыңбай Есмағамбетұлы, Омар Сейілұлы, Бекенқұл Ақымбетұлылардың замандасы болды. Бұлардың бәрінің де шығармашылық мұралары Кеңес дәуірі кезінде терең зерттелмеді. Ғылыми бағасын алмады. Әйімбет діни-сопылық ағым әдебиетін дамытушы болды. “Сыр өңірінде Нұртуған, Қарасақал Ерімбет, Қожа Ахмет Яссауиге еліктеп сопылық әдебиетті өркендетсе, “Дәуқара”, “Күйік қала” өңірінде діни-ғұлама, ағартушы ақын Әйімбет ишан Қаймақбайұлы сол ақындардың сүбелі ісін жалғастырушы болды” /24/.

Діни-ағартушы ақын-жыраулар Өтім, Мыңбай, Ұлжан, Омарлар, Әйімбеттің шәкірттері болды. Олар мешіт-медреселерде білім алып, діни поэзияға деген құштарлығы арта түскен. Айтушылардың деректеріне қарағанда Әйімбет Яссауи хикметтерін жатқа білетін болған. Медреседегі жастарға Яссауи хикметтерін жаттау дәстүрге айналған. Ал Әйімбеттің жоғарыда аттары аталған шәкірттері шын мәнінде Яссауи ілімін жалғастырушылар болды.

Филология ғылымдарының докторы, профессор А.Қыраубаева діни-ағартушы ақын Әйімбет туралы былай деп жазады: “XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басында қарақалпақ елінде өмір сүрген діни-ағартушы ақын-жыраулар Әйімбет Қаймақбайұлы, Ұлжан Бекенқұлқызы, Өтім Балтуғанұлы, Омар Сейілұлы және Мыңбай Есмағанбетұлы шығармаларының дені діни-танымдық бағыттағы, тәрбиелік мәні зор асыл мұралардың қатарына жатады. Өз елін ардақтап, өз халқының сауатын ашу үшін жалықпай қызмет істеген діни-ағартушылар жайлы, өз елін қорғаған азаматтар жайлы өлең-жыр, терме-толғаулар жазып, ізіне мол мұра қалдырып кеткен ақын-жыраулар шығармашылығы алыстағы ағайындардың рухани азығына айналған.

Діни-танымдық өлеңдері мол әсерге бөлейтін Әйімбет поэзиясы өз заманында сопылық әдебиет әлемінде жарқ етіп, күллі мұсылман момындарының көңілінен орын алғаны анық.

Діни-ағартушы ақын Әйімбет Қаймақбайұлының жастарға арналған “Өсиет”, “Шәкірттеріме”, “Ең жаманы пенденің”, “Құдай менен пайғамбар”, “Мен бір хадис айтайын”, “Білім һәм де байлықта”, “Мол дүниесі бар адам”, “Білім саған ақыл-ой”, “Ғылым сенің жолдасың”, “Ғылым үйрен ерінбей”, “Оқы, үйрен, еңбек ет” атты діни бағыттағы өлең жырлары Ислам дінінің нұрлы өсиеттерін уағыздайды /25/.

Қарт ақын Қуанышбай Жәнеке Әйімбет ишан туралы былай деп жазады: “Мен Жиенғали ахунды жаңылыспасам 1924 жылы “Қамысты” мешітінде көрдім. Менің өлең жазып, сопылық әдебиетке бас ұруыма себепші болған да діни ағартушы ақын атамыз Әйімбет ишан Қаймақбайұлы болды.

Әйімбет ишанның Жиенғали ахунға хикмет өлеңдер оқып беріп отырғанын талай рет көргенмін. Үлкен ойға қалатынымын. Жиенғали ахун сол кездерде Қожа Ахмет Иассауи туралы да көп өңгімелер айтатын, хикметтерінен үзінділер оқып беретін. Әйімбет

ишанның жазып жүрген хикметтерін, өлеңдерін жоғары айтамын, мұндай өлеңдерді Ресей мұсылмандары Стамбул тұрғындары қатты құрметтейтінін айтып отыратын” /26/.

Әйімбет ишанның діни-ағартушылық бағытта жазған өлеңдері жастарды ізгілікке, имандылыққа шақырады. Оның “Өсиет”, “Шәкірттерге”, “Қырық шырғыз туралы”, “Пайғамбарым-Мұхаммед” атты өлеңдері сопылық ілім негізінде адам дүниетанымын дамыту мақсатында жазылған әдебиетіміздің асыл қазынасына жатады.

Әйімбет ишан сопылық әдебиетті дамытқан Қожа Ахмет Яссауиге еліктеп өсиет өлеңдер жазады:

Бұзба көңіл құлшыны  
Ойлама өзің құлқыны.  
Жаман адам көрсеңіз,  
Айналып өт сыртыны.

Ақын әрдайым көңілді жүр, мұсылмандарға көңілсіз жүру жат нәрсе, тек өзіңнің қара басыңның қамын ойлама, жаман адаммен жолдас болма, ондай адам көрсеңіз сыртынан айналып өтіп кет, қарасы жұғады” – деген дидактикалық ой-пікір айтады.

Өз заманының ойшылы Яссауи ілімін жалғастырушы Әйімбет шығармаларының танымдық-төлімдік қызметі зор.

Әйімбет ишан Ақмешіт (Қызылорда) қаласы маңындағы Зіңкетер ауылында дүниеге келген Оразбай Бағыбайұлымен кездесіп, оған сәлем берген. Кейін осы Оразбайдың ортаншы ұлы Ахмет ишанмен дос болған (Ахмет ишан Оразбайұлы 1861-1927) Бұқарадағы діни медресені бітірген.

Әйімбет Қаймақбайұлының діни-ағартушылық қызметі осы кезге дейін зерттелмей де, аты ауызға да алынбай ескерусіз келді. Тек еліміз егемендік алып, тәуелсіздік туы желбіреген соң ғана өшкендеріміз жанып, ескерусіз қалған азаматтарымызды еске алып, құрметтеп, елге істеген ағартушылық қызметтерін

халыққа паш етіп, оның өшпес мұраларын азды-көпті зерттеп, жарыққа шығара бастадық.

X-XII ғасырларда тарих сахнасына “Жахрия” немесе “Иассауия” деп аталған сопылық-мистикалық ағымның негізін салушы, кемеңгер ойшыл Қожа Ахмет Яссауи келді. Ол діни исламдық бағытта хикметтер жазып, поэзияда соны өзгерістер жасады.

Қазақ поэзиясының іргетасын қалаған Асан Қайғы Сәбитұлын, Қазтуған Сүйінішұлын, Шалкиізді, Жиёмбет пен Ақтамбердіні, Бұқарды, Шал ақынды XIX ғасырдың екінші жартысында Абай толықтырса, оған жалғаса Сыр өңірінде жазба өдебиеттің негізін салған Нұртуған, Қарасақал Ерімбет келді. Ерімбет те діни ағартушылық бағытта Ахмет Яссауиге еліктеп сопылық өдебиетті өркендетсе, “Дәуқара”, “Жаман қала”, “Күйік қала” өңірінде діни-ағартушылық бағытта өлең-жыр жазатын діни ағартушы ақын-жыраулар пайда болды. Солардың көшбасшысы Әйімбет ишан еді.

Осы кезеңдерде Әйімбетпен бірге оның шәкірттері Өтім, Мыңбай, Омар, Ұлжан ақындар тарих сахнасына шықты. Діни ағартушы ақын-жыраулар өздерінің шығармаларында ислам дінін уағыздады. Ел арасында діни ағартушы ақын-жыраулардың беделі арта түсті.

Әйімбет поэзиясының тілі көркем, өзіне дейінгі, өзі өмір сүрген кезеңдегі ақын-жыраулар шығармашылығымен салыстырғанда айтар ойы анық, оқушысын өлең сөздің әсерлілігімен жетелеп отырады. Қазақ өлеңінің қалыптасқан көне түрінің бірі — жеті-сегіз буынды өлең десек, Әйімбет өлеңдерінің де дені осы жеті-сегіз буынды болып келеді.

“Өлең өлшемдері әдетте тармақтағы буын санына қарап ажыратылады. Мысалы, он бір буынды өлең, алты буынды өлең, жеті-сегіз буынды жыр өлшемі т.б. Тармақ ішінде өлең ырғағын белгілейтін, дәлдел анықтайтын — бунақ, Ырғақты күшейтіп, толықтыра түсетіндер — шумақ, ұйқас” — деп жазады белгілі ғалым З.Ахметов /27/.

Әйімбеттің “Сені, мені, өлемді” деп аталатын жеті-сегіз буынды өлең-жырға жатады:

4 3  
Сені, мені, өлемді  
4 3  
Бөрімізді Алладан  
4/5 3  
Өмірге осы таратқан.  
4 3  
Пайғамбарым — Мұхаммед  
4 3  
Соның сөзін ұғам тек.  
4 3  
Алла оған игілік  
4 3  
Сонан соң тағы есендік.  
4 3  
Берсін деп мен тілеймін.  
4 3  
Дінім — Ислам мақтанам,  
4 3  
Осыны ойлап шаттанам.  
4 3  
Алла бұйрығын орындап  
4 3  
Бойұсынамын өркез мен.  
4 3  
Ислам діні ойласаң,  
4 3  
Бес нәрсемен жасайды.  
4 3  
Иманды жақсы білесің  
4 3  
Болсын қосқан үлесің  
4 3  
Әр күн бес рет тастамай  
4 3  
Намаз оқып жүресің  
4/3 3  
Рамазан айында



4                    3  
Ораза ұста ерінбей.

4                    3  
Малың болса зекет бер,

4                    3  
Шамаң келсе Мекке бар.

Бұл жеті-сегіз буынды өлең-жыр екі бунақтан жасалған. Бірінші бунақ төрт буын, екінші бунақ үш буын. Өлең тармақтарының арасында сегіз буынды тармақтар кезіккенімен ол тармақтар жеті буынды болып оқылуы да мүмкін. Төртінші тармақтағы бес буынды бірінші бунақтағы “Өмірге осы” деген сөз тіркестері төрт буын болып оқылады:

Ө - мір - ге - о - сы

Ө - мір - ге - /о/ - сы

Оған керісінше жиырмасыншы “рамазан айында” деген алты буынды тармақ жеті буын болып оқылады:

3-4                    3  
Ра-ма-зан            а-йын-да

4/3                    3  
Ы-ра-ма-зан        а-йын-да

Көріп отырсыздар, бұл тармақта “ы” деген буын айтушының немесе өленді оқушының, орындаушының дыбыстау әдісіне қарай өзінен өзі пайда болып, алты буынды тармақты жеті буынды тармақ қылып немесе үш буынды бунақты төрт буынды бунақ қылып, өленді айтылу немесе оқылу тәсіліне ерекше өң беріп тұр.

Сонымен бірге “о-ра-за ұс-та е-рін-бей” деген сегіз буынды тармақ “о-раз-ұс-та-е-рін-бей” боп оқылып жеті буынды тармақ боп жырдың айтылу ырғағына үндесіп тұр.

Профессор З.Ахметов: “Алдымен жеті буынды тармақтың бунақ өрнегіне назар аударалық”. Оның 4 буын + 3 буын болып келуінде айрықша қисындылық бар. Тармақтың ырғағы мейлінше жеңіл, әуезді. Бұл жерде буын саны тең түсетін бунақтардан гөрі мына сияқты 4 буын + 3 буын болып келетін бунақтар көбірек жымдасып тұратынын, тармақтың ырғақтық

тұтастығы күштірек болатынын айту керек. Тіпті бұдан көбірек алты буынды тармақтың өзінде-ақ көлемі кішірек (үш буынды) екі бунақтың ара жігі айқынырақ болуы түседі.

Жеті буынды тармақта төрт буынды бунақ бұрын келіп, үш буынды бунақ соңынан келетінін атап өту керек. Бұл керісінше болуы мүмкін емес. Өйткені тек төрт буынды бунақтан көлемі қысқарақ бунаққа (Үш буынды) ауысқанда ғана өлең ырғағына қажет шириқтық, жеңілдік пайда болады.

Қазақ өлеңінде әдетте жеті буынды тармақ пен сегіз буынды тармақ араласып, алмасып келе береді. Жеті буынды тармақ 4 буын + 3 буын болып құралса, онымен алмасып отыратын сегіз буынды тармақ 3 буын + 2 буын + 3 буын болып келуі мүмкін. Тармақтары осылай құрылатын жеті-сегіз буынды өлшем - қазақ поэзиясында кең қанат жайған, ең өнімді өлең түрі” /28/.

Осындай ғылыми тұжырымдарды ескерсек Әзімбет поэзиясының дені жеті-сегіз буынды өлең-жырлар екенін ескеруіміз тиіс. Өлең-жырлардың мұндай түрі қазақ поэзиясында ежелден қолданып келе жатқан түрі.

## ӨТІМ БАЛТУҒАНҰЛЫ (1874-1931)

Өтім Балтуғанұлы “Дәуқара”, “Нұрым түбек” елді мекендері мен Қазалы, Шымбай өңірлеріне белгілі ақын болған. Ол XIX ғасырдың екінші жартысында, XX ғасырдың басында өмір сүрген.

Өтімнің әкесі Балтуған бес ағайынды болған екен. Балтуған — ең үлкені. Балтуғаннан Мүсіреп, Өтім, Өтемұрат, Әбдімұрат атты төрт ұл өрбиді. Мүсіреп “Дәуқара”, Қазалы, Шымбай, Қоңыратқа белгілі би болады.

Өтім осы өңірде жасаған діни-ағартушы, әрі ғұлама-ақын Әйімбет Ишанның шәкірті болады. Діни-ағартушылық жолға түсіп, сопы болады.

Белгілі ғалым, филология ғылымының кандидаты К.Мәдібаева Өтім жырау туралы былай деп жазады: “... Діни-ағартушы ақын-жыраулар Өтім Балтуғанұлы мен Ұлжан Бекенқұлқызы өлеңдері жастарды діни бағытта тәрбиелейтін, айтар ойы адамгершілік пен ізгілікке жетелейтін, қазақ әдебиетіне қосып асыл мұралар боп есептеледі.

XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басында “Дәуқара” өңірінде өмір сүрген діни-ағартушы ақын жыраулар өз өлеңдерінде адамилықтың асыл нұрларын, ізгіліктің шапағатын халыққа танытуда сүбелі еңбек еткен. Қоғам мен заманның адам игілігіне сай болуы — адамның ізгі қасиеттерімен байланысты десек, Өтім де, Ұлжан да адамгершілікті жырлаған. Адамгершіліктің асыл нұры болған Мұхаммед пайғамбардың өсиеттерін поэзиясымен жеткере білген. Бұл - үлкен жетістік.

Өтім Балтуғанұлының “Пайғамбардан бас тартқан”, “Дұшпаныңды бір Алла”, “Аллаға сен табынсаң”, “Пайғамбарды сыйлағын”, “Алланы ойлап көшкендер”, “Алланың адал жолында”, “Ұғымын Алла біледі”, “Ей, Алла, Сізден өтінем” атты діни-танымдық өлеңдерінің тәрбиелік мәні зор /29/.

Өтім Балтуғанұлының өлең-жырлары діни-ағартушылық бағытта жазылғандықтан Кеңес дәуірі кезінде жете зерттелмей қалды. Өтімнің атын айтуға да тиым салынған болатын. Оның ізінде қалған мұралары соңғы кезде баспасөз беттерінде жарияланып, қоғамдық пікірлер айтыла бастады.

Өтім Қазалы, Дәуқара өңіріне белгілі Бажак би түрлі былай деп жырлады:

Бажак биді ел білер,  
Халқы мен туған жері білер,  
Елі сүйіп, сыйлаған,  
Шешендік сөзі, ақылы,  
Бойына оның сыймаған.  
Әмудей толқып тасыған,  
Ақылды болған жасынан.  
Бажак би Сырдың бойында  
Қазалының ойында,  
Бір тайпа елді билеген.

Тарихи тұлғалар Қосым жырау, Бажак би, Мүсіреп би, Өтім туралы М.Құғынбай былай деп жырлайды:

Арғы атамыз — Кішкене батыр болған,  
Қосым жырау атақты ақын болған.  
Бажак би, Мүсіреп пен Өтім өткен,  
Жүрегі өз халқына жақын болған /30/.

Өтім өзі өлең шығарып, домбыраға қосып айта беретін суырып салма ақын да болған. Ел аузында Өтім жыраудың “Дәуқараға” белгілі Мыңбай жыраумен, Ұлжан ақынмен, Қарасақал Ерімбетпен айтысының кейбір нұсқалары бар.

Өтім жыраудың өзiрге қолымызға жеткенi отыздан астам өлең-жырлары, терме-толғаулары. Айырым дастандарынан үзiндiлер де бар. Өтім жыраудың шығармаларын Тақтакөпiр ауданы тұрғындары Қанышбек, Жиенбике, Iсенбай ақсақалдардан, сондай-ақ Жанай Оспанқызынан жазып алынды. Өтім жырау “Алпамыс”, “Қобыланды”, “Қыз Жібек”, “Айман-Шолпан”, “Қозы-Көрпеш Баян сұлу”, “Едiге” жыр-дастандарын жатқа бiлетiн болған.

Өтім жырау “Дәуқара”, “Көк өзек”, Қазалы, Шымбай, Қожелі, Қоңырат, Көне үргеніш елді мекендерінде ел аралап, жыршылық өнерді өркендеткен. “Өтім жырау Базар жыраумен кездесіп, батасын алыпты”, “Мыңбай жыраумен айтысыпты”, “Қарасақал Ерімбетпен айтысыпты” деген хабарлар сол кезде ауылға әр шалғайдан келіп тарап жататын көрінеді.

Өтім жыраудың Мұстафа ишан Есполатұлы туралы “Қосымбеттің шәкірті”, Мұстафа ишанның сопылары туралы “Исламият тараған бұл асылдан”, “Қара ой” елді мекенінде аты әйгілі Сырға би туралы жазған “Сырға биді ел-жұрты” атты өлең-жырлары тарихи тұлғаларға арналған.

Сондай-ақ, Жанқожа батырдың сарбазы Төлек туралы “Жолбарыстай батырым – Төлек деген”, Жанқожа батыр туралы “Арықбалық ұрысы”, Аңсатбай ахун Еділбайұлы туралы “Аңсатбай ахун би болған”, Нұрымбет сопы туралы “Ел сыйлаған Нұрымбет”, Нәсер батыр туралы “Нәсер батыр келгенде”, Бұхарбай ахун, Жиенғали ахун Жұмағалиұлы туралы жыр, Нұртуған ақын туралы “Асау дария теңіз жаққа ұмтылған” атты тарихи жырлары мен тәрбиелік мәні зор “Құмбірлеп қара домбыра”, “Жігіт болсаң...” атты термелері қазақ әдебиетіне өз тараптарынан қосқан үлестері еді. Олардың айтары анық, көркемдігі де тұщымды екенін көреміз.

Жолбарыстай батырым Төлек деген,  
Жауларының Төлекке оғы өтпеген.  
Ел шетіне қиқулап жау тигенде,  
Болат найза Төлекке керек деген, –

деп басталатын Төлек батыр туралы жыры тарихи тұлғаларға арналған.

Кеншімбай, Оңғар, Жиенбай, Кете Жүсіп құсаған ақын, өнші - жыраулар Базар жыраудың мектебінен өткен, онан үлгі-өнеге алған тұлғалар. Біз мұны тарихтан білеміз. Халық қамқорын көксеп, жырлап демократтық бағытта болған. Үстем тап өкілдерінің

қолдауында болған әйгілі Шернияз, Мұсабай, Шығайбай, Ешнияз, Бұдабай сияқты ақын-жыраулардан үлгі алып, оны әрі қарай дамытқан, аты аңызға айналған атақты Базар жыраумен кездесуі, оның өтисын алуы жас Өтімге жыршылық тұрғыдан әсер етуі мүмкін.

Жыршылық өнермен Бесқала өңіріне танылған атақты Тұрғанбай жырау Жаңабайұлы “Домбыраны өзі алып” деген терме-толғауында:

Мен де сүйдім жыр менен  
Домбыраны жасымнан.  
Талайдың жырын есітіп,  
Ардақты көрдім досымнан.  
Түбі терең терме сөз,  
Көп пе дедім шашымнан...  
Арғы тегін сұрасам,  
Қалған екен бұл сөздер  
Өтім менен Қосымнан,  
Қосым, Өтім - қос жырау.  
Несібесі елге шашылған, -

деп Өтімнің жыраулық, ақындық өнерін биікке көтереді.

Қалай дегенде де осы деректердің өзі Қарақалпақ елінде жырау-жыршылық, өншілік, ақындық өнермен нұғылданған қазақтың тарлан азаматтары көп болғандығынан хабар береді. Бірақ өкінішке орай, олардың көпшілігінің ақындық мұрасы елде кезінде жиналмаған. Дегенмен, атақты ақынның кейінгі ұрпаққа келіп жеткен шығармалары өзінің көркемдік маңызын жоғалтқан жоқ. Олардың мұралары ұлттық өнеріміз бен ұлағатты жырларымызды қастерлейтін көнекөз қарттарымыздың арқасында сақталып келді. Бұған ерекше мән беретіндігіміздің себебі де сол. Құдайға шүкір, әлі де болса арамызда көргені мен білгені, ұққаны мен түйгені көп сарқылмайтын шежіре қарттарымыз аз емес.

Өтім жыраудың “Кедейлар малды жинап бай болмай ма?”, “Баласы Балтуғанның атым Өтім”,

“Қызыл жыңғыл” атты өлеңдері ақынның биік парасатты жан екендігінен дерек береді.

“Жігіт болсаң” деп аталатын термесі тәпсе темір үзетін жастық шақ туралы толғайтын мазмұны терең шығарма.

Өтім жыраудың елдің ардақты азаматтары туралы жазған шығармалары да көп. Барлық өлең-жыр, толғауларында оның өз еліне деген, халқына деген махаббаты бой көрсетіп тұрады.

XX ғасырдың бірінші жартысында “Дәуқара” өңірінде өмір сүрген ақын Ө.Балтуғанұлы аз өмір сүрсе де кейінгі өскелең ұрпаққа мол мұра қалдырып кеткен талантты жан болды. Жыраудың ата қонысы бұрынғы Қазалы уезі. Ал өзі “Дәуқарада” дүниеге келген, осы мекенде өмір сүрген.

Өтімнің әкесі Балтуған кедей адам болған. Адал еңбегімен күн көрген момын жан болған. Ал Өтім жас кезінде байларға жалданып, малын бағып, тіршілік қылған. Алты жасынан домбыра тартып, ән салады. “Әнші бала” атанады. Үлкейе келе “Өтім сері” атанады. Өтім жырау әрі ақын болады.

Өтім Шернияз, Мұсабай, Бұдабай, Нұртуған, Ерімбет, Әбубәкір Кердері, Базар жырау сияқты әйгілі ақындардан үлгі алып олардың жыраулық дәстүрін, ақындық өнерінен ғибрат алып, халық дәстүрін өркендетуде сүбелі еңбек етті.

Қазақты сүттей ұйытты,  
Аузымнан шыққан лебізім.  
Кереге жалды сендердің,  
Сақтаулы жүрген семізім.  
Найза салса жетпейтін  
Ақылға терең теңізім..., -

деп Базар жырау жырлағандай Өтім де Базардың дәстүрлі мектебінен үлгі алған аркалы шайыр болған. Өтімнің:

... Ал ха көңілім енді толға,  
Домбыраны алып қолға.  
Жүйрік аттай дүбірлейін,

Төмен қарап кідірмейін,  
Жырау, шайыр атанған соң  
Отырып қалмай жаман сорға...

деп басталатын толғау өлеңінде ақынға тән алға ұмтылушылық, өр мінез байқалады.

Дабылымды есітіп,  
“Құмар” дейді көрмекке,  
Сонау жатқан төменгі  
Астраханның бойында  
Он екі ата Байұлы  
Әлім менен Шөменнің  
Мен едім даңқты шайыры...

деп Базар жыр жолдарын ширата түссе, Өтім шайыр:

Төртінші ауыл Тақтакөпір  
Аралаған біз бір жорға.  
Арғы атамыз Кішкене екен  
Өткен екен Қоңыр анам...  
Біз шайырды өзің қолда... -

деп шежіре-толғау түрінде жыр жолдарын төгіп өтеді.

Шайыр әруақ деген тылсым күшке сыйынып алады. Сол дәуірдегі әдеби дәстүрге сай өзінің шыққан руын, тайпасын еске алып өтеді.

Өтім жыраудың “Жігіт болсаң” деген термесінде екпіндете, желдірмелетіп жырлау әдісі сақталған. Жеті-сегіз буыннан келетін бұл терме:

Жігіт болсаң шоқтай бол,  
Жауыңды жығып салатын.  
Жарқылдаған қылышпен  
Басын шауып алатын  
Зымыраған оқтай бол...

деп басталады.

...Жігіт болсаң тұлпар бол,  
Дауысы ұзақ кететін...  
Жауға барып жететін,  
Сауысқан мен торғайды  
Тілкім-тілкім ететін,  
Сұңқылдаған сұңқар бол -

деп жырлайды.

Өтім жырау қазақтың қара домбырасын қадірлеп өткен асыл азамат. Ол қысқа өмірінде халық ауып әдебиетінің асыл мұраларын ел ішінде насихаттап өзінің жыраулық, ақындық қызметін мүмкіндігінше ел алдында мұлтсіз орындауға тырысқан.

Талантты жас ақын Қайрат Сатыбалдиев ардақты ақын ағамыз Өтім жырау туралы “Артында өсиет боп жыры қалған” атты өлеңінде:

О, ата, өруақты ата, жырау ата,  
Жырларың ел аралап жүр-ау ата.  
Сөздерің жетіпті аман осы күнге,  
Жүрегің халқың менен бір-ау ата...

Домбыраң күңіретіп шерткенде мұң,  
Жыр қыпсың өміріңнің өткелдерін  
Таңдаған сияқтысың жыраулықты  
Жаныңды біле тұра дерт кернерін...

Қалдырған өр мұранды - әні нардай,  
Тыңдайды естігеннің бөрі талмай.  
Жырларың-тұла бойды балбыратып,  
Қызуын Қызылқұмның дарытардай

Өнерсіз аймақ көзге тас көрінер,  
Адами тіршілікке қас көрінер.  
Сен туған жерде бүгін Өтім ата,  
Көп енді өлең қуған жас перілер /31/-

деп ағынан жарылады.

Сөз жоқ Өтім қазақ әдебиетінде өзіндік жолы бар, өзіндік айтар ойы бар талантты ақын. Оның тарихи тұлғасы, халқына істеген қызметі өскелең ұрпақтар есінде мәңгі жарқырай береді. Жас ақын Қайрат Сатыбалдиев ақын атасына деген сүйіспеншілігің ширатпа шумақпен осылайша өрбітеді. Өскелең ұрпақтар ақын мұрасын көздің қарашығындай сақтайды, онан ғибрат алады, жырға қосады. Өтім атасының жолын қуады. Оның жырларын өсиет етіп қабылдайды:

Жақсының жыры да арман, сыры да арман,  
Және де болмас сөзі бірі жалған.  
Бұйырғай бізге енді сіздің бақыт,  
Артында өсиет боп жыры қалған...

Қарт ақын Жанай Оспанқызы “Дәукара” төңірегін өзінің жырларымен, әнімен тербелтіп өткен ақын-жыраулар туралы “Ән-жырды серік еткен есіл ерлер” деген мақаласында былай дейді: “Өтім жырау, Омар жыраулар бұл мекенді өлең-жырларымен тербелтіп, өткен есіл ерлер еді ғой, шіркін...” /32/.

Шынында, Өтім жыраудың ақындық, жыраулық таланты, өншілік өнері өзін тәрбиелеп өсірген халқын, өзі жұртты тәтті еткен еді. Бұл жөнінде маған шірқұмдар Пірімбай Шәйімбетұлы, Арзықұл Морғимұлы, Рахмет Қуандықұлы, Жиенбике Орнымбетқызы, Ісенбай Өтемұратұлы, Серікбай Мекесұлы талай қызықты әңгімелер айтып берген. Мен өмірдің өруағы алдында басымды иемін.

Өтім “Күмбірлеп қара домбыра” деген өлеңінде:

... Күмбірлеп қара домбыра,  
Өрлейді қоңыр дауысың,  
Ұрпаққа қалдыр мол мұра,  
Жетесіз жанның жауысың -

деген ой өрбітеді. Өлеңге тың ой, жаңалық, соны оқпақ салуға тырысады. “Жетесіз жанның жауысың” деп өн-күйді сүймейтін; домбыраның киелі үнін қадірлемейтіндерді “жетесіз жан”, “мәңгірт” деп сынайды, қызыл сөзбен түйрейді. Одан әрі:

...Әнің кетсін алысқа,  
Мәңгірттермен алыспа -

деген ой өрбітеді.

Ақын онан әрі:

...Жалатаймен қағыспа  
Ауылдаспен шабыспа, -

деп өсиет айтады.

Өтім өлеңді домбыраға арнау арқылы жас жыраулар мен өншілерге өсиет айтып, өзінше пікір түйеді.

Өтім өзінің замандасы XIX ғасырдың аяғында, XX ғасырдың басында Сыр мен Арал өңірінде әдебиет өкілдері арасынан дара шыққан халық ақыны Нұртуғанды, оның ақындық талантын жоғары

бағалайды. Нұртуғанды теңізге, ұмтылған асау дарияға теңейді.

... Асау дария теңіз жаққа ұмтылған  
Көңілінде алай-түлей жыр тұнған,

- дейді.

Өтім Нұртуғанды Абайдан кейінгі талантты ақын деп бағалайды:

... Өлең - жырдың патшасы ғой дер едім,  
Абайдан соң аты әйгілі Нұртуған...

Өтім Нұртуғанды құрмет тұтады, “пірім” деп оған сыйынады:

Пірім еді табынатын өлеңде,  
Халқым сүйген, даңқы шыққан Нұртуған...

Өтім Балтуғанұлы елдің сауатын көтеруде қызмет етіп, діни-исламдық бағытта жастарды мешіт-медреселерде оқытқан, ахун, ишандарды мадақтап көптеген өлең-толғаулар, дастандар жазған. Өтімнің өзі де мешіт-медреседе оқып ескіше хат таныған адам. Діни ағартушылар Жиенғали ахун Жұмағалиұлына, Әйімбет ишан Қаймақбайұлына, Сүгір ишан Төлекұлына, Аңсатбай ахун Еділбайұлына, Мұстафа ишан Есболатұлына, Бұхарбай ахун Баймағамбетұлына арнап өлеңдер жазған.

Өтім діни-ағартушы Бұхарбай ахун туралы “Жырлайын мен атаны” деген өлеңінде:

... Жырлайын мен атаны,  
Маған берсең батаны.  
Домбыра әкел қанеки,  
Шыққан тегі – Шөмекей,  
Ахун ата Бұхарбай,  
Ісі үлгі тұтардай,  
Жеті тілді меңгерген,  
Алты алашты тең көрген –

деп желдірмелегіп, түйдектетіп бір-ақ тоқтайды.

... Халық үшін туған ерлердің  
Нешеуінің кеудесі  
Құба жонда қалған жоқ -

мен Базар жырау жырлағандай Өтім де туған жерді сыртқы жаулардан қорғап, елі үшін еңіреген ерлер жайында мол өлең-толғаулар қалдырған.

... Арықбалық ұрысы  
Сарбаздарға сын болды.  
Орыстардан жеңілу  
Батырларға мін болды...  
Жанқожадай батырым  
“Дәуқараға” келген соң  
Мауды келіп көрген соң,  
Түні бойы кеңесті...  
Итжеместі Төлекке  
Қосып батыр Есетке  
Хабар-ошар жіберді –

дейді. Мұнда Арал теңізі өңірінің ең соңғы батыры, Ресей мен Хиуа ханының отаршылдық езгісіне қарсы күрескен әйгілі Жанқожа батырдың сарбазы Төлек батыр жайынан хабар береді. Жырда Жанқожаның Өлім-Жақайым руынан шыққан Мау деген баймен ақылдасуы, баласы Итжеместі Төлекке қосып Есет батырға жіберуі сөз болады. Төлек батыр туралы:

...Әкесі Төлек ер еді,  
Елге Төлек шер еді.  
Ел шетіне жау тисе,  
Хабар бер маған дер еді –

деп ой толғайды. Төлекті “ел қорғаған ардақты батырым” деп жырға қосады:

Жолбарыстай батырым Төлек деген,  
Жауларының Төлекке оғы өтпеген.  
Ел шетіне ұрандап жау тигенде,  
Болат найза Төлекке керек деген.

Өтім жырау Балтуғанұлының жас кезінде мешіт-медреседе ескіше хат танып, білім алғанын біз жоғарыда айттық. Өтім сопылық әдебиеттің ірі өкілі Қожа Ахмет Иассауиге де еліктеп өлең жазған. Өрине, ол мұндай өлең жазғанда Сыр бойында назым сөз бен ширатпа шумақтың шебері атанған, жазба әдебиетті өркендеткен әйгілі қарасақал Ерiмбеттi де ұстаз тұтқан, оның діни-

танымдық философиялық өлеңдерінен үлгі алған. Өтім өзінің “Он үшімде азап көрдім құдайсыздан” деген өлеңінде:

... Он үшімде азап көрдім құдайсыздан,  
Алла дедім, басыма қайғы-мұң түсті.  
Дінсіздерден қаштым мен де лажсыздан,  
Мұным бірақ маған жақсы, оң түсті...,-  
деп ой өрбітеді. Жырау Аллаға жалбарынады:

Бір Алладан сиынарым жоқ менің,  
Алла менен көңілімде тоқ менің...

Өтім жырау Балтуғанұлы ән-жырды серік еткен, жыраулық поэзияны өркендеткен, қазақ әдебиетіне өзіндік үлес қосқан дарынды ақын.

“Дәуқара” өңірінде дүниеге келіп, қазақ халқының ауыз әдебиеті мен жазба әдебиетіне өзіндік үлес қосқан, соның ішінде 1889 жылы Сырдарияның Аралға құяр жақын жерде “Мырзас” деп аталатын шағын елді мекенде дүниеге келген Нұртуған ақынның мұраларын ел арасына насихаттаған, өзі де сол Нұртуғанның шығармаларынан көп әсер алып, оны ұстазым деп құрметтеген Өтім жыраудың артында қалған мол мұрасы терең зерттеуді қажет етеді.

Нұртуған ақын Абайды ұстазым деп құрметтеп, өлең өлкесінде оны пір тұтады. Ол “Теңесем ұлы Абайды асқар шынға” деген өлеңінде:

Теңесем ұлы Абайды жол басына,  
Бар қазақ құмартады тұлғасына.  
Шығыста өнер барын ерте сезіп,  
Қалайша сыйғызды екен бір басына -

деп оны қазақ өлеңінің жол басшысы деп мойындаса “Абайды оқығанда” деген өлеңінде:

Соқпақтан жолды салса Абай тыңы,  
Білімдар, шайыр кісі білер мұны.  
Қазақта сөз асылын арқалаған,  
Ұлы Абай бір-ғасырдың биік шыңы /34/ -

дейді.

Ақын-жыраулардың бірін-бірі ұстазым деп құрметтеуі, пірім деп сыйынуы - үлкен ақылдылықтың,

дарындылықтың белгісі. Мұндай сезімге тек шын таланттар ғана бөленеді.

“Ескі жыр-дастандарды жатқа айтуда көпшіліктің назарына ерте ілінген Өтім жыраудың ақындық, жыраулық мектебі – Ерімбет Көлдейбекұлы және Нұртуған болған. Кезінде ол Нұртуғанды “Асау дарияға”, “Буырқанған теңізге” теңеген. Ол “Асау дария теңіз жаққа ұмтылған” деген Нұртуғанға арналған өлеңінде:

Асау дария теңіз жаққа ұмтылған,  
Көңілінде алай-түлей жыр тұнған.  
Өлең-жырдың патшасы ғой дер едім,  
Абайдан соң аты әйгілі Нұртуған.  
Дүлей теңіз Мұхит жаққа ұмтылған,  
Найзағай боп шатыр-шұтыр жұлқынған.  
Пірім еді табынатын өлеңде,  
Халқым сүйген даңқы шыққан Нұртуған... -

деп Нұртуғанның ақындық дарынын өте жоғары бағалайды.

Өтім жырау кезінде Нұртуғанды ұстаз санап, пір тұтып, Ақ кете Шернияз, Кердері Әбубөкір, Еспембет, Балқы Базар, Ерімбет Көлдейбекұлы сияқты жыр дүлдүлдерінің шығармаларын жаттап өсіп, “Мәулімнияз Едіге”, “Орақ Мамай”, “Қарасай Қазі” сияқты дастандарды ел арасына насихаттаған.

Нұртуған жыраулық өнерді өте қатты құрметтейді. Жырлап отырған жырауды тақта отырған патшадан да артық көреді. Жырау құдіретінің, жыр құдіретінің қаншалықты биік екенін біз осыдан-ақ сеземіз.

... Сөзіңе өнің жарасса  
Ырғағын бұзып адаспа,  
...Асып-сасып жалтақтап,  
Ұмытсаң айып сөзіңді,  
Көтеріп сені айтқанға,  
Қолпаш сөзге мақтанба,  
Артық сонда өнерің  
Патша отырған тақтан да.

Өтім жырау “Күмбірлеп кара домбыра” деген өлеңінде:

... Әсем сөзді қадір тұт  
Көп алдында өзінді.  
Сөз ұстасы ақындай,  
Алмастай сөзің жарқылдай,  
Махамбеттей батырдай,  
Көп алдында өзінді,  
Ұғып алғын сөзімді,  
Албырамай сергек тұт –

деп Нұртуғанға еліктейді.

Жыраулық өнердің кейінгі ұрпаққа берер тағылымын қадір тұтады.

Нұртуған “Домбыранды қолға алшы” деген өлеңінде:

... Болмайды есек тұлпар желгенменен,  
Көпек ит тазы болмайды үргенменен.  
Көрінген “ау” деген жан жырау болмас  
Құр басқа қасын созып кергенменен /36/ –

деп жыраулық өнердің жеңіл өнер емес екенін ескертеді. “Шайырлар хақында” деген толғау өлеңінде:

... Бұл кездегі жыраулар,  
Бұрынғы салған ізбенен,  
Тек тамағын іздеген.  
Кейбіріне қарасам,  
Домбыра ұстап қолына  
Құр айқайлап терлеген /37/ –

деп шайырлық, жыраулық өнерге немқұрайдылықпен қарамау керектігін ескертеді де, салиқалы пікір білдіреді. Ал Өтім жырау ұстаз деп құрмет тұтқан Нұртуғанның бұл ойын төмендегіше өрбітеді:

... Жырау болсаң бауырым,  
Басылмасын дауылың.  
Сөзің мірдің оғындай  
Лаулап жанған жалындай,  
Болсын, тыңда, бауырым,...  
Жырды жырламағын сен,  
Домбыраны сағынбай...

Нұртуған ақын әйгілі “Адаспайды ақылды” деген өлеңінде:

Жігіт болсаң өділ бол,  
Күндемейді бағынды.  
Ел – таразы байқайды,  
Қараң менен ағынды.  
Ажыратар андаған,  
Бұлдыр менен сағымды.  
Адаспайды ақылды  
Сындырмайды сағынды.../38/ –

деп, Өтім жырау “Жігіт болсаң” деген өлеңінде:

Ел шетіне жау тисе,  
Алмас болып жарқылда.  
Дүркіретіп қиқулап,  
Найзағайдай шатырла.  
Аямағын жауынды,  
Қан құстыр найза батыр да.  
Жасы үлкенді тындағын  
Барлық нәрсе ақылда.  
Қатындай қорқып дірілдеп,  
Жаман көлдей тартылма... –

деп жігіттерді бағырлыққа үндейді.

Өтім жыраудың жыраулық өнері ел-жұртын тәнті етсе ақындық айналасы оны биікке көтереді. Әрбір өлеңінде, әрбір терме-толғауында елге деген, ел ардақтаған ұлдары жөнінде тебірене жырлайды.

Өтім өзінің діни-танымдық шығармаларын әйгілі ақын, кемеңгер ойшыл Қожа Ахмет Иассауиге де еліктеп жазады. Сыр бойының атақты ақыны Ерімбет Колдейбекұлы жырларынан Нұртуған шығармаларынан ғибрат алады.

Бұл табиғи құбылыс еді. Халықтың сауатын көтерген діни-ғұламалармен бірге Өтім де мешіт-медреседе оқып, білімін көтеріп, діни ағартушылық ағымда өлең-толғаулар қалдырады. Ел арасына насихаттап жүреді. Діни дастандарды жырлайды, өзі де сол діни дастандарға еліктеп толғаулар, термелер шығарады.



Әйгілі ақын діни тағылымдарды жақсы құрметтейді. Өпеді басылған, Қазанда басылған діни шығармаларды медресе кітапханасынан алып оқиды. Өзінің білімін тереңдетеді.

Араб тілді Әбу-Нәсір-әл-Фараби, көне түркі тілде Жүсіп Баласағұн, Махмұт Қашғари, Ахмет Иассауи, Ахмет Жүйнеки, Хорезмилер шығармалары мешіт-медреселерде талабаларға оқытылатын болған. Міне осындай әйгілі ақындар шығармашылығы Өтім жырауға да өсер етуі табиғи құбылыс еді.

Өтім жырау өз заманының саяси-әлеуметтік мәселелеріне де дер кезінде үн қосып отырған азамат. Замана ағымы, заман ағымы тудырған саяси-әлеуметтік мәселе ақынды тарихи тұлғаларды да назардан тыс қалдырмауға мәжбүрледі. Ол өзінің жырларында осындай тарихи тұлғаларды ел арасына насихаттады.

Белгілі профессор З.Ахметов: "...Қазақ поэзиясында өлең ырғағының тірегі – буын, яғни ырғақ буын санымен өлшенеді. Сондықтан қазақ өлеңі силлабикалық (силлабо-грекше буын деген сөз) жүйеге жатады. Буын санына негізделетін силлабикалық өлең жүйесі қазақ поэзиясында, басқа түркі тілдес қырғыз, өзбек, татар, түрікмен, әзербайжан, башқұр секілді халықтардың тілінде, сонымен бірге француз, чех сияқты халықтардың тілінде де қолданылады /39/ - деп атап көрсетеді.

Өтім жырау поэзиясы көбіне 7-8 буын болып келеді. Ғалым атап көрсеткендей силлабикалық жүйемен жазылған Өтім поэзиясының айтар жаңалығы мол.

Өтімнің "Алланың адал жолында" атты өлеңін 8 буынды өлең өлшеміне жатқызуға болады. Екі бунақты өлеңнің бірінші бунағы бес буын, екінші бунағы үш буын:

5                      3  
Алланың адал // жолында  
5                      3  
Мүміндер ешбір // адаспас.

5                      3  
Бір Алланың тек // қолында  
5                      3  
Сенің өмір // тағдырың.  
5                      3  
Адаспай тура // жүруді,  
5                      3  
Алланың өзі // қолдаған,  
5                      3  
Дінсіздердің де // ешуақыт,  
5                      3  
Сөздері дұрыс // болмаған.  
5                      3  
Бір Алла саған // Құранды,  
5                      3  
Түсірді мүмін // түсінгін  
5                      3  
Сүрелерді сен // жаптасаң,  
5                      3  
Ұшқаны биік // құсыңның.

Ал Ұлжан ақынның "Сыңарым бір Құдай" деген 7 буынды жырының алғашқы бунағы 4 буын, соңғысы 3 буын болып келеді:

4                      3  
Сыңарым - // бір Құдай,  
4                      3  
Жар бола гөр // бір өзің.  
4                      3  
Кешіре гөр, // О, Құдай,  
4                      3  
Қате болса // бір сөзім.  
4                      3  
Саған арнап // жазамын,  
4                      3  
Өленімді // бір өзім.  
4                      3  
Мына халық // тірегім,  
4                      3  
Тірегім әм // жүрегім.  
4                      3  
Бір өзінді // ей, Құдай,

4 3  
Есіме алып // жүремін.

4 3  
Тек өзінде // ей, Құдай

4 3  
Бақыт бар деп // білемін.

4 3  
Тек өзіңе // сыйынып

4 3  
Ойнаймын да // күлемін...

Ал Мыңбай өлеңдерінің құрылысы да 7-8 буын болып келеді. Профессор З.Ахметов: "... Қазақ поэзиясында көп тараған өлең өлшемдерінің бір тобында барлық тармақтың буын саны бірдей болып келеді. Мысалы, он бір буынды өлең, алты буынды өлең. Бірақ барлық өлшемдерде өлең жолдары түгелдей буын саны жағынан тең болуы шарт емес. Мысалы, жыр өлеңінде тармақтар жеті не сегіз буынды болып келетіні белгілі" /40/.

4 3  
Нұрлы ойлар // жетелеп,

4 3  
Бір Алаға // жеткерер.

4 3  
Нұрсыз, нәрсіз // адамды

4 3  
Алланың өзі // жек көрер.

Көріп отырсыздар, 7-8 буынды, екі бунақты, бір шумақ өлеңнің 1 - 2 - 3 тармақтарының алғашқы бунақтары 4 буын, қалған бунақтары 3 буын. Төртінші тармақтың алғашқы бунағы 5 буын да соңғы бунағы 3 буын.

Мыңбайдың кейбір өлеңдері 8 буынды болып келеді:

4 4  
Жетімдердің // малын жеген

4 4  
Бұл өмірде // оңбас деген.

4 4  
Ондай адам // тіршілікте,

4 4  
Оттай лаулап жанбас деген...

## МЫҢБАЙ ЕСМАҒАМБЕТҰЛЫ (1886-1943)

“Дәуқара” өңіріне танымал болған талантты ақын-жыраулардың бірі – Мыңбай Есмағамбетұлы. Мыңбай Есмағамбетұлы 1886 жылы “Дәуқара” өңірінде дүниеге келіп, 1943 жылы осы өңірде қайтыс болады. Әкесі Есмағамбет Оңғарұлы “Дәуқара” және Қазалы өңіріне белгілі діни-ағартушы болған. Атақты діни ағартушылар Бұхарбай ахун мен Аңсағбай ахунға көмек беріп, мешіт-медресе құрылысына ақшалай қаржы аударады. Өзі Бұхарбай ахунға қол беріп, сопы болған. Есмағамбет ел-жұртқа беделді, ауқатты бай адамдардың бірі болған.

Жастайынан салмақты, ұқыпты, момын Мыңбайды әкесі Есмағамбет ауыл молдасына оқуға беріп ескіше хат танытады. Болашақ ақын әрі жырау Мыңбай “Қамысты” мешіт-медресесінде оқып-білім алған. Ол діни-ағартушы, әрі діни ағартушы ақын Әйімбет ишанның шәкірті болады.

Мыңбай қазақтың эпостық жырлары мен діни жырларды, дастандарды сонымен қатар, діни дастандарды ел арасында жүріп халыққа насихаттаған.

Мыңбай Ақмешіт, Қазалы, Арал төңірегіндегі сонымен бірге Шымбай, Мойнақ, Қазақтария елді мекендерін аралап діни өлең-жырлар мен діни дастандарды жырлайды, халықтың санасын ағартады. Өзі де діни-ағартушылық бағытта танымдық өлең-жырлар шығарады.

Мыңбай өз өлеңдерін қағазға түсіріп те жүрген. “Дәуқара” өңірінде жазба әдебиетті өркендеткен.

Кеңес дәуірі кезінде Мыңбайдың поэзиялық шығармалары ел арасынан жиналып, жете зерттелмеді. Мыңбайға “Байдың, сопының баласы” деген күйе жығылды. Оның поэзиялық шығармалары ел арасында мәңгі жасап қалды, коммунистік партияның идеологиясы қанша шырмағанмен имандылық пен ізгілікке шақыратын “Құранды” насихаттайтын Мыңбай поэзиясы жоғалып кеткен жоқ.

Мыңбайдың шығармалары тек Кеңес Одағы ыдырап кеткен соң ғана жергілікті баспасөздерде жариялана бастады. “Қарындасыма” деген өлеңінде ақын былай деп мұңданады:

Байдың қызы атандың қарындасым,  
Туысканның пейілі тарылмасын.  
Ізіме ерген інімдей елігім ең,

Бұл өмірде сезімнің жаңылмасын /41/.

Кеңестік идеология бай-болыстардың, діни ағартушылар мен діни-ағартушы ақын-жыраулардың өміріне қауіп тудырды. Тіпті туысқан мен ағайынды, өке мен баланы бір-біріне жау етіп көрсетті. Мұндай қатерлі идеология Мыңбайды айналып өтіп кеткен жоқ. Ақын зердесі осыны дөп басады, қоғамға ашына қарайды.

Байдың ұлы атандым мен де міне,  
Әділсіздік, ойпірім-ай, жеңгені ме?

Қамқор болып жетімді жебеп едім,

Жаман сөздің маған да ергені ме /42/ -

деп жырлайды ашынған ақын.

Кеңес үкіметі қоғамды өзгертіп, “жаңа идеологиялық” бағыт жүргізгенде көптеген қателіктерге жол қойғаны анық. Ақынның “әділсіздік” деп отырғаны сол қателіктер болатын. Ақын қанша адамгершілікті, ізгілікті жолмен жүрсе де шолақ белсенділер оның ізіне шырақ алып түседі. Жоғарыда айтқандай күйе жағыл, азаматтық намысын аяқ асты етеді. Мыңбай кейін діни ағартушылық поэзиялық шығармалар жаратуды тоқтатады. Мыңбай “жаңа өмірді” жырлап, коммунистік партияның идеологиясына берілгенмен оның соңынан “діни-ағартушы байдың баласы, діни молда рухында тәрбиеленген” деген сияқты жаладан арыла алмайды.

Мыңбай түзу заманды аңсайды. Қарындасына арналған өлең барлық қазақ қыздарына арналған, барлық қазақ жастарына арналған өлең:

Мен жүргенде қарағым, қамықпағын,

Мыңбай жүрсін думан сап, салып әнін.

Заман әлі түзелер бүйтіп тұрмас,

Қарлығашы боп даланың шарықтағын...

Қарапайым қазақ қызы Дарайы да “бай-сопының қызы” деген жаламен қудаланған. Мыңбай тағдыр тауқыметін көп көрген діни-ағартушы ақын.

“Есмағамбет баласы Мыңбаймын мен,

Сөзі түзу адамды тындаймын мен.

Ән-жырға ынтық жасты ізіме ертіп,  
Ән салуға, өнерге шындаймын мен...

Мыңбай әнші де болған. Өнерлі жастарды жанына жинаған.

Арал, Мойнақ, Қазалы жүрген жерім,  
Мәңгі бақи есімде көргендерім.  
Бос сенделген жігітке жараспайды,  
Өлендерім шырқаған – маңдай терім...

Ақын өзінің жүрген жерлерін ән-күйге бөлеп жүреді. Жастарға еңбек етуді дөріттейді. Өнерді де еңбекке телиді.

Халық ауыз әдебиетін жанындай сүйетін ақын, той-мерекелерде ғашықтық жырларды да жырлаған. Бұл домбыра тартып, ән салып, өзі де өлең-жыр шығарып жүретін ақындарға тән дәстүр болған.

Есмағамбет баласы Мыңбаймын мен,  
Ақыл-кеңес үлкеннен тындаймын мен.  
Қазақ қызын шынайы тындар болсаң,  
“Қыз жібекті” келіндер жырлаймын мен.

Той-мерекелер бүгін халайық бастадыңдар,  
Құс-қастықты келіндер жастаңыңдар.  
Қаракөзді қазақтың қыздары жайлы,

“Айман-Шолпан” жырлайтын дастаным бар... /43/

Ақын дінді насихаттау үшін алдымен халықтың ежелгі ән-күйлерін орындаған, ауыз әдебиетінің ежелгі үлгілеріне ден қойған. Сонан соң діни өлең-жырлар мен діни дастандарды әсерлі етіп жырлап берген. Мыңбай халық жүрегінен осылай орын алған.

Филология ғылымдарының кандидаты, доцент З.Сейітжанов Мыңбайдың діни-танымдық жырлары туралы былай дейді: “ХІХ ғасырдың екінші жартысы мен ХХ ғасырдың басында өмір сүрген діни-ағартушы ақындар Омар Сейітұлы, Мыңбай Есмағамбетұлы, Мұхаммед пайғамбарлардың хадистерін халыққа өлең-жырмен жеткізуде дүнияуи көзқарас танытады” /44/.

## ОМАР СЕЙІЛҰЛЫ (1876-1921)

Халық арасынан шыққан талантты жырау, әрі ақын Омар Сейілұлы 1876 жылы “Дәуқара” (қазіргі Тақтакөпір) өңірінде дүниеге келіп, 1921 жылы қайтыс болады. Жас кезінде ауыл молдасынан хат таныған болашақ ақын өз білімін медреседе оқып толықтырады. Діни-ағартушылармен етене жақын жүреді, олардың ақыл-кеңестерін тыңдайды. Омар Қазан төңкерісіне дейін де, төңкерістен кейін де халық арасында жүріп діни өлең-жырлар, толғаулар шығарып, ислам дінін ел арасына насихаттайды. Кеңес дәуірінде Омар поэзиясын зерттемек түгіл оның атын айтуға тыйым салынды. Ол халқының мүддесін ойлаған діни ағартушы ақын болды.

Омар “Көк өзек”, “Есім өзек”, “Нұрым түбек”, “Дәуқара”, Шымбай және Қазалы елді мекендеріне даңқы шыққан ақын әрі жырау болды. Ол өз халқын өнмен де, күмбірлеген күймен де, исламның қағидаларын поэзия тілімен насихаттаған ғажайып сөз шебері де болды.

Омардың әкесі Сейіл емші болған. Аты Қазалы, Дәуқара өңіріне танымал Сейіл бақсыны қазақ халқы да, карақалпақ халқы да құрметтейтін болған. Сейіл ескіше сауатты адам болған. Баласы Омарды ауыл молдасынан хат танығаннан кейін, медресеге оқуға берген.

Сейіл бақсы жөнінде діни-ағартушы ақын Ұлжан:

... Сейіл бақсы атақты,  
Батыр да болған жаужүрек.  
Дұшпанын ұстап матапты,  
Ол жүрген жерде дау жүред.  
Емші болған белгілі,  
Құрметтейді ел мұны.  
Сейілді аттап өтпеймін,  
Еске алсам өткен-бергіні –

деп жырлаған. Ұлжанның өлеңдері мен қариялардың айтуларына қарағанда Сейіл ел қорғаған батыр да болған. Қобыз да тартқан.

Омар араб таңбасымен қазақша жазылған Шығыс ақындары мен ойшылдарының шығармаларын оқиды. Сыр “бойының атақты сүлейлері Нұртуған мен Қарасақал Ерімбеттің (Көлдейбекұлының) поэзиялық шығармаларынан ғибрат алады.

Айтушылардың сөздеріне жүгінсек, Омар Қожа Ахмет Иассауи мен Сүлеймен Бақырғанидың, Ахмет Жүйнекидің поэзиялық шығармаларын жатқа білген, ел арасына таратқан.

Омар жыраудың ел аузында әліге дейін сақталып келе жатқан “Сұрасандар атымды Омар жырау” деген өлеңінде өзі туралы мынадай дерек береді:

Сұрасандар атымды Омар жырау,  
Ән-күйге, өлең жырға құмар жырау.  
Арқалап домбырасын тойға барып,  
Мерекені қыздырып тұрар жырау.  
Мен әйгілі Сейілдің баласымын,  
Бірде тауы, ал бірде даласымын.  
Айтыста ақындарын жеңіп келдім,  
Мақтанған Шымбай деген қаласының.

Омардың өз өлеңінде келтіргеніндей оның айтыскер ақын болуы да ғажап емес. Ел аузында оның той-мерекелерде өзге ақындармен айтысқаны жөнінде деректер бар, бірақ қай ақынмен айтысқаны, айтыс жырлары қолымызға түскен жоқ. Ол көбінесе діни өлең-жыр шығарған. Жырлар мен терме-толғауларды ауызша, жазбаша да шығарған.

Омар есейе келе сопылық діни ағымға түскен де діни ағартушы ақын болған. Филология ғылымының кандидаты, доцент З.Сейітжанов былай деп жазады: “Омар Сейілұлының “Алладан ұялмаған адам”, “Тірілер, өлгендерді құрмет ет”, “Қонақ күткен адамды”, “Кедейге істе жақсылық”, “Мұсылман мінезі”, “Өзің тоқ боп жүрмегін”, “Адал сауда момын жанның ізгі ісі...” атты діни-ағартушылық сарында жазылған өлеңдері қазақ әдебиетіне қосылған асыл мұралар.

Діни-ағартушы ақын Қасиетті Құранның да, Мұхаммед пайғамбар өсиет-хадистердің де, теологиялық

бағыттағы шарияттық әдебиеттің де дін исламның адамға гән ар тазалығын, ізгілік пен адамгершілікті насихаттайтынын жақсы біледі. Өлеңдерінің мазмұны, айтар ойы Мұхаммед пайғамбардың өсиеттерімен үндесіп жатады” /45/.

Айтушы Кәрібай Өтепбергенұлы діни ағартушы ақын Омар Сейілұлы туралы былай дейді: “...Омар Сейілұлы діни ағартушы ақын Әбубәкір Кердерінің, Ерімбеттің, Нұртуғанның діни өлең-жырларын домбырамен айтып беретін. Әбубәкір Кердерінің “Халыққа насихат етіп айтқан сөзі”, “Ауырып жатқанда айтқаны”, “Досжан хазіретті жоқтауы”, сондай-ақ Ерімбеттің діни дастандарын орындап беретін...” /46/.

## БЕКЕНҚҰЛ АҚЫМБЕТҰЛЫ (1844-1923)

“Көк өзек” пен Маудың бойында “Теппе көл” мен “Бөрлі тауда”, “Қаратерең” көлінің жағалауындағы елді мекендерде жасаған, атағы “Құсқана тауға”, Сыр мен Арал өңіріне, Қазалы мен Хиуаға кеткен әйгілі діни ағартушы ақын Бекенқұл Ақымбетұлы “Дәуқара” өңірінде 1844 жылы туылып, 1923 жылы осы “Дәуқара” өңірі “Қаратерең” көлінің батысындағы “Теппе көл” елді мекенінде қайтыс болады.

Бекенқұл – діни ағартушы ақын. Сондықтан оның қолжазбалары сақталмаған. Айырым көшірмелері табылды. Кеңес дәуірінде оның шығармалары жиналып, зерттелмеді. Тіпті атын айтуға да тиым салынды. Оның шығармалары өлең-жырлары діни-танымдық бағытта жазылған болатын. Жастайынан ауыл молдасынан хат таныды. Сонан соң діни мешіт-медреседе де білім алып, ой-өрісі мен сана-сезімі дамыды. Жүсіп Баласағұн, Ахмет Жүйнеки, Қожа Ахмет Иассауи поэзиясынан үлгі алған. Кейін Шәкәрім, Абай, Ыбырай, Ақмолла, Шәді, Ерімбет, Нұртуған поэзиясынан сусындаған. Мұның өзі Бекенқұлға зор әсер еткен де, діни-сопылық әдебиетке бой ұрған. Мешіт-медресені, онда ислам ілімін, шарият заңдарын халыққа таратып жатқан діни-ағартушыларды марапаттаған. Өзі де олармен тығыз байланыста болған.

Бекенқұлдың әкесі Ақымбет орта дәулетті адам болған. Діни-ағартушылармен жақсы байланыста болған.

Бұқарадағы “Көк Алташ” медресесінде білім алып, ишан болған Еділбай ишанға қол беріп, сопы болады. Еділбай ишан Жайықбайұлы Бекенқұлды мешітте оқытады.

Зейнеткер Қарлыбай Шахарұлы Бекенқұл ақын туралы былай деп жазады: “... Сыр мен Арал өңіріне әйгілі болған суырып салма діни-ағартушы ақын Бекенқұл Ақымбетұлы 1844 жылы “Дәуқара” болысында дүниеге келген. Аралдың оңтүстік-шығысында өмір сүрген айтулы ақынның ізінде қалған мол мұрасын

жинап, зерттеу өте қажет-ақ. Себебі, кешегі Кеңес дәуірі кезінде қызыл коммунистер Бекенқұл мұрасын ел аузынан жинап, зерттеуге мүмкіндік бермеді...

Мен талай рет қариялардан: “Бекенқұл мына өлеңді жатқа оқитын еді, бұл Қарасақал Ерімбеттің өлеңдері еді...” деп отырғанын есіттім. “Бекенқұл әкем жатқа білетін еді” деп Ұлжанның да Ерімбет шайырдың “Мұхаммед найғамбар туралы хикая”, “Шаһизаданың хикаясы” атты діни-дастандарын жатқа оқығанын талай рет есіткенмін. Демек, Бекенқұл поэзияны жанындай сүйетін ақын болған.

Бекенқұл ақын, сондай-ақ Ерімбеттің “Ей, Алла, сүйген құлың қатарында ет”, “Қазаға қайып болып, сабыр қылсаң...”, “Ер міндеті”, басқа да өлең-жырларын жатқа оқитын болған.

Бекенқұлдың әкесі Ақымбет те діни-ағартушылық жолға түскен, сопы болған адам... Бекенқұл Ақымбетұлы осы “Дәуқара” ұлтанында “Теппе көлде” дүниеден өткен” /47/.

Екінші дүниежүзілік соғысқа қатысқан ардагер Бектұрсын Боранқұлов пен зейнеткер Жұмабике Ақпанқызы Бекенқұл ақын туралы былай дейді:

- Бекенқұлдың өлеңдері деп қариялар оның өлеңдерін жатқа оқитын. Оның өлеңдері көбіне діни бағытта болатын. Өлең-жырларын өліге дейін біз жатқа білеміз. Олар қазақ халқының халық әндерін тарихи дастандар мен батырлар жырын, діни өлең-жырларды жатқа білген.

Жанқожа батырдың Хиуа ханымен, Ресей патшасының отаршылдық саясатына қарсы қарулы көтерілісін өзінің өткір поэзиялық шығармаларымен суреттеді.

Әйімбет ишан Қаймақбайұлы “Қамысты” мешіт-медресесінің мүдәрисі болып қызмет жасап тұрған кезінде көптеген талантты шәкірттер тәрбиеледі. Өтім ақын Балтуғанұлы, Мыңбай жырау Есмағамбетұлы, Ұлжан ақын Бекенқұлқызы және Омар жырау Сейітұлы Әйімбет ишанды ұстаз санаған. Онан өлең-жыр жазуды,

соның ішінде сопылық бағыттағы жыр үлгілерін үйренген. Бұл аты аталған ақын-жыраулардың бәрі де діни сауатты болған.

Өтім діни бағытта бірнеше өлең-толғаулар, дастандар жазған. Ел аузынан жазылып алынған Өтімнің бірнеше дастандары бар. Олардан “Мұстафа ишан”, “Бажақ би”, “Мүсіреп би” дастандарын атап айтуға болады. Өтімнің діни танымдық дастандары өз оқырмандарын ислам дінін құрметтеуге шақырады. Дастандарында халық игілігі үшін ғұмыр кешкен, тарих сахнасында елеулі із қалдырған Бажақ, Мүсіреп билермен бірге Мұстафа ишан Есболатұлы жайлы көп деректер бар.

Өтімнің Қасиетті Құрандағы хадистерді ұстазы Әйімбетше жырлауы тегін емес. Бұл бөлкім, шәкірті Өтімге Әйімбеттің ағалық қамқорлығының нәтижесі шығар.

## ҰЛЖАН БЕКЕНҚҰЛҚЫЗЫ (1869-1953)

“Бөрші тау” төңірегінде өмір сүрген Бекенқұл атты ақынның қызы Ұлжан да осы төңірекке даңқы жайылған ақындардың бірі болған. Діни сауаты бар, әрі суырып салма ақындығы бар Бекенқұл өз қызы Ұлжанды діни мешіт-медресеге оқытып, қызының зерделі болуына, діни сауат алуына мүмкіндік жасайды. Онсыз да табиғатынан дарынды, өлеңді суырып салып айта беретін Ұлжан мешіт-медреседе білім алған соң діни бағытта өлең-жырлар шығара бастайды. Ұлжан Әйімбет, Өтімдермен бірге Шығыс поэзиясы тарландарының шығармаларын оқиды. Дүниетанымы артады. Ұлжанның ел аузында толық емес дастандары да бар. Ол өзінің діни-танымдық шығармаларында елге қызмет істеген діни ағартушылар жөнінде де үлкен азаматтық сезіммен, ұшқыр оймен жырлайды.

Қазақ елі мен қарақалпақ еліне белгілі Ұлжан ақын Бекенқұлқызы 1869 жылы “Дәуқара” болысы, “Теппе көл” елді мекенінде дүниеге келіп, 1953 жылы осы жерде 84 жасында дүниеден өтті.

Ұлжанның әкесі Бекенқұл Сыр мен Арал өңіріне белгілі ақын болған. Еділбай ишанға қол беріп, сопы болады. Діни-ағартушылық жолға түседі. Мешіт-медреседе оқиды. Шығыс ғұламалары мен ақындарының еңбектерін оқып, сауатын ашады. Қазақ халық ауыз әдебиетінен сусындап, Жүсіп Баласағұн, Ахмет Жүйнеки, Қожа Ахмет Иассауидің шығармаларын оқып, діни-ағартушы ақын болады. Мұхаммед пайғамбардың өсиеттерін поэзиямен өрнектейді.

Еділбай ишанның ақыл-өсиеттерін тындап өскен Бекенқұлдың дүниеге деген көзқарасы артады. Еділбай ишанның бай кітапханасы болады.

Діни ағартушы Бекенқұл ақын қызы Ұлжанның зеректігін сезіп, алғаш ауылда ескі мектепте оқытады, сонан соң, мешіт-медреседе терең білім алады. Ұлжанның дүниеге деген көзқарасын өзінің поэзиялық

шығармаларынан байқауға болады. Ол діни-танымдық өлеңдерді көп жазған. Ислам дінінің қағида-шарттарын, шариғат заңдарын ел арасында насихаттаған. Ұлжан “Дәуқара” өңірінде қыз-келіншектердің діни орталық мешіт-медреседе оқып білім алуына ұйытқы болған қыздардың бірі. Өткір тілді Ұлжан той-мерекелерде ақындар айтысына да қатысып, ұлттық дәстүрлерді өркендетуде жалықпай еңбек еткен жан. “Қыз Жібек”, “Айман-Шолпан”, “Қозы-Көрпеш-Баян сұлу” басқа да діни дастандарын жатқа білген. Ұлжан – суырып салма ақын болған.

Зейнеткер Барлыбай Шахарұлы Ұлжан ақын туралы былай деп жазады: “... Мен Барлыбай Шахарұлы 1927 жылы осы “Дәуқара” болысындағы “Теппе көл” деп аталатын елді мекенде туылдым, мен де жас кезімнен әдебиетке қызығып өскен едім. Ұлжан ақынның жанында жүрдім, мен жас едім. Ол талай адамдардың алдында тұрып ап, іркілмей, ешқандай тартынбай, қаймықпай, қорықпай кемшілігін бетіне тура өлеңмен айтып тұратын. Талай шолақ белсенділер Ұлжан ақынды көргенде тура алдына бара алмай, тайсалып кете беретін. Ол керемет дарынды, сөзге шешен, ұшқыр ойлы, назды сөз бен ширатпа шумақтың сүлейі еді. Өзінің діни сауаты бар, мешіт-медреседе оқыған, ислам діні қағидалары мен дін шариғаттарын жетік білетін еді.

Ұлжан әжем 1863 жылы осы “Дәуқара” ұлтанында туылған. Әкесі Бекенқұл Сыр бойы мен Арал өңіріне белгілі, діни-ағартушы ақын болған... Менің әкем Шахар 1948 жылы жазықсыз жазаланып, Қиыр Шығысқа жер аударылған. Кеңес үкіметінің шолақ белсенділері әкем Шахарды колхозда жұмыс істемеді деп, жала жауып, жазықсыз жазалаған. Олар Ұлжанға адамгершілік қасиеттерден осылайша ауытқып, соққы берген. Бәрібір Ұлжанды олар тоқтата алмаған. Ұлжан шолақ белсенділердің қоғамға жат өрекеттерін сынап, өлеңдер шығара берген.

... Ұлжан Жүсіп Баласағұн, Ахмет Жүйнеки, Қожа Ахмет Иассауи шығармаларын оқыған, сауатты адам болған.

Ұлжан 1953 жылы қайтыс болды. Дарынды ақын Сыр бойының сүлейі атақты Қарасақал Ерiмбеттің діни өлеңдері мен діни дастандарын жатқа білетін еді. Ерiмбеттің “Кім айтқан Жалғаншыда не көрдім деп?”, “Жалғанның түбін ойлап, күтiнiндер”, “Ер мiндетi” атты діни өлеңдері мен “Мұхаммед пайғамбар туралы хикая”, “Атымтай жомарт”, “Садуақас Сахи” атты діни дастандарын жатқа білетін еді. Өзі де ғажайып діни өлеңдер жазды” /48/.

Зейнеткер Кәрібай Өтепбергенұлы Ұлжан ақын туралы былай деп жазады: “Ұлжан Бекенқұлқызының көптеген өлең-жырлары халық аузында сақталған. Діни-ағартушы ақын Ұлжан діни сауатты болып, өлең-жырларын діни ағартушылық бағытта жазған. Оның “Мұсылманның парызы”, “Сұраса ақыл айту бар”, “Ей, мұсылман, тыңдағын...”, “Кітапқа ерте үңілің...”, “Нақақтан жасап қастандық...”, “Қателескен көп өмірде...” атты діни өлеңдері өскелең ұрпақты ислам дінінің асыл маржандарын көздің қарашығындай сақтауға шақырады” /49/.

Діни-ағартушы ақын Ұлжан Бекенқұлқызының шығармашылығы туралы ғылыми тұжырымдар жасай отырып, филология ғылымдарының кандидаты Қ.Мәдібаева былай деп жазады: “... Ұлжан Бекенқұлқызы өлеңдері жастарды діни бағытта тәрбиелейтін, айтар ойы адамгершілік пен ізгілікке жетелейтін, қазақ әдебиетіне қосылған асыл мұралар боп есептелінеді.

Ұлжан Бекенқұлқызының “Алланың сүйіктісі – Пайғамбарым”, “Глiм - сенiң үстiне киер киiмiң”, “Шыншыл болсаң адамсың”, “Сыйынарым – бiр құдай”, “Өшкендердi жанғыртудың несi мiн?”, “Алла алдында жалған сый”, “Мұсылманның парызы”, “Ей, мұсылман, тыңдағын”, “Кітапқа ерте үңілің” атты

өлеңдері Мұхаммед пайғамбардың өсиеттерімен үндесіп жатады” /50/.

Ғалым-профессорлардың осындай ғылыми тұжырымдамасына ие болған діни-ағартушы ақын Ұлжан Бекенқұлқызы шығармашылығы алдағы уақыттары да терең зерттеле бермек.

Ұлжан елге діни ағартушы ақын ретінде белгілі болады. Оның ғажайып жырлары әдебиетіміздің асыл қазынасынан орын алатынына сеніміміз мол. Ұлжан да өз елінің перзенті. Ислам дінін құрметтеп, оны ел аузына үлкен шабытпен насихаттаған жан.

Атағы алысқа кеткен, ел арасында қыздардан тұңғыш рет мешіт-медреседе оқыған Ұлжан сопылық әдебиетті өркендетті.

... Сопы жолы – ауыр жол, түсінемін,

Әр сөзімді ойлап мен күтінемін.

Кердері Әбубәкір жолын құдым,

Назарына ертерек түсіп елдің..., -

деп жырлаған Ұлжан ақынның жыры Кердері Әбубәкірдің:

Сопылық деген ауыр жол,

Ұстап жүрсең тәуір жол.

Хазіреті Расул шағында

Талай сопы болыпты /51/, -

деген ойымен үндесіп тұр.

“Бөрші тау” төңірегін ән-жырға бөлеген, кейін діни мешітте оқып білім алған діни ағартушы ақын Мыңбайдың өлең-жырлары, терме-толғаулары ислам дінін насихаттауда ерекше орынды ұстайды. Ол мешіт-медреселерде жастарға тәлім-тәрбие беріп жатқан діни ағартушы мударистер туралы да өлең-жырлар жаратты.

Мыңбайдың Аңсатбай, Бұхарбай ахундар жайлы жазған толғау өлеңдері ел аузында сақталып қалды.

Ғалым У.Қалижанұлы ХІХ ғасырдың екінші жартысындағы қазақ даласындағы әлеуметтік жағдай туралы былай деп жазады: “... Қазақ даласы ХІХ ғасырдың екінші жартысында жаңа қоғамдық дамуды бастан кешірді. Оны түсіну үшін Ресей тарихына, оның



шығысындағы Орта Азия мен Қазақстан халықтарының тарихы, әлеуметтік, саяси жағдайына талдау жасау қажет. Империалистік дәуірге аяқ басқан Ресейдің өміріндегі өзгерістер оның шығысында жатқан халықтарға, атап айтқанда, татарлар мен башқұрттарға, қазақтар мен өзбектерге, Қырым, Қырғыз елдерінен әсер етпей қалған жоқ. Сөйтіп, бұл елдерде оянушылық, феодалдық құрылыстың қатыгез заңдарына қарсы бас көтерушілік және оқу-білімге ұмтылу қалыптасты. Жалпы, Қазақстанның Ресей патшалығына қосылуы - қазақ халқының өміріне әрі прогресшіл, әрі кері ықпал етті. Халықтың біртұтас өмірінде атап айтқанда, шаруашылығында, мәдени тұрмысында жаңа ағымдар пайда болды.

... Қазақ жерінде болған осындай өзгерістердің нәтижесінде халықтың сана-сезімінде, дүниетанымында бірқатар өзгерістер болды. Жаңа оқу, усули-жәдит тәртібі орнықты. Өйткені, Орта Азиядағы оқу-ағарту, кітап шығару ісі негізінде Қазаннан тарады.

Татарларда оқу орындары екіге бөлінетін, оның бірі - мектеп, екіншісі - медресе.

Тек жоғарыда айтқан усули-жәдит ағымының орнығу нәтижесінде ғана мектеп, медреселерде діни сабақтармен қатар, ана тілі, есеп, география, тарих, орыс тілдері оқытыла бастады..." /52/.

Діни-ағартушы ақын-жыраулар қарақалпақ халқының ұлы ойшылы, ақыны, өз заманында діни-ағартушылық жолға түсіп сопы болған Бердақ Қарғабайұлының діни бағытта жазылған өлең-жырларымен де таныс болды. Бердақтың діни-танымдық поэзиясы да халықты ислам дінінің қағидаларынан ауытқымай өмір сүруге тәрбиелеуде өзіндік орны болды. Бердақ поэзиясында да діни қайраткер, жаңа сопылық ағымның ғұламасы, пірі Қожа Ахмет Иассауиге еліктеушілік бар.

Шығыс поэзиясынан ғибрат алып өскен, өз дәуірінде сопылық әдебиетті дамытқан Бердақ та көшпелі елдің ауыз әдебиеті үлгілеріне негіздей отырып

жазған Қожа Ахмет Иассауидің "Даналық кітабында" ислам дінінің негізгі ереже шарттарына, парыз-қарыздарына үндес өз пікірін поэзия тілімен өрнектеп отырады. Ахмет Иассауи адам Құдайды танып білуі үшін не істеу керек, қандай уәжін-парыздарды орындау керек екендігін, Аллаға адамның сиынушылығын поэзия тілімен жеткеруге ұмтылады:

... "Бисмилла" деп баян еттім хикмет айтып,  
Шәкірттерге дүр менен гауһар шаштым,  
міне /53/

деп басталған Ахмет Иассауидің "Диуани хикметі" ("Даналық кітабы") Шығыс шайырларының дүнияуи көзқарастарына әсер етпей қойған жоқ.

Ахмет Иассауи:

... Алла атын айта-айта ғашық болдым,  
Аллаға бар жаныммен адал болдым... /54/-  
десе, қазақ халқының ұлы ақыны, терең ойшыл-философы Абай: "Алланың өзі де рас, сөзі де рас" деген өлеңінде:

... Алланың өзі де рас, сөзі де рас,  
Рас сөз ешуақытта жалған болмас.  
Көп кітап келді Алладан, оның төрті,  
Алланы танытуға сөз айырмас /55/ -

деген танымдық пікір өрбітеді. Бердақ та Иассауи пікірін қолдайды:

... Төрт нәрсе - дүниенің төркіні,  
Әуел хақ, ынсан, біл мұны.  
Бұл дүниенің жоқ дүр міні,  
"Бақыт бол" деп іздер едім /56/ -

немесе

Бір себепкер жалғыз Алла,  
Бердімұрат ізде-ізде.  
Хақ жолыны тура көзде /57/ -

дейді.

Бердақ Аллаға деген махаббатын "Бердімұрат (Бердақ - М.Ә.) хақтың құлы..." - деп білдіреді.

Бердақ поэзиясындағы таң қаларлық нәрсе - оның пікірлерінің Ислам дінінің негізін салған

Мұхаммед пайғамбардың хадистеріне бас ию немесе оны мойындау болып табылады. Қасиетті Құранның Хадид сүресінде: “Ол сондай Алла, аспан мен жерді алты күнде жаратып, сонан кейін ғарышты бағындырды. Ол жерге кірген нәрсені және онан шыққан нәрсені, аспаннан түскен нәрсені, оған көтерілетін нәрсені біледі. Сондай-ақ, ол қай жерде болсаңдар да сіздермен бірге Алла не істегендеріңді толық көріп тұрады...” /58/ - деп жазылған. Бұған Бердақтың мынадай пікірі қабысады:

... Шайыр Бердімұрат Алланың құлы

немесе

Жалбарынып бір Аллаға... /59/

Бердақ жер бетіндегі әділдік пен әділетсіздікті Алла көріп тұрады деген пікірге толық қосылады, сондықтан да ол өзін “Алланың құлымын” деп сипаттайды.

“Құранның” хадис сүресінде: “...Ей, мүміндер, Алладан қорқыңыздар, Елшісіне иман келтіріңіздер... /60/ - десе, Бердақ та құдіретті Алланы қолдап-қуаттайды, оның алдында бас иеді:

Шайыр өм білгенін жазар,

Хақ (Алла тағала – М.Ә.) кімдерге салса назар... /61/.

немесе

...Хаққа (Алла тағалаға) жалбарын енді...

Бердақ поэзиясындағы Аллаға сыйыну, оның құдіретін мойындау басым:

... Мен Аллаға дат етермін... -

немесе

... Хақ (Алла – М.Ә.) жолына белім буып... /62/ - деген өлең жолдары оның қарақалпақ әдебиетінде діни-сопылық ағымды дамытқанынан дерек береді.

Бердақ та Қожа Ахмет Иассауи поэзиясына үн қоса отырып, Аллаға сыйынады. “Алланың құлымын” деген пікір айтады. Осындай пікір айтқан Бердақтың ислам дінін қолдап-қуаттамауы мүмкін емес.

... Бедим, Аттар, Бідиянды

Қайталап атырдым таңды.

Заман қинап тұр адамды  
“Хидаяны” іздер едім.../63/-

дейді Бердақ.

“Шар кітап” – төрт кітап деген мағынаны білдіреді. Жоғарыда өлең жолдарындағы Аттар – “Шар кітаптың” біреуінің туындыгері. Ал Мұхаммад Аттар төрт кітаптың бірі – “Нәнд нәмөнің” туындыгері. Төрт кітаптың туындыгерлері – Шарафиддин Бухари (“Намихан”), Азмуддин Қазы (“Бидиян”), Жамаладдин Хини (“Мухамматул Муслими”), “Мухаммад Аттар (“Нәнд нәмө”).

Діни-ағартушы қазақ ақын-жыраулары поэзиясындағы діни көзқарастардың Бердақ поэзиясымен үндестігі табиғи құбылыс. Бұл да туысқан екі халықтың ежелден келе жатқан ынтымақтығын паш етеді.

Қарақалпақстандағы қазақтар ұлттық дәстүрлерін көздің қарашығындай сақтап, кейінгі өскелең ұрпақтарға ұлттық дүниетанымын қалтқысыз сақтап және өркендетуде өздерінің ежелден келе жатқан халықтық салт-дәстүрлерін дамытып келеді.

Халық арасынан шыққан ақындар мен жыраулар халықтың ауыз әдебиетін өркендетуде, халық ауыз әдебиетінің асыл қазыналарын елге насихаттауда қалтқысыз еңбек етті.

Мұсылман әйелдерді “ананың алды ақ пейіш” деп қадірлесе, Әйімбет Қасиетті Құран туралы: “Құран – діннің анасы”, “Құранға бас иіңіз...” деген нұрлы пікірлер айтады.

“Қасиетті Құран көрім сүйікті Пайғамбарымыз саллаллаһу алейки уа асалам Мұхаммедке 610 жылы түскен. Бірінші сүресі Гебел нұр тауындағы үңгірде отырғанда Жабрайыл періште арқылы аян болған. Соңғы 114 сүре 632 жылы түскен. Құранда 6232 аят бар, ол кейіннен оқуға оңай болу үшін 30 пара болып бөлініп жазылған, оның 90 сүресі Меккеде, 24 сүресі Мәдинеде түскен.

Толық Құран көрімде 77939 сөз немесе 323621 әріп болып құрастырылған, ең соңғы нұсқасын, Пайғамбарымыздың шын досының бірі Халифа Осман 654 жылғы 276 күнде жазып бітіріп, “Осамни Құран” деген атқа ие болған.

Құран Көрім 1515-1980 жылдар арасында ғана 60-тан аса тілде 2668 рет бірнеше миллиондаған данамен шығып, өлемнің түкпір-түкпіріндегі мұсылмандар арасында таратылса да, өлі де халықтың Құран кітабына деген мұқтаждығы соншалық жетісер емес. Оның себебі соңғы ондаған жылдар ішінде Ислам дінінің тазалығына, имандылығына ақиқи таза дін екеніне көзі жеткен адамдар Ислам дініне көптеп кіріп жатқаны белгілі.

Құран кітабында 64 жерде Алланың пенделерінің халы жайлы, 387 жерде Құран аятының шындығы туралы, 336 жерде шындық пен иман туралы, 7 жерде жың-шайтанның жаратылуы мен қызметі, өмірдегі орны туралы, 42 жерде жиһад (соғыс) туралы, 81 жерде адам пенденің міндеті, халі туралы сөз болады және олардың бөріне қысқаша түсіндірме береді.

Құрандағы 6232 аяттың 1001 аяты пайғамбарлар туралы, 1003 аяты Алла өзі жаратқан пенделерінің халы, 1000 аяты патшалар мен әкімдер туралы, 996 аяты иман-сенім, намаз туралы, 203 аяты адам оқитын дұғалар туралы, 197 аяты сауда-саттықтың жайы туралы, 300 аяты мал зекеті, дүние жайы туралы, 600 аяты әйел алу, ажырасу құқығы, зинақорлық туралы, 200 аяты садақа, пітір, підия, құдайы беру туралы, 100 аяты ораза мәселесіндегі түрлі қағида туралы, 100 аяты пенденің ата-ана арасындағы қарызы туралы, 100 аяты арам мен шарап есірткілер туралы, 100 аяты өтірік-өсек, ғайбат, шатастыру туралы, 100 аяты жетімдер мен мүсәпірлер туралы, 32 аяты молдалар әулие-әмбиелер туралы жазылғаны белгілі...” /64/.

Әйімбет:

... Күдіреті күшті Аллаға,  
Құлшылық орны – мешіт бар.

Сол мешітте ізгілік,  
Иман менен әділдік,  
Тыңда балам, есіт бар...  
Имансыздан сақ болғын,  
Имандыға жақ болғын,  
Жаман елден бетін бұр,  
Жақсы елге көшіп бар.. –

деп жырлады.

“... Мұхаммед Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) Меккеден Мәдинаға қоныс аударғаннан кейін Мәдинедегі жергілікті халық-ансарлар қуана қарсы алып, құдайға құлшылық ететін орын – мешіт салды. Құдайға құлшылық ету біздің үстірт түсініп жүргеніміздей тек ораза тұтып, намазға жығылу емес. Арабтар Ислам ұлағатын – имандылықтың, ізгілік сәлемін жеткізіп және жер-ананың қойнындағы ризық-несібелерді халыққа әділдікпен таратып, халықты жұмысқа, игілікке, ізгілікке тартып, басқарып отыратын орынды мешіт деп атайды. Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбарымыз бүкіл араб түбегінде бейбітшіл Ислам мемлекетін құрып, оның ішкі, сыртқы саясатын және халықтардың арасындағы сауда-саттық ісін, экономикалық қатынастарды сол мешітте басқарып отырды. Мешіт-Құдайға құлшылық ету орны дегенде, халық-Құдайдың бір аты екенін де естен шығармауымыз керек...” /65/.

Діни ағартушы ақын-жыраулар Құдайға құлшылық ететін орын – Мешітті құрметтеген.

Ислам дінінің өскелең ұрпаққа пайдасы, исламның қазақ даласына таралуы жайлы қызықты өлең-жырлар шығарған.

Құран туралы да, ондағы хадистер жайлы да ақындарымыз бен жырауларымыз терме-толғаулар жаратты. Оны халық арасында насихаттады.

“...Құран тұңғыш рет толық түрде Табори төпсірінің негізінде Саманилер әміршісі Мансур ибн нух (961-977) ұйымдастырған ғалымдар тобы тарапынан парсы тіліне аударылады, ал бұл аударма кейін оның

түркі тіліндегі аудармасына негіз болды. Бұлардың екеуі де XI ғасырда жасалған.

Түркі тіліндегі Құранның екінші аудармасы 1362 жылы Алтынордада Шыңғыс империясының батыс бөлігінде жазылған. Бұл нұсқалар бізге X ғасырдағы арғуша аударманың моңғол империясы елдеріндегі барлық Құран аудармаларына негіз болғанын көрсетеді. Келе бала Ислам күнделікті тіршілікке тереңдей кіре бастады.

1251 жылы Төленің үлкен баласы Мөңке Қарақұрым құрылтайында ұлы таққа отырарда өзінің алғы сөзін мұсылман аятымен бастаған.

Ал хандар өз тарапынан орда жанынан мешіттер тұрғызған. Сондай-ақ, Берке Алтын Орданың ханы болып сайланғанда, өзінің астанасы Сарай Беркеде (қазіргі Волгоград қаласынан 70 шақырым жерде Қараев қаласы) Стамбұл үлгісімен жаңа мешіт тұрғызған /66/.

... Мұсылман мөмін баласы,  
Баласы мен данасы,  
Құрметтейді Құранды  
Асыл сөзден тұратын  
Шапағатты хадистер,  
Алла сөзінен құралды... -

деп жырлаған Өтім қасиетті Құранды, ондағы әрбір сөзді асылға теңейді.

Халқымыздың ойлау мәдениетінің тарихын сөз еткенде ақын-жыраулар шығармашылығын атап айтпасақ болмайды. Ислам дінінің алтын діңгегі де осылар.

Әйімбет Қаймақбайұлы да, Өтім Балтуғанұлы да ислам дініне арналған өлең-жырларында, исламдық қағидаларды халыққа түсіндіруде Қожа Ахмет Иассауидің хикметтеріне еліктейді. Ахметтей Құрандағы аяттарды жырмен жеткізуге ұмтылады. Сондықтан діни ағартушы ақын-жыраулар мистикалық толғаныстың әдістерін терең үйренген.

Әйімбет те, Өтім де, Бекенкүл да, Ұлжан да, Мыңбай мен Омар да өздерінің өлең-жырларында

Ислам дінінің Құдіретті күшіне табынады, оны құрметтеуге өм қорғауға шақырады.

Сопылық ілім негізіндегі дүниетанымды қалыптастырған діни ағартушылар мен діни-ағартушы ақындар бір-бірімен тығыз байланыста болып дүниеге жаңаша көзқараспен қарай бастады. Олардың ислам дүниесіне деген көзқарастары бір арнадан табылып жатты.

Түркістан өлкесінде сопылық ілімді өркендеткен Қожа Ахмет Иассауи де кемеңгер ақын болғанын, діни бағыттағы назым сөздерді жүрекке тебірене жеткергенін мойындауымыз қажет-ақ.

... Менің хикметтерім Алладан пәрман,

Оқып ұққанға бар мағынасы - Құран, - деп назым сөзбен назданған Иассауи шын мәнінде өз заманында ислам ілімін поэзия тілімен жеткеруде жаңалық ашты десек қателеспейміз.

Белгілі әдебиетші ғалым М.Мырзахметов: "...Түркістан өлкесіндегі суфизм ілімі мен сол ілімді танытып, насихаттаушы рухани мұрамыз Қожа Ахмет Иассауиден қалған әдеби мұра "Диуани хикметті" өткендегі ата-бабаларымыз жатқа айтқан (Табризи, Молдғұл). Өйткені бұл ислам дінінің негізгі қазақ арасында өлеңмен жазылған Иассауи хикметтерінің мән-мағынасы арқылы тереңірек сіңіскенін айғақтайды /67/.

Ғалымның бұл пікірін қолдамасқа болмайды. Ауыз әдебиетіне бай, өлең-жырларды, дастандарды жаттап ап таң атқанша жырлайтын жырауларымызды айтпағанның өзінде табан астында суырып салып өлең шығаратын атам қазақтың Иассауи хикметтерін жатқа білмеуі мүмкін емес.

Тақтакөпірлік ақын Қуанышбай Жәнеке: "...Әйімбет ишанның Жиенғали ахунға хикмет-өлеңдер оқып беріп отырғанын талай көрдім. Жиенғали ахун сол кездерде Қожа Ахмет Иассауи туралы көп әңгімелер айтатын, хикметтерінен үзінділер оқып беретін..." /68/ - деп жазды.

Діни мешіттер мен медреселерде білім алушы талабалар мен талабаларға білім беруші мударистер діни хикметтерді жатқа оқытын болған. Бұл да Қасиетті Құрандағы хадистерді жатқа оқу сияқты мударистердің поэзия тілімен жазылған хадистерді мақамына салып талабаларға жаттатып үйрету, поэзияның құдіретін пайдалану деп ұққанымыз жөн. Поэзияда әуен бар. Құран хадистері поэзия тілімен жазылып, оған ғажайып өн шығарылса, Құран хадистері адамның /мұсылманның/ санасынан берік орын алуы мүмкін ғой. Қожа Ахмет Иассауи хикметтерінің өз ырғағы, әуені бар. Оның поэзиясының құдіреттілігі де, жасампаздығы да сонда.

"Дәуқара", "Есім өзек", "Нұрым түбек", "Қара бұға", "Көк өзек", "Қабақ ата", "Жаман қала" мен "Күйік қала" елді мекендерінде халықтың сауатын көтеруде маңызды рөл атқарған мешіт-медреселерде Қожа Ахмет Иассауидың әуенмен айтылған хикметтері халықтың санасынан берік орын алған.

Құран хикметтерін шәкірт санасына әуенмен жеткеру медреселерде, мешіттерде білім беріп жатқан діни ағартушылардың саналы әдісі болса керек.

Өзбекстан Ғылым Академиясы Қарақалпақстан бөліміндегі тарих, археология және этнография институтының ғылыми қызметкері М.Қарлыбаев медреселер туралы былай деп жазады: "Қарақалпақстандағы мешіт-медреселер тарихынан таусылмас пікірлер айтуға болады... Шымбай қаласында - Әйімбет ишан, Қажы ишан, Бекбаулы ахун, осы аудан аймағында - Бесім ишан /"Қамыс арық"/ мешіт-медреселері, Тақтакөпір ауданында - Мұстафа ишан, Әйімбет ишан Қаймақбайұлы, осы ауданның "Өзбекстан" ұжымшарында Әбдірейім ахун, Нұрылла ахун, Ықлас ишан, Әйімбет ишан /Оразұлы/, Сәлмен ишан мешіт-медреселері..." /69/.

Ислам-адамға пайдалы дін. Қасиетті Құран да, Пайғамбар өсиеті - хадис те, теологиялық бағыттағы шарифаттық әдебиет те - дін исламның адамға тән ар-

ождан тазалығын, ізгілік пен адамгершілікті насихаттайды.

Ислам дінін үйрететін мешіттер мен медреселер - адамгершілік тәрбиенің қайнар көзі. Оларда діни ағартушылар шәкірттерін шынайы адамгершілікке, ар-ождан тазалығына тәрбиелейді.

Мешіт-медреселердегі діни ағартушылар елге ислам дінін насихаттаумен бірге қоғамда болып жатқан өртүрлі құбылыстармен етене араласып отырған. Діни орталық мешіт халықпен, ал халық діни орталық мешітпен бірге болған. Діни ағартушылар саяси-өлеуметтік жағдайларға да сын көзбен қарап, халық арасындағы өртүрлі дау-жанжалдарға араласып, оларды бейбіт жолмен шешіп отырған.

Бұл әрине, діни ағартушылардың халық мүддесін көздеп, олардың болашағына алаңдаушылығын білдіреді.

"Көк өзек" болысында Мұстафа ишан Есболатұлы (1855-1935) халық арасында әділдігімен ел құрметіне бөленеді. "Қожахмет болыс Мұстафа ишаннан қатты айбынатын әрі оны құрметтейтін. Қарамойын руынан шыққан көп тәжірибеге ие, сөзін тыңдататын, айтқанына тұрғызатын бұл ел басқарушыны ақ пен қараны, сүт пен суды айыра білген, діни ғұламаны кеңеске шақырып тұрды. Ошақ басына орналасып алып, шешілмей тұрған даулы мәселелерді ақылдасып көппен бірге шешіп отырды" /70/.

Мұндай әрекеттер мешіт-медреселерде жастарды оқытып жатқан діни-ағартушылардың халық арасында беделін күшейтті. Сонымен бірге ислам дінінің де абыройы артты.

"Бір күні ишан атамыздың мешіт-медресесіне Қайып деген кедей адам келіп: "Жүсіп байдың қойларын жалғыз балам Оңғарбай бағатын. Мұнан үш күн бұрын үш қойы жоғалып кетіпті. Баламды Жүсіп бай болыстан жазалауды сұранған. Болыс балама жүз рет дүре соғуды және жоғалған үш қойдың орнына үш қой беруді талап етіп жатыр. Балам байдың қойын

баққанымен ұрлағаны жоқ. Балам ұры емес. Ұры басқа адам, бірақ ол кім екені белгісіз. Балам жазықсыздан ұры атанып тұр. Осыған әділдік айтып, баламды жазадан құтқаруға көмек берсеңіз” – дейді.

Ишан атамыз Жүсіп байды мешітке шақыртып алдыртады және оған “Қойшы балаңды жазалауға асықпағын. Жазықсыз момынды жазалауға асыққанша қойларды ұрлап кеткен ұрыларды тауып алуға асық.

Жүсіп бай атамыздың сөзін ой елегінен өткеріп, ашуын басып, ауылына қайтыпты. Шығында арадан бір апта өткенде ұрылар ұсталыпты.

Ұрыларға дүре соғылып, үш қой Жүсіп байға қайтарылыпты. Сөйтіп ишан атамыздың ақыл-кеңесінің арқасында Қайыптың жалғыз баласы жазадан аман қалыпты” /71/.

“Қамысты” мешіт-медресесінің мударисі Әйімбет Қаймақбайұлы да халық мүддесін қорғап отырған. “Ол мешітке тек байлардың, ауқаттылардың ғана балаларын алып қоймаған, кедейлердің, жетім-жесірлердің де балаларын оқытып, маңдайынан сипаған” /72/.

“Көк өзек”, “Дәуқара” болыстарында елге қызмет жасаған Өзбек ахун, Құрбанияз ишан, Алданияз, Әбдіқадыр, Мәуленберген сопылар, Мұса ахун, Сағидолла ахун, Сүлеймен ахундар ел арасында мұсылмандық және ұлттық дәстүрлердің жоғалып кетпеуі үшін күрескен абзал жандар.

Белгілі ғалым Мақсат Қарлыбаев Қарақалпақ еліндегі мешіт-медреселер туралы былай деп жазады: “Архив құжаттарының бірінде 1895 жылы Әмудария бөлімінде 58 медресе болғаны көрсетілген. Жалпы алғанда, XIX ғасырдың аяғы, XX ғасырдың басында Қарақалпақстанда алпыстан астам медресе болғандығы ақиқаттыққа жақын және тарихи факт болып есептеледі деп ойлаймыз” /73/.

Қарақалпақ елінде атақты діни ағартушы Құттықожа Әзіз (Қарақұм ишан) шәкірттер тәрбиелеп, ынталы, зеректерін Хиуа, Бұхара қалаларына діни медреселерге жіберіп отырған. Тіпті жақсы оқыған

шәкірттерін Мекке қаласына да жіберген. Құттықожа Әзіз ишанды ел Қарақұм ишан деп атап кеткен. Оның мешіт-медресесі Қарақұмда орналасқан (Түркімен еліндегі Қарақұм емес – М.Ә.). Осы Қарақұмда Қабадұлла – Меккеде, Мәдинедегі медресені оқып бітірген Құтты Әзіз ислам дінін, шариғатты халық арасында терең насихаттау үшін Әмударияның құяр аяғына жіберген. Ол келгеннен бұл аймақтарға мешіт-медреселер салдырған. Халыққа діни сауат берген. Шариғат тәртіптерін үйреткен.

Қарақұм ишан мен Әйімбет ишан талабаларды оқытып, тәрбиелеуде тәжірибелер алмасып отырған. Әйімбет өзінің Қарақұм ишанға арнаған өлеңінде:

Алайын еске Алланы,

Айтқанымыз болмады.

Қарақұм ишан дінімнің,

Болған еді-ау қорғаны, - деп Кеңес үкіметінің зорлық-зомбылығына ұшырап жүрген кезінде Қарақұм ишанды еске алған. Әйімбет Қарақұм ишанды ұстаз ретінде құрмет тұтқан.

Әйгілі діни ағартушы ақын Омар Сейілұлы Жиенғали ахун туралы:

Жиенғали ахуным,

Мысырға барып шам жаққан.

Бұл мекенге белгілі

Ғұлама келген жан-жақтан.

Шәкірттерге дем берген,

Шарапатын ел көрген.

Жиенғали ахунның

Іліміне ел таң қалған –

деп жырлаған.

Қазақ еліне де, Қарақалпақ еліне де белгілі Жиенғали ахун Жұмағалиұлы “Дәуқара”, “Көк өзек”, “Нұрым түбек” елді мекендеріндегі діни ағартушылармен етене араласып отырған.

Қарақалпақ еліндегі мешіттерде мударистік етіп, жастарға тәлім-тәрбие берген, білімнің өзге де салаларында ілім үйреткен діни ағартушылар үлкен

қалалардағы діни медреселермен тығыз байланыста болған. Олар тіпті Меккемен, Мәдинемен, Мысырмен, Стамбүлмен, Петербург, Қазан, Өпе, Орынбор, Хиуа, Бұхаралармен діни байланыста болып тұрған.

Қарақалпақ халқы мен қазақ халқының арасындағы ежелден келе жатқан туыскандық байланыстар екі ел арасында халық ағарту ісінің дамуына мүмкіндік жасады. Екі елдің де ақын-жыраулары ел мүддесін өз мүддесінен жоғары қойды. Қарақалпақ ақындары қазақ жерін аралады, қазақ ақындары Қарақалпақ елінде болды. Қарақалпақ халқының ұлы ойшыл ақындары Бердақ, Әжінияз, Күнқожа, Өтештер қазақ даласында қазақ халқымен туыскандық байланыс орнатты. Бердақ пен Еспембет, Әжінияз бен қыз Меңештің айтыстары екі ел арасындағы әдеби байланысты да, халықтар достығын дамытуға да мүмкіндік берді. Екі елдің ақын-жыраулары поэзиясы екі ел арасындағы ынтымақ үшін, татулық бірлік үшін қызмет етті.

“XIX ғасырдың ортасына дейін қазақ балаларын оқыту - Құран сүрелерін ұғынбай жаттап алу басты жетістік саналатын мектептерде жүзеге асырылады. Оларда мұғалімнің міндетін көбінесе оқыту жоспарлары мен методикасынан ешбір хабары жоқ молдалар атқарды.

Қазақстандағы халық ағарту ісі екі бағытта: діни және жай азаматтық бағытта дамыды. Діни бағыттағылары балалар ата-аналарының қаражатымен ұсталған мектептер мен медреселер болды. Олардағы оқу араб алфавиті бойынша жүрді.

XX ғасырдың басында мектептер уақыттың талаптарын қанағаттандырудан қалды. Діни мектептерді қайта құру жолындағы қозғалыс басталды. Оны ұйымдастырушылар жаддашылар болды.

Діни білім беру жүйесінде медресенің ықпалы зор болды. Олар, молдалар, мектеп оқушыларын даярлады және міндетті түрде мешіттер жанында жұмыс істеді. Медресенің үлгісіне қарай олардағы оқу мерзімі - үш

жылдан төрт жылға дейін созылды. Олардың шәкірттері ислам дінін үйренумен қатар, философиядан, астрономиядан, медицинадан, математикадан мағлұматтар алды” - деп жазылды “Қазақстан тарихында” /74/.

Қарақалпақ еліндегі мешіттер мен мешіт-медреселерде мударистік қызметте Мысырдағы “әл-Аскария” медресесінде білім алған Жұмағали ахунның баласы Жиенғали ахун, Орынбор қаласындағы діни медреседе оқып келген Аман ахун, Қазандағы діни медреседе оқып келген Мұстафа ахундар жастардың дүниеге көзқарасын арттыра түсті.

Меккеде орталық Азия мен Қазақ даласынан қажылық сапарға келген адамдардың тынығып, демалатын үйі - мейманханасын (тәкие үй - М.Ә.) салдырған Досжан хазірет екен. Табын руының Қоңыр тайпасынан шыққан атақты діндар хазіреттің қазақ елі үшін сіңірген еңбегі ұлан-ғайыр. Досжан ишан Ақтөбе облысында Шұбарқұдық деген жерде үлкен мешіт-медресе салдырып, онда Жұмағали ахун мударистік еткен, яғни оқытушы болған. Жұмағали Мысырдағы “Ал-Аскария” медресесінде оқыған үлкен ғұлама болған.

Кеңес үкіметі тарапынан қуғынға ұшыраған Жұмағали ахунның баласы Жиенғали ахунның қилы заманда бас сауғалап Қарақалпақстанға келуі де жайдан жай емес. Кейбір деректерге қарағанда дін исламның Бесқаладағы туын тіккен киелі жері - Қара-күм ишандар мекені болған. Қарақұмдық ишандар Меккеге барғанда Жұмағали ахунмен кездесіп танысқан, бірадар ағайын болып кеткен. Сонан соң болар Ж.Жұмағалиұлы Қарақалпақ жеріне келгенде бір жағы туыс-ағайын іздесе, екіншіден, жергілікті діни-ағартушыларды да таныған. Соларды іздеген. Себебі Жиенғали ахун Қарақалпақ жеріндегі Әйімбет ишан Қаймақбайұлы, Мұстафа ишан, Бұхарбай ахун, Аңсатбай ахун, Сәлмен ишан Қамалұлы тәрізді діндарлармен достық қарым-

қатынаста, тығыз байланыста болғандығын ахун атамыздың көзін көрген қариялар жыр етіп сөйлейді.

Жиенғали ахун Жұмағалиұлы (1880-1943) Әбубәкір Кердері жырлаған бүкіл Кіші жүз елінің дін хазреті болған атақты Досжан ишанның туған жиені.

Жиенғалидың өз әкесі Жұмағали ахун — атақты Оразалы ишанның бел баласы. Арғы атасы әрі ғұлама, әрі би болған табын еліне төрелік айтқан Ербатыр ишан екен /75/.

Ислам дінінің адам баласының дүниетанымын ізгілікке жетелейтінін діни ағартушы ақын-жыраулар назым сөздерімен, шалқыма жырларымен халық жүрегіне жеткере білген. Діни ағартушы ақын-жыраулар түркілердің ислам дінін қабылдағаннан кейінгі мәдениеті жайлы, Қасиетті Құран жайлы, сүйікті Пайғамбарымыз саллаһу өлейки уассалам Мұхаммед жайлы, оның хадистері жайлы өлең-жырлар, толғаулар, термелер, дастандар, хикметтер жаратып, халықтың дүниетанымын өркендетуге белгілі дәрежеде үлес қосты. Діни ағартушы ақын-жыраулар Ислам дінінің қалай пайда болғаны, оның Қасиетті Нұрлы Шапағатын жырлап, замана көшіне ілесіп отырды.

X-шы ғасырдан бастап Орта Азияда Ислам дінін халық арасына таратушы діни тұлғалар пайда болды. Олар исламды әр түрлі әдіспен насихаттады.

“Ерте заманда арабтар исламға дейін әр түрлі құдайға, көкке, ағашқа, тасқа табынған. Өз балаларының аттарын Күн, Ай деп қойған. Арабтардың табынатын қасиетті орыны Қағба болды” — деп жазады белгілі ғалымдар Керейхан Аманжолов пен Қияседен Рахметов “Түркі халықтарының тарихы” атты еңбегінде. “Оның айналасына 360 құдайдың, яғни әр тайпа құдайының суреті ілінген. Адамдар Қағбаға парызын өтеу үшін барады. Онда киімдерін шешіп, шаптарын алғызған арабтар Қағбаны 7 рет айналып, қолдарын тигізіп қасиетті тасты сүйген. Қағбаны айналу кезінде біреулер киімдерін ауыстырса, кейбіреулер тыржалаңаш күйде болған. Еркектер күндіз, әйелдер түнде айналған.

Айналған кезде олар ысқырып, қол шапалақтап, шуылдап дыбыс шығарған. Келесі күні Меккенің қасындағы екі таудың арасында 7 рет жүгіріп өтіп, құдай мүсіндеріне тағзым еткен. Үшінші күні Арафат тауына көтеріліп, Муздалифа жазығына барып от жағып, құрбандық шалған. Кейін Меккеге қайтып, қажылыққа арнаған киімдерін шешіп, сол жерде қажылыққа келген адамдарды Қағба қасиетті тасын қорғаған курейшит тайпасы тамақтандырған” /76/.

Тарихшы ғалымдардың бұл тұжырымдарына XIX ғасырдың соңында XX-шы ғасырдың бас кезінде қарақалпақ елінде өмір сүрген діни ағартушы ақын Әйімбет Қаймақбайұлының мынадай жыр жолдары сөйкес келеді:

... Көкке, ағаш, тастарға,  
Табыныпты арабтар.  
Күн мен Ай деп қойылған,  
Таңғажайып бұл аттар.

Мұсылманның борышы,  
Қағбада өтеу парызын.  
Орындайды осылай  
Алла алдында парызын...

Ислам біздің заманымыздың 622 жылында Арабстанда пайда болды. Ислам “Алланың, Мұхаммед пайғамбардың сеніп, мойындалған, Аллаға берілген, тұжырымдалған, ішкі-сырты таза, өзіне өзі сөйкес” деген ұғымды білдіреді.

Алла тарапынан білдірілген өмір және туындылардың жиынтығын дін деп атайды. Діннің атын Ислам деп Алла қойды. Ислам діні — тек бір қауымға, ұлтқа ғана тән дін емес, бір миллиардтан астам халық мойындаған дін. Сондай-ақ, ең соңғы ақыл, білім, мінез-құлық, бейбітшілік және ереже діні. Жинақтап айтқанда, ол сенім бойынша өмір сүру діні болып табылады.



Мұсылмандықтың негізі бес парызға негізделген:

- 1) Иман
- 2) Намаз
- 3) Ораза
- 4) Зекет
- 5) Қажы

Иманда 7 қағида бар:

- 1) Алланың барлығына сену, иман келтіру, Хазірет Мұхаммед Алланың құлы, әрі пайғамбары болғанына көңілмен сеніп, мұны араб (Құран) тілінде айту
- 2) Періштелерге сену
- 3) Кітаптарына (Құранға) сену
- 4) Пайғамбарларға сену
- 5) Ақирет күніне сену,
- 6) Жақсылық, жамандықтың тағдырын Алладан деп білу
- 7) Өлгеннен кейін қайта тірілуге сену.

Ислам әлеуметтік тәртіптің өте кең жүйесі болып табылады. Мұсылман өмірінің барлық жақтары дінге қатысты болып келеді. Ер баланы кішкене кезінде сүндетке отырғызу керек. Сол дәстүр жасалғаннан кейін-ақ мұсылман саналады” /77/.

Мұсылманда сүндетке отырғызу тойы үлкен той болған. Қазақ халқының ұлттық дәстүрлеріне жататын сүндет тойын ақын-жыраулар өлең-жырмен бастап беретін болған. Мәселен, XIX ғасырдың ақырында қазақ ауылында болған сүндет тойда Омар жырау “Сүндеташар” жырын жырлайды.

Ей, халайық, келіңіз,  
Сүндеташар бастайын.  
Осы тойда мүдірмей,  
Сүндет тойын бастайын.  
Мұсылман болған жігітке,  
Ақыл айтып тастайын.  
Дінсіздерге түкіріп,  
Мүміндерді қоштайын.  
Отырғызылған сүндетке,

Байсерікті құрметте.  
Байсерікке мен арнап,  
Терме айтып тастайын.  
Исламның бұл белгілі  
Тойы болды тыңдасаң,  
Төбем көкке жетілер,  
Ислам дінін жырласам.  
Мұсылман деп санаймын,  
Байсерікті мен қазір...  
Салмақпен тында сөзімді,  
Ете тұршы, сәл сабыр... -

деп бастайды да сүндетке отырғызылған кішкене балаға ақыл-кеңес береді. “Енді сен мұсылман болдың, жер бетінде мұсылмандардың амаңдығы үшін күрес, еліңді сыртқы жаулардан қорға” – деп өсиет айтады.

“Сүндеташар” жырын діни бағытта жазылған діни жырларға жатқызуға болады. Жырда жырау немесе ақын, жырышы ислам дінін бұқара халыққа уағыздайды. Дінді көздің қарашығындай қорғауға шақырады. Мұның өзі жас өрендерді тәрбиелеуде де маңызды орынды иелейді. Сүндетке отырғызылып, мұсылман болған ұлды елдің қадірлі азаматы болуға тәрбиелейтін діни-ұлағатты өсиеттер айтылады.

“Ислам діні екі ірі сенім негізінде құралған:

- 1) Алладан басқа құлшылық ететін тәңірдің жоқтығына сену
- 2) Мұхаммедтің Алла тарапынан адамзат баласына жіберілгеніне (пайғамбар екеніне) сену.

Сондықтан ислам діні бұны бір дәстүр түрінде: “Лә иләһә илла-аллаһ Мұхаммед – ур-Расул-аллаһ” деген сөйлемде жинақтаған. Қасиетті саналатын бұл сөйлемді тілімен айтып, жүрегіне бекіткен кісі ислам дініне кірген болады. Бұл сенімді – иман, ал сенушіні – мүмін деп атайды /78/.

Діни ағартушы ақын Әйімбет мұны жырмен мұсылман жүрегіне былай жеткереді:

Мүмін болсаң сен егер,  
Сөзінде қате болмасын.  
Адал болсаң маған кел  
Иман – менің жолдасым.

Исламият бұл біздің  
Иманымыз ежелден.  
Құранды оқып санамыз,  
Нұрлы ақылға кенелген.

Ақынның діни сарында жазылған бұл өлеңдерінде жалт ете қалған найзағай сынды жалт етер жаңалық жоқ емес. Ақын “нұрлы ой”, “нұрлы ақыл” деген сөз тіркестерін орынды жерінде қолданып, әдеби жаңалық ашып отыр. “Нұрлы ойлы Мұхаммедтің Алла тарапынан адамзат баласына жіберілгеніне (пайғамбар екеніне) сенген мүмінді” деген сөзі. Діни ағартушы ақын “Адал болсаң, нағыз мүмін болсаң маған кел, дін ілімін үйретемін, өзіме шәкірт етіп аламын” деп ағынан жарылады.

Ақын онан әрі: “Құран сөзі – нұрлы ақыл” деген пікір айтады. Яғни “Құранды оқыған адам нұрлы ақылға кенеледі” деп Құранның қасиетті кітап екенін уағыздайды.

“Орта Азия мен Қазақстан жеріне ислам діні таралуына байланысты екі мәдениет, екі алфавит тартысқа түсті. Бірі – түркі мәдениеті мен түркі алфавиті, екіншісі – араб-парсы мәдениеті мен араб алфавиті.

IX ғасырда өмір сүрген әл-Фараби өз еңбектерін араб тілінде жазды. Ал оның өз кезінде дүниенің шар тарабына жайылған “Даналық жауһарлары” атты философиялық толғаныстары тұтас мың жыл бойына Шығыс жоғары оқу орындарында қолдан түспейтін оқулық кітап болған” /79/.

Бұл кітаптан ақынның өз тілімен айтқанда “жауһар” жинағын Әйімбет былай толғанады:

Фарабидің кітабы,  
Даналық сөздің “жауһары”.  
Терең ой мен пікірдің

Жарқыраған жауһары.  
Бұл кітапты оқысан  
Көп екен бізге айтары.

Ислам діни белең ала бастаған дәуірде ойшылар мен ақындар ғалымдар өздерінің еңбектерін бастап жазар алдында: “Қайырымды, мейірімді Алланың атымен бастаймын” – деген сөзді жазуды дәстүрге айналдырған.

Махмұд Қашғари “Диуани лұғат ат-түрк” деп аталатын кітабының басталар бетінде осылай Аллаға жалбарынып алады да бастап жібереді. Мұндай дәстүрді діни ағартушы ақын-жыраулар өз шығармаларында ұтымды қолдана білген. Мысалы, Омар жырау “Сүндеташарды” бастағанда:

Қайырымды әм мейірімді  
Алла атымен бастаймын.  
Мүміндерге зерделі,  
Оймен пікір тастаймын, -

деп шалқып алады да одан әрі желдірмелетіп ала жөнеледі.

“Ж.Баласағұнидан бір жарым ғасыр кейін өмір сүрген аса көрнекті ойшыл Ахмет Иассауи де өз шығармаларын түркі тілінде жазғанымен, араб алфавитін қолданған. Түркілерден Ахмет есімін алған ол “Иассауи Ата” атанып, түркілер арасында ислам дінін насихаттауға зор үлес қосты. Оның түркі тілінде жазған мистикалық рухтағы өлеңдері Құран сөзіндей құрметтеледі.

Ахметтің оқушылары мен ізбасарлары арасында түркі тілінде жазатын бірқатар мистиктер болды. Олар да “Ата” деген атқа ие болды. Соның ішінде Қайым Ата және қазіргі Хорезммен байланысты аталатын Сүлеймен Бақырғани бар.

Ахмет секілді Хақім Ата да (Сүлеймен Бақырғани) түркі тілінде проза үлгісімен жазылған бірқатар мистикалық мұра қалдырды. Хақім Ата да Ахмет сияқты шығармаларын бұқара қауымға арнап қарапайым тілмен жазды /80/.

Өзгелер өзiр боп едi,  
Ол жерге әлi жоқ едi.  
Он сегiз ұлы Әлiнiң  
Ұрысқа өзiр боп едi...

“Ал ендi Мұхаммед пайғамбар мен Әзiрет Әлiнiң туыстығы мына төмендегiдей екен:

Әшiмнен (Бану ханым) Әбдiмүтәлiп туылса, оның екi баласының ең кенжесi Абдулла (Абдуллах) екен. Ендi Әбдiмүтәлiптiң Әбдүтәлiп деген баласынан Әлi (Әзiретәлi) туылады. Сонда Мұхаммед пайғамбар ғ.с. мен Әзiрет Әлi немерелес болғаны ғой. Ал олардың атасы Әбүмүтәлiп болса Меккенiң әкiмi немесе Қасиетгi Қағбаның иесi екен. Сондағы зәмзәм құдығын да өзi аршытқан адам /81/.

Керейхан Аманжолов пен Қияседен Рахметовтiң: “...суфизмдi негiзiнен насихаттаушылар ақындар болған”/82/ – деген пiкiрiн қолдау – парасаттылық.

Қазақ даласында суфизмдi елге насихаттап, сопылық әдебиетгi дамытқан халық ақындары мен жыраулары болды. Ол ақын-жыраулардың тәлiм-тәрбие алар мектебi елдегi дiни мешiт-медреселер мен сол оқу орнында қызмет iстеп жүрген дiни ағартушылар, мударистер сонымен бiрге ел iшiндегi дiни ғұламалар болды. Қазақ ақын-жыраулары олармен қоян-қолтық араласып жүрдi. Ал кейбiр ақын-жыраулар осындай дiни мешiт-медреселерде оқып бiлiм алды. Сондықтан оларды дiни ағартушы ақын-жыраулар немесе дiншiл – исламшыл ақын-жыраулар деп атағанымыз абзал.

Жоғарыда аты аталған ғалымдарымыз: “Мұсылман мистицизмi (суфизм) республика көлемiнде арнайы әрi жан-жақты зерттелмеген тақырып. Қазақ топырағына бұл философия араб-парсы мәдениетi, әсiресе шығыс поэзиясы арқылы кеңiнен таныс. Айталық Фирдоусиден бастап Науаиге дейiнгi ақындардың бәрiне дерлiк суфизмнiң ықпалы тиген. Сондықтан өнерге, әсiресе, поэзияға жақын қазақ халқы исламның ортодоксиялық (идеологиялық) жағына ден қоймай, оның философиясын қабылдаған” /83/.- деген пiкiр өрбiтедi.

Алайда мешіт-медресені бітірген ақын-жыраулар сауатын тереңдете түсіп, исламның идеологиясын да, философиясын да жетік білген. Олар діни ағартушы ақын-жыраулар исламның идеологиясын да, философиясын да жетік біліп, оны поэзияда өрнектеп, ел арасына діни бағыттағы өлең-жырларын, терметолғауларын, дастандарын насихаттады.

Сондықтан қазақ халқы “исламның идеологиялық жағына ден қоймады” деген пікір меніңше асығыстық болар-ау деп ойлаймын.

“Көк өзек”, “Дәуқара” аймағында Кеңес үкіметі орнағаннан кейін большевик-белсенділердің діни ағартушыларға деген көзқарасы жақсы болмады. Ислам дінін поэзия тілімен насихаттап, өлең-жыр, терметолғауар, дастандар жазған діни ағартушы ақын-жыраулар қудалана бастады. Ел арасында халық ауыз әдебиеті үлгілерін таратып жүрген жыраулар діни өлеңдерді, дастандарды жырлауға батылы бармады.

“Қамысты” мешіт-медресесіндегі талабалар мен мударистерде психологиялық дағдарыс басталды. Әйімбет, Өтім, Мыңбай, Омар және Ұлжандар мешіттер мен медреселерде оқып, тәрбиеленгендіктен оларды қудалау басталды.

Осындай ұлттық сананың тоқырау кезінде, Тақтакөпірде Кеңес үкіметіне қарсы шаруалардың наразылықтары белең берді. Бұл 1929 жылдың 27 қыркүйегі еді. Бұл наразылық Қазақстан тарихындағы Кеңес үкіметіне қарсы шаруалардың ең алғашқы ұлт-азаттық көтеріліс болды. Бұл кезде Қарақалпақ жері Қазақстан құрамында болатын.

Белсенді-большевиктердің елге жасаған қысымына шыдамаған Әйімбет:

Қорлады олар дінімді,  
Исламият бүлінді.  
Белсенділер қарсы кеп,  
Өшірмекші үнімді.  
Тілгілемек санамды,

Сарқылмайтын жырымды...  
Өртемекші Құранды,  
Шапағатым – Нұрымды.  
Кәпірлерден сақтай гөр,  
Саған айтпай кімге айтам,  
Көңілімдегі мұнымды –

деп жазды. Ақынның бұл өлеңі сол кездегі елдің саяси жағдайын баяндайды.

Тарихи сипаттамаларға лайық, соның ішінде діни ағартушылар мен діни ағартушы ақын-жыраулардың өмірінде, санасында маңызды орын алған кезең жөнінде әйгілі тарихшы ғалым Талас Омарбеков былай деп жазады: “1929 жылғы шаруалар наразылықтарының ең алғашқысы сол кезде Қазақстан құрамындағы Қарақалпақ жеріндегі Тақтакөпірде болды. Оған 27 қыркүйекте не бары 300-ге жуық адам ғана қатысты және бас-аяғы бірнеше сағатқа ғана созылды.

Наразылық басталардың қарсаңында ғана, яғни, 27 қыркүйекке дейін ОГПУ-дің Қарақалпақ облыстық бөлімі Кеңес үкіметіне қарсы контрреволюциялық ұйым құрып, әрекет етіп жатыр деген айыппен 100-ге тарта адамды тұтқындаған еді. Осы тұтқындалудан аман қалған ағайынды Исматуллаевтар өздерінің төңірегіне ОГПУ-дің қуғын-сүргінінен қашып-пысқан 30 шақты адамды топтастырып, 27 қыркүйекте ауданның орталығына басып кірді. Көп кешікпей-ақ Тақтакөпірдегі көтерілісшілер оларды басып жаншуға жіберілген ОГПУ-дің қарулы күштерімен және тұрақты қызыл әскер бөлімдерімен шайқасуға мәжбүр болды. Бірақ іле-шала өздерінің шама-шарқын байқаған көтерілісшілер 30-40 адамнан тұратын шағын топтарға бөлініп кетіп Тақтакөпірдің солтүстік тұсынан сытылып шықты.

4 және 7 қазанда көтерілісшілердің үш тобы талқандалды. Шайқас үстінде көтерілісшілерден 8 адам өліп, 5 адам қолға түсті, қалғандары тағы да амалдап қашып құтылды.

1929 жылдың 8 желтоқсанына дейін ОГПУ-дің Ерекше үштігі біраз істерді қарап, көтеріліске қатысқан 32 адамды ату жазасына кесті. Үкім жедел орындалды. 1930 жылдың 1 маусымына дейін 27 адам әр түрлі мерзімге концлагерге айдалды, тағы 25 адам 3 жылға жер аударылды /84/.

Белгілі тарихи орны бар Тақтакөпірдегі Кеңес үкіметіне қарсы бұл көтеріліс жайлы халық ақын-жырауларының өлең-жырлары ел аузында сақталып қалған.

Көтерілістен соң “Қамысты” мешіт-медресесі жабылып қалды. Діни ағартушы әрі ақын Әйімбет ОГПУ назарына ілігіп, әрбір қадам андулы болды. Әйімбет көп ұзамай тұтқындалды.

Бұл көтеріліс жайлы тарихшы ғалым Талас Омарбеков былай деп жазады:

1) 1929-1931 жылдардағы қазақ шаруаларының наразылықтары мен көтерілістері Кеңес империясы өктемдігіне қарсы ұлт-азаттық сипаттағы қозғалыс болды деуге негіз бар. Оның бір орталыққа бағынатын, ұлттық мүддені белсенді қорғайтын тұтасқан тасқынға айналуына сталиндік-голощекиндік империя жүйесі дер кезінде кедергі жасап, бұл ұлттық қозғалысты жөргегінде тұншықтырып, қанға бояп басты;

2) бұл көтерілістердің бастаушы, жетекші күші — ауқатты қазақ шаруалары және халыққа ықпалды дін басылары болды. Қазақ ауылының ұлттық дәстүрлі мүдделерін империялық үстемдіктен қорғайтындай ол кезде қазақ қоғамында бұлардан басқа әлеуметтік күштер де қалған жоқ еді. Ұлт-азаттық сипаттағы бас көтерулерге саяси бағдар беріп, оған басшылық жасауға қабілетті ұлттық интеллигенцияны — алаш қозғалысының көшбастаушыларын осы көтерілістің қарсаңында ғана коммунистік империяны басқарушы және жазалаушы аппараты біржола талқандап күйретіп жіберген еді /85/.

Талас Омарбековтің бұл пікіріне қосылмауға болмайды. Діни ағартушылардың, дін басылардың

Кеңес үкіметінің жүргізген жергілікті халықтарға қысымына, меншіктен айыруға және күштеп ұжымдастыруға қарсы болуы табиғи процесс. Діни ағартушылар ахундар мен ишандар, сопылар, талабалар Кеңес үкіметіне қарсы ашықтан ашық қолдарына қару алып, қарсы әрекеттер жасамағанымен халықтың санасына большевиктердің идеологиясының қате екенін ақырындап сіңіре бастады.

Қ.Аралбай мен М.Қуғынбай былай деп жазады: “Қара бұғаға” жақын жердегі “Ишан теректің” тарихи орыны бар. Осы жерде “Ишан төле” деп аталатын мекен бар. “Ишан төледе” кезінде сталиндік-голощекиндік репрессиядан қашып жүрген ахундар, ишандар жасырынып жасайтын болған. “Ишан төледе” академик Сабыр Камаловтың әкесі Камал ишан, Мұхаммедшәріп, Алым ишандар бас сауғалап, жан сақтаған. Бұл діни ағартушыларға жергілікті Ержан деген адам қамқорлық жасап, төледе оларды жасырған, отын-су, азық-түліктен тарықтырмай асыраған. Төленің жасырын қашып шығуға қолайластырылған екінші есігі де болған /86/.

Белгілі бір дәрежеде діни ағартушылардың бұл көтеріліске қатысы болуы да мүмкін. Кеңес үкіметінің шаруаларға жасаған озбырлығын сынап-мінейтін өлеңдерді ел арасына тарқатып жүрген діни ағартушы ақын-жыраулар бұл жырлары арқылы шаруаларды үкіметке қарсы көтеруге әрекет жасаған. 1928 жылы бір орташа қожалық иесі Әділбайдың қорасынан бір қойын тартып алмақ болған белсендіге арнап шығарған өлеңінде Ұлжан ақын былай дейді:

Әділбайды қорқытып,  
Алмақ болдың ақ қойды.  
Алғаннан соң ақ қойды,  
Базарға апар, сат қойды.

Осылай бізді қинайды,  
Еліміз сенген белсенді.  
Ақ жарылқап күн туса,  
Үзер едім еңсенді.

Ақын белсендіге наразы. “Еңсенді үзер едім” — деп армандайды. Әрине, мұны діни ағартушы ақын-жыраулардың Кеңес үкіметіне қарсылық көрсетуі деп тұжырымдауымыз қажет.

Сопылық танымның идеялары қазақ даласына ІХ ғасырдан бастап тарай бастады. Оның таралуы да заңды құбылыс болатын. Ислам дәуіріндегі әдебиет (X-XII ғғ.) өкілдері Ахмет Иассауи, Ахмет Жүйнеки шығармаларынан ғибрат алған қазақ поэзиясының көрнекті өкілдері адамгершілік пен имандылық сарындарын өз халқына дер кезінде ұсына білді. Ал онан кейінгі тарихи кезең Алтын Орда дәуіріндегі әдебиет (XIII-XIV ғғ.) мұралары Махаббат нама, Қисса Жүсіп, Жұмжұма, Хұсрау мен Шырын т.б. зиялы қазақ ақын-жыраулары санасына белгілі дәрежеде әсер етті.

Филология ғылымының докторы, профессор М.Мырзахметов: “Түрік халықтары сияқты қазақ елінің де ту бастағы сопылық танымындағы ой-санасының түп-төркіндерінің көрінісі орта ғасырдың кеменгер ойшыл ақыны Жүсіп Баласағұнның дидактикалық “Құтадғу білік” дастанында жатыр.

Қазақ хандығы тұсындағы ХУ-ХУІІІ ғғ. қазақ поэзиясының көрнекті өкілдері шығармаларында сопылық танымның сарындары белгілі дәрежеде белгі беріп отыратыны бар” /87/ деп атап көрсетеді. Дала ақын-жырауларының сопылық әдебиетті дамытудағы қызметтері ислам алдындағы міндетті борышы болды. Мұны олар жақсы түсінді.

Белгілі ғалым У.Қалижанұлы: “Қазақ халқының ХІХ ғасырдың басындағы бірсыпыра оқығандары, атап айтқанда Ақмолла, Әбубәкір, Нұржан, Мақыш, Мәшһүр Жүсіп, Шәді сияқты ақындары мәдени-ағарту майданына, әдебиет майданына елдің прогресшіл, капиталистік дамудың әсері мен оянушылық, ағартушылық бағыттың өріс алуына байланысты шықты. Олар халықты оятуды, оқуға тартуды мақсат етті, жаңа-жөдит оқуын жақтады, оны насихаттап, жаңалық үшін күресті. Өздерінің негізгі көзқарасы — ағартушылық

болды. Сондықтан да олардың өлеңдерін діни-ағартушылық поэзия деп бөліп атауға болар еді” /88/ деген пікір өрбітеді.

Қазақ әдебиетінде діни-ағартушылық ағымды қалыптастырған бұл ақын-жыраулар шығармаларында сопылық танымның белгілері де бой көрсетіп қалатыны анық. Абай, Шәкәрім шығармаларын діни-ағартушылық поэзияның асыл мұраларына жатқарар болсақ аты айтылған ақын-жырауларды, ал олардың поэзиясын діни-ағартушы ақын-жыраулар поэзиясы деп атауға болар еді.

Бұл дүниеде қонақ сен,  
Дәулет, бақыт таптым деп,  
Не берсе де Алла деп,  
Шүкірлігін тастама.

Бағың бір күн ұйықтаса,  
Олай-былай қаларсың.

Қалған ісің оңалмай  
Қайран болып тұрарсың.

Маған не хал болды деп

Егін жыртып саларсың /89/ -

деп Ақмолла Мұхамедияров (1839-1895) жырласа Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы (1845-1904):

Алланың өзі де рас, сөзі де рас,  
Рас сөз ешуақытта жалған болмас.

Көп кітап келді Алладан төрті,

Алланы танытуға сөзі айырмас /90/ -

деп жырлайды.

Ал Әбубәкір Кердері (1858-1912):

Он төртте “Мұхтасарды /91/ араладым,

Әр баптан дәріс шамаладым.

Қарамай алды-артыма оқи бермей

Қолыма қағаз алып қараладым, /92/

немесе:

Әуелі Алла жараттың,

Топырақтан халық етіп,

Қараңғыдан жарыққа

Шығардың бізді ерік етіп.

Жеті мүше жан беріп,  
Дәулет, перзент мол беріп,  
Оны бізге көрік етіп.  
Біреу жігіт, біреу жас,  
Біреуді қойдың қарт етіп /93/ -

деп жырлайды. Шарифат жолын өте жақсы білетін діни-ағартушы ақын Алланы бүкіл жан-дүниесімен таниды. Дін қағидаларын терең біледі:

Қараңғы көрге кіреді,  
Ажал жетіп ер өлсе.  
Періште келер сұрауға,  
Көміп алаш жөнелсе.  
Бір Алланың бергені  
Мүңкір, Нәңкір сауалын.  
Біліп пенде бере алса,  
Жауабын берер байқамай.  
Көңілі ақ, діні пәк,  
Мұсылман болып жаралса,  
Ахирет артық, дүние бок,  
Дәрежесін Алланың /94/.

Нұржан Наушабайұлы (1859-1919):

Пендеге пенде қылма жүз салдырып,  
Телміртпе бір жаманға көз талдырып.  
Махрум ете көрсе, раббым қадыр,  
Рахмет қазынаңнан құр қалдырып.  
Ер жігіт жалтақтамас жоқ болса да,  
Сескенбес жанып тұрған шоқ болса да.  
“Ажалсыз жан шықпас” деп қарсы шабар  
Жасалған зеңбіректе оқ болса да.  
Еш іске уақыт жетсе, ие болмас,  
Қаншама пысықсынған сақ болса да /95/.

Ғалым У.Қалижанұлы: “Ақып Алланы бір пайғамбарды хақ құранда деп білген. Н.Наушабайұлы бүкіл дүниедегі жанды-жансыздың қожасы жалғыз жаратушы деп түсінеді” /96/ - деп жазды.

Нұржанның діни-танымдық көзқарасы үш жыл медресе оқып, ислам мәдениеті жайлы, діні жайлы, соңғы абзал пайғамбар Мұхаммед (ғ.с.) туралы қасиетті

“Құран Көрімнің” шындығын дәлелдейтін құнды пікірлер жазып қалдырған данышпан Абайдың діни танымдық көзқарасымен үндесіп жатыр.

Бұл өрине, Нұржан Наушабайұлының діни сауаты мол, діни-ағартушылық ағымнан хабары бар, адамгершілік пен имандылықтың асыл қасиеттерін өз бойына жинаған діни-ағартушы ақын екенін дәлелдейді.

Бес жасында діни медреседе оқып сауат ашқан Мөшһүр Жүсіп өкесі Көпейдің діни оқуға қалай бергенін жыр жолдарымен баяндайды:

Артына мінгестіріп алып келді,  
Бес жаста бес шақырым жерге берді.  
Ал өкесі қайтқанда енді үйіне,  
Соңынан жүгірмей ме жас бала енді.  
Атамыз дін жолына белін буды,  
Бұл мөшһүр сол секілді ерден туды.  
Көшенің қақ басынан қуғанынан,  
Жеткенше медресеге атпен қуды /97/.

Діни ағартушы ағымның көрнекті өкілі Мөшһүр Жүсіп Көпеев (1858-1931) Алланың ақ жолымен, тура жолымен жүріп, ислам дінін ел арасына насихаттаған. Досына да, жауына да тура сөйлеген Жүсіп Көпеев:

Туысқа тура жолды айтамын деп,  
Жалғанда жалғыз қалдым жанға жақпай, -  
деп жырлайды /98/.

Мөшһүр Жүсіп өмір сүрген құбылмалы заманда діни ағартушылар мен діни ағартушы ақын-жырауларды ел билеген шенеуніктер жақсы көре бермеген. Жүсіп Көпеев діннің беделін түсіретін “дүмше” молдаларға тура сөзімен соққы беріп отырған:

Білмеген ойлап тұрсам надан озды,  
Әбден біліп алған соң өркім озды.  
“Қисық арба жол бұзар” – дегендейін,  
Дүмше молда, қожалар жұртты бұзды /99/.

Филолог-ғалым Сейфитдин Сүтжанов: “Мөшһүр Жүсіп ұлттық идеяға құрылған таза ағартушылық бағыт ұстанды. Ұлттық сана-сезімді ояту негізіне құрылған төл туындыларында ол ар тазылығына, имандылыққа

үндеді. Оның ұғымында дін адамның рухани дүниесін қалыптастырады. Құдайды тану адамшылыққа, әділдікке бастау ісіне көмегін тигізеді. Құдайға сенетіндігін жасырмай: “Мен құдайды бірден білемін, күшті деп білемін. Осы үшеуіне наным-сенімім күшті” дейді – деп Жүсіп Көпеев туралы нақты ғылыми тұжырым жасайды /100/.

Алланың елшісі Мұхаммед пайғамбардың (ғ.с.) тумай жатып жетім қалғанын өлеңмен өрнектеген көрнекті діни ағартушы ақын Шәді Жәңгірұлы (1855-1933) өзінің “Назым сияр Шәриф” деп аталатын әдеби туындысында жан-жақты көркем тілмен түсіндіріп айтады:

Ғабдолла Әмина атты әйел алды,  
Ибраһим тәртібімен нескеленді.  
Әуелі кездескенде Ғабдолламен,  
Расулдың Әминаға жауды нұры.  
Алты айда Ғабдоллаға ажал жетті,  
Пайғамбар тумай тұрып өліп кетті.  
Алланың әмірімен Мұхаммедті,  
Құрсақта анасының жетім етті.  
Әмина сүндеттелген оны көрді,  
Кесіліп түскен еді кіндіктері /101/.

Бар тірлігі ғылым-білім іздеумен өткен, Мұхаммед пайғамбардың (ғ.с.) өмірін зерттеп поэзия тілімен өрнектеген діни ағартушы ақын Шәді Жәңгірұлы өзінен кейінгі ұрпақтарына мол мұра қалдырып кетті.

Қазақтың көрнекті діни-ағартушы ақыны, Абай мектебінен, қазақ әдебиетінде діни-ағартушылық ағымды қалыптастырушылардың бірі Шәкәрім қажы Құдайбердіұлы (1858-1931):

Сен ғылымға болсаң ынтық,  
Бұл сөзімді әбден ұқ.  
Білгеніңнің жақсысын қыл,  
Білмегенді біле бер –

деп жастарды білім, ғылым игеруге шақырады. Діни-ағартушы ақын ислам діні ғылымды жоғары

бағалайтынын, әрбір мүмін ілімді өзіне серік ету керектігін айтады.

Ислам діні өзінің жеке мүддесіне пайдаланушы дінбұзарларға жаны қас Шәкәрім:

Мұхаммедті көре алсам,  
Сөз қатып жауап бере алсам,  
Адасты молда дер едім  
Құран үйрет келе алсаң -

дейді ол мұсылманшылықты жоғары қойған, ислам дінінің шарттарын орындауға бар күш-қайратымен атсалысқан жан. Ол ислам дінін бұзушы “дүмшелерге” соққы береді:

Бұл күнде дұрыс иман жоқ,  
Шатақ дін нәпсі тыйған жоқ.  
Ақылы саудың ойына,  
Алдамшы діндер сыйған жоқ /102/

Филолог-ғалым У.Қалижанұлы: “Аса ірі ақын Шәкәрім Құдайбердіұлы Аллаға ғана сыйынған, Аллаға ғана сенген, Алладан басқа желеп-жебейтін, қолдап-қорғайтын құдірет бар деп білмеген, шынайы мұсылман қара қылды қақ жарған әділетті де, нарасатты жан екен” /103/ деп атап көрсетті.

Қарақалпақ еліне танымал, діни ағартушы ақын Бекенқұл Ақымбетұлы поэзиялық шығармаларын ислам дәуіріндегі (X-XIII ғғ.) әдеби дәстүрлерді сақтай отырып жазуға тырысады. Көне түркі халықтарының XII-XIII ғасырлардағы атақты ақыны Ахмет Жүйнекидің “Хибатул хақайық” (“Ақиқат сыйы”) атты атақты еңбегі “Қайырымды, мейірімді Алланың атынан” бастаймын деп:

1. Уа, жаратушым, сені шексіз дәріптеймін.
2. Алдымен сенің мейірім-шапағатыңнан үміт етемін.
3. Саған лайық мақтау айтуға тілім жете ме?
4. Шамам келгенше аянбайын, маған жәрдем бер!” – деп басталатынын ақын әрине білмейді емес.

Бекенқұл: субхана рабби ал-азым  
Бақытқа оны (Алланы) баладым.  
Такбир еттім Алланы



Мұқалмасын қаламым –  
деп жырлайды.

Ақынның: “Субхана рабби әл-азым” – деп 8 буынды олеңнің алғашқы тармағы араб тілінде жазылды. Мұның қазақшасы: “Ұлы Құдайым жасасын” деген. Ақын арабша сөз тіркестерін шеберлікпен пайдаланып, өлеңнің екінші тармағы: “Бақытқа оны баладым” деп бірінші тармақтағы “Әл-азым” мен екінші тармақтағы “баладым” деген ұйқастарды қабыстырады. Өлеңнің үшінші тармағындағы “тақбир” сөзі де арабша. Оның қазақшасы “мақтау” яғни ақын: “Алланы мақтан етемін. Ол менің қаламымның мұқалмауына көмек береді, яғни менің жанымды рахатқа бөлеп, шабыттандырады” – деп ағынан жарылады.

Бекенқұл Аллаға деген сүйіспеншілігін ғашық көңілмен өрбіте береді.

Ат тахиату миллахи

Ағузу биллахи

Шайтанның ісі жаман – дүр,

Жаман істен аулақ жүр...

Ақын Аллаға сәлем беріп жақсы намаздарымды арнаймын және сәлем саған ей, пайғамбар, саған Алланың рахымы түссін, қуаттасын, бізге және Алланың жақсы құлдарына амандық тілеймін, куәлік беремін...” (бірінші тармақ: Ат тахиату миллахи) – дейді. Сонымен бірге “Аллаға қарғыс атқан шайтаннан құтқара гөр деп жалбарынамын, қайыр-рақымы мол Алла атымен...” (екінші тармақ: Ағузу биллахи) – деп Аллаға жалбарына түседі.

Профессор М.Мырзахметов: “Қазақ қауымының қоғамдық ой-санасы негізінен қазақ поэзиясында шоғырланған. Мұның да өзіне тән ерекшелігі бар. Қазақ поэзиясы (әдебиеті) бүкіл қоғамдық-әлеуметтік ой-сананың қызметін атқарушы универсалдық функциясы болуы себепті де, біз қазақ халқының ой-санасындағы сопылық танымның белгілерін көбінесе қазақ

ақындарының туындыларынан кездестіреміз”/104/ деп көрсетеді.

Сопылық танымның белгілері қазақ ақын-жыраулары поэзиясында көптеп кездескен. Бұл табиғи құбылыс. Сонау XV ғасырдан басталатын жыраулық поэзия өкілдері мен Кеңес дәуіріне дейінгі уақытта өмір сүрген ұлттық ояну дәуірі кезіндегі ақын-жыраулар поэзиясы діни сарындар мен сопылық таным белгілеріне толы болды. Кеңес дәуірі кезінде ақын-жыраулар поэзиясы жиналып, зерттелгенде олардың діни сопылық танымындағы туындылары қанаты қырқылған құстай “қырқылып” тасталды. Қанаты қырқылған құстың ұша алмайтыны сияқты діни-сопылық танымға бай ғажайып поэзияның тамырына балта шабылды. Біз қазіргі кезеңде сол “қырқылған қанаттарды” әр жерден іздеп тауып алып жаралы құсқа қайта жабыстырып жатырмыз. Діни ағартушы ағымның өкілдері, сопылық әдебиет өкілдерінің туындылары әлі толық табылған жоқ. Әбубәкір Кердері мен Ерімбет Көлдейбекұлының зерттеуге тыйым салынған діни поэзиялық туындыларын есептегенде өзбек, түркмен, тәжік, қарақалпақ елі қазақ ақын-жырауларының осы кезге дейін белгісіз болып келген діни-поэзиялық шығармалары қаншама? Айта кетер жойт діни танымдық поэзия кеңес дәуірінде ел арасында жасырын түрде дами берген. Екінші дүние жүзілік соғыс басталып фашистер кеңес Одағына шабуыл жасағанда Сталиннің дінге еркіндік бергенін ұмытпағанымыз жөн. Сондай қысқа уақыт ішінде тыйым салынған діни қолжазбалар ел ішінде қайта өңделді де, соғыс біткен соң поэзияның қайта өркендеуіне тыйым салынғандықтан бұл процесс тоқтап, тоқырауға айналды. Осындай кішкене жылымық көп пайда келтірді. Мәселен, қарақалпақ елінде киізге оралып жерге көмулі жатқан шіруге айналған Ерімбет Көлдейбекұлының қолжазбалары, Әйімбет ишан Қаймақбайұлы қолжазбалары, Бекенқұл, Өтім, Ұлжан, Қорғанбай, Көрпембай қолжазбалары ақ параққа қайта көшірілді.

Көп ұзамай құдайсыздар мекемесі құрылған соң діни танымдық поэзияның қақпасы мүлде ашылмайтындай етіп жабылды. Діни ағартушы ақын болғандықтан, зерттеуге тыйым салынып, атын атауға рұқсат етілмеген діни поэзияның өкілдерінің бірі Бекенқұл Ақымбетұлы болатын. Мешіт-медреседе сауат ашқан Бекенқұл қаламы мұқалмау үшін Алла алдында басын иді. Аллаға сыйынды. Алланы жырға қосты. Діни танымдық поэзияны жанындай сүйді.

Міскін болған мүміндер  
Оған көмек беріндер.  
Қуфрлікке берілмей  
Онан дереу безіндер –

дейді Бекенқұл.

Ақын: “Дінге сенетін, исламға жан-тәнімен берілген бейшараларға қол ұшын созып көмек беріндер. Ол сенің мұсылмандық парызың” - дейді.

“Дінге сенбейтін дінсіздерге жоламаңдар, онан безіндер...” деп өсиет айтады. Бекенқұл:

Аллахумма инна настағинака  
Сиынарым бір Алла тағала.  
Бұл әлемде онан күшті нәрсе жоқ.  
Раббана өгине –

дейді.

Діни ағартушы ақын: “О, құдай, біз саған көмек сұрап жалбарынамыз. Саған сыйынамыз және тәуекел етеміз және саған алғыс айтып, мадақтаймыз, күпірлік етпейміз және саған күпірлік еткендерді жоямыз...” – дейді (бірінші тармақтың қазақшасы). Ол сонымен бірге бұл дүниеде де ахиретке қайырымдылық жасай гөр, от азабынан құтқара гөр, және бізді от азабынан сақтай гөр, және бізді діншіл көргенділер қатарына қос...” – деп ізгілік нұрын себеді (төртінші тармақтың қазақшасы).

Өлең тармақтары тұтастай арабша жазылған шумақ Бекенқұлдың “Мұның бәрін шындасаң” атты шығармасында кездеседі:

Мұның бәрін шындасаң,  
Уа аллаху ағламу.  
Ислам дінін жырласам,  
Мадақтар мені уммату.

Бұл шумақтағы “Уа иллаху ағламу” атты екінші тармағы тұтасымен арабша жазылған. Қазақша аудармасы: “Алла жақсы біледі” немесе бір Аллаға мәлім”. Діни ағартушы ақын өз заманында замандастарына бір Аллаға мәлім өсиеттерді айтқысы келген, ол мақсатын да орындаған. Ақын: “Алла алдында Ислам діні қағидаларын жырласам қарызымды орындаймын деп сезінеді. “Сонда мені барлық мұсылман халықтары жақсы көреді., яғни Алланы өсиет етсем халық алдында сүйіспеншілікке бөленемін” – дейді.

Ақын онан әрі:  
Бекем бұдың белімді,  
Жақсы көрдім елімді.  
Барлық нұрлы сөздерім,  
Ал хамду һәм алхамді –

деп жырлайды. Яғни мадақтаған барлық нұрлы сөздерім Алланы мақтау. Аллаға жалбарыну” – деген ой өрбітеді. Ақын елін жақсы көру арқылы барлық мұсылмандарды жақсы көреді. Мұсылмандар үшін, олардың болашағы үшін қандай нәрсе болса да қайтпай күресу үшін белін бекем буады.

Ақынның “Мұқалмасын қаламым” деп жырлауы оның діни медреседе оқып, білімнің тереңіне бойлағанын, жазба әдебиет өкілі екенін дәлелдейді. Ал өлең тармақтарының тұтасымен арабша немесе парсыша болуы ұлттық ояну дәуіріндегі жазба әдебиеті өкілдерінің қолданған әдісі екенін білеміз. Мұндай әдіске өлең тармақтарының тұтасымен қолданылуы ғана емес, өлең жырлардағы сөз тіркестерінің де қолданылуына назар аударамыз.

Әбубәкір Кердері:

“Бисмиллә” деп сөйлесем,  
тілге жәрдем бере көр,

Тіл жаратқан жөлөлөм  
немесе

“Ағузу” мен “бисмиллә” –  
Әрбір сөздің бастауы  
“Әлхамдилулла с лауат  
Мұсылман пенде аузынан  
Дұрыс емес тастауы  
Молда болсаң тәуфиқ тұт,  
Тәуфиқті болсаң - шүкірсің  
Тәуфиқсіз болсаң - бекерсің /105/

деп жырласа, діни ағартушылық ағымның көрнекті өкілі  
Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы (1845-1914): “юзи  
раушан” деген өлеңінде:

Мүбәда болса ол бір кез,  
Тамаша қылса юзма-юз.  
Кетіп қуат, жұмылып көз  
Бойың сөл-сөл бола нигө?

деп жырлайды, немесе:

“Осы үш сүю болады имани гүл,  
Иманның асылы үш деп тахқиқ біл.  
Руза, намаз, зекет, қажы – талассыз іс  
Жақсы болсаң, жақсы тұт бөрін тегіс”.

деп дінге байланысты нанымын, адамгершілікке  
байланысты көзқарасын білдіріп, “Мүбәда”, “Юзма-  
юз”, “нигө”, “имани”, “тахқиқи”, “руза” сөздерін  
қолданған.

Ақын сондай-ақ:  
Жамандық көрсең нәфрәтлі  
Субғып көңіл тыйсаңыз  
Жақсылық көрсең ғибратлі,  
Оны ойға жисаңыз,  
Ойында жоқ олардың  
Шариғатқа шаласы /106/ -

деп өлең тармақтарында арабша сөздерді қолданады.  
Қазақ поэзиясында өлең тармақтарының тұтасымен өзге  
тілде жазылуы діни-ағартушы ақын Ерiмбет  
Көлдейбекұлында (1850-1912) да кездеседі:

Ақыры Арарат тауда болды нәзия,  
“Аллаһұма бөл халам, - дейді - пәлах”,  
Сиқыршы бұл дүниядашаттық беріп,  
Жұмланы тақ Сүлеймен еткен қонақ

немесе:

Ей, Алла, құлыңа сенен ағузбилла,  
Есепте қырық мың жолдық бисмилла /107/.

Әйiмбет өз өлеңдерінде тарихи тұлға өткен  
ғасырларда ежелгі Жентте өмір сүрген әйгілі діни-  
ағартушы Молла Ахмед жайлы былай дейді:

Молла Ахмед әл-Женди,  
Мұсылманның баласы.  
Оқып қайта көр енді,  
Құран діннің анасы

Діни әдебиеттен хабары мол Әйiмбет Ислам  
діннің хұқылық жүйесі қалыптаса бастаған кезде пайда  
болған діни әдебиеттің түрі “Ақиданы” жырлаған:

“Ақиданы” оқысаң,  
Оянар балам сезімің.  
Ойлап оны оқырсың,  
Өркендеген өзі ілім

Әйiмбет ақын жастарға “Ақиданы” оқы деп өсиет  
еткені көп нәрсені аңғартады. Діни әдебиеттің түрі  
“Ақида” сол кезде Исламды танушы бұқараға қасиетті  
құрал болған. Ақын өз өлеңдерінде діни-танымдық  
көзқарастарды үлкен көрегендікпен дамытып білген.  
Жастарға “діни ілімге тереңдей бойла” – деп өсиет ай-  
тады. “Ақида” діни әдебиет болғанымен ақын оны  
ілімге теңейді.

“Құранның төртінші Ниса сүресінің жүз жетпіс  
алтыншы аятында былай деп жазылған: “Аллаға қарсы  
болып, пайғамбардан бас тартқандар, қиямет күні,  
жермен-жексен болуды арман етеді. Алладан бір сөз  
жасыра алмайды”.

Діни-ағартушы ақын Өтім Балтуғанұлы (1874-  
1931) аятты жыр жолдарымен өрнектейді:

Пайғамбардан бас тартқан,  
Ол алланы шаршатқан.

Оны көміп жерге алла,  
Көңілін әбден тарқатқан.

Ақын “Аллаға қарсы дінсіздердің өзі Алла тәңірімді шаршатады, ондай дінсіздерден Алла тез құтылады” – деген пікір өрбітеді.

“Құранның” Ниса сүресінде “Алла дұшпандарыңды жақсы біледі. Сондай-ақ, Алла достықта жетіп асады әрі жәрдемшілікте де жеткілікті” – деп жазылған.

Өтім мұны былай деп жырлайды:

Дұшпаныңды бір Алла,  
Сенен жақсы біледі.  
Аллаға әркез табынсаң,  
Сені қорғап жүреді.  
Дұшпаның сенің сыртыңнан  
Иттей болып үреді.

Құран аятында: “Ал және кім Аллаға, Пайғамбарға бой ұсынса, міне, солар, Алла нығметке бөлеген пайғамбарлар, шыншылдар, шәхиттер және игілермен бірге болады. Олар нендей жақсы жолдас”

Мұны Өтім ақын:

Аллаға сен табынсаң,  
Болар ол да досыңдай.  
Алланы ауызға алмаған  
Надандарға қосылма-ай...  
Ұмытпағын мүміндер  
Алла деген асылды-ай...

деп өлең жырмен жырлайды.

Құран аятында “Кім пайғамбарға бағынса, расында Аллаға бағынған болады. Ал және кім бет бұрса (Мұхаммед ғ.с.) оларға сені аңдушы етіп жібермедік”.

Өтім:

Пайғамбарды сыйлаған,  
Алланы сыйлаған.  
Бұл өмірде оңбайды,  
Мүміндерді қинаған.  
Ондай адам бақытсыз.  
Өз ойына әруақыт

Жамандықты жинаған.  
Мұсылман деп айтуға,  
Болмайды оны құлақ сал.  
Жолы бұзық адамдар  
Бұл дүниеде неге көп  
Қинайды осы сурақтар – деп жырлайды.

Мұхаммед пайғамбар: “Құдай атымен жасаған игіліңізді шын жүректен жасаңыз, себебі Аллатағала жалған сый мен жылтырақ ілтифатты алмайды” десе, діни ағартушы ақын Ұлжан Бекенқұлқызы (1869-1953):

Алла алдында жалған сый,  
Жасамағын ескертем.  
Өтірікті айтпағын,  
Бұл сөзімді қош көрсең - деп жырлайды.

Ұлжан да Әйімбет пен Өтім сияқты Мұхаммед пайғамбардың сөздерін жыр жолдарымен өрнектеуге ұмтылады. Мұсылмандық жолды құрметтейді.

Діни ағартушы ақындар құран аяттары мен Мұхаммед пайғамбардың хадистерін өлеңмен өрнектеп, елге насихаттауды үрдіс еткен. Ұлжанда өз өлеңдерінде Мұхаммед пайғамбардың хадистерін жырмен баяндап береді:

Мұсылмандық парызы –  
Сәлем беру – ізгілік.  
Айтып өтем мен мұны,  
Өмірімде жыр қылып.  
Адамдық пәк тілекпен,  
Жақын ыстық жүрекпен.  
Шақырған жерге бару бар,  
Жасы үлкеннің ақылын  
Ынтығып бір алу бар.  
Сұраса ақыл айту бар,  
Түшкірсе жауап айту бар  
Көңілін сұрау ауырса,  
Мүмін өтсе дүниеден,  
Жаназасына қатысып,  
Көңіл айтып қайту бар.

Діни ағартушы ақын Омар Сейілулы (1876-1921):

Қағбаға барған мұсылман,  
Қасиетті ол адам.  
Алланы ғана ойлаған  
Пейішке барып кірмек тек,  
Шын мұсылман Қағбада  
Пайғамбарға басын иеді.  
Алланың өзі жіберген  
Қара тасты құрметтеп –

деп жырлайды. Қағба исламның басты қасиетті орны. Қағба Меккедегі ал Масджид ал Харам ауласының ортасына орналасқан ғимарат. Ақын осыны жырға қосқан.

Ақынның өлең жырларында Ислам дінінің қағидалары жырланды. Садақа беру – мұсылманның басты міндеті. Ақын мұны жақсы біледі, осы дәстүрді орындауға шақырады:

Садақа берген мұсылман,  
Апаттан әр кез аман бол.  
Алланы құрмет ете гөр,  
Рақым етер саған мол.  
Садақ берген азбайды,  
Өмірінен тозбайды.  
Садақаны бермеген  
Қатарынан озбайды.

Құранның 4-ші Ниса сүресі, Мәдинеде түскен 176-шы аятында былай дейді: “Аса қамқор, ерекше мейірімді Алланың атымен бастаймын. Әй, адам баласы, сендерді бір кісіден (Адам атадан) жаратқан және одан оның жұбайын (Хауа ананың) жаратып, ол екеуінен көптеген ер, әйелді таратқан раббыларыңнан қорқыңдар. Сол арқылы өзара сұрасқан Алладан және туыстардан (безуден) сақтаныңдар. Иесіз Алла сендерді бақылаушы.

Діни ағартушы ақын Мыңбай Есмағамбетұлы (1886-1943) мұны поэзия тілімен былай өрнектейді:

Адам Ата, Хауа Ана жаратқан,  
Адамдарды сол Құдірет таратқан.  
Құдіретті төңірім ол бір – Алла,

Бар адамды бір өзіне қаратқан.

Құранның Ниса сүресінде: “жетімдердің малдарын беріңдер, жаманды жақсымен алмастырыңдар, олардың малдарын өз малдарыңмен қосып жемендер, өйткені ол күнә”- десе, Мыңбай мұны поэзия тілімен былайша өрнектейді:

Жетімдерді жылатпаңдар, қорғаңдар,  
Онан қалған малды тартып алмаңдар.  
Жетімдерді жылатқандар бар елде,  
Сол адамдар бордай болып тозғандар.

“Араб халифаты 634 жыл мен 710 жылдың аралығында, яғни 70-80 жылдың ішінде Сирияны, Иранды, Ауғанды, Иерусалимді, Орта Азияны, Византия, Армения, Египет пен Еуропаның батысын тұтас жаулап алып, оларға бірден ислам діні мен араб тілінің үстемдігін орнатуға тырысты. 705-715 жылдары Тұран (Түркістан) өлкесін, 707 жылы Самарқандты, 713-715 жылы Бұхараны, Шаш пен Ферғананы, Қашғарды түгелімен араб халифаты әскерлері қол басшысы Қутайба ибн Муслимнің (660-715) басшылығымен талан-таражға түсіріп, халқын қырып-жою арқылы үстемдігін жүргізді – деп жазады профессор М.Мырзахметов /108/.

Араб халифатының қол басшысы Қутайба дала тұрғындарын қылыштың өткір жүзімен қырғынға ұшыратып, араб тілінің үстемдік етуіне мүмкіндік жасады. Міне, соның нәтижесінде Тұран өлкесінде жасаушылар ислам дініне бертіндеп ене бастады. М.Мырзахметовтің пікірінше “...көркем әдебиет пен ғылыми еңбектерді тек араб тілінде жаздырумен қатар ел арасында тек исламияттың дүниетанымды тануға қолынан келгеннің бәрін жұмсап, аянбай қимылдады. Жергілікті діни дүниетанымды, тілді, әдет-ғұрып, салт-сананы істен шығарып, қуғындау ісін жедел қолға алып, ол өрекетті де қатты қарқынмен жүргізді. Олардың орнына өздерінің исламдық дүниетанымын, тілін, дінін, әдет-ғұрпын, салт-санасын ендіріп, орнықтырған

өрекеттерінің ізі дәл бүгінге дейін сақталып келе жатыр” /109/.

Араб халифаты өзінің мықты идеологиясын осылай жүргізді, көздеген мақсаттарына жетті. Мұндай мақсаттарды орындау үшін өздерінің жаулап алған жерлеріне діни орталықтар құрды. Діни оқу орындары – мешіттер мен медреселер салды. Ол оқу орындарына мударистік қызметтерге үгітші араб оқымыстылары мен ақсүйектері жіберілді. Олар мешіт-медреселерде үздік оқыған, шариғат заңдарына құлай берілген және оны бұлжытпай орындайтын жастарды үлкен қалалардағы діни оқу орындарына жіберіп отырды.

“Араб жазуының шеңберіне тартылған мұсылман халықтарының бәрі де өзінің өткен тарих пен өзіндік рухани қайталанбас қазына көздерінен бейхабар күйде қала берді. VIII-X ғасырларда араб тілінен кейін парсы тілі Орта Азияда ғылым мен әдебиет тіліне айналып, жергілікті халықтардың тілдері тағы да жай тұрмыс тілі, яғни үй-ішілік тіл, екінші, тіпті үшінші дәрежелі тіл қатарына ысырылды” /110/ - деп жазды М.Мырзахметов.

Жергілікті халық арасынан шыққан зиялы қауымдар өздерінің еңбектерін араб-парсы тілдерінде жазды. Немесе түркі тілінде жазылған шығармаларға араб-парсы тілдері араласып қолданылып отырды.

Діни-ағартушы қазақ ақын-жырауларында араб-парсы сөздерінің қолданылуы осының әсері, діншіл-исламшыл ақын Омар Сейілұлы өзінің “Мұхаммедтің асхабтарын” атты өлеңінде арабша “асхаб” сөзін қолданады.

Мұхаммедтің асхабтарын,  
Құрметтеймін мәңгілік.  
Мен оларды мадақтаймын,

Жан-дүниемді ән қылып.  
Ислам үшін жан қиған,  
Асхабтарды мақтаймын.  
Асхабтардың ізгі ісін  
Мен мәңгілік жақтаймын.

Асхаб – арабша сөз дедік. Қазақша – серіктестер, жолдастар деген мағынаны білдіреді. Ал асхабтар – Мұхаммедпен бірге Ислам дінін қабылдап, мұсылман мемлекетін құруға атсалысқандар. Кейін жинақталған Мұхаммед хақында хадис-әңгімелер асхабтардың айтуларына жазылып алынып, қағазға түсірілген.

Ақын Мұхаммедтің серіктестері, яғни Мұхаммедтің алға қойған мақсатын қолдап-қуаттаушыларды жырға қосқан. Ақын асхаб сөзінің қазақша мағынасын біледі. Яғни Мұхаммед пайғамбардың өмірінен хабары бар адам. Әйтпесе асхабтарды мадақтап жырға қоспас еді.

Омар “Ид-ас-Сағир” күндері деп аталатын діни өлеңінде “Ид-ас-Сағир” деген араб сөздерін қолданады:

Ид-ас-Сағир күндері  
Мұсылман мүмін баласы  
Баласы мен данасы  
Көңілді шықсын үндері.  
Тынып болар түндері  
Жүздері күндей жайдары.  
Желдей есіп айдары  
Мереке күні жайнады.

Діни сауаты бар ақын рамазан айының аяғында болатын айтулы мерекенің көңілді өтетінін, бұл мерекеде бүкіл мұсылман қауымының жүздері күндей жайнап, Аллаға алғыс жаудырып ерекше көңілді болатынын жыр жолдарымен баяндайды. Мұндай мұсылмандық дәстүрлерді поэзия тілімен өрнектеу ақын жыраулар өміріндегі, шығармашылығындағы қалыптасқан дәстүр болған.

Ид-ас-Сағир мұсылмандардың шууал айының 1-і мен 2-сі күні рамазан айының ішіндегі оразаның аяқталу құрметіне өткізілетін мәні жағынан екінші мереке.

Діни-ағартушы ақын “Пырақ болса көлігім” атты өлеңінде арабша “бурақ” (пырақ) сөзін қолданған. Бурақ – (пырақ) ғажайып бір мініс көлігі. Мұсылман аңызына қарағанда, ол кірпік қаққанша Мұхаммедті

Меккеден Иерусалимдегі әл-Масжид әл ақсаға жеткізіп, кейін аспанға Алламен кездестіруге миражға алып барған.

Пырақ болса көлігім  
Меккеге мен барар ем.  
Керегімді сол жерден  
Көңілге құйып алар емс.  
Қажы болып еліме  
Қызмет етсем деп едім.  
Ислам үшін күресіп  
Бақытқа жетсем деп едім.

Діни-ағартушы ақынның айтар ойы анық. Ол ислам дініне шын берілген мұсылман мүмін баласы. Мұсылмандық бес парыздың бірі - қажылыққа барып елге қызмет істеу. Өз ойын жыр жолдарымен өрнектейді.

Омар:

Дін – Исламның мектебі  
әл-Қабирден білім ал –

деп жыр жолдарына “әл-Қабир” деген араб сөзін қолданады. Онан әрі:

Ол Алланың мектебі,  
Құдіретті көктегі.  
Осы мектеп ойласаң  
Өміріңнің көктемі.

Ақын жырға қосып отырған “Ид-әл-Қабир” деп аталатын араб сөзінің қазақша мағынасы - үлкен медресе. Яғни қазақша құрбан айт. Бұл мереке зул-хиджа айының 10-ы күні басталып, үш-төрт күнге созылатын мұсылмандардың басты мерекесі. Ид-әл-Қабир Меккеге жыл сайынғы қажылыққа бару дәстүрінің аяқталу мерзімімен тұспа-тұс келеді. Қажыға барғандар Ибрагимнің өз ұлы Исмайылды Аллаға құрбандыққа шалуға әзір екендігін көрсететін мина алқабында мереке күні қой мен козы, мал бауыздайды. Мұсылмандар арасында бұл мереке ерекше аталып өтіліп, сол күндер ішінде олар ата-бабалар зираттарының

басына барып ғибадат етеді, киімдерін жаңартады. Бір-біріне қонақ болады.

Мұхаммед пайғамбардың өмірін, Ислам діні үшін күрескен ірі тұлғасын толық білетін ақын өз өлеңдерінде ұлы тұлғаны жырға қосқан. Діни поэзияны дамыта түскен.

Мұхаммедке баспана  
Тауып берген ансарлар.  
Мұхаммедтің ізгі ісін  
Қолдап көмек бергендер,  
Мұхаммедке ергендер.  
Ислам үшін күрескен  
Дінсіздермен тірескен  
Мұхаммедтің ғажайып,  
Күшін сонда көргендер.

Діни-ағартушы ақын Мұхаммедтің Ислам үшін күресін мадақтайды. “Ансарлар” деген араб сөзін қолданады. Ансар – арабша, қазақша мағынасы – жақтастар, көмекшілер. Ансарлар – Мұхаммед және онымен бірге көшкен мұсылмандарды Меккеден Мәдинаға hijра жасап келгенде қолдап-қуаттап, баспана тауып берген. Бұлар негізінен Аус пен Хазраж тайпаларынан тұрады.

Сопылық әдебиеттің ірі өкілі, әйгілі ақын, кеменгер ойшыл Қожа Ахмед Иассауи де өз хикметтерінде араб сөздерін қолданады:

69. “Инна фатханы” оқып мағына білдім,

70. Нұрын төкті: естен танып дидар көрдім....

немесе

170. Әмір Мағруф тұтқындарға ізет қылғыл,

171. Наһи манкар ұстағанға құрмет қылғыл,

172. Сол себептен алпыс үште кірдім жерге...

Сопы ақын “Инна фатха” деп Құранның 482-ші әл-Фатих сүресінің бірінші аятын хикметтің тармағына кіргізіп отыр. “Инна фатахна лака фатхан мубинан” дегеннің мағына-мәні мынадай: “Шын мәнінде, Алла саған жеңіс сыйлады” Мәдине шаһарында түскен бұл

сүреде Мұхаммед пайғамбардың Меккедегі жеңісі айтылады.

Профессор Ө.Әлеуов “Пайғамбар әрбір табиғат ағзасына Алла тағаланың рухы араласып жүреді деген пантейстік тағылым арқылы адамдарды табиғат арасынан, әсіресе, адамдардың өзінің ішінен Құдайды, оның рухын табуға, оған жақсылық істерімен қызмет етуге, бұл үшін мүмін-мұсылман болуға ұмтылдырды. Күтпеген жерде Алла рухын өкпелетіп алудан іркіп, жастардың өзін барлық уақытта жақсы мінез-құлықта болуға, қайыр-сауапты іс істеуге дайын жүруге үйретуді айтты” /111/.

Бекенқұл:

Көләм шариф – тындасаң,  
Көңілің нұрға бөленер.  
Ой-өрісің жан-жақты  
Даналық ойға теңелер.  
Ондай адам табылса,  
Домбырама, жырыма  
Қосар едім мен егер –

деп “Көләм шариф”, яғни қасиетті сөзді тындасаң көңілдің нұрға бөленіп, мұсылмандық жолға түсетініне баса назар аударады. Араб тіліндегі “Көләм шарифті” (қазақша мағынасы қасиетті сөз – М.Ә) ақын әдейі қолданғанының жаны бар. Ақын “жұрт құлағы елең етсін немесе араб сөзіне ден қойсын” – деген мақсатпен айтып отырғаны санамыздан орын алады.

Ақын онан өрі:

Табарак уа тағала,  
Бұл сөзімді бағала –

дейді.

“Табарак уа тағала” – араб сөзі. Қазақша мағынасы – “Құрметті және аса жоғары мәртебелі” дегенді аңғартады. Ақын жырда қазақша төгіліп отырып, араб сөзін қолдануды жырышы халық жүрегіне жеткізудің әдісі деп ойлайды. Бұл – жырды тындаушы қауымның назарын өзіне аудару әдісі. Арабша сөз тіркестерін шеберлікпен қолдана отырып:

Өсиетімді тындасаң,  
Діни сауат іздесең,  
Мешіттерді жағала.  
Оған барып ілім алып,  
Діни жақтан білім ал –

дейді.

Бекенқұл:

Теңіздей мынау жырымды,  
Алласыз мен бастауға,  
Шынымды айтсам жасқанам,  
Саллаһу алайһи уассалам...  
Жақсылық жасау пендеге  
Адамилық ісің бұл.  
Жамандық жасау пендеге  
Арамылық ісің бұл –

дейді.

Ақын “жасқанам” деген қазақ сөзіне “уассалам” деген араб сөзін ұйқастырады. Ұйқас арқылы араб сөздерін ендіреді. Қазақша мағынасы – Алла оған бата беріп қуаттасын”.

Бекенқұл:

Әкім болған мұсылман,  
Алланы һәм ойласын.  
Өз бойынан шарифат  
Зандарын ол жоймасын.  
Мұсылман барша жұртқа ол  
Басшылық етсін әділ боп.  
Ел басына күн туса,  
Ел бастасын батыл боп.  
Фақырларды аясын  
Түсірмесін саясын –

деп жырлады.

Ақынның айтар ойы белгілі. Елдің басшысының әділ болуын талап етеді. Мұндай елдің әділ әкімдері жайлы пікірлер орта ғасырларда өмір сүрген атақты ақын-ойшылдардың шығармаларында да кездеседі.

“Пайғамбар қоғамдық тұрмыстың молшылыққа жетісуі адамдардың қайырқом, әділ, ақылды, әдепті,



төртінші болуымен тығыз байланысты деп ойлады. Адамдағы мұндай мінез-құлықтардың тұрақты талап етілуі, ел арасында сақталып тұруы халықтың үстіндегі басшыларына байланысты, адамдардың тәртібін жолға салып отыратын көшбасшы деп есептеген. Осы себепті пайғамбар алайхиссалам халық басшысының жақсы адамнан болуын, ақылдасып қойылуын маңызды іс деп қараған. “Кімде-кім адамдар арасында әкімшілікке лайық, Алла риза болатын адам бар бола тұрып, басқасын сайласа – Аллаға рәсуліге және барлық мүміндерге қиянат қылған болады”. Сондықтан басшылық етуге ұқыбы бар, талапкер, дұрыс төрелік стуші, ел ішінде өзара жақсы мәмілеге келетін, қарым-қатынас жасауды орната алатын, сөзімен елді тоқтатушы адамдарды халыққа әкім етіп қоюы қажет деп есептеді” /112/.

Мұнда ақын “ілім-білімнің бәрі діни орталық - мешітте” деген қорытындыға келеді. Жырдың ортасында не үшін араб сөздері “Табарак уа тағаланы” қолданғанын сезуге болады. Ақын Алланы мадақтаған Мұхаммед пайғамбарды жырға қосу арқылы, барша мұсылмандарға өсиет айту арқылы өзінің жырын көңілге қонымды етіп жаратуға тырысады:

Мұхаммед – біздің піріміз,  
Пенденің біз де біріміз.  
Алланың асыл нұрымен,  
Бұл дүниеде тіріміз.  
Бұл дүниеде тыңдасаң,  
Алласыз біз өліміз...

Ақын: “Мұсылманның тағдыры тек Алланың қолында” деген пікір өрбітеді. Ал сол Алланы мадақтаушы, Алланың жіберген елшісі Мұхаммедті – біздің, барша мұсылман қауымының пірі” деп бағалайды.

Белгілі ғалым, профессор Өсербай Әлеуов “Мұхаммед алай-хиссалам хадистерінің бірінде мынадай деген: “Қиямет күнінде Алла айтады: Әй, адам баласы, ауру болдым, келіп көрмедің. – Я, рабби

сені қалай көремін, ақыры сен бүкіл әлемнің жаратушысы болсаң”. Алла айтады: “Білмедің бе, пәленше деген пендем ауру болды, барып көрмедің. Егер барғаныңда оның жанынан мені табатын едің. – Әй, адам баласы, тамақ сұрадым, сен бермедің. – Я, Алла, сені қалай тамақтандырамын, ақыры сен бүкіл әлем иесі болсаң! Алла айтты, білмедің бе, пәлен пендем сенен тамақ сұрады, бермедің. Егер оны тамақтандырғанда есесін (сыйын) менен алатын едің” – деп Құдай барлық жерде адамдардың жақсы, жаман істерін көріп тұрады. Сондықтан мүмкіндігі бар бола тұрып, адамдарға жақсылық, қайыр-сауап істемеу Құдайды ренжітуге алып келеді. Мүмкіндігі табылса, таныс болса да, бейтаныс болса да, адамдарға жақсылық ету ізгі іс, бұл Құдайдың шарапатының тиіп кетеріне себеп болады деп баяндаған. Осылай етіп Мұхаммед ибн Абдулла (Мұхаммед пайғамбар – М.Ә.) барлық орында Құдай және оның періштелері пенделерді көріп, бақылап тұр деп түсіндіру арқылы адамдарды үздіксіз өзін ұнамды, жағымды мінез-құлықта ұстап жүруге өрекет ету қажеттігін нысана етіп алған /113/.

## ЕКІНШІ ТАРАУ

### АҚЫН-ЖЫРАУЛАР ПОЭЗИЯСЫНДА СОПЫЛЫҚ ҺӘМ ДҮНИЯУИ ТАНЫМ МӘСЕЛЛЕЛЕРІ ...

Профессор М. Мырзахметов Түркістан өлкесіндегі пайда болған сопылық ілім жөнінде былай дейді: «... Сопылық ілім негізіндегі дүниетаным Түркістан өлкесінде IX-XIII - ғасырлар аралығында жанданып, кең өріс ала бастағаны байқалады. Ал оның арғы түп-төркініне ой жүгіртсек Вайз Кашфидің «Футувватнамай Султания» еңбегінің хабарлауына, тақуалық бағыты Шиш пайғамбардан бері келе жатқан рухани құбылыс сияқты. Насафидің «Қожа Ахмет Ясауи» еңбегінде (Ташкент, 1993-жыл): «... сопылық ағым, дәруіштер пайғамбар заманында-ақ өмірге келген, /114/ деген пікірді айтады. Осы оң пікірдің сілемі, тіпті қазақ ақыны Әбубәкір Кердерінің қалың қауым арасында кең таралған - өлеңдерінің бірінде:

Сопылық деген ауыр жол,

Ұстап жүрсең тәуір жол.

Қазіреті Расул шағында

Талай сопы болыпты, - деп айтуына қарағанда Ясауи хикметінде айтылатын Пайғамбардағ мұра боп келе жатыр дәруіштер (84-бет) — дейтін пікірімен сабақтасып жатқан, бүкіл түрік халықтары арасында танымалы шындық болғаны аңғарылады...»/115/.

Діни-ағартушы ақын-жыраулар поэзиясында діни-танымдық көзқарастардың бой көрсетуі, терең жырлануы табиғи құбылыс. Діни сауаты мол ақын-жыраулар өлең-жыр, терме-толғауларында Ислам дінін кең насихаттайды.

Ғалымдар Т. Ізімбетов пен Г. Ізімбетовалар: «...“Дін” термині араб тілінде “ад-дин”, сөзбе-сөз “салт-дәстүр”, “құрмет-ізет” деген мағынаны білдіреді. Құранда “дін” сөзі жүз реттен көп әр түрлі мағынада кездеседі - “қиямет күні”, “жеке адамның сенімі” және т.б. Олардың негізгі мағынасы — тек ғана жалғыз Аллаға

сиыну, оның шексіз әміріне міндетті түрде бойсуну дегенді аңдатады.

Дінтану ғылымының түсіндіруі бойынша кең мәнінде дін - қоғамдық сананың бір формасы болып, адамдардың өзін қоршаған дүниеге қозғарасы, олардың еркінен тысқарыда жасайтын, сонымен бірге әр бір адамның және бүкіл адамзаттың тағдырын белгілейтін ерекше кереметке ие руханилық күшке — бір құдайға (монотеизм бойынша, “моно” — бір, “теос” - құдай), немесе көп құдайлар мен рухани күштерге (политеизм бойынша, “поли” —көп, “теос”- құдай) СИЫНУШЫЛЫҚ. сондай-ақ, дүниеде көзге көрінбейтін көп түрлі рухтардың - үр, періштелер, жын, шайтан, пері, әруақ және тағы басқалардың адамға пайдалы немесе зиянды әсер ететініне сенім болып та табылады.

Әлем мұсылмандары тәжім ететін ұлы ғалым Имам-әл-Бұхаридің жинаған хадистегі келтірілген анықтамасы бойынша ал-Дин сенімнің (ал-иман), діни міндеттерді бұлжытпай орындаудың (ал-ислам) және ақ, адал көңілден сенімді жетістіріп, толықтырып баруының (ал-ихсан) біртұтас жиындысы болып табылады.

Дінге берілген бұл анықтама бүкіл ислам дүниесіндегі ең жетік ғұлама-ғалымдар тарапынан мойындалып, кең түрде қабылданған...» /116/.

Профессор Н. Келімбетов: «... Көшпелі түріктер арасында ислам дінін зорлап тарату VIII -ғасырда-ақ басталғаны мәлім. Ал, соған қарамастан Қазақстан территориясын мекен еткен тайпалар мен халықтар арасында Көкті (Төңір), күнді, отты құдай тұтып, табиғат құбылыстарына сыйыну X-XII ғасырларда да кеңінен орын алып келді... Әйтсе де ислам дінінің халық арасында кеңінен тарауы бәрінен де гөрі феодал ақсүйектерге мейлінше тиімді еді. Олар арабтар әкелген жаңа дінді халықты бұрынғыдан да қатал түрде қанай түсу үшін идеологиялық құрал ретінде пайдаланып қалғысы келді...

Ислам дінінің көбірек тараған жері Орта Азия мен Қазақстанның оңтүстік аймақтары болды. Мұнда X-XII

ғасырларда мұсылман дінінің суфизм немесе сопылық деп аталатын мистикалық ағымы тараған еді. Бұл діни ағымның мақсаты – төзімділік пен аскетизмді уағыздау, халықты бұл дүниенің қызық рахатынан бездіріп, жұмақтағы “мәңгі өмірге” өзіндікке шақыру болды...» – деп жазды /117/.

Ал белгілі ғалым Б.С. Тасымов араб тілі жөнінде: «... Араб тілі орта ғасырларда Үндістан мен Атлант мұхиты аралығында өмір сүрген халықтар арасында кең қанат жайған. Өйткені ХХ ғасырдың ортасынан бастап Ислам дінінің тарауына байланысты араб тілінің рөлі де бірте-бірте күшейе түседі. Әсіресе, араб мәдениетінің қайта өрлеу дәуірі тұсында оқу, білім, әдебиет пен мәдениет, сәулет өнері айрықша дамыды. Тіл білімі, тарих, география, математика, астрономия, медицина секілді ғылым салалары бойынша гуманизм идеяларына толы көптеген еңбектер дүниеге келді...» – деп жазды /118/.

Е.Э. Бертельс «Сопылық әдебиетті үйренбей тұрып, орта ғасырлық мұсылман Шығысының мәдени тұрмысын дұрыс түсіну мүмкін емес. Оның классиктері көп ғана Шығыс халықтары әдебиеттеріне дәл ХХ ғасырдың бастарына дейін әсер етіп келді. Бұл жағдай сопылық әдебиетке үлкен жауапкершілікпен қарауды талап етеді, қала берсе мұсылман Шығысының авторларынан бірен-сараңы болмаса, қалғандарының бәрі сопылықпен байланысты, демек сопылық әдебиетті білмей тұрып, оларды түсіну мүмкін емес...» деп жазған еді /119/.

Сопылық әдебиет туралы, оның поэзиясы туралы көптеген ғалымдар зерттеулер жүргізіп, ғылыми тұжырымдар жасады. Олардың ғылыми еңбектері, айтқан пікірлері әдебиеттану ғылымынан терең орын алды десек, сол сопылық әдебиетті дамытушылар жөнінде қазір де ғылыми еңбектер пайда болып жатыр. Оған ғалымдардан М.Мырзахметовты, Қ.Жәрімбетовты т.б. атап айтуға болады.

Филология ғылымының кандидаты Қ. Жәрімбетов: «...Сопылық тәлім ислам дінінің ішіндегі үлкен бір ағым болып есептеледі. Оның ортаға қойған басты мәселесі – адам және оның Аллаға бойсұнуы. Сопылық жолға түскендердің бас мақсаты – рухани және жисмани тазалану, пәк болу арқылы, рух пен денені бір-біріне сәйкестендіру арқылы адал адам дәрежесіне көтерілу және ең соңында егер несіп етсе, Алланың (хақтың) дидарын көру бақытына ие болмақ...» деп жазды /120/.

Ғалым Қ. Жәрімбетов: «...сопылықтың жолын ұстанған көп ғана ғашықтар хақ сүйіспеншілігінде күйіп жанған. Шайық Нәжіматдин Кубра (1145-1221), Шибли-ғашық (АбуБакр аш-Шибли) (861-945), Қожа Ахмет Иассауи (1105-1166), Хакім Ата (Сүлеймен Бақырғани, ХІІ ғасыр). Сопы Алияр (ХVІІ ғасыр), Диуанайы Машреп (Бабарахым Машреп) (1657-1711) т.б. хақ дидарына ғашық болып өткені, өмірлерін хақ сүйіспеншілігіне бағыштаған ұлы шайықтар. Сопылық тағылымды өзіне сіңірген кей ғана парсы-тәжік түркі шайырлар хақ сүйіспеншілігін өмір бойы жырлап өткен. Олардың бір қатары (Ахмет Иассауи, Сүлеймен Бақырғани, Сопы Алияр) хақ сүйіспеншілігін тура мағынада, яғни тікелей құданың өз атымен жырлады. Мәселен:

Ошиқларни куп куйдирган хақ дидори,  
Онин учун тинмай иглаб қилур зори.  
Очиқлорни етти кукка етар охи,  
Оллах деса яксан булур хар гунохи.

Ал екіншілері құда ышқысын дүнияуи түсінікгер және образдар арқылы тәмсілдеп береді. Жәми, Науайы, Машреп т.б. шайырлар құда ышқысын әйелге болған дүнияуи ышқы түрінде астарлап береді.

Аллаға болған ынтықтық-махаббатты тәмсілмен және ремзи образдармен түрлендіріп беру орта ғасырлық араб, парсы-тәжік, түркі (ескі өзбек) поэзиясында кең таралған әдеби дәстүр болған. Шайырлар нәзік әйел суретіне табынып, сол арқылы

Құдаға болған махаббатын, жар сағынышы арқылы  
Аллаға болған шексіз ықласын білдіре берген. Мәселен:

Қачон қуарармон ерим юзини,  
Қалом қошини, шахло кузини...

Бұл жерде сопы шайыр Машреп жар  
сағынышын жырлау арқылы хаққа болған шексіз  
ықласын білдіреді...» /121/.

Соңғы кездері қазақ әдебиетіндегі діни-сопылық  
ағым туралы, сопылық, діни-ағартушылық поэзияның  
өкілдері жайлы ғылыми еңбектер жарық көре бастады.

Ислам Жеменей өзінің “сопы ақындар” деген  
еңбегінде былай жазады: “... Қазақ әдебиетінде сопылық  
поэзияны зерттеудің біздің қазақ әдебиеттану ғылымы  
үшін үлкен мәні бар. Алайда ұзақ уақыт қазақ  
топырағында сопылық поэзияны тереңдей тексеруге  
тұсау салынып, жабулы қазан жабулы күйінде қалды.  
Соңғы уақытта ғана Иассауи бабамыздың мұраларын  
танып-білуге бет қойдық. Десек те Иассауи, Сопы  
Аллаяр, Бақырғани тәрізді ақындардың поэзиялық  
туындыларын бойлап зерттеуге исламиетке,  
сопылықтың қыр-сырына дендей алмауымыз қол байлау  
болуда...”

... Сопы ақындарда Күран, Хадис арқылы  
орныққан тіркес, ұғымдар шаш етекпен. Қожа Ахметте:  
“Фардус” атты жәннаттан хабар келді” – деген жол бар.  
Фардус Хафизде де кездеседі:

Кәср-е Фердус ке резвонаш бе дәрбани рәфт,  
Мәнзәри өз чөман назһәт-е дәрвишан әст...”

Фардус-жұмақ сарайы. Хафиз дәруіштердің таза ақ  
пейілін көңілді ортасын Фардусқа балап отыр.

Сопылық дәстүрмен Хафиз ғашық жүрегін  
көбелек пен шамға теңейді, көбелекте көз жоқ, өзі келіп  
шамға ұрынып, күйіп өледі, ақын да сондай,  
ғашықтықтан көзсіз күйіп елуге де дайын. Көбелек пен  
ғашық баламаларын Иассауи бабамыз да қолданған:

От іздеген көбелек шәкірт болдым,  
Шоқ болып күйіп жанып ұштым міне.

Хикметте сопылық дәстүрдің иісі аңқиды. Аллаға ғашық  
шәкірт көңілі отқа күйген көбелекке салыстырылады.

Сопылық поэзиядағы дәстүрлік нақыш Шәкәрім  
өлеңдерінде жалғастық табалы:

Сорлы бұлбұл жазға асық боп,  
Нұрлы гүлге айтты зар.  
Көбелек те шамды алам деп,  
Отқа түсті боп құмар... /122/.

М.Марзахметұлы Шәкәрімнің сопылыққа  
қатысын талдай келіп, мындай түйін жасайды:

“Шәкәрім сопылық поэзияның көркемдік  
атрибуттарын өз поэзиясында жаңғыртса, соны мағына  
беріп пайдаланудан ұтпаса ұтылмаған. Өйткені сол  
тұстағы ұрпақ санасында ұялаған сопылық поэзияның  
оқырмандары бар еді...” /123/.

Сопылық әдебиет еркендесе сопылық ілім  
еркендейді. Сопылық әдебиет пен сопылық ілім бір  
бірімен тығыз байланысты болатын болса діни  
ағартушылық ағым қайсы халықта болса да болуы  
табиғи заңдылық. Осы тұрғыдан қарағанда “Дәуқара”,  
“Көк-өзек”, “Күйік қала” және “Жаман қала” елді  
мекендерінде пайда болған діни-ағартушылық ағым  
сопылық ілім мен сопылық әдебиеттің қатар  
өркендеуінен пайда болды. Сопылық ілім халық  
арасындағы діни мешіт-медреселердің өсерінен дамыса,  
сопылық әдебиет те осы мешіт-медреселердегі ілімнің  
өркендеуінен пайда болды. Сопылық әдебиетті  
өркендетушілердің алдыңғы сапында діни-ағартушылар,  
атап айтқанда, сопылар, ишандар мен ахундар, халық  
ақындары мен жыраулары болды.

“Қамысты” мешіт-медресесінің мударисі, атақты  
діни-ағартушы ишан әрі ақын Әйімбет Қаймақбайұлы  
сопылық әдебиетті еркендетуде басты тұлға болды. Ол  
Қожа Ахмет Иассауидің хикметтерін жатқа білген,  
шәкірттеріне Иассауи шығармаларын сабақ ретінде  
өткен. Әйімбет Қаймақбайұлы медреседе Жүсіп  
Баласағұнның, Ахмет Жүйнекидің әйгілі шығармаларын

да сабақ ретінде өткен. Өзі де Қожа Ахмет Иассауиге еліктеп хикметтер жазған.

Бердақ атындағы карақалпақ мемлекеттік университетінің доценті тарих ғылымының кандидаты Камалатдин Молдахметов Әйімбет ишан туралы былай деп жазады: "... Жиенғали ахун туралы сөз болғанда оның қоғам алдындағы қызметін ескеріп, әділ бағасын беруге тиістіміз. Оның "Дәуқара" бблысына қарасты "Қамысты" мешіт-медресесінің мүдарисі, сол төңіректе жазба, сопылық әдебиетті өркендетуге салмақты үлес қосқан, діни-ағартушылық тақырыбында өлеңдер, хикметтер жазған Әйімбет ишан Қаймақбайұлымен қарым-қатнасы, достығы жайындағы әңгімелер бір төбе..."

Белгілі әдебиетші -ғалым, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты Мекемтас Мырзахметұлы: "...Сопылық ілім негізіндегі дүниетаным Түркістан өлкесінде ІХ-ХІІІ ғасырлар аралығында жанданып, кең өріс ала бастағаны байқалады..." деп жазады /124/.

Ақындардың бірін бірі ұстаз тұтып, бірінен бірі үйренуі, бірінің ойымен бірінің ойының үндесіп, үйлесіп тұруы дәстүрлі, табиғи заңдылық. Иассауи хикметтерінен Әйімбет ақын да, Өгім, Мыңбай, Ұлжан ақындар да үлгі - өнеге алған.

М. Мырзахметұлы осы еңбегінде былай деп жазады: "Иассауидың мұра тұтып, дәстүрлік жалғастық тауып, Иассауилік ілімнің негізін салуда "Құтадғу білік" тің өзіндік орыны да болған. Өйткені "Құтадғу білік" тегі сопылық танымның көріністері Иассауи жазған "Диуани хикметтегі" ой-пікірлермен сабақтасып жатуы көп нәрседен хабар бергендей..." /125/.

Сопылық әдебиетті дамытушы халық ақындары мен жыраулары діни ағартушылармен пікірлес болуы да заңдылық. Ақындар да, жыраулар да білімін жетілдіру үшін өздері жасап жатқан елді мекендердегі діни мешіт-медреселерде білімін жетілдірген. Дүниеге деген көзқарасы, соның ішінде діни көзқарастары өркендеген.

"Қамысты" мешітінің мүдарисі Әйімбет өзінің мешітінде оқып білім алған шәкірттері Өтімнің, Мыңбайдың, Ұлжанның сопылық дүниетанымын арттырады...

Діни ағартушы, ғұлама, белгілі ақын Әйімбет ишан Қаймақбайұлы шәкірттеріне діни дәріс бере жүріп, сопылық бағытта өлеңдер де жазған. Ақындық дарыны бар Әйімбет өз өлеңдерінде жастарға адал, әдепті болуды, өз халқын қалтқысыз сүйіп, қызмет етуді, адал еңбек етуді, жетім-жесірлерге қамқорлық жасауды, мұсылмандық шарттарды орындай жүруді уағыздайды. Ол көрнекті ақын Қожа Ахмет Иассауидың хикметтерін жатқа білген. Бұл жөнінде 1923-29 жылдары "Қамысты" мешітінде білім алған Пірімбай Шәйімбетұлы былай деп еске түсіреді: "Әйімбет ишан Қожа Ахмет Иассауидың хикметтерін жатқа білетін еді. Шығыс халқының мақтанышы болған Әл-Фарабидің ғылыми еңбектерін шәкірттеріне үйрететін..." /126/.

Діни-ағартушы ақын Әйімбет Қожа Ахмет Иассауидың "Диуани хикмет" ("Даналық кітабы") кітабын жан-тәнімен сүйген. Оның: "Дәптер сөнін" оқып көзім ашылды..." деп жырлауының мәні де сол. Иассауи хикметтеріне еліктеп хикметтер жазуға ұмтылуы да Аллаға жан-тәнімен берілгендік.

"...Диуани хикмет" кітабында діни имандылықты, жан тазалығын, ізгілікті үлгі етеді. Даналық ойлары Баласағұ, Абай, Шәкәріммен жалғасып, тамырласып жатады. Иассауи бұл кітабын "Дәптер сөні" ("Екінші дәптер") деп атаған. Оның себебі анық емес. Кей зерттеушілер бұған қарап, бірінші кітабын іздесе, кейде діни мағынасына назар аударылады. Діни ұғым бойынша, адамның қиямет күнінде жауап беруі бірінші дәптер болса, тірлікте ар-иман алдында жауап беруі екінші дәптер деп есептелінген.

...Сопылық поэзиядағы сүю – Жаратушыны тану жолындағы жанның ізденіс әрекеті. Сопылық поэзияның атақты өкілдері: Руми, Низами, Сагдилер түркі әдебиетінде Иассауи, Хорезми, Сарайлар.

Халуатты мекен етіп, жалғыз өмір сүрудің өзі жан тазалығын іздеуден туған.

Сопылық поэзияның үрдісімен Иассауи да Аллианы сүю, жаратушыға іңкөрлік мағынасында ғашықтық жайында көп айтады. Алланың елшісі Мұхаммед пайғамбар мен оның төрт сахабасын мадақтауға да біраз орын берілген. Мұхаммед пайғамбардың жастай жетім қалғандығы, Өбүгәліп бабасының тәрбиесін алып өскені, Хадиша анамызға қалай үйленгені, пайғамбарлықтың келуі т.б. оқиғаларын баяндайды.

“Диуани” – жинақ, “хикмет” – Аллианың құдіреті, ақ жолы деген мағынаны білдіреді...” /127/.

Әйімбет те өз заманында әр түрлі тарихи-өлеуметтік жағдайларды басынан өткерді. Патшалы Ресейдің Хиуаны жаулап алуы, онан бұрын Хиуа ханының қарақалпақ және қазақ халықтарына қысымы, 1916-жылғы Патшалы Ресейдің отарлық саясатына қарсы ұлт-азаттық көтерілісі, 1917-жылғы ақпан, қазан төңкерістері, елдегі сонан соңғы қоғамдық-саяси өзгерістер, түрлі қозғалыстар мен соғыстар, Кеңес үкіметінің ұр да –жық саясаты, діни-ағартушылардың қуғын-сүргінгі ұшырауы, өзінің басына төнген қатер – мұның бәрі ақын жанына әсер етпей қоймады. Осы кезде оның көңілін қайғы–мұң басты. Иассауи хикметтеріне сүйенді. Бұл қайғы тек Әйімбет басындағы қайғы емес болатын. Бұл қайғы-қасірет бүкіл діни-ағартушылардың басындағы қайғы-қасірет болатын. Әйімбеттің: “...Мына дүниенің әділсіздігі жанымды қинады...” деп ах ұруы да сондықтан.

Ислам мәдениетінің қазақ жеріндегі ірі ошағы-Түркістан (Иасы) нан шыққан ақын, ойшыл, ұстаз, бүкіл түркі жұртына имандылық нұрын шашқан діни қайраткер, ағартушы, жаңа сопылық ағымның ғұламасы, пірі Қожа Ахмет Иассауиді пір тұтқан Әйімбет сөз жоқ қарақалпақ жеріндегі қазақ зиялыларының –діни-ағартушыларының қайраткері.

Ғалымдар К. Тәжікова, Ш. Шағатаевалар: “... Иассауи өз хикметтерінде сопылық дін ілімі туралы өте көп өрі шын беріле айтады, ол бұл шын мәніндегі білім деп айтады, ал сопылықтың барлық ұсақ - түйегін білмейтін адамды ол “надан”, түк білмейтін”, жалған сүюші”, жалған сопы” деп есептеді.

Менің асыл хикметімді жаны ауырмасқа айтпағын,

Баға жетпес інжуімді құнын білмеске сатпағын,- деп, бар жан дүниесімен сопылыққа берілген Иассауи, “егер мен басымнан айрылсам да, бұл жолдан маған жалт беру жоқ”, - дейді.

Ахмет Иассауи арқылы сопылық түркі тілдес халықтардың рухани танымында шешуші орын алды. Сопылық философиялық жүйе ретінде адамдардың дүние–танымының қалыптасуына үлкен ықпал жасады. Бұған дәлел Иассауиден кейінгі көптеген қазақ ақын, жырауларының шығармаларынан да сопылықтың тікелей әсерін байқаймыз...” /128/.

Иассауи хикметтерінің қазақ даласына, Аралдың оңтүстік-шығыс өңіріне таралуының да ислам мәдениетінің осы өңірлерде өркендеуіне әсер етті. Ғалым К. Тәжікова: “...Қазақстан мен Орта Азия халықтары арасында сопылықтыңкеңінен және табыспен таралуына мына жағдай да әсер етті. Ол өз ілімін жеңіл және түсінікті тілмен, әсем бояулы өлең, жырларымен баяндайды, сопылық идеяларды жергілікті салт жырларымен үйлестіре дәрiптeйдi.

Ахмет Иассауидің Орта Азия мен Қазақстанның түркі тілдес халықтары арасында зор беделге ие болуы Иассауидің ислам заңдарын Шығыс сопылық ілімдік пангейзммен және бақсылық жыры элементтерімен икемді үйлестіре алуынан еді...”/129/.

Әйімбет және оның шәкірттері Өтім, Мыңбай, Омар, Ұлжандар Иассауи хикметтерінен тәлім алған, және Иассауи ілімін жалғастырған тарихи тұрғалар болды.

Әйімбет ишанның алға қойған поэзиялық мақсаты – сопылық әдебиетті өркендету десек, ол бұл мақсатына жете білген ғажайып, дарынды ақындардың бірі деуге толық негіз бар. Мешіт – медресе мударисі, әрі діни ағартушы ақын өзінің барлық ғұмырын туған халқына Ислам дінін насихаттауға жұмсады.

“... Сопылық жол діни идеалдың көрінісі, соны іске асырудың тәсілі. Мұның арғы шығу тегі “Суфия” партиясы мен Ас-Сари-Ас-Сакати /ескі мата жинаушы деген ұғымда тобындағылар өз тұмысын тастап, дін шындығымен Аллаға деген тазалығын, махаббатын білдіру үшін, ел-жұрт, үй-ішін тастап, азап-қиыншылығы мол кезбелікті таңдап алады. Сол арқылы құдаймен табысуды мақсат етеді. Сопылықтың ірі өкілдерінің бірі -Әл-Жаһиз /255-896/: “Дін ақыны, ең алдымен, сопы болуы керек” – дей келіп, “Мен де өзгелер секілді айқай салушы едім, не қасида оқитын едім “-деген екен ...”/130/ деп жазады белгілі ғалым, филология ғылымының кандидаты Мұхамедрахым Жармұхамедұлы.

Әйімбет өзінің поэзиялық шығармаларында Қожа Ахмет Иассауиге еліктейді. Бұл табиғи құбылыс еді. Қожа Ахмет Иассауи:

... Бес жасымда шариғатқа белім будым,

Дін жолында ораза ұстап әдет қылдым.

Күндіз-түні зікір айтып тәуба қылдым,

Сол себептен алшыс үште кірдім жерге... –

деп жырласа, Әйімбетте оның күдіретті поэзиясынан шабыт іздеп, оған еліктейді.

XIX - ғасырда Сыр мен Арал өңірінде сопылық әдебиетті, қазақтың жазба әдебиетін өркендеткен ірі талант, қазақ әдебиетінің өкілі Ерімбет Көлдейбекұлының діни-ағартушылық шығармаларымен таныс, “Диуани хикметті” шәкірттеріне сабақ ретінде өткен діни ағартушы әрі діни ағартушы ақын Әйімбет шәкірттердің жүрегіне жол таба білуді мұсылманшылық парызым деп ұққан. “Диуани хикметтен” көп нәрсе үйренген.

“... “Диуани хикмет” бастан-аяқ ақыл-өсиет, үлгі-өнеге айтуға құрылған. Дін қағидалары мен жалпы адамгершілік, мейірім-шапағат, бауырмалдық мәселелерінің туған әдебиетімізде кең қанат жаюына осы “Диуани хикметтің” әсер-ықпалының мол болғаны даусыз. Ақын көшпелі, жартылай көшпелі қыпшақ, оғыздардың тұрмыс-тіршілігін, көзқарас-танымын ескере отырып, сол жұрттың өз тілінде төгілте жырлайды, араб тіліндегі құран мен шариғат заңдарын өлеңмен сипаттап береді...”/131/.

Иассауи хикметтерінен үлгі алған Әйімбет:

...Мұсылманшылық шарттарды аяқ асты еткен – адамның шайтаны,

Мүсәпірге зорлық көрсетіп, алдап – арбап оның көңілі жайнады.

Мұсылманның мүрдесін далаға тастады, шариғатқа қылыш сілтеді,

Осыларды көріп, көңілін қайғы басты, Әйімбеттің қаны қайнады...

Бұл сөз жоқ, ақынның Иассауи хикметтерінің Сыр өңірі мен Арал төңірегіне, бұл жерде жасап, өмір сүрген қазақ ақын-жырауларына тигізген әсері.

Кенес үкіметінің қуғын-сүргінінен азап-ақырет көрген ақынның жүрегінен жарып шыққан қасіреті. Кенес үкіметінің ұр да жық, саясатынан каншама момын-мұсылмандар о дүниелік болып кетті. Мұны ақын білмейді емес, біледі. Шолақ белсенділердің коммунистік идеологияға беріліп, өздеріне жау болуы, орыстандыру саясатының жалынына ұшыраған бақытсыз халқына ақынның жанашырлығы хикметтерін оқып отырсаң өзегінді өртейді:

... Мұсылманды мұсылман қинады, өлтірді, асты-шайтанның ісі,

Мұны көріп ғаріп бейшаралардың және Әйімбеттің көңілі істі.

Ей, Құл Қожа Ахмет, сен іздеген адалдық, пәктік табылмай қойды,

Бұл қайғы-қасірет ұрпақтарыңның басына қара  
бұлт болып түсті...

Әйімбет өз өлеңдерінде тарих сахнасында жарқ  
етіп көрінген діни-ағартушыларды да өзек етіп алады.  
XV ғасырда ежелгі Жент қаласында өмір сүрген әйгілі  
діни-ағартушы Молла Ахмет жайлы былай деп қалам  
тербейді:

... Молла Ахмед әл-Женди  
Мұсылманның баласы...  
Оқып қайта көр енді  
“Құран” — діннің анасы...

Әйімбет Қаймақбайұлы «Құранды» діннің анасына  
теңеген. Мұндай салықалы пікір айтқан діни —  
ағартушы ақынның поэзиялық шығармаларын зерттеп,  
ғылыми тұжырымдама жасау — дәуір талап еткен өте  
маңызды іс болмақ. Молла Ахмет жайлы толық білетін  
Әйімбет дінді ғылымға /ілімге, М.Ә./ теңейді:

... Дін ғылымын үйренің,  
Бұрып тұрсын бүйрегің,  
Ерінбедім, жастарды,  
Осы ілімге сүйредім...

Ақынның озық ойы осындай.

Оның дүниеге деген көзқарасы, соның ішінде  
ислам дініне деген көзқарасы өз замандастары арасында  
ерекшеленіп тұр. Ақын мұндай салықалы ойымен  
кемеңгер ойшыл Қожа Ахмет поэзиясына азаматтық үн  
қосады. Иассауи:

... Есіме түсіп жанымдай сүйген Мұхаммед,  
Сенің жолыңа пида болам, Мұхаммед.  
Үмбет болған «Хамду санаң ны жатқа айтар,

Иә, Алла, жарылқай гөр, Мұхаммед.../132/ - деп  
жырласа Әйімбет те жастарды ислам дінінің қасиетті  
қағидаларына адал болуды насихаттайды.

Діни-сопылық әдебиеттен хабары мол діни  
ағартушы ақын Әйімбет ислам дінінің жүйесі қалыптаса  
бастаған кезде пайда болған діни әдебиеттің түрі  
«Ақидаңы» жырлаған:

... «Ақида» ны оқысаң

Оянар балам, сезімің,  
Ойлап оны оқырсың  
Өркендеген өзі ілім ...

Әйімбет ақын балаларына “Ақида” ны оқы деп  
өсиет еткені көп нәрсені аңғартады. Діни әдебиеттің  
түрі “Ақида” сол кезде исламды танушы бұқараға  
қажетті құрал болған. Ақын өз өлеңдерінде діни -  
танымдық көзқарастарды үлкен көрегендікпен дамыта  
білген. Жастарға “діни ілімге тереңдей бойла” деп өсиет  
айтады. “Ақида” ға “өркендеген ілім” деген баға береді.  
“Ақида” — діни әдебиет болғанымен оны ілімге де  
теңейді.

Ақын “Нигмет істе пендеге” деген өлеңінде:

..Нигмет істе пендеге,  
Мұсылмандық парызың,  
Аллаға сиын әр күні  
Мойнындағы қарызың, -

дейді. Нигмет — арабша сөз, қазақша мағынасы -  
қайырымдылық. Адам баласына қайырымдылық жаса  
деп өсиет айтады. “Аллаға сиыну, адамдарға  
қайырымдылық жасау - пенде ретінде мойнындағы  
қарызың” деген пікір өрбітеді.

Бүкіл түркі халқы қасиет көріп, пір тұтатын  
Қожа Ахмет Иассауидың артына қалдырған баға жетпес  
асыл мұрасы “Диуани хикмет” деп аталады. Бұл еңбекті  
ақынның өзі “Дәптер сәниі” деп атаған.

“...Дәптер сәниін” оқып көзім ашылды,  
Өрепкіген көңілім демде-ақ басылды.  
Түркістаннан жетті, зердемді ашты,  
Қадірлеп, қастерлеп сақтадым асылды... —

дейді ақын әйгілі “Дәптер сәниі” туралы. “Дәптер  
сәниін” оқып көзім ашылды” деп ағынан жарылған  
ақын Иассауи шығармаларынан нәр алған. Ақынның  
айтуынша “Дәптер сәниін” ол Түркістаннан алдырған.

Ақын өз өлеңінде жастарға, бүкіл мұсылман  
баласына “Дінсіздерден қашыңдар, қасиетті құранды  
қастерленіз, арамдықтан сақ бол, адал бол” — деп өсиет  
айтады:



... Жаһилдерден қашыңыз,  
Құранға бас иіңіз.  
Фитналықтан аман бол,  
Таза болсын үйіңіз...

Бұл өлең шумағында “жаһил” сөзі арабша, оның қазақша мағынасы – дінсіз деген сөз. Ал “фитна” – арам деген сөз, бұл араб сөзі.

Ақын өзінің “Бір құдайға таухид қылдым” деген өлеңінде:

Бір құдайға таухид қылдым,  
Қожа Ахметі тақлид қылдым.  
Хикметтерін таусиф қылдым,  
Бір Аллаға тасбих қылдым... –

дейді. Өлеңдегі “таухид”, “тақлид”, таусиф”, “тасбих” деген сөздер араб сөздері. Бұл сөздердің қазақша мағынасы – “таухид” - құдайға сенушілік, “тақлид” – жолын қуу, немесе жолына түсу, “таусиф” – мақтау, “тасбих” – сиыну, жалбарыну. Алланың затына, сипатына, ісіне шын көңілмен сенетінін білдіру, “Сұбхан Алла”. Ақын бұл өлең шумағында “бір Құдайға сенемін”, “жолын қуамын, жолымен жүремін”, “сол күдіретті Құдайды мақтаймын, сол Құдайға сиынамын, жалбарынамын” дейді.

Әйімбеттің мұндай поэзиялық пікірі Мұхаммед пайғамбардың: “Алла тағала былай деп айтқан: Пендем, мені ойлаған кезінде мен (оның жанында) дайын тұрамын. Қалағанынша ойлай берсін...” – деген пікірімен үндеседі.

Мұхаммед адамдарды Құдайға сенуге, оған күмәнданып қарамауға өсиеттер айта отырып, әр бір пенде жаратушы Алланы өзіне пана, қамқоршы етіп есептеуі, өзін жалғызбын деп сезбеуі, жалғыздықта қалғанда жанымда жаратқан пәруардіғар бар деп ойлауы, бір іске кірісерде жалғыз өзім деп емес, ал Құдайға сиынып, оныменен біргемін, мені қолдап қуаттайды деп қуат тілеп ұмтылуы керек. Аллаға сенім адамның рухын бай, көңілін тоқ етеді деп түсіндіреді.

...Жаратқан пәруардіғар Мұхаммедке пайғамбарлық міндеттерді үйретеді. Адамдарды мұсылман етіп қалыптастырудағы негізгі тәрбие мазмұнын, алдына қоятын мақсатын, міндетін түсіндіріп, оны өз рухымен жігерлендірген.

Әйімбеттің жыр жолдары да осы Алланы өлемге насихаттау, оны бәрінен биік қою көзқарасымен жырланады.

Ақын өзінің піріне, көсеміне: “Мені қолда” – деп жалбарынады, оның пірі де, көсемі де бір Алла. Ақын:

... Ей, Пірмұхан, мені қолда,  
Пендең мынау, сират жолда,  
Ей, Пірмұхан, мені қолда,  
Дінсіздерді қират жолда... –

дейді.

Әйімбет ислам дінін қолдамайтындарға қарсы болған. “Адам баласы, мұсылман баласы тура жолмен, құдайдың тура жолымен жүруі қажет” деген келелі ой айтады. “Ей, Пірмұхан, мені қолда” деген өлеңі дидактикалық өлең - жырларға қосылған сопылық әдебиеттің қарапайым үлгісі.

Ақын жастарға “Оқы, үйрен, еңбек ет” деген өлеңінде оқудың еңбек екенін жастар санасына құя түседі. “Оқып білімді болсаң, өз заманыңның үні боласын, Алланың құлы болсаң халықтың қамын ойла” дейді:

... Оқы, үйрен, еңбек ет,  
Дәуіріңнің үнісің.  
Халықтың қамын ойлағын,  
Алланың сен де құлысың...

Әйімбет ақынның өз өлеңдеріне араб сөздерін қосып жазуы табиғи процесс. Себебі ол араб-парсы әдебиеттерін оқып, сауатын тереңдеткен үлкен оқымысты. Шығыс поэзиясының небір сүлейлерінің шығармаларын көңіліне тоқыған жан. “Ұял сен” деген өлеңін оқып көрейік:

..Ақ тағала алдында журум қылма, ұял сен,  
Жаббар құдай алдында ұрлық қылма, ұял сен.

Дагифларды қорқытып пұл жинама, үял сен,  
Пенделерді жылатып, құл жинама, үял сен...

Үяғни ақын: “Алла алдында күнәлі болма, қылмыс істеме, құдай алдында ұрлық қылма, әлсіз адамдарды қорқытпа...” дейді. Бұл өленде де “журум”, “Жаббар”, “дагиф”, сөздері қолданған. “Журум” – “күнә, қылмыс”, “Жаббар” – “Алланың сипаты, Жаббар - Құдай”, “дагиф” – “әлсіз, қуатсыз, күші жоқ” деген мағынаны білдіретін араб сөздері.

Ақын “Адамды күндеу – іфлас іс” деген өлеңінде де адамилық тұрғыдан көрнекті пікір өрбітеді:

...Адамды күндеу – іфлас іс,  
Оған көңіл қоймаңыз.  
Молшылық үшін бастап іс,  
Ел – жұртыңды ойлаңыз... –

дейді

“Адам бойындағы асыл қасиеттерді мойындамау, ол адамның сыртынап өсек сөз таратуды ақын іфлас іске жатқарады. “Ондай жаман әдеттен жиіркеніңіз, оған көңіл қоймаңыз” – дейді. “Барлық уақытта ел-жұртыңды ойлап, елдің молшылығы үшін күресіңіз” деген ғибраты мол өсиет айтады.

Ақын халықтың қамын ойлайды. Халықтың қамын жеп, халық мүддесі үшін күресетін асыл жандардың адамгершілік мәртебесін биікке көтереді. Ондай адамгершілігі мол, мөмін адамдарды күндемеңіздер” деген салиқалы пікір өрбітеді. Ал Қожа Ахмет Иассауи:

811. ... Өткен істер жанымды езді қаным қайнап,
812. Қасиетті жерде қасиетсіз жүр көңілі жайнап.
813. Аят, хадис қанша айтсам құлаққа алмас,
814. Көкірегім қам-қайғыға толды міне... –

деп жырласа, Әйімбет:

... Діннен безгендер дінімді бұзды,  
Аппақ көңлім қайғыға толды.  
Мешітті ойрандап белсенді кетті,  
Мұсылманды осылай бұзатын болды... –

деп өз ойын Иассауимен байланыстыра білді. Діни ағартушы ақын Кеңес үкіметінің озбырлық өрекеттерін батыл сынады. Шолақ белсенділердің тайыз ойына қарсы болды, олармен поэзияның құдіретті үнімен күресті.

Міне, ақын Әйімбет өз шығармаларында сопылық әдебиеттің ірі өкілі Қожа Ахмет Иассауи поэзиясындағы діни – сопылық ағымнан осылай үлгі алып, өз пікірлерін осылай қалыптастырған.

Әйімбет ақын өзінің “Мен де бір Алланың атын айтып өлемін” деген өлеңінде:

... Мен де бір Алланың атын айтып өлемін,  
Құдайсыздарға қарғысымды шын көңіліммен беремін.

Мынау дүниенің әділсіздігі жанымды қинады,  
Қожа Ахмет Иассауидей мен де жерге кіремін... –  
дейді. Бұл сопы ақынды қайталау емес, оны ұстаз тұтып, ұстазын құрметтеу, ұстазы жүрген жолмен жүру. Ұстазына сиынып оны пір тұту деген сөз.

Иассауи 18-ші хикметінде:

915. Зұлымдар тозақ ішінде күйіп жаңғай,
916. Иманы бар қалыс болып қайта шыққай.
917. Имансыздар мәңгі бақи күйіп жаңғай,
918. Бір алладан иман тілеп жүрдім міне... –

дейді.

Әйімбет сөз жоқ Иассауи хикметтерінен ғибрат алып отырған.

Белгілі әдебиетші - ғалым, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты Мекемтас Мырзахметұлы “Түркістанда туған ойлар” атты ғылыми еңбегінде Әйімбет ишан Қаймақбайұлы туралы былай деп жазады: “Қамысты” деген жерге Әйімбет салдырған мешітке Яссауи хикметтері оқытылып, кең көлемде насихатталып отырған ...”/133/.

Әйімбет иман шарттарын өлең-жырмен жазуға ұмтылған. Өлеңдері жеңіл оқылады. Ақын жырларын домбырамен жырлауға қолайластырып жазған болуы ғажап емес. Құран Әліппесін және Иманның

шарттарынан үзінді келтіріп, оны Әйімбет жырларымен салыстырып көрейік.

Иман шартта былай дейді:

С: Сені кім жаратты?

Ж: Сені, мені бүкіл әлемді Алла жаратты.

С: Пайғамбарың кім?

Ж: “Мұхаммед Мұстафа Саллалаху Ғалейхи Уассалам.”:

Таңдаулы Мұхаммед, Алла оған игілік, есендік берсін.

С: Дінің не?

Ж: Дінім ислам.

С: “Ислам” деп нені айтады?

Ж: Алла тағаланың бұйырғанын орындап, тыйғандарынан тыйылып бой ұсынуды айтады.

С: Ислам діні қалай орындалады?

Ж. Ислам діні негізгі бес нәрсемен орындалады.

С: Исламдағы ол негізгі бес нәрсе қайсы?

Ж. 1 – Иманды жақсы болу. 2 – Күнде бес уақыт намаз оқу. 3 – Рамазан айында ораза ұстау. 4 – Малы болса, зекет беру. 5 – Шамасы келсе, қажыға бару.

Әйімбет ишанның “Пайғамбарым – Мұхаммед” атты жырын оқимыз:

... Сені, мені, әлемді

Алла ғана жаратқан.

Бәрімізді Алладан

Өмірге осы таратқан.

Пайғамбарым – Мұхаммед,

Соның сөзін ұғам тек.

Алла оған игілік

Сонан соң тағы есендік

Берсін деп мен тілеймін...

Дінім – ислам, мақтанам,

Осыны ойлап шаттанам.

Алланың бұйрығын орындап,

Бойсұнамын өркез мен.

Ислам діні ойласаң

Зекет және қажылық,  
Бес парызың білсеңіз.  
Осыларды ұмытпа  
Тұрсын ойдан табылып,  
Мұсылманмын, десеңіз.  
Мұсылмандық білсеңіз –  
Қырық парыз бар екен.  
Сол парызды білмеген  
Жанның жолы тар екен...  
Арты терең шыңырау –  
Алды биік жар екен.  
Қырық парызды білмеген,  
Имандылық сүймеген  
Адам көңілі тар екен.  
Сол қырықтың бесеуі  
Исламда балам, тыңдасаң.  
Осыларды білетін  
Мөмінмен мен сырласам.  
Мөмінмен мен мұндасам.  
Иманда екен жетеуі,  
Терең ойлап көр енді,  
Мұсылмандық ерікті  
Санаңа қазір бер енді.  
Он екісі намазда  
Оны да көр ойланып.  
Қылма балам, өтінем  
Жаман ойға байланып.  
Ал үшеуі тұсылда  
Төмен ойға тұтылма.  
Ал төртеуі дәретте,  
Жаман ойға ұмтылма.  
Бямда екен төртеуі  
“Ілім маған керек” те.  
Ал біреуі ойласаң  
“Әмір мағруф” –  
“Наки мүнкер” де,  
Бұл ілімге бойласаң  
Ақылынды жоймасаң...

Тереңіне үңілсең  
Жаман ойдан түңілсең.  
Біреуі – хайыз, ніфаста  
Және ғылым іздеуде...  
... Иманда жеті парыз бар  
Білмеген мұны мұсылман  
Алла алдында қарыздар.  
Бірі – Аллаға сену ол  
Аллаға қуат беру ол.  
Екіншісі періштелерге  
Сену жаным құлақ сал.  
Сенбесең балам, межеңе  
Жете алмай жолда құлап қал.  
Үшіншісі – тыңдасаң  
Кітаптарына сену де.  
Кітабына ақылдың  
Терең бойлап ену де.  
Сонан соң балам, ойлансаң  
Пайғамбарларға сену де.  
Онан соң балам, құлақ сал,  
Ақырет күнге сену бар.  
Жақсылық әм жамандыққа  
Алладан деп сену бар.  
Өлгеннен соң тірілу –  
Бұған да бір сену бар.  
Парыздарға осындай  
Дұрыс оймен келу бар...  
... Намаздағы өн екі  
Парыз қайсы дейсің бе?  
Алтысы намаз тысында,  
Тыңда балам, қысынба.  
Алтысы намаз ішінде  
Мұсылманның шарттары  
Қазір балам, күшінде.  
Қырық парызды біліп ал  
Айтқанымға түсін де...

Ақынның дидактикалық жырлары көңілге де қонымды. Өзіндік әдіс ойлап, шариғат шарттарын

поэзия тілімен жеткеруге ұмтылады. «Мұсылмандықтың қырық парызын білмеген адамның арты терең шынырау, алды биік жар» дейді ақын. «Қырық парызды білмеген адамның көңілі тар, ол адамда имандылық қасиет болмайды» - дейді. Аллаға сену – мұсылмандықтың ақ туы» деген ұранды жоғары көтереді. Тіпті баласына айтады: «Аллаға сенбесең баратын белгілі межеңе жетпей ақ орта жолдан қайта ғой... - » дейді.

Ақын жоғарыда “хайыз”, “ніфас” деген екі сөзді қолданды. Бұл сөздер – “хайыз” сөзі әйелдердің етеккір келетін күндері де, “ніфас” әйелдер босанғаннан кейінгі күндерді айтады. Әйелдер бұл күндері намаз оқымайды, ораза ұстамайды. Құран ұстамайды, мешітке де кірмейді. Тауап етпейді және еріне де жақындаспайды. Бұлардың барлығы арам. Тазарғаннан кейін екі жағдайда ғұсыл құйыну екі парыз. Әркімге ғылым іздеу қырқыншы парыз.

Сонымен ақын жырында “Әмір Мағруф” және “Наки Мүнкер” деген сөздерді қолданды. “Әмір Мағруф” деген біреуді тура жолға салу, “Наки Мүнкер” деген сөз қисық жолдан тыю деген мағынаны білдіреді.

... Ресей патшалығының отарына айналған Түркістан, Кавказ, Сібір, Еділ бойын жайлаған түрік халықтары, әсіресе, Кеңес үкіметінің алғашқы өмір сүру кезінен бастап олардың теологиялық дүниетанымы қатаң түрде қуғындалып, атеистік насихат бас көтере бастады. Халықтың ұлттық салт-санасы, діні, тарихи жады идеологиялық шабуылдың қатаң қыспағына түсті. Әсіресе, Иассауидың сопылық жолы, дүниетанымы, әдеби мұрасы ресми түрде терістеліп, жаңа талап, жас буын ұрпақтың ой санасында жалғастық таппай шайылып, мүлде ұмытылуға айналды. Сопылық жолы жойылып, сопылық поэзия туындылары оқылудан қалды...” /134/, - деп жазды белгілі әдебиетші - ғалым М. Мырзахметұлы.

“Дәуқара” аймағында өзі өмір сүрген дәуірде қайнаған өмірдің ортасында болған Әйімбет мұраларын

зерттеу Кеңес дәуірі кезінде мүмкін болмады. Әйімбет діни-ағартушылық жолмен жүріп өзі – поэзиясында сопылық әдеби ағымда бет бұрды. Әйімбет мұрасын зерттеу оған әдеби тұрғыдан баға беру мүмкіндігі туған қазіргі кезеңде оның Иассауи тағылымдарынан үлгі алғандығы көрініп тұр.

Мұхаммед пайғамбар өзінің хадисінде: “Үш түрлі адамдар бар. – Тәңірі о дүниеге барғанда олармен сөйлеспейді, рахымы да түспейді, құналарын да кешпейді және аямай азаптайды.

І.Қу медиен шөлде келе жатқан жолаушыға артық ауыз суы бола тұрып, бермеген адам...”

Әйімбет ишан мұны өлеңмен былай өрнектейді:

.. Шөл далада жолаушыға артық суын бермеген,

Ондай адам тең болады мынау қара жерменен.

Қара суын қызғанатын мөмін адамға бермей,

Ондай адам тең болады қара жерде көрменен...

Ақынның бұл жазу әдісін жоғары бағалауымыз қажет-ақ. Мұхаммед пайғамбардың хадистерін өлең түрінде жеткізу қазақ жырын аспанға шығарумен бірдей десек қателеспейтін шығармыз - Әйімбет сопылық дүниетанымын өлең-жырларының мазмұнымен өлшейтін болсақ ол қазақ сопылық әдебиетіндегі ірі тұлғаға айналады.

Ақын онан әрі былай деп жазады:

... Қара ниет ондай адам тозақ отын көреді,

Қара ниет қателігін сонда ғана біледі.

О дүниеге барған кезде ондай адам өкініп,

Көңілін қара қайғы басып тек азаппен жүреді...

Мұхаммед пайғамбардың хадисіндегі:

“2.Намаздігерден соңыра келетін қасиетті уақытта өз дүниесін мәнәнша ақылға сатып алғанмын деп Тәңірінің атын айтып өтірік ант ішіп, сатушы адам...” ды Әйімбет жыр жолдарымен былайшы өрнектейді:

... Тәңірінің атын айтып өтірік ант-су ішкендер,

Қасиетті уақытымыз – намаздігер кезінде,

Ондай жаман жолға өркез, өтінемін, түспеңдер.

Өтірік айтқан жақсылықты күтпендер...

Мұхаммед пайғамбар: “3. Өз патшасымен өмір бойы тату-тәтті өмір сүруге серт байласып алып, пайда көрсе сертінде тұрып, пайда көрмесе қиянат іс жасайтын адам...” – деп Тәңірі о дүниеге барғанда олармен сөйлеспейтін, рахымы да түспейтін, күнәларын да кешпейтін және аямай азаптайтін үшінші адам жайлы пікір білдірсе, Әйімбет:

... Патшасымен өзінің  
Тату-тәтті тұратын.  
Пайда көрсе қарайтын,  
Пайда көрмей қалса егер,  
Патшаға жаққан ойларын,  
Басқа жаққа бұратын.  
Қиянат іс жасайтын,  
Өз патшасы сыртынан,  
Жаман адам атайтын.  
Адамдарды жазалап,  
Күнәларын кешпейді...

Мұхаммед Пайғамбар: “Сегіз түрлі кісілер бар, - қиямет күні олар Тәңірінің ең жаман пенделері боп есептеледі...” – дейді.  
Әйімбет:

... Ең жаманы пенденің  
Өтірік айтса кімде кім...  
Тәкаппарлар сонан соң  
Менсінбеген пендені...  
... Жүрегінде кедейге  
Рахымы болғанмен.  
Көргенде теріс айналса  
Ойларға жаман байланса.  
Тәңірінің ең жаман  
Пенделері болады...

Яғни Мұхаммед Пайғамбардың хадисіндегі: “1. Өтірікшілер, 2. Тәкаппарлар, 3. Жүрегінде жарлы-жақыбайға деген рахымы болғанымен, оларды көргенде теріс айналып кететіндер...”  
Әйімбет онан әрі:

... Құдай менен пайғамбар,

Бұйрығын шабан орындап,  
Жүретін кейбір пенделер  
Жүретін жолдан адасып...  
Дін жолына қарсы кеп,  
Тұра қашып, тарасып...  
Бұйрық берсе шайтанның  
Алдына жан салмайтын...  
Тәңірінің алдында  
Өтірік сөйлеп, алдайтын...  
Қулық-сұмдық ойлаған,  
Дүниеге сірә тоймаған.  
Нақақ болса да ант ішіп,  
Өтірік айтып қоймаған...  
Күнәсі жоқ мөмінге,  
Жала жауып кинаған.  
Мал-дүниені қорықпай  
Ұрлық пенен жинаған... –

дейді.

Яғни Мұхаммед айтқан қиямет күні Тәңірінің ең жаман пенделері боп саналатын сегіз түрлі кісіні жырмен осылай баяндайды. Яғни: “4. Құдай мен пайғамбардың бұйырықтарын шабан орындап, шайтанның бұйрығын орындауға келгенде алдында жан салмайтындар. 5. Нақақ болса да ант-су ішіп қулық - сұмдықпен дүние жиятындар. 6. Арызқойлар. 7. Тату достардың арасына от салушылар. 8. Күнәсіз адамға жала жабатындар...”

Яғни ақын:

... Арызқой адам жатпайтын,  
Белгілі елдің адамын,  
Сыртынан жаман даттайтын.  
Кей кездері сынап ап,  
Өтірік кейде мақтайтын...  
Достықты асыл көре алмай,  
Жүрегімен бір сезе алмай,  
Дос адамдарды азғырын,  
Біріне бірін айдап сан  
Достарды жүрер аздырын...

деп жырлайды.

Міне, ақын осылайша қиямет күні Тәңірінің ең жаман пенделері боп саналатын сегіз түрлі кісіні осылай баяндайды.

Мұхаммед Пайғамбар: “Мен бір хадис айтайын, сендер оны зерделеріңе күйіп алыңдар. Әлем төрт түрлі адамдар үшін жаратылған: 1. Тәңірі дәулет пен білімді тең дарытқан пенделер болады. Сол адам байлықты өзі ғана пайдаланбай ағайын – тума алыс – жақынмен бірдей бөлісіп, білімін Тәңірі ақын етуге жұмсаса сауаптың ең үлкен осы болмақ...”

Мұны Әйімбет өлеңмен былай баяндады:

... Мен бір хадис айтайын,  
Тыңдасандар халайық.  
Осы хадис керек-дүр,  
Оны жаттап алайық.  
Зердемізге салайық,  
Дәулет пенен білімді  
Тең дарытқан пенделер.  
Сөзімді осы тындасаң,  
Асылға бір тең келер.  
Сол байлықты тумаға  
Бөліп берсе сол мәмін.  
Туысқанмен білімін,  
Тең бөліссе сол мәмін.  
Сауаптың ең үлкені  
Бар білімін зердемен.  
Тәңіріге жұмсаса,  
Кернеп тұрар кеудені...

Мұхаммед Пайғамбар: “2. Ал енді бір тайпа адамдарға ілім қонады да, мал – дүние бұйырмайды. Ондай адамдар: “Мен дәулетті болсам оны пәленше секілді жақсы істерге жұмсар едім” деп ақ ниетімен айтса, сол ниеті үшін ол сақа байдың сауабына ие болады” – дейді.

Әйімбет:

... Ілім қонған адамдар,  
Бұлар – озған адамдар.

Ілімсіз жүрген – паландар,  
Олар тозған атамдар.  
Ілімді кейде адамда,  
Мал – дүние де болмайды.  
Ілім үшін сол қайғы.  
“Бірақ дәулетті болсам  
Бақытқа барып бір қонсам,  
Сол дәулетті жақсы іске  
Жұмсар едім, Тәңірім”  
Деген сөзді ниетпен  
Айтса мәмін сол үшін  
Ие болар байлардың  
Сауабына сол күні... –

деп баяндайды. Ақын “Ілім – білімсіз адам-надан адам, ол тозған, азғындаған адам” деп адамды білімді болуға шақырады. Ілімді адамдарды” - Өмірде озған адамдар-бақытты адамдар” деген пікір айтады.

Мұхаммед Пайғамбар: “3. Білім де, байлық та бұйырмаған адам “Менде осының екеуі де болса ғой, пәленшелерге ұқсап тәуір істерге жұмсар едім” деп армандаса, сол адамның сауабы ілімге де, байлыққа да татиды...”

Әйімбет:

... Білім әм де байлық та,  
Бұйырмаған адамдар.  
Екеуі де болса деп,  
Армандаған адамдар.  
“Тәуір іске жұмсар ем,  
Дінсіздерді жақсы оймен  
Жер бетінен құртар ем,  
Деп ойласа сауабы  
Татиды екен ілімге,  
Татиды екен байлыққа... –

деп жырмен баяндап шығады.

Мұхаммед Пайғамбар: “4. Егер мол дүние бұйырып, білімнен мақұрым қалған адам туған-туысқа қайырымсыз боп, білімін Тәңірі ақысын өтеу үшін сарп етпесе жаман нәрсесі осы...” – дейді.

Оны Әйімбет былай баяндап шығады:

... Мол дүниесі бар адам,  
Көкірегі тар адам.  
Туысқанға қарамай  
Сөз айтуға жарамай  
Қайырымсыз тар адам...  
Тәңір үшін білімін  
Сарп етпесе жаман – сол...

Абайтану ғылымына жаңа арна қосылды. Ол арна – Абайдың діни – ағартушылық көзқарастары, халыққа жасаған діни – ағартушылық қызметі. Абай діни ағартушылық бағытта көптеген еңбектер жазып, өскелең ұрпақтарға ислам дінінің нұрлы шапағатын сеуіп кеткен діни ағартушы ақын. Ол шын мәнінде мұсылман болып, дін жолына түскен адам.

“... Ол үш-ақ жыл медреседе оқып, ислам мәдениеті жайлы, соңғы абзал пайғамбар Мұхаммед /г.с./ туралы бірге, Алланың бірлігі, барлығы, “Құран Кәрімнің” шындығын дәлелдейтін құнды пікірлерін жазып қалдырған данышпан...” – деп жазды белгілі ғалым, филология ғылымының докторы У.Қалижанұлы. /135/.

Діни медреседе үш жыл оқу парасатты, ойы өткір, зерделі жанға аз уақыт емес. Ол осындай уақыт ішінде Ислам дінінің, ислам мәдениетінің терең сырларына үңілді. Онан ғибрат алды. Ислам діні Абайды биікке жетеледі.

Сопылық ағымның ойшылы Қожа Ахмет Иаяссауидің хикметтерін, Абайдың діни – ағартушылық поэзиясын оқып, олардан ғибрат алған XIX ғасырдың ақырында, XX ғасырдың басында “Дәукара”, “Күйік қала”, “Жаман қала”, “Қабак Ата” елді мекендері сыйлап, құрмет еткен, Орта Азияға белгілі діни – ағартушы, діншіл- исламшыл ақын Әйімбет:

... Әйімбет айтады ақылын,  
Әйімбет ойласаң жақының.  
Жерінде ғұлама атаң жүр,  
Ойлаған мүддесін халқының ... –

деп жазған. Діни ағартушы ақын ұлы Абайдың: “Өлеңді ермек үшін жазбаймын” деген өсиетін қуаттайды: “Өлеңмен ақыл -өсиет айтамын...” – дейді.

Белгілі ғалым Ғ.Есімов Абайдың діни – ағартушылық көзқарастары жайлы балай деп жазады: “... Абай өз замандастарын да, кейінгі ұрпақ біздерді де Алла туралы жеңіл өңгімеден аулақ болуға шақырған. Абай ұғымында ол “ақылға” сыймас шындық, сондықтан ақын Алла мен Адам арасындағы жалғастырушы күш – Махаббат деген.

Дененің барша қуаты  
Өнерге салар бар күшін.  
Жүректің ақыл суаты  
Махаббат қылса тәңірі үшін.

Алланың растығын Абай махаббат арқылы дәлелдемек болған, оның махаббатсыз дүние бос дейтіні де сондықтан...” /136/.

Жас кезінде ескіше хат танып, көкірегі ояңған Әйімбет Хиуа қаласындағы діни медреседе оқып, ой-өрісін кеңейтіп, дүниеге жаңаша көзқараспен қарайды. Араб, парсы, өзбек тілін үйренеді. Оның:

... Көкке, ағаш, тастарға  
Табыныпты арабтар.  
Күн мен Ай деп қойылған,  
Таңғажайып бұл аттар.  
Мұсылманның борышы  
Қағбада өтеу парызын.  
Орындайды осылай,  
Алла алдында парызын... –

деп қалам тербеуі тегін емес.

Ұлы Абай:

Дүние де өзі, мал да өзі,  
Ғылымға көңіл бөлсеңіз, -  
десе, Әйімбет:

... Жігітті көркейтер білімі,  
Ұзақ әм болады жүрімі, -



дейді. “Білім, ғылымға көңіл бөлген жігіт көркейеді, яғни дәулетті болады. Оның өзі емес, білімі, өнері ұзақ жасайды...” – деп ой түйіндейді.

Әйімбет ишан ез өлеңдерінде “нұрлы ойлы”, “нұрлы ақылға” деген сөз тіркестерін қолданады. Ақын “нұр” деп нені айтып тұр? Ол “ақыл” ды, “ой” ды нұрға не үшін теңейді? “Нұр” деген сөз бұл жерде нені аңғартады?

... Аллаға сенген нұрлы ойлы,  
Мүміндерді қолдадым.  
Өсек сөз бен жаладан,  
Оларды әркез қорғадым, – дейді Әйімбет.

Филология ғылымдарының докторы А.Қыраубаева “Ежелгі мифтер – нұрдан жаралу” деген мақаласында былай деп жазады: “... “Оғыз қаған” жырында Оғыз тәңірге жалбарынып отырды. Қараңғы болған кезде көктен бір жарық нұр түсті. Оғыз қаған сол нұрға қарай жүрсе, онда бір мандайында оттай сәуле шашқан алтын қазықтай меңі бар қыз екен. Оғыз қағанның оны көргенде жаны қалмады, сүйді, алды. Оғыз қағанның осы бірінші жұбайы Нұрсұлу /Күнсұлу/ нұрдан жаралған еді. Қазақтың “Дың сұлу”, “Домбауыл” аңыздарындағы сұлу қыздар күн нұрынан жүкті болады.

“Нұрдан жаралу” желісі Шығыс сюжетіне құрылған қазақ қисса-дастандарына ортақ болып келеді. Көбіне қаса сұлу, ирам бақ қыздарының кейпіне қатысты айтылады...

... Осы ежелгі мифтердегі “нұрдан жаралу” желісі адамзаттың жабайылық санасынан емес, даналық санасынан туған болуы мүмкін. Шығыс пәлсапасы бойынша, ғалым нұрдан жаралған. Әл Фараби: “Бүкіл дүние ғалымы басында бір шап аты ауданда болған нұр сәуледен – жарық сәуледен жаралған” – дейді...

... Нұрға байланысты аңыз Шыңғысхан әулетінің туып, таралуы жөнінде былай айтылады:

“Баяғы заманда бір хан өмір сүріпті. Оның жалғыз қызы болыпты. Қызын еркек кіндік көрмесін

деп елден ерек ұстаған. Қыз бойжетеді. Күннен басқа ешкімді көрмеген қыздың бойына нұрдан бала бітеді. Ол бала Шыңғысхан /Шын-қыз-хан/ атанады...”

Тағы бір аңызда Шыңғысханның әкесі Дүйінбаян Нұрдан жаралады. Сол үшін Дүйінбаян – Шыңғысхан, нәсілінің Нұрдан жаралған “деген сөз тараған. Қиссадағы “нұр” желісі әуелі басында, “әлем Күннен жаралды” дейтін ұғымның бөлшектенуінен пайда болса керек. Жалпы тарихи тұлғалардың өміріне құпиялылық, ерекшелік беру мақсатында олардың ана құрсағында нұрдан дарығаны туралы аңыздар айтылып келген. Мысалы: Заратуштра, Будда, Иса пайғамбар мен Мұхаммед пайғамбар да нұрдан жаралған...

Дүниенің нұрдан жаралып, нұрмен қауыпшатындығы жөнінде мына пікірді қызықты деп есептейміз: “...Көк өгіз (су), көк өскін (жердегі тіршілік), көк аспан, яғни бүкіл болмыс ұлы ғаламшар құрылымының бір түсінігі көгілдір нұр өлемін құрайды... Адам жаны ұдайы дамып, жетіле отырып, ұлын ұрға қауышады”.

Шәді Жәңгірұлының “Назым сияр Шариф” дастанында пайғамбардың тууы жайындағы оқиғалар нұрға қатысты болып отырады.

Мысалы:

“Сол күні Расул Алла дүниеге келді  
Аспаннан бір нұр шығып сәуле келді”.

“Ғабдолла өсем еді сұлу түрі,  
Бар еді мандайында Расул нұры”.

“Әуелі кездескенде Ғабдолланың,  
Расулдың Әминаға жауды нұры...”

Ислам дінінен тараған түсінік бойынша, адамның жақсы қасиеттері он нұрдан бастау алады екен:

1. Нұр-су - адалдық пен шындық
2. Нұр-сабыр - табандылық пен шыдам.
3. Нұр шәкір - қадір-құрмет
4. Нұр фәкір - өз қадірін түсірмеу
5. Нұр-зәкір – келбетті болу
6. Нұр-намаз - құдайға құлшылық

7. Нұр-ораза - қанағатшылық
8. Нұр иман — имандылық пен сенім
9. Нұр садақа - қайырымдылық
10. Нұр пәк жан — тазалық

Осы қасиеттің бәрі бойына жинақталған адам ұшпаққа шықпақ. “Фәниден бақиға оту немесе бұл дүниеден қайту дегеннің өзі бір пішіннен екінші түрге, пішінге ауысу, жанның бақый дүниеге өтіп, нағыз нұрға айналуы...”/137/.

Өтім жырау:

...Ислам асыл нұрынан,  
Халық біздің нәр алды, -

деп жырлайды.

Ақыл тұңғығынан бастау алып, адамзатты таңқалдырған Абай поэзиясы терең пәлсапалық, фәнилік ұғымдар көкжиегіне айналып адам санасына нұр болып құйылса, оның лирикалық сезім мен әлемдік танымға құрылған шығармалары уақыт өткен сайын жаңара бермек. Абай терең пәлсапалық көзқарасында:

Үш-ақ нәрсе адамның қасиеті: Бістық қайрат,  
нұрлы ақыл, жылы жүрек, - деді.

Нұрбала, Нұрбол, Күннұр, Нұржан, Нұрбибі,  
Нұрсұлтан, Нұрсұлу, Нұрбек, Нұргүл, Айнұр, Нұржігіт,  
Нұрқасым т.б. деп қойылған адам аттарында да нұрға табыну жатқанын байқау қиын емес.

Мыңбай Есмағамбетұлы “Нұрлы ойлар жетелеп...” деген өлеңінде:

Нұрлы ойлар жетелеп,  
Бір Аллаға жеткерер.  
Нұрсыз, нәрсіз адамды,  
Алланың өзі жек көрер..., -

дейді.

Мұнда ақын “нұрлы ойлы” адамды Алланың нағыз құлына теңейді. “Нұрсыз” адам-нәрсіз адам, яғни ақын тілімен айтқанда “нұр” сыз адам-ислам дініне жат көзқарастағы адам.

“Нұр”лы ойлы адам — ислам дініне шын берілген мұсылман адам. Ақын өз поэзиясы арқылы осыны білдірмек болған.

Мұхаммед Пайғамбар: “Үш түрлі дуа бар — олар ешқашан тек кетпейді. Ата-ананың қарғыс дуасы, Мүсәпірдің дуасы және аш-жалаңаш, азап-шегіп ашынған адамның дуасы...”- дейді.

Ал Әйімбет:

... Үш түрлі дуа тыңдасаң,  
Есіңе алмай тұрмасаң.  
Осыны еске алып жүр,  
Мұсылмандық - ойласаң...  
Ата-ананың қарғысы,  
Бұл бірінші дуасы.  
Мүсәпірді қорласаң,  
Күш көрсетіп зорласаң...  
Оны жаман алдасаң  
Бұл мүсәпір дуасы.  
Азап шегіп ашынған  
Бұл тағдырдан ол адам,  
Аш-жаланаңаш соққы жеп,  
Арман-мақсат тосылған.  
Үш дуаның бірі сол,  
Аш адамның дуасы... —

деп жырмен әсерлі баяндап береді.

Діни-ағартушылық бағытта өлең-жырлар жазған Әйімбет Қаймақбайбайұлы Қасиетті Құрандағы хадистерді поэзия тілімен мәміндерге әсерлі жеткеруге талпынады, және сопылық міндетім деп ойлайды.

Мұхаммед Пайғамбар: “Адамнан ұялмаған — Алладан ұялмайды”, “Тірілер моланың жанынан өтіп бара жатып өлгендерге қызықса, ақырзаман орнайды...”. “Қонақ пен жолаушыны қабыл алмайтын адамға еш жақсылық болмайды...” — десе Омар ақын өзінің өлең-жырларымен Пайғамбардың бұл хадистерін қолдап - қуаттайды:

... Алладан ұялмаған адам,  
Адамнан ұялмаған адам.

Елдегі мұндай адам,  
Намысты жия алмаған адам...

немесе:

... Тірілер, өлгендерді құрмет ет,  
Өмірде азамат боп дүрілдеп өт.  
Алланы менсінбеген жалатайға,  
Бұрқыған жалындайын жырым бөгет.  
Алланы менсінбеген жалатайлар,  
Арсылдаған қорадағы ол бір төбет... —

дейді.

Ақын “Алладан ұялмаған адам — ар-намысы жоқ адам” деген пікір өрбітеді. “Алланы менсінбеген адамның арам ойына менің бұрқыған жырым кедергі болады, ондай адамға мен жасын жырыммен соққы беремін” — дейді. Тіпті ондай адамдарды ақын төбет ітке де теңейді. Ақын өзінің елеңінде:

... Қонақ күткен адамды,  
Алла демеп, сүйеді.  
Күте алмаған наданды,  
Жек көреді, күйеді... —

дейді, яғни “Қонақ күткен адамға Алланың өзі де көмектеседі, оны демейді, қиналғанда сүйеніш болады, ал қонақ күте алмаған адамды жек көреді...” деген пікір айтады.

Мұхаммед Пайғамбар: “Ұжмақтың кілті — кедейлер мен әлсіздерге деген сүйіспеншілік пен қайырымдылық...” — дейді. Омар ақын Сейітұлы өзінің “Кедейге істе жақсылық” деген елеңінде:

... Кедейге істе жақсылық,  
Әлсізге істе жақсылық,  
Қайырымды бол, өнесің,  
Алладан қолдау көресің...” —

деп жырлайды.

Омар халықшыл, оның сана-сезімі кедейлерге жақсылық жасау, әлсіздерге көмек беру. Мұхаммед Пайғамбардың ізгілік жолындағы қадамын құптайды.

Мұхаммед Пайғамбар: “Кімде кімнің мінез — құлқы жақсы болса, нағыз мұсылман сол.”, немесе

“Күнәнің ең ауыры — Алланы өлдекімге теңеу, ата-ананы ренжіту және жалған ант ішу...” дейді. Оған Омар ақын өзінің мынадай өлең жолдарымен қолдап қуаттап, пікір өрбітеді:

... Мұсылман мінезі  
Кішіпейіл болады.  
Оның көңілі сондықтан,  
Қуанышқа толады...

немесе:

... Ата-анаң асқар тауындай,  
Жемісі мол бауындай... —

деген пікір өрбітеді.

Жалпы Омар ақын өзінің діни-танымдық өлең-жырларында Мұхаммед Пайғамбардың хадистерін адам мінезінің асыл қазынасы деп ұғады.

Мұхаммед Пайғамбар: “Өзің тоқ, көршің аш болса, сен дінге толық сенген адам емессің...” — дейді. Ал Омар ақын Мұхаммедке өзінің “Өзің тоқ боп жүрмегің...” деген өлеңінде:

... Өзің тоқ боп жүрмегің,  
Көршіңді де ойлағың.  
Ақылыңнан, сезсең сен,  
Адал адам болмағың...  
Көршің аш боп тоқ болсаң,  
Онда төмен болғаның ...-

деп ой бөліседі. Бұл әрине, ақынның Мұхаммед Пайғамбардың хадистеріне қолдап - қуаттаушылық білдіріп, онан үлгі алғандығы, оған шын берілгендігі.

Мұхаммед Пайғамбар: “Ішіндер, жеңдер, қайыр — садақа беріңдер, әдемі киініңдер, бірақ асып-таспаңдар...” деп өсиет айтса, Омар ақын:

... Әдемі киінген,  
Бұл да бір көрікті ой.  
Алланың бір өзі  
Оған да беріпті ой ... —

дейді.

Жалпы айтқанда Омар ақынның өлеңдері Мұхаммед Пайғамбар хадистерімен қабысып жатады.

Мұның өзінен Омар ақынның діни сауатының жақсы екендігін дәлелдеп—ақ тұр.

Мұхаммед Пайғамбар: “Кәсіптің жақсысы — адал сауда және өз қолыңмен жасаған ісің...” десе Омар ақын:

..Адал сауда — момын жанның ізгі ісі,

Дінсіз адам келер оны бұзғысы... —

дейді. Ақын “дінсіз адам” деп жалатай, екіжүзді адамдарды айтып отыр мұнда.

Омар Сейілұлының діни-ағартушылық бағыттағы өлеңдері де тәлімдік, танымдық көзқарастарға бай, айтар ойы тиянақты, адамның жан-дүниесіне жақсы әсер етеді. “Қамысты” мешіт-медресесінде білім алған, халық ауыз әдебиеті үлгілерін елге насихаттай жүріп, діни-танымдық өлең-жырлар өрбіткен жан. Мұхаммед Пайғамбардың ізгі өсиеттері Омар ақынның шығармаларында жыр жолдары болып төгіледі. Көңілді тебірентеді. Пайғамбар хадистерін жатқа білетін Омар оны жыр жолдарымен санаңа құя түседі:

...Хадистерді жаттаған,

Өмірге өзін баптаған.

Оқымысты хаттарын

Түнде оқып, хаттаған.

Пайғамбардың хадисі

Қуанышым, мақтанам.

Онан өткір ақылды

Данышпандық жоқ маған.

Талай бұзық жандар да

Хадис оқып тоқтаған...

Ол адамның әрқашан,

Көңілі жарқын болады,

Алла оны әрқашан

Қамқорлыққа алады...

Бұл Мұхаммед Пайғамбардың Құран — хатындағы мынадай хадисімен үндеседі: “Кімде кім үмбетіме арнап менің дәстүрімнен қырық хадисті жаттаса, ахирет күні оны қамқорлыққа аламын...”

...Каабаға барған мұсылман,

Қасиетті ол адам.

Алланы ғана ойлаған

Пейішке барып кірмек тек,

Шын мұсылман Каабада

Пайғамбарға басын иеді.

Алланың өзі жіберген

Қара тасты құрметтеп..., -

деп жырлаған Омар шын мәнінде діни-ағартушы ақын болды.

“...Кааба-қағба (арабша)-(текше)-исламның басты қасиетті орны, Меккедегі ал-Масджид ал Харам ауласының ортасына орналасқан ғимарат. Үйдің оңтүстік батыс бұрышына кіргізіліп аспаннан Алланың өзі жіберген “қара тас” қаланған. Дүние жүзінің барлық мұсылмандары құдайға ғибадат еткенде бетін қағба жаққа қаратады. Қағба қажылардың басты объектісі. Мұнда төуеп етіп келушілер қағбаны жеті рет айналып, содан соң “қара тас”ты сүйеді. Қағба қара жамылғыш-кисвамен жабылып, оған Құранның аяттары алтын өріппен жазылған. Қажылық кезеңінде ол ақ жамылғышпен алмастырады.

Аңыз бойынша Қағбаны Алланың өмірі бойынша Адам жасап шығарған, бірақ оны су тасқыны бұзып кеткен. Бұдан соң оны Ыбырайым мен оның ұлы Исмайыл қайта қалпына келтірген. Исламға дейін Қағба Мекке тұрғындарының басты қасиетті орны болды, оның айналасына көптеген араб құдайларының бейнесі орналастырылғандықтан, ол жалпы арабтық қасиетті орын болған еді.

Ясрибте Мұхаммед құдайға құлшылық ету кезінде мұсылмандар бетін Қағба бағытына бұруын бұйырды. Осылайша Қағба мұсылмандардың қасиетті орны болып алды. Меккеліктер жеңіліске ұшырағаннан кейін Қағбаның айналасындағы бейнелер қиратылып, содан былай ол Исламның басты храмына айналды...”/138/.

Ақынның өлең-жырларында Ислам дінінің қағидалары жырланды. Садақа беру мұсылманның

басты міндеті. Ақын мұны жақсы біледі, осы дәстүрді орындауға шақырады:

... Садақа берген мұсылман,  
Апаттан әркез аман бол.  
Алланы құрмет ете көр,  
Рахым етер саған мол.  
Садақа берген азбайды  
Өмірінен тозбайды.  
Садақаны бермеген,  
Қатарынан озбайды...

Ақын: “Садақа бергенің - Алланы құрметтегенің. Садақа берген мұсылман апаттан аман болады. Садақа берген мұсылман азбайды, себебі оны Құдіреті күшті Алла демеп жүреді...” деген ой өрбітеді.

“... Садақа – садақа (арабша) ислам діні бойынша әр мұсылманның өз еркімен жасайтын қайырымдылығы, оны көмек қажет ететін ұйымның мүшелеріне – кемтарларға, кедейлерге, жолаушыларға, діни соғысқа қатысқандарға көмектесуге пайдаланылады. Оны қайыр берушінің тікелей өзі беруі немесе ол беделді басшылары арқылы таратылуы мүмкін. Ал жиналған садақаны салтанатты түрде үлестіру-мұсылмандар мейрамының салт-жорасы болып табылады. Исламның алғашқы кезеңінде (VI-VIII ғасырларда) садақа термині зекеттің синонимі ретінде қолданылды...” /139/.

Мыңбай Есмағамбетұлы өзінің діни-танымдық өлең-жырларында Қасиетті кітап “Құран” халистерін, аяттарды поэзия тілімен жеткеруге ұмтылады. Бұл дәстүр өзіне дейінге ақын-жырауларда болған құбылыс. Мыңбай шығармаларын оқып, оның ислам дінінің шариғаттарын жақсы білетініне көзіміз жетеді.

Қасиетті “Құран”ның 4-ші Ниса сүресі Мединеде түскен 176-шы аятында былай делінген: “Аса қамқор, ерекше мейірімді Алланың атымен бастаймын. Әй, адам баласы. Сендерді бір кісіден (Адам атадан) жаратқан және одан оның жұбайын (Хауа Ананы) жаратып, ол екеуінен көптеген ер, әйелді таратқан

Рабыларыңнан қорқындар. Сол арқылы өзара сұрасқан Алладан туыстардан (безуден) Сақтанындар. Шәксіз Алла (Т) сендерді бақылаушы...”

Мыңбай мұны поэзия тілімен былай жеткереді:

...Адам Ата, Хауа Ана жаратқан,  
Адамдарды сол Құдірет таратқан.  
Құдіретті тәңірім ол – бір Алла,  
Бар адамды бір өзіне қаратқан...

Қасиетті Құранның Ниса сүресінде:  
“Жетімдердің малдарын беріңдер, жаманды жақсымен алмастырмаңдар: олардың малдарын өз малдарына қосып жемеңдер. Өйткені ол күнә”

Мыңбай мұны поэзия тілімен былайша өрнектейді:

... Жетімдерді жылатпандар, қорғандар,  
Онан қалған малды тартып алмаңдар.  
Жетімдерді жылатқандар бар елде,  
Сол адамдар бордай болып тозғандар...

Қасиетті Құранның 4-ші Ниса сүресінің 176-шы аятында: “Егер (үйленгенде) жетім әйелдер жайында әділетсіздік істеуден қорықсаңдар, өздеріңе жаққан басқа әйелдерден екі, үш және төртке дейін үйленіңдер. Сонда егер тең ұстай алмаудан қорықсаңдар, онда бір біреу алыңдар немесе қолдарындағы күң де болады. Әділетсіздік болмауға жақынырағы осы...” – деп жазылған.

Мыңбай ақын өзінің жоғарыдағы “Адам Ата; Хауа Ана жаратқан” деген өлеңінде:

... Әйел – Ана, аялаңдар ананы,  
Ана сыйлап өскен жандар дана-ды.  
Екі-үш әйел алған айып болмайды,  
Бірақ жетім етпей күтін баланы... –

дейді.

Құранның осы 4-ші Ниса сүресінің 176-шы аятында: “...Және Алланың сендерді басына тұрғызған малдарды ақылсыздарға бермеңдер. (Жетімнің малын ақылдары толмай өздеріне тапсырмаңдар). Оларды

қоректендіріп, киіндіріндер де, оларға сынайы сөз сөйлендер...”

Мыңбай өз өлеңінде:

“...Жетімдердің малын жеген,

Бұл өмірде оңбас” деген.

“Ондай адам тіршілікте,

Оттай лаулап жанбас” – деген...

Ниса сүресінде: “Жетімдерді үйлену шағына жеткенше сынандар. Сонда егер олардан бір естиярлық көрсендер, дереу олардың малдарын өздеріне беріңдер. Сондай-ақ, олардың ержегуінен қорқып, ысыраптап, тездітіп жемендер. Ал және біреу бай болса, онда тартынсын да, біреу жарлы болса, онда да орнымен жесін. Қашан олардың малдарын өздеріне тапсырсаңдар, оларға айғақ қойыңдар. Алла есеп көруде жеткілікті...”

Ал Мыңбай поэзиясы бұл өсиетті қолдап қуаттайды:

... Жетім малын ержетпей,

Өздеріне бермендер.

Тоғышардың ойсыз көп,

Сөздеріне ермендер...

немесе:

... Ержеткен соң жетімді.

Үйлендіріп, үй етің.

Жетім үшін алаңдап,

Бір Алла бар күйетін... – дейді.

Ақын “Жаман адамдардың, жалқаулар мен тоғышарлардың, жалатайлардың сөздеріне ермендер, жетімнің мал-дүниесін есі кіргенше сақтаңдар...” дейді. “Ал бақытсыз сорлы жетім ащы-тұщыны көріп ержеткен кезде малын өзіне қайтарып беріп үйлендіріңдер, ол адамгершілік, жетімнің тағдыры үшін алаңдайтын да бір Алланың өзі...” деген ой өрбітеді.

Ақын поэзиясы осындай ізгілікке толы имандылықты дәріптейтін поэзия. Ол өзінің діни-танымдық шығармаларында барлық уақытта Қасиетті Құрандағы хадистер мен аяттарды жырға қосып, жоғары

адамгершілік, имандылық тұрғыдан асқақ азаматтық пікір туындатады.

Қасиетті Құранның Ниса сүресінің 176-шы аятында: “Әй, мүміндер. Әділдікте мықты тұрып, егер өздеріңнің, әке-шешелеріңнің және жақындарыңның зиянына болса да, Алла үшін айғақ болыңдар, бай немесе кедей болса да. Өйткені Алла екеуіне де тым жақын. (Олардың халін біледі). Ендеше әділдік істеуде нәпсіге ермендер. Егер тілдерінді бұрып, шындықты бұрмаласаңдар, шексіз Алла не істегендеріңді толық білуші... Әй мүміндер, Аллаға, Пайгамбарына және оған түсірген Құранға сондай-ақ одан бұрынғы түсірген кітапқа иман келтіріңдер. Ал кім Аллаға, періштелеріне, кітаптарына, елшілеріне және ахирет күніне қарсы шықса, сонда тым ұзақ адасты...”

Мыңбай өзінің “Алланың аялы алақаны” деген өлеңінде Құдіретті Алланы былай деп дәріптейді:

... Бар адам Алланың балапаны,

Тек Алла адамды жаратады.

Мұсылман мәмінді аялайды,

Алланың аялы алақаны.

Алласыз батпайды әр күнің де,

Алласыз шықпайды әр үнің де.

Мұсылман ол емес, ойласаңыз,

Білмесе хадисті егер мүлде.

Алласыз атпайды дала таңы,

Алламен адамның дара таңы,

Білімді адамды аялайды,

Алланың аялы алақаны...

Бекенқұл ақынның “Жаратушым, мен сені...” деген өлеңінде “Жаратушым” деп Аллаға сиынады, жалбарынады. Алланы “пірім” немесе “күнім” деп мадақтайды. Өлеңнің мазмұны адам баласын жаратушы Аллаға сиыну, оның жолының ақ екенін, сол ақ жолмен жүрген адамдардың - мұсылман мәмін баласының бақытты болатынын дәлелдегісі келеді. “Жаратушы – Алланың жолы – нұрлы жол, ақ жол” деген ой өрбітеді.

Діни-ағартушы ақынның “жаратушым, мен сені” деген екі шумақ өлеңін оқып көрейік:

Жаратушым, мен сені  
Пірім, күнім деп сенем.  
Тек өзіңе, өзіңе,  
“Жәрдем берші” деп келем.

Жаратушым, ақ жолың,  
Бізге ғана жақ жолың.  
Бізді бақытты ететін,  
Сенің нұрлы хақ жолың...

Жиенбике нұсқасында екі шумақ өлеңнің екінші шумағының төртінші тармағы:

Бізге сыйлы бақ жолың, - деп аяқталады. Ол осы тармақты:

Сенің нұрлы хақ жолың, - деп те атайды.

Осыған қарағанда өлеңнің үшінші шумағы болуы да ықтимал. Оны біз жазып ала алмадық. Сондықтан ақынның бұл өлеңінің бірінші шумағының төртінші тармағын:

Сенің нұрлы хақ жолың, - деп өндеуді мақұл көрдік.

Бірақ Бекенқұлдың бұл екі шумақ өлеңінің бірінші шумағының әр түрлі нұсқасы бар:

Пайғамбарым мен сені  
Пірім, күнім деп сенем.  
Тек өзіңе табынам,  
“Қолың берші” деп келем...

Бұл информатор Пірімбай нұсқасы. Жиенбике нұсқасынан өзгешелігі — бірінші тармақтағы “Жаратушым, мен сені” — “Пайғамбарым, мен сені” болып орын алмасып тұр. Сондай-ақ “Жәрдем берші деп келем” деген төртінші тармақ Пірімбай нұсқасында: “Қолың берші деп келем” деп айтылады.

Жиенбике нұсқасынан өзгешелігі — алғашқы шумақта “жаратушым” деп Аллаға, Құдайға сиынса бұл нұсқада “пірім, күнім” деп Пайғамбарға сиынады. Әрине, бұл — Мұхаммед Пайғамбар. Себебі Бақтылы нұсқасында:

... Мұхаммедім, мен сені.

Бақытты аяқ деп сенім

Тек өзіңді ойлағаным.

“Бақытты аяқ” деп келем, - деп

жырланады. Бұл өлеңнің бірінші тармағының информатор Бақтылы жазғанын үшінші нұсқасында Мұнда “Пайғамбарым, мен сені” деген тәрмен “Мұхаммедім, мен сені” деп келеді. Біз аяққа информатор Жиенбике нұсқасынан бергенді мақұл көрдік.

Бір таң қаларлығы — Бекенқұл аяқтанды бұл өлеңі Ахмет Жүйнекидің иесі “Ақылды ойы” деп аталатын еңбегіндегі пікірлермен үнсіз қалады:

1. Уа, жаратушым, сені шексіз дәртіңнен.
2. Алдымен сенің мейірім шапшаңдығын ұғын
3. Саған лайық мақтау айтуға тілім жетпей ме?
4. Шамам келгенше аянбайып, маған жәрдем бер.

Ахмет Жүйнеки:

1. Уа, жаратушым, сені шексіз дәртіңнен, - десе Бекенқұл:

Жаратушым, мен сені

Пірім, күнім деп сенем, - дейді

Ахмет Жүйнеки:

4. Шамам келгенше аянбайып, маған жәрдем бер, - десе, Бекенқұл:

Тек өзіңе, өзіңе,

Жәрдем берші деп келем, - дейді

Ислам діні шарифаттарын халық арасына поэзия тілімен насихаттаған Бекенқұл ақын:

... Ислам діні-ізгілік,

Айтам оны жыр қылып.

Ұрпақтарым өскелең,

Жырымды тыңдар деп келем, - деп шайыттан жырлайды.

Ізгілік нұрын шашқан Исламды ақын жоқары көтеріп, оған сиынады. Исламға жан-төлімен беріле жырлаған ақын өзінің өлеңмен өрбіткен жан сезімінде келешек ұрпақтарына сенім артады. Исламды

Діни-ағартушы ақынның “жаратушым, мен сені” деген екі шумақ өлеңін оқып көрейік:

Жаратушым, мен сені  
Пірім, күнім деп сенем.  
Тек өзіңе, өзіңе,  
“Жәрдем берші” деп келем.

Жаратушым, ақ жолың,  
Бізге ғана жақ жолың.  
Бізді бақытты ететің,  
Сенің нұрлы хақ жолың...

Жиенбике нұсқасында екі шумақ өлеңнің екінші шумағының төртінші тармағы:

Бізге сыйлы бақ жолың, - деп аяқталады. Ол осы тармақты:

Сенің нұрлы хақ жолың, - деп те атайды.

Осыған қарағанда өлеңнің үшінші шумағы болуы да ықтимал. Оны біз жазып ала алмадық. Сондықтан ақынның бұл өлеңінің бірінші шумағының төртінші тармағын:

Сенің нұрлы хақ жолың, - деп өңдеуді мақұл көрдік.

Бірақ Бекенқұлдың бұл екі шумақ өлеңінің бірінші шумағының әр түрлі нұсқасы бар:

Пайғамбарым мен сені  
Пірім, күнім деп сенем.  
Тек өзіңе табынам,  
“Қолың берші” деп келем...

Бұл информатор Пірімбай нұсқасы. Жиенбике нұсқасынан өзгешелігі — бірінші тармақтағы “Жаратушым, мен сені” — “Пайғамбарым, мен сені” болып орын алмасып тұр. Сондай-ақ “Жәрдем берші” деп келем” деген төртінші тармақ Пірімбай нұсқасында: “Қолың берші деп келем” деп айтылады.

Жиенбике нұсқасынан өзгешелігі — алғашқы шумақта “жаратушым” деп Аллаға, Құдайға сиынса бұл нұсқада “пірім, күнім” деп Пайғамбарға сиынады. Әрине, бұл — Мұхаммед Пайғамбар. Себебі Бақтылы нұсқасында:

... Мұхаммедім, мен сені,  
Бақытты адам деп сенем.  
Тек өзіңді ойлаймын,

“Бақытты етті” деп келем, - жеп жырланады. Бұл өлеңнің бірінші шумағының информатор Бақтылы жеткерген үшінші нұсқасында. Мұнда “Пайғамбарым, мен сені” деген тармақ “Мұхаммедім, мен сені” деп өзгерген. Біз өлеңді информатор Жиенбике нұсқасымен бергенді мақұл көрдік.

Бір таң қаларлығы — Бекенқұл ақынның бұл өлеңі Ахмет Жүйнекидің атақты “Ақиқат сыйы” деп аталатын еңбегіндегі пікірлермен үндесім келеді:

1. Уа, жаратушым, сені шексіз дәріптеймін.
2. Алдымен сенің мейірім-шапағатыңнан үміт етемін.
3. Саған лайық мақтау айтуға тілім жете ме?
4. Шамам келгенше аянбайын, маған жәрдем бер...

Ахмет Жүйнеки:

1. Уа, жаратушым, сені шексіз дәріптеймін, - десе Бекенқұл:

Жаратушым, мен сені

Пірім, күнім деп сенем, - дейді.

Ахмет Жүйнеки:

4. Шамам келгенше аянбайын, маған жәрдем бер, - десе, Бекенқұл:

Тек өзіңе, өзіңе,

Жәрдем берші деп келем, - дейді.

Ислам діні шарияттарын халық арасына поэзия тілімен насихаттаған Бекенқұл ақын:

... Ислам діні-ізгілік,

Айтам оны жыр қылып.

Ұрпақтарым өскелең,

Жырымды тыңдар деп келем, - деп шабыттана жырлайды.

Ізгілік нұрын шашқан Исламды ақын жоқары көтеріп, оған сиынады. Исламға жан-тәнімен беріле жырлаған ақын өзінің өлеңмен өрбіткен жан сезімінде келешек ұрпақтарына сенім артады. Исламды



қорғайтын Исламды өрекендететін келешек ұрпақтарын мақтаныш етеді. Ақыл - өсиетін Ұғатын әділ адамдардың бар екеніне шүкірлік етеді, надандарға жаны қас:

... Менің сөзім - өсиет,  
Әділ жандар бас иед.  
Әділсіздер ұқпайды,  
Олардан жақсы адамдар  
Ешуақытта шықпайды...

Бекенқұлдың діни — танымдық поэзиясы өзі өмір сүрген заманда қалың бұқара халыққа белгілі дәрежеде қызметте. Халықтың санасына, дінге көзқарасына терендей әсер етті. Исламның шалағатты нұрына қарапайым халықты нұрландыруға қызмет етті:

Ислам дінің мойындап,  
Жүреміз біз әрдайым.  
Адамгершілік — ардақты,  
Тура болу салмақты...

Ислам дәуірі әдебиетінің көрнекті өкілі Жүсіп Баласағұнның /XI ғасыр/ “Құтты білік” дастаны Аралдың оңтүстік-шығыс бойына яғни, “Дәуқара”, “Нұрым түбек” елді мекеніне ерте кезде-ақ таралған.

Профессор А. Қыраубайқызы Жүсіп Баласағұн және “Құтты білік” туралы былай деп жазады: “... XI-XII ғасырлара Шығыс Түркістан, Жетісу, Сырдарья, Талас, Шу өңірінде Әмудария мен Сырдария аралығында Карахан қағанаты құрылды. Қағанаттың екі орталығы болды: Баласағұн мен Қашқар...”

Жүсіп Баласағұн Түрік филологы Р. Араттың есептеуінше, дастанды жазып біткенде 54 жаста олай болса, туған жылы 1015-16 жылдар болмақ.

“Құтты білік” 85 тараудан, 6500 ден астам бәйіттен тұрады /Бәйіт-екі жолды өлең/ және үш қосымшасы бар. Бұл кітапты шығыс патшалары көшіртіп алдырып оқитын болған. Онда әлеуметтік, саяси, морал, этика, адамгершілік мәселелері қамтылған, үлкен ойшылдың қолынан шыққан туынды. Кітапқа әр елде әр түрлі ат берген: ирандықтар

Фирдаусидің “Шахнамасымен” қатар қойып, “Шахнамай түркі” /“Түркі Шахнамасы”/ деген. Енді біреулері “Пәндоман мүлік” /“Падишаларға насихат”/, Шын елі /қытай/ “Әдебұл мүлік” /“Падишаларға әдебі”/ деп атаған...”.

Діни-ағартушы ақын Бекенқұл Ақымбетұлы Жүсіп Баласағұнның “Құтты білік” дастанын жатқа білетін болған. Бекенқұлдың замандастары осы “Құтты білік” дастанынан үзінділерді “Бекенқұл айтып отыратын” немесе Бекенқұлдың өлеңі” деп айтып жүрген. Ғалымдар О. Төрбылай пен Л. Қарасаевалар “Жүсіп Баласағұн” деген ғылыми мақаласында былай деп жазады: “... “Құтты білік” поэмасының авторы Жүсіп Баласағұн туралы мәліметтер өте аз. Ол туралы мәліметтерді оның поэмаларының кейбір үзінділерінен және шығармаларының алғы сөзінде, екі жерінде, біреу - прозада, екіншісі — жырларында, кездестіруге болады. Бұл алғы сөз оның өз қолынан жазылғанына кейбір зерттеулер күдік келтіреді.

Қолдағы бар мәліметтерге сүйенсек, Жүсіп Құз-Орда деген атпен белгілі, орналасқан жері әлі толық дәлелденбеген, Баласағұн қаласында дүниеге келген. Яғни, бұл қаланы Жетісудан, анығырақ айтқанда, Шу өңіріндегі Тоқмақ қаласының маңынан іздеу керек. Белгілі қазақ тарихшысы У.Х. Шалекеновтің пікірінше, бұл қала Жамбыл облысында Ақтөбе төбешігінде орналасқан...”

Бекенқұл Ақымбетұлының ел аузында мындай өлеңі бар:

Құз-Орданың баласы,  
Құз-Орданың данасы.  
Біле білсең Құз-Орда,  
Қазағымның қаласы.  
Ынтығып бір өлеңге,  
Тереңіне түсіппін.  
Өлеңімен Жүсіптің  
Дінсіздердің мұздаған  
Көңілдерін ысыттым...

Бұл өлеңнің басы-аяғы толық қолымызға түскен жоқ. Дегенмен жоғарыдағы адамдар айтқан пікірлермен үндесіп тұр. Бекенқұл айтып отырған Жүсіп осы Жүсіп Баласағұн болуы ғажап емес...

Жас кезінде мешіт-медресе білім алған Ұлжан Бекенқұлқызы көрнекті ақын, мұсылман дінінің қайта өрлеу мақсатын көздеп, әйгілі “Диуани хикмет”ті (“Даналық кітабы”) жазған кемсігер ойшыл Қожа Ахмет Иассауидың шығармаларын оқиды. Құран мен мұсылман діні қағидаларын түрік тектес халықтарға кеңінен насихаттаған орта ғасырларда өмір сүрген, сопылық әдебиетті өркендеткен бұл ақыннан халық ақын-жыраулары гибрат аларлық көп нәрсе үйренді.

Қожа Ахмет Иассауидың “Даналық кітабы” Орта Азия елдеріне таралып, оның атақ-даңқы алысқа кетті. Халық ақын-жыраулары сондай-ақ Ахмет Жүйнекидің, XX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың бастарында Сыр бойында өмір сүрген поэзия сұлейлерінің бірі Ерімбет Көлдейбекулының діни-ағартушылық шығармаларымен танысады.

Ұлжан ақын екі шумақтан тұратын “Алланың сүйіктісі – Пайғамбарым” деген өлеңінде Мұхаммед Пайғамбарды “ұлылардың ұлысы, ғажайып ілім иесі” деп мадақтайды. Ол: “Құрандағы аяттарды жаттап ал, онан үлгі ал, мұсылманшылық дәстүрді көздің қарашығындай сақта, Пайғамбардың сөздері, яғни “Құран” сөзі-ақылдың кені, егер осы сөзім қата болса мені айыпта, табала...” – дейді.

Алланың сүйіктісі – Пайғамбарым,  
Халқына арнап ақыл жайған нарым.  
Сөздері ақылға бай, үлгі ал онан,  
Зердеңе құйып ал да, жатта бәрін.

Пайғамбардың сөздері – ақыл кені,  
Онан артық ойлайсың айтшы нені?  
Сол сөздерден таппасаң уытты сөз,  
Айыпташы табалап, көрсең мені.../141/.

Ахмет Жүйнеки ойларымен үндес келетін бұл өлең сөз жоқ Ұлжанның тапқырлығы. Ахмет Жүйнеки:

21. Енді Алланың сүйіктісінің жақсы жақтары туралы бірнеше бөйіт тында.

22. Ақыл – ойынды салып, сөзімді анда.

23. Ол (Мұхаммед) – тумысынан игі, адамдардың бақыттысы.

24. (Бүкіл) жаратылғандардың ішінде оған тең келетін (ешкім) жоқ.

Ұлжан:

Алланың сүйіктісі – Пайғамбарым,  
Халқына арнап ақыл жайған нарым...

немесе:

Пайғамбарым сөздері – ақыл кені,  
Онан артық ойлайсың айтшы нені?...- дейді

Діни ағартушы ақын Мұхаммед Пайғамбарды Алланың ең сүйікті ұлына теңейді. Ислам дінінің негізін салған ұлы тұлғаға теңейді. Қазақы дәстүрмен нарға теңейді. “Мұхаммед Пайғамбардың әр бір сөзінен үлгі ал, әр бір сөзін жаттап ал, санаңа орнықтыр” дейді. “Адамның ой-өрісін өркендететін сөз болса сол сөзді зердеңе құйып ал” деп әсиет айтады.

Ақын онан әрі:

...Пайғамбар әр пенденің күні болды,  
Ақынның шаттандырап үні болды.  
Момындар оқығанда нәр алатын,  
Әрқашан таусылмайтын жыры болды.

Пайғамбар – асыл сөздің иесі ол,  
Пайғамбар - әр пенденің киесі ол.

Үңілсең әр сөзіне еңбектеніп,  
Ақылдың бойға енген жүйесі ол... –

деп Мұхаммед Пайғамбарды биікке кетереді. Мұхаммед пайғамбардың әр бір сөзі ақылдың кені деп бағалайды. Құран сөздері адамға қанат бітіреді деген келелі пікір айтады.

Ұлжанның бұл өлеңі XIII ғасырдың басында өмір сүрген, әйгілі “Ақиқат сыйы” кітабының авторы Ахмет Жүйнекидің:

21. Енді Алланың сүйіктісінің жақсы жақтары туралы бірнеше бейіт тыңда.

22. Ақыл – ойына салып, сөзімді аңда.

23. Ол (Мұхаммед) тумысынан игі, адамдардың бақыттысы.

24. (Бүкіл) жаратылғандардың ішінде оған тең келетін (ешкім) жоқ...

немесе:

...Айтайын артықтығын Пайғамбардың,

Ұғып ал толғауымен ой мен ардың.

Құт қонған ізгінің ол бақыттысы,

Ішінде теңдесі жоқ жаны бардың... –

деген өлеңімен үндесіп жатыр.

Ұлжан ақын Пайғамбарды күдіретті Күнге теңейді. “Пайғамбар – әр бір момын мұсылмандардың жарқыраған Күні” дейді. “Пайғамбар үшін ақындар жақсы сөз айтады, оны мадақтайды, оған сиынады” – дейді. Пайғамбар – момын мұсылмандардың жүректеріндегі жыры деп келелі ой тастайды.

Мұхаммед Пайғамбарды жырға қосып, оны мадақтап, ислам әлемінің жарық жұлдызы деп баға берген ақындарымыздың бірі Ерімбет Көлдейбекұлы. Ол “Мұхаммед Пайғамбар туралы хикая” атты дастанында:

... Үңгірден шығып құтылып,

Мәдинаға жол тартты.

Хақтың ерген Мұхаммед,

Ізіне ерген бар адам... – дейді. /142/

Ақын Ахмет Жүйнекидің білімнің пайдасы мен мен надандықтың зияны туралы танымдық өлеңдерінен де үлгі алған. А. Жүйнеки:

85. Білімді – алтын көзі ашылатын,

Надан жан - қара бақыр шашылатын.

Білімсіз тең бола ма білімдімен,

Азамат – білікті әйел, ез ер - қатын...

немесе:

100. Білмесен - басқа не бар, сенің не ер?

Біліммен ғалым өсіп, көкке жетер.

Адамды наданшылық төмен етер,

Ерінбе, білім ізден, Расул хақ,

“Қадірле білгендерді” – деп көрсетер...

Ұлжан ақын білімнің пайдасы туралы осы Ахмет Жүйнеки өлеңдеріне былай деп үн қосады:

... Ілім сенің үстіңе киер киімің,

Ілім сенің - баспаналар өз үйің.

Сол үшін де пайғамбардың сөзіне,

Тәжім етіп ықылас қойып сиының...

Діни-ағартушы ақын ілімді адамның үстіне киетін киімі, өзінің үйі, баспанасы деп бағалайды. Бұл әрине, ақынның поэзиядағы жаңалығы деп түсінуіміз керек. Мұхаммед Пайғамбардың әр бір сөзін – аяттарын ілімге теңейді. Мұхаммед Пайғамбар ілімге бас ұрған жан, ілімге құштар жандарды құрмет етуіміз қажет, сол ілімге бас иген, ілімді дамытқан пайғамбарға тәжім етейік” дейді.

Онан әрі ақын:

Ілім сенің бой көрсетер биігің,

Ілім деген Ақ Ордаға жиылың.

Ілім үшін жанды отқа беремін,

Ілім үшін өлімге де бұйырың... –

деп жырлайды. Яғни ақын:

“Ілім деген Ақ Орда, ілімнің тылсым күштеріне сыйын, ілімнің тереңіне де бойла” деген келелі пікір айтады. Ақын: “Ілім үшін жанымды отқа беремін, ілім үшін – мұсылман діні үшін мен өлімге де дайынмын” – дейді. Ақын: “Құран”ды ілімге теңейді. “Қасиетті “Құран” үшін күресемін, Құран үшін басымды өлімге тігемін” – дейді.

Ұлжан пайғамбардың: “Ілімді шың да болса іздеп тап” – деген ақылына үндес келеді. Яғни ақынның өлеңдерінде А. Жүйнеки шығармаларымен үндестік байқалады.

Ахмет Жүйнеки:

101. Білімнің арқасында ғалым жоғары көтерілді.

102. Білім жоқ адам төмен құлдырады.

Ұлжан:

Ілім – сенің үстінде киер киімің,

Ілім – сенің баспаналар өз үйің...

Ахмет Жүйеки:

105. Білімді кісі білімнің парқын айырады.

106. Білімнің пайдасы о досым, білімді біледі.

107. Білім қадірін адамға білім білдіреді.

Ұлжан:

Ілім сенің бой көрсетер биігің,

Ілім деген Ақ Ордаға жиылың...- дейді.

Ұлжан ақын өзінің ілім туралы пікірін осылай өрбітеді. Ақын поэзиясы өзгені қайталамайды. Тың, келелі пікір өрбітеді. Ақынның қасиетті Құранға деген сүйіспеншілігі басым.

Ақын Ислам дініне деген өзінің көзқарасын поэзия тілімен жеткеруде өзгеше тәсіл де қолдана біледі. Ол өз ойын 7-8 буынды жырмен де жеткізе біледі.

Мұхаммед Пайғамбар: “Қаншалықты қауіпті болып көрінсе де шындықты қалаңыз, ақыры сәтті болады” десе Ұлжан өз өлеңінде:

... Шыншыл болсаң - адамсың,

Пайғамбардың досысың.

Өтірік айтсаң - надансың,

Пайғамбардың қасысың...

немесе:

...Өтірік сөйлеу – арсыздық,

Күнө болар пендеге.

Өтірік сөйлеу – арсыздық,

Ойыңды тарт сідеше.

Өтірік айтпа, адам бол,

Өтірік айтпа, өлсең де.

Өтірік айтпа, адал бол,

Қара жерге кірсең де... –

деп шындықты биік қояды. “Өтірік сөйлеу де надандықтың белгісі, шындықты бетке ұстаған адам - қасиетті адам, ол – Пайғамбардың досы” деген пікір өрбітеді. Ақын “Пайғамбардың қасысың” деген сөз тіркестерін қолданып отыр. “ Пайғамбардың қасы” деген сөз – “ Пайғамбар-дың жауы” деген мағынаны білдіріп тұр. Ақын тағы да: “Адам баласына әрбір

мұсылманға жалған сөйлеу-күнө, жаман ойыңды тарт, жаман сөз, яғни, жалған сөз айтпа, өлсең де өтірік айтпа, адал бол, қара жерге кірсең де жалған сөйлем, адал бол” деген пікір өрбітеді.

Ұлжан ақынның бұл өлеңі үш шумақтан тұрады. Мұны біз информатор Жиенбике Оразымбетқызынан жазып алдық. Алайда біз халық мұрасын қастерлеп сақтаушылардан бұл өлеңнің алғашқы шумағының бірнеше нұсқасын таптық.

Жапарбай Нұрымбетұлы нұсқасы былай дейді:

Өтірік сөйлеу – арсыздық,

Күнө болар пендеге.

Өтірік айту – малсыздық,

Ойыңды тарт ендеше...

Мұндағы өзгешелік Жиенбике нұсқасындағы:

Өтірік сөйлеу - ұятсыздық

Бойыңды тарт ендеше, -

деген екі соңғы тармақ:

Өтірік айту – малсыздық,

Ойыңды тарт ендеше, - болып өзгерген.

Енді Пірімбай нұсқасын оқып көрейк:

Өтірік айтпа, адам бол,

Өтірік айтпа, өлсең де.

Өтірік айтпа, адал бол,

Қара жерге кірсең де...

Біз Пірімбай нұсқасын Ұлжан ақынның біз талдап, пікір айтып отырған өлеңінің үшінші шумағына кіргіздік. Осы үшінші шумақ информатор Бақтылы нұсқасында былай айтылады:

Жалған айтпа, адам бол,

Жалған айтпа, өлсең де.

Жалған айтпа, адал бол,

Шейіт болып кетсең де...

Бұл шумақта Пірімбай нұсқасындағы “өтірік айтпа” деген пікірлер “жалған айтпа” болып өзгерген. “Қара жерге кірсең де” деген төртінші тармақ “шейіт болып кетсең де” деп айтылады.

Бұл өзгерістер ақынның айтар ойының мәнін, құнын жоғалтпайды.

Сопылық әдебиетті өркендеткен А. Жүйнеки ойымен сабақтас бұл өлеңнің көркемдік, тәрбиелік мәні зор. А. Жүйнекидің “Оқ жарасы жазылады, бірақ тіл жарасы жазылмайды” деген шығармасынан үзінді келтірейік:

157. Сөзі жалған адамнан тез қай.
158. Өз өміріңді шыншылықпен өткіз.
159. Тіл мен жақтың көркі – шын сөз.
160. Шын сөйле әңгіменді тартымды ет.
161. Шын сөз бал сияқты, жалған – жуа.
162. Бал (татыған) аузыңды жуа жел ашытпа.
163. Немесе жалған сөз – ауру, шын сөз ем сияқты.
164. Бұл бұрынның келе жатқан мысал сөз.
165. Шыншыл бол, туралық ет, әділ атан.
166. Шыншыл деп білсін халайық сені...

Енді А. Жүйнеки мен Ұлжан ақынның сөздерін салыстырып көрейік:

А. Жүйнеки:

159. Тіл мен жақтың көркі – шын сөз.
160. Шын сөйле әңгіменді тартымды ет.

Ұлжан:

Өтірік сөйлеу – арсыздық,  
Күнә болар пендеге...

Ахмет Жүйнеки:

165. Шыншыл бол, туралық ет, әділ атан.
166. Шыншыл деп білсін халайық сені.

Ұлжан:

Шыншыл болсаң - адамсың,  
Пайғамбардың досысың.

немесе:

Өтірік айтпа, адам бол,  
Өтірік айтпа, өлсең де...

Мұхаммед Пайғамбар: “Құдайдан қорық.  
Азғантай жақсылықтың өзін азырқанба. Тіпті біреуге су  
әперуді немесе жақыныңды жылы қабақпен қарсы

алуды ұсақ-түйек деп санама, шын ниетіңмен істе...”  
десе Ұлжан ақын “Сынарым бір Құдай” деген  
жырында:

Сынарым бір Құдай,  
Жар бола гөр бір өзің.  
Кешіре гөр, о, Құдай,  
Қате болса бір сөзім.  
Саған арнап жазамын,  
Өлеңімді бір өзім,  
Мына халық тірегім,  
Тірегім өм жүрегім.  
Бір өзінді ей, Құдай.  
Есіме алып жүремін.  
Тек өзінде ей, Құдай  
Бақыт бар деп білемін.  
Тек өзіңе сиынып,  
Ойнаймын да күлемін.  
Мынау - ұлым, қызым да,  
Айтып едім бұрын да,  
Сиынатын Құдай бар...

Ұлжан ақын білім алуды мақсат етіп, ілім жолына түсіп, діни-ағартушылық жолға түскен жастар туралы өлеңдер жазып, олардың білім алу жолындағы қадамдарына сәттілік тілеген:

...Оқу үшін жайып ал ап кең қанатын,  
Қалам-қанжар, ойын шарға жанатын.  
Оқып білім алу үшін ерінбей,  
Өпе, Мысыр, Ыстамбұлға баратын...

Өпе қаласындағы “Ғалия” медресесі мұсылман жұртшылығының ең жақсы көретін сүйікті оқу орны болған. Бұл медресе Орынбордағы “Хусайния”, Тройцкідегі “Расулия”, “Уазифа”, Өпедегі “Усмания”, “Зюнжырлы” (“Алқалы”), Қызылжардағы “Шалақазақ”, Бұхарадағы “Көкалташ” медреселеріне қарағанда күрделі пәндер өтілетін.

“Медресеге орта сыныптың “Рушдиядан” өткендер сынақ тапсыру жолымен қабылданған. Төменгі басқыш “ибтидайда” үш жыл, орта рушдияда” үш жыл,

жоғары “алияда” алты жыл – аттамалатқанда жиыны он екі жыл оқыту – мәдениеті ілгері елдерде сыннан өткен әдіс-тұғын. Озық келгендері, сәтін салса, білімі шетте төмамдаған. 17-20 жыл сүрелеп оқытатын Бұхара жолынан бұл әдіс сапасымен де оқшау еді.

Медресе қырағаттап құран оқу, тәпсірлеп мағынасын айтудан басқа “қаламға” жататын пәннен – хадис, усули хадис (хадисті зерделеу әдісі), фикх (мұсылман заң жүйесі), сиярат – нәби (Мұхаммед пайғамбардың өмірі), фұраиз (мирас болу ережесі), араб тілі (морфология, синтаксис, әдебиет, ділмар сөз, грамматика), дүниәуи пән жадығатыннан-түркі тілдері (морфология, синтаксис, әдебиет, грамматика, сөз өнері), орыс тілі (грамматика), жалпы тарих (ежелгі, орта ғасыр, жаңа тарих), түркі тарихы, жағырафия, арифметика (төрт амал, бөлшек, пропорция, процент), алгебра (толық курсы), геометрия (планиметрия, стереометрия), тригонометрия, психология, педагогика, дидактика, әдістеме, химия (органикалық және бейорганикалық), физика, жаратылыстану ғылымдары, адам физиологиясы, дене тәрбиесі жүрген. Дін ғылымдары өмірге байланысты, қисындап ойлау, әңгімелесу түрінде оқытылады. Түркі тілдерінде қирағат (оқулық) болмауы себепті араб, түрік, орыс тілдеріндегі көмекші құралдар пайдаланылады. Осы жолмен жүрген әрқандай шәкірт түрік тілін жақсы меңгеріп, өзбекше, қазақша, түркіменше, башқұртша, ұйғырша, орысша еркін ұғыныса берген... /143/.

Ауылдағы мешіт-медресені бітірген, білімге құштар жастар Хиуа, Бұхара, Өпе қалаларына, тіпті Мысыр, Қайыр, Ыстамбул қалаларына дейін оқуға талпынатын болған. Әрине, шет елдердегі медреселерге барып, білімді тереңдету қиынның қиыны болатын. Мол қаражат болу керек болды әрі оқуды одан әрі жалғастыруға көмек беретін жанашыр адам немесе қаражат төлеп тұратын қоғамдық ұйымдар болу шарт еді.

Ұлжан Бекенқұлқызы білімге ынтыққан жастар туралы:

Жас өмірін оқуменен жалғайтын,  
“Оқымаймын” дейтін жастар болмайтын.

Білім-ілім, өнер сүйген жастарға,  
Бұхар, Хиуа қаласы қол бұлғайтын, -

деп шабыттана жырлаған. Сол кездері діни мешіт-медреселерде оқуын жалғастыратын жастардың жақсы дәстүрлі ақын назарынан тыс қалмаған. Ұлжан ақын Өпе қаласындағы “Ғалия” медресесінде оқыған, сөйтіп ауылға келіп мешіт-медресе салуға ұмтылған Мейрамбек деген сауатты адам туралы былай деп жырлайды:

Мейрамбек Өпеде оқыған,

Білімді көңілде тоқыған.

Жастарға үйретіп дәрісті

Өзендей толқып бір тасыған...

Демек, “Дәуқара”да білімді жастар тек Хиуа, Бұхара ғана емес, Өпе қаласында да оқыған деген болжамға қосылуға тиіспіз. Одан әрі Ұлжан ақын:

Білімге “Ғалия” жомарт-ты,

Көп жастар оқуға құмартты.

Тағдырды біліммен жеңді де,

Иассауи шыңына жол тартты...

“Дәуқара” ұлтанынан “Ғалия” медресесінде оқыған азаматтарды анықтаудың уақыты келді. Ұлжан ақын жырлаған Мейрамбек кім? Белгілі ғалым Мақсат Тәжімұратов “Ғалия” медресесін бітірген азаматтардың тізімін беріп: “...Біләл Сүлеев, Зейнел Иманжанов, Мейірман Ермекташев, Әбдірахман Мұстафин, Әубәкір Жәйшібеков, Мұхамбетқали, Ғабдолла Оразаевтар... Бұл “Ғалия” түлектері тізімінің өшмөшкесі ғана...” деп жазды /144/.

Енді аты әйгілі Аңсатбай ахунның баласы Сағидулла ахун бір баласының атын Зия деп қойғаны жөнінде сөз өрбітейік.

Ұлжан ақын:

Өшкендерді жаңғыртудың несі мін?

Уақыт ашар мұның бір күн есігін.

Сағидулла мударисті құрметтеп,  
Зия депті перзентінің есімін... —

деп Сағидулла ахунды жырға қосқан. Ақынның осы бір пугмақ өлеңінен көп тарихи деректерді аңғаруға болады. Ақын былай дейді: "... Сағидулла ахун мударисті құрмет тұтып, перзентінің есімін Зия деп қойды" деген пікір өрбітеді. Ұлжан ақын жырға қосқан Зия Сағидулла ахун құрметтеп, перзентінің есімін қойған Зия — Зия Камали еді.

Өпедегі "Усмания" медресесінің иесі Хайролла молла Усманов кепілдік етіп Зия Камалиді Мысырға оқуға жібереді. Сондай-ақ Зия Камалиға Өпе қаласындағы "Жамгиат-и-хайрис" ("Қайырымдылық қоғамы") қаржылай көмек береді. Ол Мысырдан келіп 1906-жылы күзде "Ғалия" медресесін ұйымдастырады. Оның бас мударисі болады. Үндістандағы Сейд Ахмед хан, Мұхаммед Икбал, Таяу Батыстағы әл Афғани, Мысырдағы Мұхаммед Ғабдуһудің реформаторлық ойларынан қанағтанған Зия Камалидің бұл ісі Ресей мен Орта Азия, Қазақстан мұсылмандарына жасаған азаматтық қамқорлығы еді...

Зия Камали 1943 жылы сталиндік қапаста қайтыс болды.

Қызыл империяны (КСРОны. М.Ә.) билеп тұрған коммунистердің идеологиясының өршіп тұрған кезінде Сағидулла ахунның баласының атын Зия деп қоюы үлкен ерлік болатын. Жергілікті партия ұйымындағылар сейфтен шоколад шайнап, коньяк ішіп жүріп Зия Камалидің кім екенін білмеген-ау шамасы, әйтпесе, Сағидулла ахунды "Балаңның атын неге Зия деп қоясың?" деп қудалауы да мүмкін еді. Сағидулла ахунға қара күйе жағу онсыз да оңай еді. Сағидулла - әйгілі діни ағартушы Аңсатбай ахунның баласы болатын.

Әрине, бұл Сағидулла ахунның 1906-1916 жылдары "Ғалия" медресесін бітірген мыңға жуық шәкірттердің білімді болуына, олардың қараңғы халық арасына барып, сауаттарын көтеруге мұрындық болған

күллі түркі тектес туысқан халықтардың ұлы перзенті, аяулы азаматы Зия Камалиге деген ыстық сүйіспеншілігі еді.

Аттары белгісіз боп бара жатқан халық зиялыларының істеген қызметтерін жастарға үлгі етер уақыт келді.

... Өшкендерді жаңғыртудың несі мін,

Уақыт ашар мұның бір күн есігін, - деп Ұлжан ақын жырлағандай өшкендерді тірілтіп, олардың игілікті істерін ұрпақ алдында дәуір алдында паш ету ғалымдарымыз алдында тұрған келелі міндет. Киелі уақыт мұның есігін ашып отыр.

XII -ғасырда өмір сүрген Түркістан қаласының ақыны Ахмет Жүйнеки "Хибатул хакайк" ("Ақиқат сыйы") деген дидактикалық дастанында: "86. "Білімсіз надан-құны жоқ бақыр", 95. "Білімді адамның (өзі) өлгенмен, аты өлмейді" — деп данышпандықпен ой өрбітеді. Ұлжан ақын Ахмет Жүйнекиді үлкен философиялық көзқараспен жырлайды. Туған жерде білімге ынталы жастар туралы көптеген шығармалар-өлең-жырларында білім туралы, оның сырлары туралы ой тербейді. Оның Аңсатбай ахун туралы да жазған толғауы ел аузында. Ұрпақтан ұрпаққа жетіп келеді:

Аңсатбай молла сонан соң,

Көп ойланып алған соң,

Бұхараға жөнелді.

"Көк алташ" болды арманы

Медресенің тарланы.

Медресеге барды да

Мударистің қолын алды да

Жақсы ақылға кенелді.

"Қайтпаймын" деді мен енді.

Дос тауып алды беделді,

Білімге құмар жас жігіт,

Жүйрік болды бәрінен

Жасы менен көріден.

Ұстазы оны сыйлады,

Шәкіртім деп қимады.

“Дәукара”ға қайтарда,  
Достарын түгел жинады, -  
деп толғау айтқан.

...Ғалымдарға кітап керек,  
Сопыларға мешіт керек.  
Мәжнүндерге Ләйлі керек,  
Ойсыз, наданға дүние керек  
Ақылдыға ғылым керек, -

деп жырлаған Сопылық әдебиеттің ірі өкілі Қожа Ахмет  
Иассауиді Ұлжан ақын шын талантымен қуаттайды:

...Білім қуған жастарға ақыл керек,  
Сонан соң ой көрігі – нақыл керек.  
Жас жігіт-өз елінің болашағы  
Жаңа бөрткен жайқалған жасыл терек...

Ұлжан ақын жастарды ақылды болуға шақырады.  
“...Ақылды болу үшін адамның ойы көрікті болуы,  
шешендік сезімге, тапқырлыққа бай болуы қажет, нақыл  
сөздерден ғибрат алуы керек...” деп ой түйеді. Ақын  
онан әрі: “...елдің болашағы – білімді жастар, олар  
көктемде бүртік атып келе жатқан жасыл терек, теректі  
баладай тәрбиелеу керек, онан ертең мол шапағат  
көресің...” – дейді.

Ұлжан ақын өлең құдіретімен ел боламын, білім  
аламын деген жастарға қасиетті жыр жолдарымен ақыл  
айта отырып, туған елде білім жолында ерінбей, қандай  
қиындық болса да қайыспай, халық үшін қызмет істеген  
Аңсатбай ахун Еділбайұлы жайлы көптеген өлеңдер  
жазып қалдырған. Сол өлеңдердің бірі – “Аңсатбайдай  
адал бол” деп атылады. Ақын бұл өлеңінде Аңсатбай  
ахунның адалдығын жырлап, “ол елге данышпан  
болған, мешіт-медресе құру жолында жауларымен  
айтысып, оларды жеңген. Сөзбен алысқан, шайқасқан,  
арналысқан” – дейді.

... Аңсатбайдай адал бол,  
Аңсатбайдай әділ бол.  
Ел құрметгер адам бол,  
Өтірік сөйлеп бұзылған,  
Ел жеккөрген надан ол.

Аңсатбай ахун-ақылын,  
Аңсатбай ахун-данышпан.  
Аңсатбай ахун жақының  
Жаумен жеке алысқан.  
Атысуға барысқан,  
Шабысуға барысқан.  
Ойы түзу жандармен,  
Медреседе табысқан...

Ұлжан ақынның Аңсатбай ахун, оның ұрпақтары  
жайлы жазған өлең-жырларының бәрі дерлік жастарға  
тәлім-тәрбие беретін маңызды шығармалар. Тарихи  
тұлға Аңсатбай ахун мешіт-медресе салу жөнінде көп  
кедергілерге тап болған адам. Ұлжан ақынның сөзімен  
айтқанда ахун атамыз оларды “жауым” деп есептеген.  
Олармен атысуға дейін, шабысуға дейін барған. Ойы  
түзу, яғни адал, адамгершілігі мол адамдармен  
медреседе кездескен. Оларды медреседе оқытқан” – деп  
ой түйеді. Ұлжан ақынның өлеңдеріндегі білімге деген  
қуштарлық, құптауға тұрарлық. Оның өлеңдерінің  
мәнділігі сонда - өмірі мен білімін діни – ағартушылық  
бағытқа арнаған діни ағартушылар жөнінде шеберлікпен  
қалам тербеген. Олардың игі істерін қолдап - қуаттап  
отырған. Кеңес үкіметі тарапынан діни – ағартушыларға  
көрсетілген қысымға қарсы болған.

Жас кезінде діни мешіт-медреседе білім алған  
Ұлжан араб таңбасымен жазылған кітаптарды оқиды.  
Білімін тереңдетіп отырады, дүниеге деген көзқарасын  
арттырады. Сопылық ілім негізіндегі дүниетанымын  
көгертеді. Қожа Ахмет Иассауи хикметтерін жаттайды.  
Жүсіп Баласағұнның, Нұртуғанның, Ерімбеттің  
өлеңдерін жаттап, сол өлеңдерден үлгі алады.  
Иассауидың сопылық ілімінің сарыны негізінде жыр  
жазады.

Белгілі ғалым, профессор М. Мырзахметұлы  
былай деп жазады: “Иассауидың сопылық танымдағы  
өлең-хикметтері қазақ елінің ой санасында ғасырлар  
бойы орын алып, хикметтер тобын көкірек көзі ашық  
азаматтар жатқа айтып, халық арасында үздіксіз



насихаттап жайып отырған. XX ғасыр басындағы сопылық танымдағы гуманистік ой желісінің негіздері көбінесе халықтың рухани санасына азық беріп насихаттаушы зиялы жандар да ұшырасады...” /145/.

“Қамысты” мешіт — медресесінің мударисі Әйімбет ишан мен оның шәкірті Өтім жырау сияқты Ұлжан да көптеген өлең-жырларын сопылық сарында жазды. Ол сонымен бірге елімізге белгілі діни қызметтері жайлы өлеңдер, жырлар жазып, діни ағартушылар жайлы, олардың елге істеген ағартушыларды қолдап - қуаттап отырды.

“Дәуқара” болысына белгілі діни ағартушы Сағидолла Аңсатбайұлы туралы:

... Өшкендерді жаңғыртудың несі мін,  
Уақыт ашар мұның бір күн есігін.  
Сағидолла мударисті құрметтеп,  
Зия депті перзентінің есімін... —

деп жырлаған. Ақын ел арасында жүріп білім қуған жастарды ерекше құрметтеген. Қандай қиындық болса да, дін ілімін үйренуге ұмтылған жастарды қолдап қуаттап отырған:

... Мейрамбек Өпеді оқыған,  
Білімді көңілде тоқыған.  
Жастарға үйретіп дәрісті,  
Өзендей толқындап тасыған...

“Ғалия” медресесінде оқып білім алған жастар жөнінде де өрелі ой өрбітеді:

... Білімге “Ғалия” жомарт-ты,  
Көп жастар оқуға құмартты.  
Тағдырды біліммен жеңді де,  
Иассауи шыңына жол тартты...

Мұхаммед пайғамбар: “... Құдай атымен жасаған игілігіңізді шын жүректен жасаңыз, себебі — Алла Тағала жалған сый мен жылтырақ ілтипатты қабыл алмайды...” — десе, Ұлжан:

... Алла алдында жалған сый,  
Жасамағын ескертем...  
Өтірікті айтпағын,

Бұл сөзімді қош көрсең... —  
деп жырлайды.

Ұлжан ақын да Әйімбет пен Өтім сияқты Мұхаммед пайғамбардың сөздерін жыр жолдарымен жеткеруге ұмтылады. Мұсылмандық жолды құрметтейді.

XIX ғасырдың екінші жартысында XX ғасырдың бірінші жартысында өмір сүрген діни ағартушы ақын Ұлжан Бекенқұлқызы поэзиясындағы діни-ағартушылық ағым Әйімбет, Өтім, Мыңбай шығармалары сияқты қазақ жастарын Ислам дінінің асыл қасиеттерін уағыздайды. Діни — ағартушы ақындар Қасиетті Құрандағы аяттар мен Мұхаммед Пайғамбардың хадистерін өлеңмен өрнектеп, елге насихаттауды үрдіс еткен. Ұлжан ақын да өз өлеңдерінде Мұхаммед Пайғамбардың хадистерін жырмен баяндап береді:

... Мұсылманның парызы —  
Сәлем беру — ізгілік.  
Айтып өтем мен мұны,  
Өмірімде жыр қылып.  
Адамдық пәк тілекпен,  
Жақын, ыстық жүрекпен.  
Шақырған жерге бару бар,  
Жасы үлкеннің ақылын  
Ынтығып бір алу бар...  
Сұраса ақыл айту бар...  
Түшкірсе жауап айту бар...  
Көңілін сұрау ауырса...  
Мөмін өтсе дүниеден  
Жанасына қатысып,  
Көңіл айтып қайту бар...

Бұл Мұхаммед Пайғамбардың:  
“Мұсылмандардың өзара алты хұқы бар: сәлем беру,  
шақырса бару, ақыл сұраса айту, түшкірсе жауап айту,  
ауырса барып көңілін сұрау, өлсе жаназасына қатысу...”  
— деген хадисімен үндесіп тұр.

Мұхаммед Пайғамбар: “... Аурудың көңілін сұрауға бара жатқан адам өзін жаннаттың бағында жүрмін деп есептей берсін...” – десе, Ұлжан:

... Ей, мұсылман, тыңдағын,  
Өзгеге басың бұрмағын.  
Ауру мөмін жатқанда,  
Үйінде қарап тұрмағын.  
Көңілін сұра сырқаттың,  
Жүрем десең өлген соң  
Жаннатың жасыл бағында  
Шын көңіліммен үн қаттым...  
Кәпірлердің сөзіне,  
Мұсылман болсаң бағынба.  
Алыс шықсаң сапарға  
Ел-жұртыңды сағын да,  
Кәпірлерді сағынба... –

деп жырлайды.

Ақын: “... Ей, мұсылман тыңдағын, өзгеге басың бұрмағын...” деп тек өзін ғана емес, барлық мұсылман қауымға: “...Өзгелерді тыңдама, Мұхаммед Пайғамбардың өсиеттерін тыңда...” деп ақыл айтады.

Мұхаммед Пайғамбар: “... Кімде кім нақақ қастандық, жаулық істерге жәрдем берсе Алла тағаланың азабына ұшырайды...” – десе, Ұлжан ақын:

... Нақақтан жасап қастандық  
Жүретін болса мұсылман.  
Жаулық іске жәрдем беріп,  
Бұл өмірде бұзылған.  
Адам Алла алдында  
Азапқа бір кезігер.  
Ондай адам қатесін  
Кешігіп бір сезінер ... –

деп жыр жолдарымен үн қосады. Бұл әрине, діни-ағартушы ақындардың Ислам дініне деген махаббаты Ислам дініне, Мұхаммед Пайғамбар өсиеттеріне шын берілгендігі.

Мұхаммед Пайғамбар: “... Жастыққа алынған білім – тасқа қашаған нақышпен бірдей...” – десе,

Ұлжан ақын да пайғамбардың бұл өсиетін құп алып өлеңмен өрнектейді. Білімге, ілімге құштар ақынның сопылық дүниетанымы терең. Ол жүрегінен жарып шыққан аталы сөзді мақұлдап, өлеңмен елге жеткеруге асығады:

... Кітапқа ерте үңілің  
Ұзақ болар жүрмін...  
Көңіліңді қалар төрінде,  
Жастықта алған білімің.  
Жас кезде алған білімің,  
Кашаған тасқа нақыштай  
Мақсатқа биік жетелер,  
Алға ұмтылған ағыстай...

Мұндағы ақынның “Кітапқа” деген сөзі “Құран” ға деген сөзі болуы да ғажап емес.

Мұхаммед Пайғамбар: “... Өмірде көп қателескен және көп тәжірибе жинаған адамдар момын, һәм мейірман болады...” – десе Ұлжан ақын:

... Қателескен көп өмірде  
Тағдыр деген өңірде.  
Көргені көп сол өмірден,  
Адамдар-момын, мейірман.  
Болады мұны тыңдасаң,  
Өзгеге басың бұрмасаң.  
Бақыттымын мен деймін,  
Мұсылмандықты жырласам... –

деп жырлайды.

Ұлжан ақын Мұхаммед Пайғамбар хадистерін жырлай отырып: “... Мен мұсылмандық парызды ел-жұртқа жеткізуді көздеп отырмын. Мұны мен өмірімде жыр қылып баяндап өтем. Мұсылмандықты, Ислам дінін жырлау арқылы мен өзімді бақыттымын деп есептеймін...” – дейді.

Әрине, Ұлжан ақынның Ислам дінін мадақтап, насихаттауы таңданарлық құбылыс емес. Мұндай діни өлең-жырлардың көбі кешегі Кеңес дәуірінде отқа жағылып кетті.

Сопылық әдебиетті өркендеткен Өтім ақын Қасиетті Құрандағы сүрелерді жыр жолдарымен жеткеруге тырысады. Мұндай дәстүрді Әйімбет ұстаған. Әйімбет Өтімнің ұстазы десек, Өтім шәкірт ретінде ұстаз ұстаған жолмен жүруді алдына мақсат еткен. Енді Қасиетті Құранның сүрелеріндегі аяттарды Өтім жырларымен салыстырамыз: “Құран” ның төртінші Ниса сүресінің жүз жетпіс алтыншы аятында былай деп жазылған: “Аллаға қарсы болып, Пайғамбардан бас тартқандар, қиямет күні, жермен-жексен болуды арман етеді. Алладан бір сөз жасыра алмайды...”

Өтім аятты жыр жолдарымен өрнектейді:

... Пайғамбардан бас тартқан,  
Ол Алланы шаршатқан.  
Оны көміп жерге Алла,  
Көңілін әбден таркатқан...

Ақын “Аллаға қарсы дінсіздердің өзі Алла тәңірімді шаршатады, ондай дінсіздерден Алла тез құтылады” деген пікір өрбітеді.

“Құран” ның Ниса сүресінде: “Алла дұшпандарыңды жақсы біледі. Сондай-ақ Алла, Достықта жетіп асады әрі жәрдемшілікте де жеткілікті...”

Өтім:

... Дұшпаныңды бір Алла,  
Сенен жақсы біледі.  
Аллаға әр кез табынсаң,  
Сені қорғап жүреді.  
Мөміндерге жақын бол,  
Дұшпаның сенің сыртыңнан  
Иттей болып үреді...

“Құран” аятында: “... Ал және кім Аллаға, Пайғамбарға бой ұсынса, міне солар, Алла нығметке бөлеген пайғамбарлар, шыншылдар, шәхиттер және игілермен бірге болады. Олар нендей жақсы жолдас...”

Өтім ақын:

... Аллаға сен табынсаң

Болар ол да досыңдай.  
Алланы ауызға алмаған,  
Надандарға қосырма-ай...  
Ұмытпағын мөміндер,  
Алла деген асылды-ай...

“Құран” аятында: “...Кім пайғамбарға бағынса, расында Аллаға бағынған болады. Ал және кім бет бұрса /Мұхаммед, ғ.с./ оларға сені аңдушы етіп жібермедік...” – делінсе,

Өтім ақын:

... Пайғамбарды сыйлаған,  
Алланы да сыйлаған.  
Бұл өмірде оңбайды,  
Мөміндерді қинаған.  
Ондай адам бақытсыз,  
Өз бойына әруақта  
Жамандықты жинаған.  
Мұсылман деп айтуға  
Болмайды оны құлақ сал,  
Жолы бұзық адамдар  
Бұл дүниеде неге көп?  
Қинады осы сұрақтар... –

деп жырлайды.

“Құран” да былай жазылған: “Кім Алла жолында ауа кешсе, көптеген кең қоныс және кеңшілік табады. Сондай-ақ біреу үйінен Аллаға, Пайғамбарға бола шықса, оған өлім жетсе, сонда оның бодауы Алланың өзіне тән болады. Алла аса жарыққаушы, тым мейірімді...” Ал Өтім:

... Алланы ойлап көшкендер,  
“Олар қоныс табады,  
Бақытты боп қалады.  
Кеңшілік те табады.  
Несібесін алады.  
Алла үшін өлсе егер,  
Жаны жұмақ болады.  
Алланы ойлап шыққандар,  
Пайғамбарды жақтаған.

Онан артық тындасаң  
Жақсы адам да жоқ маған ..., -  
деп жырлайды.

/Мұхаммед ғ.с./ егер саған Алланың ілтипаты,  
мархаматы болмаса еді, әрине, олардың бір тобы сені  
адастыруды ойлаған еді. Олар өздерін ғана адастырады  
да саған ешбір зиян келтіре алмайды. Өйткені Алла,  
саған Құранды және хикметті түсірді әрі саған  
білмегендеріңді үйретті. Сондай-ақ Алла /т/ саған деген  
ілтпаты өте ірі...”

Өтім:

... Алланың адал жолында  
Мүміндер ешбір адаспас.  
Сенің өмір тағдырың  
Бір Алланың қолында.  
Адаспай тура жүруді  
Алланың өзі қолдаған.  
Дінсіздердің ешуақыт,  
Сөздері дұрыс болмаған.  
Алла саған Құранды  
Түсірді мөмін, түсінгін,  
Сүрелерді жаттасаң,  
Ұшқаны биік құсыңның... –

деп жырлайды.

Ақынның сопылық дүниетанымы, сопылық  
негізде айтар ойы анық: “Адамның өмірі тек Алланың  
ғана қолында, мөмін Алланың адал жолымен жүрсе  
ешқандай адаспайды. Дүние безген адамдардың сөздері  
ешуақытта дұрыс болмайды. Сүрелерді жаттап алып,  
исламға шын ықыласыңмен берілсең, бақытты  
боласың...” – дейді.

“Құран” да: “... Аса қамқор, срекше мейірімді  
Алланың атымен бастаймын.

Ұғымын Алла біледі. Мұхаммед бұл Раббыңның  
құлы. Закарияға мархаматының естелігі. Ал бір заманда  
ол, Раббына құпия дауыспен жалбарынған еді. “Раббым,  
сүйегім қаусап, басым ағарған. Дегенмен саған қойған  
тілегім, босқа кетпеген еді” деді...”.

Өтім:

... Ұғымын Алла біледі  
Ұғымын Алла біледі.  
Мөміндерге бұл Алла.  
Баянды бақыт тіледі.  
Мұсылманмын дегендер,  
Алланы дос деп жүреді.  
Мөміндер әркез сыйынып,  
“Бір Алла” деп жүреді.  
... Мұхаммед уағалай ассалам,  
Өзінді әркез еске алам.  
Раббыңның құлы Закария  
Мархаматың жазды естелік.  
Осыны жүрген ескеріп.  
Өткен бір ескі заманда,  
Жалбарынды Раббына.  
“Раббым, мені тындағын,  
Өзгеге ойды бұрмағын.  
Сүйегім менің қаусады,  
Басым да менің ағарды.  
Саған қойдым тілекті,  
Сыбанып алып білекті... –

деп жырлайды. Қасиетті Құранның 19-шы Мариям  
сүресінің тоқсан сегізінші аятында жазған бұл жырдың  
толық нұсқасы қолымызға түскен жоқ. Мүмкін ақын  
“Құран” дағы барлық аяттарға, аяттарда жазылған  
сөздерге өлеңмен жазған шығар. Аяттардағы сөздерді  
жырға қосу – бұл үлкен дайындықты, табандылықты,  
жауапкершілікті және дарындылықты талап етеді.

Мұндай жырды қасиетті жыр деп атауымыз тиіс-  
ақ. Себебі жырдың мазмұны Қасиетті Құран дағы сөз.  
Ақын Құран сөзін жырмен жеткеруге ұмтылған. Яғни  
ұстазы Әйімбетке еліктеген...

“Иман-шартта” /“Құран” да/ былай жазылған:  
“Әй, Алла,... Қожайынымыз, арап, ғажемнің қожайыны  
болған Мұхаммедке игілік ет. Ол, құрметті Мекке және  
нұрлы да ардақты Мәдиненің жетекшісі. Ол, өткен  
тілдің аударушысы әрі жомарт. Ол, адамдарға

білімегенін үйреткен. Оның асылы нұр, нәсілі Адам. Оның жіберілуі кейін, жаратылысы бұрын. Оның аты “Лаухұл – Махфуз ға яқұт, жауһар және қаламмен жазылған. Оның құрметті денесі, нұрлы да құрметті Мәдинеде көмулі...”

Ал Өтімді оқимыз:

... Әй, Алла, Сізден өтінем,  
Дін исламның жолына.  
Жасымнан мен өтіп ем.  
Сіздің Құран-көрімді  
Ел аралап жүргенде  
Насихаттап кетіп ем...  
... Әй, Алла Сізден өтінем,  
Мұхаммедті жүйрік ет,  
Мұхаммедті қолдағын,  
Мұхаммедке игі ет.  
Ол Мұхаммед Меккенің  
Мәдиненің тағы да.  
Жетекшісі болған ер.  
Мұхаммедті қолдайды  
Дала менен қара жер.  
Таулар менен өзендер,  
Мұсыманмын дегендер...  
Мұхиттар мен теңіздер,  
Анадан туған егіздер.  
Адамдарға Мұхаммед,  
Білмегенін үйреткен.  
Дінсіздерді күйреткен.  
... Оның асылы тек Адам,  
Оның нәсілі тек Адам.  
Жіберілуі кейін де  
Жаратылуы бұрын.  
Күн де шапқан нұрын.  
Арналған менің жырым...  
Аты – Лаухұл – Махфуз,  
Еске алайық біз.  
Қаламмен тыңда, жазылған.  
Өрбіген өзі асылдан.

Құдіретті денесі  
Мәдинеде көмілген,  
Ұмытылмайды өмірден...

“Иман шарттағы асыл сөздерді одан әрі оқимыз:  
“... Оны көрген, оған ерген адам үшін және оған сәлем берген адамға нендей қуаныш, тағы нендей қуаныш. Ол, /Махшарға/ жиналған әрі өкініш күні шапағаттың бұлағы. Және ол, /сол күні/ күнәкарлар үшін: а Рабби құтқар-деп айтушы, шапағат иесі. Әттең. Сол күні, оның табанының топырағын көзімізге сұртсек екен. Ол, сол күні: “Әй жұмсақтық сипатқа, ие әрі жомарт Алла. Үмметім, үмметім, әттең үмметім,- дейді. Сонда өте қамқор, ерекше мейірімді Алла тарапынан бір айғайшы: “Әй, құрметті пайғамбар. Шапағатың қабыл етілді...” – деп дыбыстайды. Жәннатқа кіріңдер... Сендерге қорқыныш жоқ, сондай-ақ қайғы да, реніш те жоқ. Енді Алла тағала: Әбубәкірден, Ғұмардан, Ғұсманнан және Ғалидан разы болсын...”  
Өтімді оқимыз:

... Оны көрген адамдар,  
Оған ерген адамдар,  
Сәлем берген адамдар.  
Нендей қуаныш күтеді?  
Ол тындасаң сен егер,  
Шапағаттың бұлағы,  
Ақ көңілдің жыр-әні...  
Күнәкарлар үшін ойласаң  
Раббы құтқар деп айтшы.  
Табанының топырағын  
Көзімізге сұртсек біз.  
Соның шапағатынан  
Бақыт-нұрды күтсек біз.  
Ол сол күні құрметпен  
Жақсы-нұрлы тілекпен.  
“Жомарт Алла, ей, Алла,  
Үмметім менің үмметім...”  
Деген ол үлкен жүрекпен.  
Алла жатқан айғайшы,

Былай депті үні өктем:  
“Әй, құрметті Пайғамбар,  
Өмірге нұр жайған бар.  
Шапағатың қабыл етілді  
Жәннатқа енді кіріңдер.  
... Қорқыныш жоқ сендерге  
Қайғы да жоқ сендерге.  
Реніш жоқ сендерге.  
Енді Алла тағала  
Әбубәкір, Ғұмардан,  
Ғұсмен менен Ғалидан,  
Разы болсын өтінем...”

Ақын “құран” сөзін рет ретімен жырлайды.

“Имен-шартта” одан әрі: “... Барлығы құрмет иесі. Сонсоң Алла тағала шариғаттың қызметкері болған Имам Ағзамнан разы болсын. Алла тағаланың игілігі барлық пайғамбарлар мен елшілерге болсын. Және жақын /Мұқарреп/ періштелеріне болсын. Әй, Алла. Көктер мен жерлердің тұрғындарынан Саған бой ұсынғандардың баршасына болсын. Әй, Алла. Бізге мархамат ет, қиямет күні, солармен бірге жайнайсың. Әй, ерекше мейірімді, аса қамқор Алла. Сенің мархаматыңмен...”

Өтімді оқимыз:

... Осыны армандап кетіп ем,  
Барлығы құрмет иесі,  
Табылса сөздің жүйесі.  
Сонсоң Алла тағала,  
Шариғаттың қызметкері.  
Имам ағзамнан  
Разы болсын өтінем.  
Алланың бір игілігі  
Пайғамбарлар мен елшілер.  
Оған жақын періштелер.  
Көк пен жердің тұрғыны,  
Саған әр кез бойсұнды.  
Әй, Алла, осы айтарым  
Мархамат ет, әй Алла,

Қиямет күні солармен,  
Бірге тағы жинайсың.  
Оларды осы дүниеге.  
Және өзің қимайсың.  
Ерекше өм мейірімді  
Аса қамқор ей, Алла...

Міне, ақын осылай жырлайды. Өлеңнің құрылысы жеті – сегіз буынмен қайталанып келеді де, айырым тармақтары тоғыз буын болып ол өлеңді оқу барысында кедергі келтірмейді.

Өтімнің бұл жыры әйгілі ақынымыз Әбубәкір Кердерінің:

...Сопылық деген ауыр жол,  
Ұстап жүрсең тәуір жол.  
Хазірет Расула шағында

Талай сопы болыпты... - деген жырымен үндес келеді.

«Сан ғасырларға созылған Иассауидың сопылық дүниетанымы мен сопылық поэзияның классикалық деңгейіне көтерілген ақындық дәстүрін жалғастырып дамытушы сопы ақындар ХХ ғасыр басына дейін жетті...» деген еді белгілі әдебиетші - ғалым М.Мырзахметов. «Дәуқара», «Көк өзек» те сопылық ілім негізінде сопылық әдебиетті дамытқан Әйімбет, Өтім, Омар, Ұлжандар өз елінің нағыз сопы ақындары болды.

Өтім поэзиясындағы діни көзқарастар да ақынның ислам дініне деген сүйіспеншілігінен дерек береді. Сопылық поэзия – тәңіріге жалбарынады. «Жауларымнан қорғайтын тек бір Құдай ...» деген тамаша идеяны ұстанады;

... Аңдын жүрген жауым да көп,

Бір Құдайым, өзің қорға... -

дейді ақын «Ал ха, көңілім, енді толға» деген жырында. Ақын ислам дінін жоғары қояды:

... Исламият тараған бұл асылдан,

Осыны оқып көкіректер ашылған...

Ақын ислам діні асыл адамнан тараған, яғни Алланың сөзі деген пікір орбітеді. Исламның іліміне

жүгінетін болсақ Құран Алланың өзі сияқты мәңгі ғұмыр сүретін ғажайып кітап. Құрандағы Құдайдың сөздері. Құранда Алла атынан: (сен оларға) «Егер адам, жын бәрі жиналып Құран сияқты бір кітап шығарамыз десе, олар шығара алмас еді, тіпті бір-біріне көмектесе де, олай жасай алмас еді...» - деп айт — деп жазылған.

Үтір намазында оқылатын «Құнұт» дұғасында: «Әй, Алла, Шын мәнінде біз Сенен жәрдем тілейміз, саған иман келтіреміз, Саған тәуекел етеміз, Сені жақсы дәріптейміз, Саған шүкір етеміз. Саған қарсы келмейміз, Саған қарсы болғандардан аулақ боламыз, араны ашамыз. Әй, Алла. Саған ғана қаламыз. Сен жаққа асыға тырысамыз. Мархаматыңнан үміт етемізде ғазобыңнан қорқамыз. Шын мәнінде ғазобың қарсы болғандарға жолығады».

Өтім өзінің «Бір Алладан хабар келер әр күні» деген өлеңінде:

... Бір Алладан хабар келер әр күні,  
Көтерілер көңіл шіркін сол күні.  
Құдайсыздан қашқыл жаным, тезірек,  
Иассаиды оқы балам, көбірек...

немесе:

...Бір Алладан сиынарым жоқ менің,  
Алла менен көңілім де тоқ менің.  
«Бұл дүниеде күшті нәрсе кім?» - десе,  
«Бір Алладан күшті нәрсе жоқ»-дедім... -

деп діни-сопылық идеяны дәріптейді.

Діни-ағартушы ақын онан әрі былай деп жырлайды:

Он үшімде азап көрдім құдайсыздан,  
«Алла...» - дедім. Басына қайғы-мұң түсті.  
Дінсіздерден қаштым мен де ылажсыздан,  
Мұным бірақ, маған жақсы, оң түсті...

Ақын мен құдайдан қорықпайтындар арасында күрес басталады. Ақын Аллаға сиынады, құдайға жалбарынады. Құдайсыздар қайғылы күй кешеді. Алла ақынға жәрдем қолын созады. Ол бақытты өмір сүреді. Құдайсыздармен күресте жеңіп шығады. Діни-ағартушы

ақын бір шумақ өлеңмен адамзатқа, мұсылман қауымға ойландыруарлық ой тастайды.

... Әруағына бас иіп,  
Сүйенетін пірім көп.  
Әділдік жайла айтатын,  
Тындасандар жырым көп... -

деп өзі сиынатын пайғамбар жайлы, яғни Мұхаммед Пайғамбар жайлы әсерлі жырлайды.

«Қамысты» мешіт-медресесінде оқыған әйгілі сопылық әдебиетті өркендетуші ақын Әйімбетті ұстаз тұтқан Өтім елге қызмет істеп, халықтың сауатын көтерген діни-ағартушыларды жырлаған. Өзінің ақыл-кенесшісі Өтімді Әйімбет жақсы көреді екен. Әйімбет ишан өзінің жазған өлең-жырларын Өтім жырауға айттыратын да болған. Өтім жырау Әйімбет ишан туралы былай деп жырлайды:

...Ардақты ағам Әйімбет  
Сұрасаң менен жәйін кеп,  
Жиенейден шыққан ғұлама,  
Әруақты ақын бұл аға...

...Хиуаның даңқты жерінде  
Өзбек ағамның елінде  
Ілімнің жолын біліп ап,  
Медреседе білім ап,

Қанатын көкке самғаған.  
Кітап көрсе тұрмаған.

Ынта менен оқыған,

Көңілінде тоқыған...-деп ақын өрі ишан атаның қызметін құрметтейді. Одан әрі Өтім:

...Бұхарбай досы бар,  
Досан сынды қасы бар.  
Діншілдерге қосылар,  
Діні жоқтан шошынар... -

дейді. Жырдағы Бұхарбай XIX ғасырдың ақырында XX ғасырдың басында «Құсхана тау» да, «Дәуқара» да, «Көк өзек пен» пен «Есім өзек» те өмір сүрген әйгілі діни-ағартушы.

Өтім Әйімбет ишанның ақын екендігін осы жырында «Әруақты ақын бұл аға...» деп келтіреді. «Ахун» емес, «Ақын». Тақтакөпірлік қарт ақын Қуанышбай Жәнеке Әйімбет ишан туралы былай деп жазады: «...Менің өлең жазып, сопылық әдебиетке бас ұруым да осы Жиенғали ахунның мешітінің мударисі белгілі діни-ағартушы әрі шайыр атамыз Әйімбет ишан Қаймақбайұлы болды.

Әйімбет ишанның Жиенғали, ахунға хикмет өлеңдер оқып беріп отырғанын талай көрдім. Үлкен ойға қалдым. Жиенғали ахун сол кездерде Қожа Ахмет Иассауи туралы да көп әңгімелер айтатын, хикметінен үзінділерін, өлеңдерін жоғары бағалап, мұндай өлеңдерді Ресей мұсылмандары, Стамбул тұрғындары қатты құрметтейтінін айтып отыратын...» /147/.

Осы Тақтакөпір ауданының тұрғыны, қарт ақын Жанай Оспанқызы Әйімбет ишан Қаймақбайұлының жазған хикметтеріне жоғары баға беретін. Әйімбет ишан Құран сөзіне еліктеп, діни тағылымды мәні бар өлеңдер жазатын. Жиенғали ахунның: «бұл шығармаларды Қазан қаласындағы баспаханадан кітап етіні шығарса...» - деп армандап отырғанын талай рет есіттім...» /148/.

Осындай әйгілі адамдар туралы өлең жырлар жазбау Өтім, Мыңбай сынды өлеңдер үшін мүлде жиі нәрсе болатын. Олар өркінің қызы ардақтарынан жырлап отырды.

Халық діни-ағартушыларымен қызық отырлары жайында өлең-жырларды Үлжан ақын да, Омар ақын да жазды.

Өтім жырау Жиенғали ахун мен Бұхарбай ахун туралы былай деп жырлайды:

...Жиенғали ахунды  
Көргеннен соң Бұхарбай  
Ойға алып медресені  
Көңілді бір шақтарды  
Іштегі дертті ақтарды:  
-Бұзылды мынау заман да,  
Дін мұсылман аман да.

Кету керек Шығысқа...  
...Белсенділер бұзылды  
Дайындалды ұрысқа...

немесе:

...Жырлайын мен атаны  
Маған берсең батаны.  
Домбыра әкел, көнеки,  
Шыққан тегі Шөмекей  
Ахун ата Бұхарбай,  
Ісі үлгі тұғардай.  
Жеті тілді меңгерген,  
Алты Алашты тең көрген.  
Діни оқуды жөн көрген,  
Ескі ілім ді өңгерген  
Жас ұрпақты оқытып  
Өміріне дем берген...

Әйгілі діни-ағартушы Әйімбет ишанның сопысы Нұрымбет туралы Өтім жырау былай деп жырлайды:

...Тындасандар халайық,  
Әділ сөзге барайық,  
Әруағына бас иіп,  
Сүйенетін пірім көп.  
Әділдік жайлы айтатын,  
Тындасандар жырым көп.  
Әйімбеттің шәкірті  
Ел сыйлаған Нұрымбет...

Әйімбеттің өмір сүрген заманында мешіт-медреселерде білім алған жастар өздерінің білімін тереңдету мақсатымен Бұхара, Хиуа, тіпті, Мекке қалаларына оқуға аттанып жататын болған. Өле, Орынбор қалаларындағы діни медреселермен байланысып тұрған. Сол діни орындардан әр түрлі діни басылымдарды алып, ондағы жарияланған еңбектерді оқып, өз пікірлерін, дүниеге деген көзқарастарын кеңейтіп отырған. Өтімнің:

...Ишан ата жастарды таң қалдырған,  
Білім беріп шөлін әбден қандырған.



Қазалының имаымен келісіп,  
Петербордан діни кітап алдырған... - деген  
өлеңі Әйімбет ишанның діни кітаптарды Қазалыдан  
алдырғанынан дерек береді.

Ол кезде Қазалының Ресеймен мәдени жақтан,  
патша үкіметінің басқару, қадағалау жағынан  
байланысы болған.

«Дәуқара», «Көк өзек», «Жаман қала» елді  
мекендерінде белгілі діни-ағартушы Мұстафа ишанмен  
замандас болған. Мұстафа ишан туралы «Мұстафа  
ишан» атты дастанында:

...Қосымбеттің шәкірті

Білім алған ынталы.

Шәкірттердің ішінде

Болмаған еш теңдесі

Есболаттың кәдімгі

Бұл Мұстафа — кенжесі... - деп жырлайды.

Мұстафа ишан шолақ белсенділерден қуғын  
көріп, Қазалыға да баспана іздеп барады, бірақ ол  
жақтың белсенділері де «шаш ал десе бас алатын» нағыз  
қаскүнем болып шығады. Әйгілі діни-ағартушы  
Қазалыдан қашып, Арал теңізінің жағалауында қалың  
тоғайлықта жасырынып өмір сүреді...

«Дәуқара», «Күйік қала», «Жаман қала» елді  
мекендеріне белгілі діни-ағартушы Сүгір ишан туралы  
өлең-жырларында діни-ағартушының елге істеген  
қызметтеріне тоқталады:

...Жетпіс төртке келгенде

Сүгір ишан өлгенде.

Баласы оның Махамбет

Бұхараға жөнелді

Бұхараға келген соң

Мақсатына жеткен соң

Білімнің терең төріне,

Махамбеттің бойлады.

Алға қойған мақсатын

Орындамай қоймады...

Сүгір ишан туралы:

...Ишан Сүгір келгенде,

Діннен дүбір келді де.

Атағы кетті алысқа

Жастарға білім берді де...

Өтім жыраудың Аңсатбай ахун Еділбайұлы  
туралы жазған «Ұшқыр дейміз сұңқарды» деген  
жырында Аңсатбай ахунды Сұңқарға, желден жүйрік  
Тұлпарға теңейді. Аңсатбай ахунның қара қалды қас  
жарған қазы болғандығын жырға қосады. Оның  
медресесінің жетім-жесірлерге пана болғандығын  
жырлайды. Аңсатбай ахун «Қабак Ата», «Үлкен тайлақ  
жеген», «Кіші тайлақ жеген» елді мекендеріне, сонымен  
бірге «Берілі тау» елді мекендерінде жасаушы халықтар  
сыйлайтын діни-ағартушы болған. Ол 1863 жылы  
«Дәуқара» жеріндегі «Қара терең» көлі маңындағы  
шағын ауылда дүниеге келіп, 1930 жылы «Тайлақ жеген»  
деген жерде қайтыс болады. Аңсатбай ахун туралы Өтім;

...Ұшқыр дейміз сұңқарды,

Жүйрік дейміз тұлпарды.

Жүйрік дейміз біз тағы,

Қоян қуған тазыны.

Еске аламыз ойланып,

Жесір дауын, жер дауын,

Әділ, шешен би болған,

Аңсатбай деген қазыны.

Жесір, жетім пана іздеп,

Медресеге жиналған,

Бұл өлкеде әйгілі

Аңсатбай ахун би болған... - деп жырлайды.

Қазақ ақын-жыраулары халық қызметінде болған  
діни-ағартушылармен елдің мәдени, саяси өміріне де  
белсене араласып отырған. Қазақ арасындағы  
рушылдыққа қарсы күрескен. Хиуа хандығының  
отаршылдық езгісіне де қарсы болып, халықтың мұңын  
жырлаған, халыққа пана болған.

Мекке Мединедегі діни медреседе білім алған  
діни-ағартушы ақын Әйімбет ұстаз деп сыйлаған, аты  
бүкіл Қазақстан, Орталық азия, тіпті, қырқыз,

карақалпақ, түрікпен, өзбек, ұйғыр, татар, башқұрт, орыс арасына кен тараған Жұмағали ахунның діни-ағартушылық қызметтері әдебиетшілермен де тығыз байланысты. Жұмағали ахун діни-ағартушылық бағытта қызмет істей жүріп елге діни өлең-жырларды жинаған, оларды баспадан кітап етіп шығаруға талаптанған.

Атақты Досжан хазіреттің күйеу баласы Жұмағали ахун өте білімді, кішіпейіл, мейірімді жан болған деседі. Жас кезінен діни тәрбиеде өскен Досжанның қызы - Үммегүлсім де кішіпейіл, әдепті, адамгершілігі мол, ибалы әйел болған екен.

Жұмағали ахун аты Қазақстан мен Орталық Азияға белгілі діни-ағартушы ақын Әбубәкір Кердерімен замандас, дос-құрдас болған.

«Шилі су» өзенінің бойында Досжан хазіреттің мешіт-медресесі болған. Осы медреседе Жұмағали ахун жастарға ілім сырларын үйретіп ислам дінінің нұрын жаққан. Досжанның шәкірті әрі күйеу баласы болған.

Досжан Меккеге барып қажы атанған, өзі кейін Жұмағалиды Меккедегі діни медреседе оқытқан. Досжан қажы жөнінде белгілі жазушы — журналист Жарықап Бейсенбайұлы былай деп жазады: «...Шәкерім қажы жазғандай, Құнанбай 1874-жылы сатып алған, өзі 1906 жылы көрдім дейтін бұл төкие үй кейіннен Кіші Жүз Досжан қажының атына ауысқан сыңайлы...» /149/.

Жұмағали ахунның досы әрі замандасы Әбубәкір сауатты болған діни медреселерде оқып білімін тереңдеткен. Бұл жөнінде белгілі ғалым, филология ғылымының кандидаты Қабиболла Сыдықов былай деп жазады: «Әбубәкір жас кезінде тентек, сайқымазақ, ойыншыл болыпты.

Әуелі ауыл молдасынан сабақ алады. Оқуға алғыр, зейінді бала кейін Орынбор, Троицк қалаларындағы мектеп, медреселерді бітіреді. Түзтөбе, Орал, Ақтөбе, Орск, Орынбор маңындағы елдерде бала оқытады, дін-шариғат жолын ұстайды...» /150/.

Демек, Әбубәкір Кердері белгілі діни-ағартушы ақын болған. Оның азаматтық келбетін тек ақындық талантынан ғана емес, діни-ағартушылық қызметінен де тануымыз тиіс. Ол ақындық жолға түсіп кетпегенде ірі ахун немесе ишан болып кетуі ғажап емес еді. Әрине, бұл жерде Әбубәкір ақын болмауы керек еді деген пікір туындап отырған жоқ.

Біз жоғарыда Досжан қажының мешіт-медресесі «Шилі су» өзенінің бойында болған дедік. Әбубәкір Кердері «Табын Досжан хазіретті жоқтап айтқаны» деген өлеңінде былай дейді:

Тәуекел еткен құлға тәңірі көмек,  
Дін күткен асыл пенде халыққа керек.  
Секілді мешіт «Ақ ши» жай салдырды,  
Бойына Шилі судың қонып бөлек...  
Мешітті таңғажайып атты алды таңдап.  
Ойы мен зейіні артық шеберлерді,  
Қасына жүз шамалы қосты жалдап... /151/.

Әбубәкір шыққан тегі Кіші Жүздегі Жетіру, оның Кердері деп аталатын тайпасы. Одан бергі аталары Көтермен, одан Таран, оның әулеті Айтқұл. Одан Боранқұл туылады. Әбубәкір осы Боранқұлдың баласы.

Әбубәкірдің ата қонысы Жайық бойындағы Теректі деген жер. XIX ғасырдың екінші жартысында патша өкіметі әкелген қоныс аударушылар мен кердерілер арасында жер, су жағдайында әр түрлі дау-жанжалдар туады. Жергілікті патша өкімдерінің зорлық-зомбылығына ұшыраған Боранқұлдар бағзы қонысын тастап, Ақтөбе маңындағы Сарықобданы мекен еткен кердерілерге көшіп келеді...» /152/

Жайықтың бір саласы «Қонжар» өзенінің бойында Жұмағали ахунның атасы Ербатыр ишанның мешіті болған. Ербатыр ишан мешітті тастап «Қобда» өзеніне қарай жылысқан. Мешітті тастап кетуіне себеп - қалмақтармен соғыс болған.

Жұмағали ахун алғаш мешітті таулардың арасындағы «Көрсай» деген жерге салдырады. Кейін қонысты «Доңыз тау» ға өзгертеді. «Доңыз тау» ды

«Зымыстан» тауы, «Жапырақ» және «Күкірт шоқы» таулары қоршап жатыр.

Бертін келе «Доңыз тау» дағы табындар «Оймауыт» деген жерге келіп қоныс басты.

Жұмағали ахунның мешіт салуына, оқуына, Меккеге баруына көмек берген Әлім тайпасынан шыққан Мырзағұл деген бай болған.

Жұмағали ахун ақынжанды адам болған екен. Ол замандасы Әбубөкір Кердерімен жұмбақ айтысады. Әбубөкір Жұмағалиға былай деп өлеңмен жұмбақ айтады:

Матадым тоқсан тоғыз қысырақты,  
Ішінде үш айғыр бар сондай бапты.  
Шығарған құлынының қисабы көп.  
Барлығын тоқтатып тұр жалғыз нокта.

Сонда Жұмағали ахун ойланыңқырап отырып, жұмбақтың шешуін өлеңмен қайтарыпты:

Тасбихте саналатын майда тас бар,  
Тоқсан тоғыз қысырағың - майда тастар.  
Ішіндегі үш айғыр - «Бисмилла»  
Жұмбағыңды Жұмағали шешіп тастар...  
Барлығын тоқтатып тұр жалғыз нокта,  
Әбубөкір, асықпа, тоқта, тоқта.  
Тастарды көгендеген жалғыз жіп бар,  
Жасырған жібің сол ғой, жалғыз нокта /153/.

## ҚОРЫТЫНДЫ

«XIX ғасырдың екінші жартысында XX ғасырдың басында қарақалпақ елінде өмір сүрген, осы өлкеде қазақ әдебиетін, соның ішінде діни-ағартушылық ағымды дамытқан діни-ағартушы ақын-жыраулар Әйімбет, Өтім, Мыңбай, Бекенқұл, Ұлжан және Омарлар саналы ғұмырын өз халқының білім алуына, олардың санасын діни-ағартушылық ақын-жыраулар өздері өмір сүрген кезеңде қоғамда болып жатқан саяси-өлеуметтік жағдайларға діни-танымдық көзқарастен қарады. Ислам дінінің қағида – шарттарын халық санасына құюға әрекет етті.

Ислам дінін ел арасына насихаттау діни-ағартушылардың міндеті Алла алдындағы парызы болса, діни-ағартушы, ақын-жыраулар да діни-танымдық шығармаларын елге таратуды Алла алдындағы борышымыз деп ұқты.

«Қазақтың көне тарихы» атты еңбекте былай деп жазылған: «...Қазақтар ислам дініне сенеді... Қазақтар Орта Азия өңіріне таралған тайпалары ата-бабаларының өруағына, көк пен жерге, аспан әлеміндегі жарық денелерге – күнге, айға және жұлдыздарға табынды...» /154/.

Діни-ағартушы ақын-жыраулар өздерінің поэзиялық шығармаларында Құран аяттарының тәрбиелік мәніне баса көңіл аударып, әсерлі жыр жолдарымен көңілге қонымды етіп жырлайды. Діни-сопылық ағымды өркендеткен Иассауден бастап, Шортанбай, Абай, Ыбырай, Әбубөкір, Кердері, Ақмолла, Ерімбет поэзиясына еліктейді.

«Қазақстан тарихы» атты еңбекте: «... Өз заманындағы қоғамдық қайшылықтар Абайдың діни адамдарға көзқарасынан да көрініс тапты. Дінге шын пейілімен сенуші бола тұрып, «Құдайға әділдік пен сүйіспеншілік тән» деп есептеп, ол молдалардың әділдік пен ар-намысынан алыс адамдар екенін көре білді...» /155/. Абайдың діни-ағартушылық көзқарастарына лұрыс баға береді. Абай поэзиясының қарақалпақ еліне

таралуы, оның шығармаларынан жергілікті ақын-жыраулардың ғибрат алуы тегін емес. Діни-ағартушы ақын-жыраулар Құран аяттарын жырлағанда оның Абай сынаған дінді өз пайдасына жаратуды ойлаған айрым дүмше молдалардың жарамсыз әрекеттеріне әсер етуді алдарына мақсат етіп қойған, халықтың ойы мен санасына тереңдей енуді ойлаған.

Діни-ағартушы ақын-жыраулар поэзиясы 1917 жылғы қазан төңкерісіне дейін халықтың арасына кең тарап, осы кезеңге дейін халықтың санасын имандылыққа тәрбиелеп келді.

Профессор Т.Кәкішев: «... Біздегі үлкен айып - ұлтшыл, алашшыл аталудан кейінгі діншілдік. Қазақта «Алланың өзі де рас, сөзі де рас» деген Абай аузымызға сыймағандықтан «бисмилла» деп сөз бастаған, Алланы ауызға алған басқа ақын-жыраулар, жыршыларды «клерикал діншіл» деп айтыптауда алдымызға жан салмай келеміз... Қазан төңкерісіне дейінгі қазақ қауымында жетекші идеология-ислам дінінің аят хадисі болғанын жасырмайық...» - деп жазды /156/.

Зерттеу еңбегімізде тоқырау кезеңінде зерттеуге тыйым салынған елге белгілі тарихи тұлғалар-діни ағартушылар, олардың халықтың сауатын көтерудегі өшпес еңбектері, діни-ағартушы ақын-жырауларға қамқорлығы, олардың бір-бірімен үкіметі орнаған кезде ислам діні үшін күресіне әділ баға берілді. Ақын-жыраулардың поэзиялық жетістіктері, олардың толғаныстары жан-жақты талданды.

Ислам дінінің қоғамдағы орны, адамның санасын өзіне бағындыра алатын пәрменділігі діни-ағартушы ақын-жыраулар поэзиясының басты нысанасы болды. Олар Алла алдында өздерін мөмін санайтындарға құдіретті поэзия тілімен ақыл-әсиет айтты. Сондықтан да олардың діни идеологиясы халықтың сана-сезімінен орын алды.

Журналшы Ғ.Егембердиев мұсылман мөмінінің ислам дініне деген сенімін, нанымын «көркем мінез» деп баға берді: «... әрбір пенде күллі ғаламды жаратушы,

оның иесі бір Алланың барлығына шынайы пейілімен, шыл жүрегімен беріле сенуі қажет. Оның, Алланың, жалғыз екендігіне және мәңгілік екендігіне, оның тумағанына һәм туылмағанына, оған теңдес ешкімнің жоқтығына көміл сену. Езіле, езіле, жан-тәніңмен балки сену. Нақ осындай қалтқысыз сенім, пәк сенім, ағзаны билеп алғанда, адамда рухани тың күш жаңа жігер пайда болады.

Ол адамның аңсаған үміті мен арманына қанат бітіріп, болашаққа ынта, сенімін арттырады. Күйкі тірліктегі шым-шытырық ауыртпалықтарды жеңуде күшіңе-күш, қайратыңа қайрат қосады. Шалдыққанда демейді. Бұл сенім-имандылық бастауы. Иmandылық дегеніміз – жалғыз жаратушының құдірет-күшіне, рақымдылығына, қайырымдылығына сену, мойынсұну, Алла тағаладан рақым тілеп, құлазыған көңілге мейірбандылық іздеу, демеу табу...» /157/.

Міне, осындай шарият жолдарын үйретіп, Ислам дінінің өміршендігін, хақтығын насихаттаған діни-ағартушы ақын-жыраулар поэзиясы өмірден өз орнын тапты. Олар Ислам дінін мадақтау арқылы құдіретті поэзияның күшін айдай әлемге паш етті. Әйімбеттің «Иманда жеті парыз бар», «Жүрегінде кедейге...», «Иман, намаз, ораза...», «Білім һәм де байлықта...», «Аллаға сенген нұрлы ойлы...», Өтімнің «Ұғымын Алла біледі...» «Алланың адал жолында...», «ей, Алла Сізден өтінем...», Ұлжанның «Мұсылманның парызы...», «Нақақтан жасап қастандық», «Жетім малын ержетпей...», «Жетімдерді жылатпаңдар, қорғандар...» атты өлең-жырлары адам баласын имандылыққа жетелейді.

Әйімбет те, оның шәкірттері де Жүсіп Көпейұлының:

Алланың ақ жолымен жүретұғын,  
Ерік Аллада екенін білетұғын.  
Қызылшыл, жемтікшілді жібермендер,  
Ит секілді жетекке еретұғын.  
Дінінді кім қорласа-сол өш, қасың,

Қорлықтан ақпап па еді көзден жасың.

Үйде өлген мың шіріктің бірі болмай,

Жұрт үшін арманың не кетсе басың ... /158/

- деген - өлендеріне баса назар аударды. Абайдың діни-ағартушылық көзқарастарына қосылып, оның дін жөнінде айтқан пікірлерін қолдап-қуаттады.

Діни-ағартушы ақын-жырлаулар поэзиясының танымдық-тәрбиелік маңызын зерттей отырып, оның өміршең поэзия екендігіне көз жеткердік. Имандылық пен адамгершілік олардың басты нысанасы болса қазақ әдебиетінде қалыптасқан діни-ағартушылық ағымға өзіндік үлес қосты деп ойлаймыз.

Қарақалпақ еліндегі қазақ әдебиетінің діни-ағартушылық ағымын қалыптастыруда сүбелі еңбек еткен ақын-жыраулар бұл өңірде ауыз әдебиетін де, жазба әдебиетін де дамытты. Олар өзбек әдебиетінің өкілдері Науайының, қарақалпақ әдебиетін өкілдері Бердақ пен Әжінияздың діни-танымдық көзқарастағы өлең-жырларын оқыды, әдебиетте халықтар достығына да көңіл бөлді. Мұның өзі ислам дінінің ұлттар арасындағы татулықты нығайтудағы қызметінің орасан зор екендігінен дерек береді.

Жазушы-ғалым У.Қалижанұлы қазақ әдебиетіндегі діни-ағартушылық ағым жөнінде былай деп жазды: «... Еліміздің «ұяттан өлім күшті» немесе «малым арымның садақасы, арым жанымның садақасы» деп, бөрінен арлы болуды биік санаған ата-бабамыздың аталы сөзін ұстанғанды ақындар жөн көрген, кейінгі болашақ жастарға да осы нақылды үлгі-өнеге етіп ұсынған.

XX шы ғасырдың бас кезіндегі ақындардың бөріне тән бір қасиет – оқиық, үйренейік, ғылым бағайық, «Білекті бірді жеңеді, білімді мыңды жеңеді» - деп ел – жұртты оқу-ағартуға шақырды...» /159/.

Қарақалпақ еліндегі діншіл-исламшыл қазақ ақын-жыраулары сол кезде өз дәуірінің саяси-әлеуметтік жағдайымен күресе отырып, халықтың санасын ислам діні қағидаларымен нұрландыруға ықпал

етті. Олар Ресей империясының отаршылдық саясатына, Хиуа ханының өктем қысымына шыдам берген, оларға қарсы өз тәуелсіздігі үшін күрескен халқының ортасында болды.

Ислам-ғылым болса, жасөспірімдерді неге осы ислам дінінің шарттарын үйретуге көңіл бөлмейміз? Олардың санасына діни-тағылымдық ілімді құя білсек қоғам да, адам да дұрыс жолға түсер еді.

Дінтанушы – профессор Берікбай Сағындықұлы: «... ғылымның қай қасысы да адамның ой-өрісін кеңейтеді, танымын ұлғайтады. Бүлдіршіндердің сана сезіміне ғылым негіздерін бірте-бірте сіңіруге болатындығын дүние жүзілік тәжірибе көрсетіп отыр. Ислам діні де ұшан-теңіз ғылыми фактілер арқылы логикалық жолмен құдайдың бар екендігін дәлелдей алады. Олай болса оқу, үйрену арқылы Жаратушы тәңірімізді тани алады екенбіз. Бірақ біздің елімізде дін мемлекеттен бөлініп кеткендіктен мектептерде ислам негіздерін үйретуге мүмкіндік жоқ...

... Ислам діні-бақи дүние ғылыми-ақиқаттың ақ жолын нұсқайды. Бүлдіршіндердің, жасөспірімдердің, тіпті үлкендердің жанын да, тәнін де таза етіп тәрбиелейді...» /160/.

Жасөспірімдерді ислам діні тарихын білуге баулу да қазіргі кезеңдегі уақыт талабы екендігін ұмытпауымыз тиіс. Олай болса Исламның шарияттары мен ислам дінінің тарихы жайлы мектеп оқушылары мен студенттерге оқулықтар дайындап шығару аса жауапты өрі міндетті іс болар еді.

«... Қазақ елінің Атыраудан Алтайға дейін жайылған ғаламат отаны ежелгі ислам орталықтарының кіндігі болып табылады... Еліміздің солтүстік батысында орналасқан Қазан және Уфа сияқты қалалар Ислам тарихында ерекше орын алған көне ғылым-мәдениет орталықтары болып табылады. Сан ғасырлар бойы мұсылмандық тағылым-тәрбие ошақтары болған осы қалалар мұсылмандардың солтүстіктегі ең шеткері бекіністері болған. Еліміздің шығысындағы Қашқар,

Жәркент, Тұрфан, Қарашар өңірлері болса Қашқарлық Махмұд және Жүсіп Хас Хажин сияқты ғұламаларды өсірген мұсылман топырақтары. Ал қазақ жерінің оңтүстігі он төрт ғасырға тарта уақыттан бері қарай Ислам ғылымдарының ең үздік үлгілерін мұралатқан, жиһан әдебиеттерінде алтын өріптермен аттары атаған ғалымдарды, ойшылдарды дүниеге келтірген әйгілі мекендер... Қазақ жеріндегі Баласағұн, Фараб, Яссы, Отырар, Әулие-Ата, Сығанақ сияқты қалалар ең ежелгі ғылым және мәдениет орталықтарына айналған. Сөйтіп көне Жібек жолының ең үлкен бір бөлігі өтетін қазақ жері мұсылман жерінің арасын мәдени-діни тұрғыдан тығыз байланыстыратын көпір болған. Жиһанға әйгілі Мұхаммед-Абу-Насыр әл-Фараби, Жүсіп Баласағұни, Қожа Ахмет Иассауи сияқты ғұламаларымыздың осы жерде өсіп-өнулері, әрине, тектен текке емес...» /161/.

Ал Құран Кәрімнен кейін мұсылман үмбетіне жол көрсетуші хадис кітаптарын құрастырған ұлы ғалым Имам Бұхаридің /810-869/, Пайғамбарымыздың сөздері мен ғамалдарын қамтитын атақты хадис кітаптарын құрастырған ұлы ғалым Имам Тирмизидің /812-892/, өмірін, олардың түркі халықтарының ежелгі мекені Ұлы Түркістан аймағында әр түрлі ғылымдарды ашып, күллі мұсылман халқына жасаған шапағатты істерін өскелең ұрпақтың зердесіне ұялатсақ Алла алдында, мемлекет алдында азаматтық міндетімізді өтеген болар едік.

Психолог Жарас Сейітнұрұлы «Дін және ұлттық рух» деген еңбегінде былай деп ой өрбітеді: «Әрине, бүгінгі таңда жер бетінде миллиардтан астам адамның зейінін өзіне тартқан ислам дінін ең алдымен рухани құбылыс ретінде бағалайтынымыз сөзсіз. Оның үстіне, қазақ халқы үшін ислам өзінің этникалық табиғатын танудағы бір маңызды буын болып табылады...

Қазақтар ислам дініндегі суннизм бағыты, оның ішіндегі Әбу Ханиф мазһабан /арабша «жол»/ ұстанушылар екенбіз, яғни ханафиттерміз. Бұл суннизмдегі басқа үш ағым ханбалиттік, мәликеттік және шафиттікке қарағанда неғұрлым төзімді,

қанағатшыл, жергілікті әдет-ғұрып, салт-сана заңдарымен санасады екен. Орталық Азия аймағы және қазақ даласы геосаяси тұрғыдан Шығысқа, тарихи, мәдени-рухани бастаулары тарапынан мұсылманшылыққа жақын екенбіз...» /162/.

Діншіл-исламшыл ақын-жыраулар поэзиясы Исламның күллі мұсылман жұртшылығының мәңгі өшпес шариғаттарының таратушысы екендігін сездірсе біздің көздеген мақсатымыздың орындалғаны.

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Бекетов Б. Қарақалпақ казактарының тілі, Алматы: Рауан, 1992. 7-8 беттер.
2. Бабабеков Х., Рахимов Ж., Садықов Х. Өзбекстан тарихы, 1995, 9-б.
3. Бекетов Б. Қарақалпақ казактарының тілі. Алматы: Рауан, 1992, -8-9 беттер.
4. Данилевский Г.И. Описание Хивинского ханства. Записки императорского географического общества. СПб, кн V, 1851, 104-112 беттер.
5. Бабабеков Х., Рахимов Ж., Садықов Х. Өзбекстан тарихы, 1995, 148-149 беттер
6. Бабабеков Х., Рахимов Ж., Садықов Х. Өзбекстан тарихы, 1995, 14-б.
7. Қарақалпақстандағы діни-ағартушы казак ақын-жыраулары поэзиясынан үзінділер 2000-жылы Нөкісте басылған “Ұғымын Алла біледі”, 1999 жылы Нөкісте басылған “Діни-ағартушы ақын-жыраулар поэзиясы” атты кітаптардан, “Әмудария” (N9-10, 1996 жыл, N 5-6, 1997 жыл, Нөкіс), “БЖИ хабаршысы” (N4, 1999 жыл, Алматы), “Хабаршы Вестник ҚазМУУ) (N26, 1999 жыл, Алматы) журналдарынан, “Қазақ елі” (1999 жыл, наурыздың 12-18 және 19-25-ші жұлдызы), “Жас Алаш” (1999 жыл, 18-қараша) газеттерінен алынды.
8. Бабабеков Х., Рахимов Ж., Садықов Х. Өзбекстан тарихы, 1995. 14-15-беттер.
9. Қуғынбай М, Аралбай Қ, Асылдың сынығы. Нөкіс, 1998, нн-б.
10. Кәкішев Т. Нәубет. Алматы: Жалын, 1990. 123-142 беттер.
11. Рахимов Ж. Өзбекстан тарихын оқытуда архив материалдарын пайдалану. Ташкент: Өзбекстан. 43-44 беттер.
12. Қалижанұлы У. Қазақ әдебиетіндегі діни-ағартушылық ағым. Алматы: Білім. 1998, 30-бет.
13. Әлеуов Ә. XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басындағы қарақалпақ әдебиетіндегі ағартушылық пікірлер. Нөкіс, 1992, 6-бет.
14. Нұрмұхамедов М.К. Орыс-қарақалпақ мәдени байланыстары. Нөкіс, 1977. 35-36 бб.
15. Әлеуов Ә. XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басындағы қарақалпақ әдебиетіндегі ағартушылық пікірлер, Нөкіс, 1992. 6-б.
16. Сарыбаев Қ., Үбиниязов Ж. Қарақалпақстан тарихы. Білім, 1995. 19-б.
17. Әбілұлы М. Әбдікерім ахун және оның ұрпақтары / Әмудария. N2, 1999, 80-б.
18. Әлеуов Ә. XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басындағы қарақалпақ әдебиетіндегі ағартушылық пікірлер, Нөкіс, 1992. 3-б.
19. XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басындағы қарақалпақ әдебиетіндегі ағартушылық пікірлер, Нөкіс, 1992. 4-б.
20. Жұмажанов Қ, Халық ақындары поэзиясында фольклорлық және даралық дәстүр. Нөкіс: Білім, 1993. 4-5 бб.
21. Бердібаев Р. Жыршылық дәстүр. Алматы, 1980. 31-32 бб.
22. Жұмажанов Қ, Халық ақындары поэзиясында фольклорлық және даралық дәстүр. Нөкіс: Білім, 1993. 7-8 бб.
23. Мырзахметұлы М. Түркістанда туған ойлар. Алматы: Санат, 1998. 15-б.
24. Әбілұлы М. Әйімбет ишан. Нөкіс, 1995. 15-бет.
25. Қыраубаева А. “Ұғымын Алла біледі...”, Алматы, 2000.
26. Жәнеке Қ, Жиенғали ахун жайында // Достық үні. N1, 1998.; Әбілұлы М. Профессор-оқытушылардың және студенттердің XX ғылыми-конференциясының материалдары, 2-т., 129 б. Нөкіс, 1996.
27. Ахметов З. Өлең сөздің теориясы. Алматы: Мектеп, 1973. 126-б.
28. Ахметов З. Өлең сөздің теориясы. Алматы: Мектеп, 1973. 133-б.
29. Мәдібаева Қ, //Кітапта: «Ұғымын Алла біледі...»
30. Әбілұлы М., Бажақ би // Өркен, Нөкіс, N3-4, 1999, 23-б.
31. Сатыпалдиев Қ, // Достық үні.N1, ақпан, 1996.
32. Оспанқызы Ж. // Достық үні.N2, ақпан, 1998.

33. Нұртуған. Қанеки, тілім, сөйлеші. 3-ші кітап. Алматы, 1994. 139-б.
34. Нұртуған. Қанеки, тілім, сөйлеші. 1-ші кітап. Алматы, 1992. 22-б.
35. Нұртуған. Қанеки, тілім, сөйлеші. 2-ші кітап. Алматы, 1994, 278-б.
36. Нұртуған. Қанеки, тілім, сөйлеші. 1-ші кітап. Алматы, 1992. 35-б.
37. Нұртуған. Қанеки, тілім, сөйлеші. 1-ші кітап. Алматы, 1992. 35-б.
38. Нұртуған. Қанеки, тілім, сөйлеші. 3-ші кітап. Алматы, 1994. 224-б.
39. Ахметов З. Өлең - сөздің теориясы. Алматы, 1973. 126-б.
40. Ахметов З. Өлең - сөздің теориясы. Алматы, 1973. 132-б.
41. Мыңбай жырау // Достық үні, N33, 1993, қараша.
42. Мыңбай жырау // Достық үні, N33, 1993, қараша.
43. Мыңбай жырау // Достық үні, N33, 1993, қараша.
44. Сейтжанов З. // Жас Алаш, 18-қараша, 1999.
45. Сейтжанов З. // Жас Алаш, 18-қараша, 1999.
46. Сейтжанов З. // Жас Алаш, 18-қараша, 1999.
47. Шахарұлы Қ. Дарынды ақын еді // Кітапта: «Ұғымын Алла біледі...»
48. Шахарұлы Б. Ұлжан ақын мұрасы ескерусіз қалмасын. // Қазақ елі.
49. Өтепбергенұлы К. Ұлжан да, Бекенқұл да ақын болған // 1999.
50. Мәдібаева Қ. Ұлжан туралы, Кітапта: «Ұғымын Алла біледі...».
51. Кердері Әбубөкір. Қазағым. Алматы, 1993. 120-б.
52. Қалижанұлы У. Қазақ әдебиетіндегі діни-ағартушылық ағым. Алматы, 1998. 12-13 бб.
53. Иассауи Қ.А. Даналық кітабы. Алматы, 1993. 17-б.
54. Иассауи Қ.А. Даналық кітабы. Алматы, 1993. 20-б.
55. Құнанбаев А. Шығармаларының толық жинағы. Алматы, 1948. 252-б.
56. Бердақ. Таңдамалы шығармалары. Нөкіс. 1977. 58-б.
57. Бердақ. Таңдамалы шығармалары. Нөкіс. 1977. 44-б.

58. Қасиетті Құрандағы аяттар 1991-жылы Сауд Арабиясындағы басылған Құран Кәрім кітабынан, Алматыда 1993 жылы Қазинтерәтността басылған Құранның II-бөлімінен, Халифа Алтай жинақтап бастырған “Иман-Шарт” (Алматы, 1991 жыл), “Жұлдыз” журналының 1991-жылғы 12 санынан, Мұхаммед пайғамбардың хадистері – “Мұхаммед пайғамбар айтыпты” “Жас Алаш” (30-қаңтар, 1999-жыл), “Пайғамбардың қырық хадисі” (“Жетісу”, 9-қаңтар, 1999-жыл) газеттерінен алынды.
59. Бердақ. Таңдамалы шығармалары. Нөкіс. 1977. 58-б.
60. Құран // Жұлдыз. N12, 1991, 162-б.
61. Бердақ. Таңдамалы шығармалары. Нөкіс. 1977. 58-б.
62. Бердақ. Таңдамалы шығармалары. Нөкіс. 1977. 66-б.
63. Бердақ. Таңдамалы шығармалары. Нөкіс. 1977. 116-б.
64. Есенбайұлы Ә. // Шапағат-Нұр, N7-8, 1998.
65. Әуезұлы Ә. // Шапағат-Нұр, N5, 1998, 7-б.
66. Әшірұлы С. // N7-8, 1998, 23-б.
67. Мырзахметұлы М. Түркістанда туған ойлар. Алматы, 1998. 5-б.
68. Аралбай Қ., Қуғынбай М. Асылдың сынығы. Нөкіс, 1998. 38-б.
69. Қарлыбаев М. // Еркін Қарақалпақстан, 1996, 26-желтоқсан.
70. Әбілұлы М. Қудалау құрбаны. Нөкіс, 1997. 8-б.
71. Әбілұлы М. Қудалау құрбаны. Нөкіс, 1997, 30-31 бб.
72. Әбілұлы М. Әйімбет ишан. Нөкіс, 1995. 5-б.
73. Қарлыбаев М. Қарақалпақстандағы мешіт-медреселер. // Еркін Қарақалпақстан. N10, 1996.
74. Қазақстан тарихы. Алматы: Дәуір, 1994. 247-248 бб.
75. Аралбай Қ., Қуғынбай М. Асылдың сынығы. Нөкіс, 1998. 7-8 бб.
76. Аманжолов К., Рахметов К. Түркі халықтарының тарихы. Алматы, 1996. 178 б.
77. Аманжолов К., Рахметов К. Түркі халықтарының тарихы. Алматы, 1996. 179-б.
78. Аманжолов К., Рахметов К. Түркі халықтарының тарихы. Алматы, 1996. 180-б.



79. Аманжолов К., Рахметов К. Түркі халықтарының тарихы. Алматы, 1996. 184-б.
80. Аманжолов К., Рахметов К. Түркі халықтарының тарихы. Алматы, 1996. 187-б.
81. Бүрлібаев Е. Қожалар // Жалын, N7-8, 1995, 223-225 бб.
82. Аманжолов К., Рахметов К. Түркі халықтарының тарихы. Алматы, 1996. 194-б.
83. Аманжолов К., Рахметов К. Түркі халықтарының тарихы. Алматы, 1996. 194-б.
84. Омарбеков Т. 20-30 жылдардағы Қазақстан қасіреті. Алматы, 1997, 143-б.
85. Омарбеков Т. 20-30 жылдардағы Қазақстан қасіреті. Алматы, 1997, 141-б.
86. Аралбай Қ., Қуғынбай М. Асылдың сынығы. Нөкіс, 1998. 46 бб.
87. Мырзахметұлы М. Түркістанда туған ойлар. Алматы, 1998. 6-7 бб.
88. Қалижанұлы У. Қазақ әдебиетіндегі діни-ағартушылық ағым. Алматы, 1998, 6б.
89. Ақмолла. Күндер мен түндер. Алматы, 1986, 147-б.
90. Құнанбайұлы А. 1-т., Алматы, 1977, 275-б.
91. Мұхтасар-діни кітап.
92. Кердері Әбубекір. Қазағым. Алматы, 1993. 82-б.
93. Кердері Әбубекір. Қазағым. Алматы, 1993. 122-б.
94. Кердері Әбубекір. Қазағым. Алматы, 1993. 128-129-бб.
95. ХІХ ғасырдағы қазақ ақындары. Алматы, 1988.112-б.
96. Қалижанұлы У. Қазақ әдебиетіндегі діни-ағартушылық ағым. Алматы, 1998, 178 -б.
97. Көпейұлы М. Таңдамалы. Алматы, 1990. 115-б.
98. Көпейұлы М. Ел аузынан жинаған әдебиет үлгілері. Алматы, 1992, 3-4 бб.
99. Көпейұлы М. Таңдамалы. Алматы, 1990. 98-б.
100. Сұлтанов С. Мәшһүр Жүсіп дүниетанымы // Қазақ тілі мен әдебиеті N10, 1999, 41-б.
101. Жәңгірұлы Ш. Назым Сияр Шариф. Алматы, 1995.11-12 бб.
102. Шәкәрім. Алматы: Жалын, 1988. 112-б.
103. Қалижанұлы У. Қазақ әдебиетіндегі діни-ағартушылық ағым. Алматы, 1998, 234-235 б.
104. Мырзахметов М. Түркістанда туған ойлар. Алматы, 1998. 10-б.
105. Кердері Ә. Қазағым. Алматы, 1993, 46-б.
106. Құнанбаев А. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. І-том, Алматы, 1957. 96, 436-437, 35-41 бб.
107. Қарасақал Ерiмбет. Ұлағат сөзiм ұрпаққа. Алматы, 1995. 72-77 бб.
108. Мырзахметов М. Түркістанда туған ойлар. Алматы, 1998. 40-б.
109. Мырзахметов М. Түркістанда туған ойлар. Алматы, 1998. 40-41 бб.
110. Мырзахметов М. Түркістанда туған ойлар. Алматы, 1998. 44-б.
111. Әлеуов Ә, Мұхаммед пайғамбар алайхиссаламның тәлім-тәрбиелік ой-пікірлері, Нөкіс, 1993, 17-бет.
112. Әлеуов Ә, Мұхаммед пайғамбар алайхиссаламның тәлім-тәрбиелік ой-пікірлері, Нөкіс, 1993, 17-бет.
113. Әлеуов Ә, Мұхаммед пайғамбар алайхиссаламның тәлім-тәрбиелік ой-пікірлері, Нөкіс, 1993, 18-бет.
114. Мырзахметов М. Түркістанда туған ойлар. Алматы: Санат, 1998. 3-б.
115. Мырзахметов М. Түркістанда туған ойлар. Алматы: Санат, 1998. 3-б.
116. Ізімбетов Т., Ізімбетова Г. Дін және руханилық. Нөкіс, 1999, 4-5 бб.
117. Келiмбетов Н. Қазақ әдебиетiнiң ежелгi дәуiрi, Алматы, 1986, 116-117 бб.
118. Тасымов Б.С. Араб тілі. Алматы, 1988. 5-бет.
119. Бертельс Е.Э. Суфизм и суфийская литература, Москва: Наука, 1985. 54-б.
120. Жәрімбетов Қ, Ғашық Зиуар. Нөкіс: Білім, 1998, 6-7 бб.
121. Жәрімбетов Қ, Ғашық Зиуар. Нөкіс: Білім, 1998, 8-9 бб.
122. Ислам Жеменей. Сопы, ақындар // Қазақ әдебиеті. N51, 15-желтоқсан, 1999.
123. Мырзахметов М. Түркістанда туған ойлар. Алматы, 1998. 3-б.

124. Мырзахметов М. Түркістанда туған ойлар. Алматы: Санат, 1998. 3-б.
125. Мырзахметов М. Түркістанда туған ойлар. Алматы: Санат, 1998. 4-б.
126. Шөйімбетұлы П: Діни-ағартушы ақын // Тақтакөпір таңы. 1994. 6-қағтар. N2.
127. Қыраубайқызы А. Ежелгі әдебиет. Алматы: Қазақ университеті, 1999, 81-б.
128. Тәжікова К., Шағатаева Ш. Қазақ Алматы: Білім, 1994. 146-б.
129. Тәжікова К. Ислам: Дүниетанымы, идеология, саясат, 100-б.
130. Жармұхамедұлы М. Қ.А.Иассауи. Диуани хикмет, Алматы, 1993. 12-13 бб.
131. Жармұхамедұлы М. Қ.А.Иассауи. Диуани хикмет, Алматы, 1993. 13 б.
132. Қ.А.Иассауи. Диуани хикмет, Алматы, 1993. 53 б.
133. Мырзахметов М. Түркістанда туған ойлар. Алматы: Санат, 1998. 15-б.
134. Мырзахметов М. Түркістанда туған ойлар. Алматы: Санат, 1998. 5-6 бб.
135. Қалижанұлы У. Қазақ әдебиетіндегі діни-ағартушылық ағым. Алматы: Білім, 1998, 114-б.
136. Есімов Ф. Хакім Абай. Атамұра - Қазақстан. Алматы, 1994, 53-54 бб.
137. Қыраубасва А. “Ежелгі мифтер — нұрдан жаралу”. ҚазМУ Хабаршысы, N26, 1998. Алматы, 29-31 бб.
138. Ислам (қысқаша анықтамалық). Алматы: Қазақстан, 1988, 81-б.
139. Ислам (қысқаша анықтамалық). Алматы: Қазақстан, 1988, 116-117 бб.

## Мазмұны

Кіріспе _____	3-б.
I тарау Діншіл-исламшыл ақын-жыраулар шығармашылығы _____	18-б.
II тарау Ақын-жыраулар поэзиясында сопылық ням дүниеяуи таным мәселелері _____	112-б.
Қорытынды _____	193-б.
Пайдаланған әдебиеттер _____	200-б.

600 2

Мендібай Әбілұлы

Қазақ әдебиетіндегі діни-исламдық  
поэзия  
(монография)

Редакторы: Ф.Тұяқбаев  
Тех. редакторы: Балабеков Ы.  
Компьютерде теріп, беттеген: Әбдірахманова Ә.  
Корректор: Еркебаева А.

Теруге берілген күні 29.01.03 Басуға қол қойылған күні  
16.03.03 Қағазы офсеттік.  
Кәріп түрі: Times Kaz  
Есепке алынатын баспа табағы 12,8 Таралымы 1000.  
Тапсырыс № 12  
«Қайнар» университетінің РББ басылды.  
Тараз қаласы, Сүлеймен көшесі, № 6 үй.

Ш.Уалиханов ат.ОӘФК



2 110000 156602